

ISSN: 2788-9718 (online)

ISSN: 1814-6961 (Print)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2024. № 27 (2)

---

## Редакция

### Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)

E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164

Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

### Редакциялық алқа

Аяган Бүркітбай Фелманұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Астана, Қазақстан) Scopus Author ID: 5865559700; ORCID

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Мотузаите-Матузевичюте, Гидре, Археология докторы, профессор, "Биоархеология" ғылыми орталығының жетекшісі, Вильнюс университеті. Вильнюс қ., Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосукэ, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Отенова Гульфира Елубаевна, Тарих ғылымдарының докторы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры Павлодар қ., Қазақстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

### Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

### Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Әбікей Арман Мұратұлы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

### Техникалық хатшы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

## Редакция

### Главный редактор

*Кабульдинов Зиябек Ермуханович* – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

### Члены редакционной коллегии

*Абиль Еркин Аманжолович*, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

*Ажигали Серик Ескендинович*, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

*Абусейтова Меруерт Хуатовна*, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

*Алимбай Нурсан*, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

*Аяган Буркитбай Гелманович*, доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Астана, Казахстан); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

*Вильмено Анне-Мари*, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

*Исмагулов Оразак Исмагулович*, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

*Крупа Татьяна Николаевна*, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

*Кумеков Болат Ешмухамбетович*, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы) Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

*Кушкумбаев Айболат Кайрслямович*, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

*Мионг Сун-ок*, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

*Моррисон Александр*, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

*Мотузаите-Матузевичюте, Гидре*, Доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, г. Вильнюс, Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

*Муктар Абильсеит Капизович*, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

*Мунинов Аширбек Курбанович*, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

*Омер Кул*, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

*Оно Рюосуке*, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

*Отепова Гульфира Елубаевна*, Доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А. Маргулана. г. Павлодар, Казахстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

*Оутрам Алан*, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

*Садвокасова Закиш Тулехановна*, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

*Уяма Томохико*, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

*Финке Петер*, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

### Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

### Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Абикей Арман Муратович

Мурзаходжаев Куаныш

### Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

## Editorial Team

### *Editor-in-Chief*

*Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich* – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: [kabulzia@rambler.ru](mailto:kabulzia@rambler.ru)

Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

### *Editorial board members*

*Abil Erkin Amanzholovich*, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

*Abusseitova Meruert Khuatovna*, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

*Alimbay Nursan*, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

*Ayagan G. Burkhitbay*, Professor of History, Deputy Director of the Institute of State History Institute of Republic of Kazakhstan, (Astana, Kazakhstan); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

*Azhigali Serik Yeskendirovich*, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

*Ismagulov Orazak Ismagulovich*, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

*Krupa Tatiana Nikolaevna*, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich*, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

*Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich*, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

*Morrison Alexander*, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

*Motuzaitė-Matuzevičiūtė*, Giedre, Professor (Archaeology), Full Professor, a head of Bioarchaeology Research Centre at Vilniaus Universitetas, Vilnius, Lithuania; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

*Muktar Abilseit Kapizovich*, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

*Myong, Soon-ok*, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

*Muminov Ashirbek Kurbanovich*, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

*Omer Cul*, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

*Ono Ryosuke*, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

*Otepova Gulmira Elubayevna*, Doctor of Historical Sciences, Professor Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

*Outram Alan*, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

*Peter Finke*, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

*Sadvokassova Zakish Tleukhanovna*, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

*Uyama Tomohiko*, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

*Vuilleminot Anne-Marie*, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

### **Executive Editor**

Mukanova Gulnar

### **Scientific Editors**

Kasymova Didar

Abikey Arman

Murzakhodzhayev Kuanysh

### **Technical secretary**

Zikirbayeva Venera Serikovna

Kopeyeva Saniya



## ӘДІСНАМА / METHODOLOGY / МЕТОДОЛОГИЯ

Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 284-300, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_284-300](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_284-300)

### **KAZAKHSTAN – KARA SHANYRAK OF THE TURKIC PEOPLES BASED ON THE 50-CENTURY ETHNIC HISTORY OF THE KAZAKH PEOPLE**

*Orazak Ismagulov<sup>1</sup>, Ainagul Ismagulova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (54, Tauelsizdik avenue, 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan,

Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences (Italy)

<https://orcid.org/0000-0001-9875-9231>. E-mail: [orazak.ismagulov@mail.ru](mailto:orazak.ismagulov@mail.ru)

<sup>2</sup>Laboratory of Physical Anthropology of the Research Center for Archeology and Anthropological studies of the M. Auezov South-Kazakhstan University (160012 Shymkent, Tauke khan avenue, 5, Republic of Kazakhstan)

Senior scientific researcher

<https://orcid.org/0009-0009-6605-0151>. E-mail: [ainagul.ismagulova@bk.ru](mailto:ainagul.ismagulova@bk.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Ismagulov O., Ismagulova A.I., 2024

**Abstract.** *Introduction.* This article examines the ethnohistorical aspects of the justification of Kazakhstan as the cradle of the Turkic peoples based on physical anthropology data. *Goal and tasks.* Ethnohistorically substantiate the thesis about the assignment of Kazakhstan to the Kara Shanyrak of the Turkic peoples. To do this, the authors used data from the physical anthropology of modern Kazakhs and their ancestors, obtained by them over the past decades. *Materials and methods.* The complex anthropological materials of the Kazakh people and the paleoanthropological materials of their ancestors obtained by the authors were compared with each other and in dynamics. The main research methods are anthropological, as well as comparative analysis using a population approach. *Results.* The results of the analysis and comparison of anthropological and paleoanthropological data were used as the basis for the proposed graphical diagram reflecting the dynamics of the ethno- and racial genesis of modern Kazakhs and their physical ancestors. Sculptural anthropological reconstructions of the inhabitants of Kazakhstan from different historical periods were also used. At the same time, based on the study of the 50-century ethnic history of the Kazakh people, the authors present a draft of the new state Emblem of Kazakhstan with a description of the symbols. *Conclusion.* Due to the fact that the racegenesis and ethnogenesis of the Kazakh people took place over five thousand years, the attribution of Kazakhstan to the Kara Shanyrak of the Turkic peoples is completely scientifically justified.



**Keywords:** Anthropology, ethnic history, Kazakh people, Turkic peoples, Kara shanyrak, state Emblem of Kazakhstan

**For citation:** Ismagulov O., Ismagulova A.I. Kazakhstan – Kara shanyrak of the turkic peoples based on the 50-century ethnic history of the kazakh people // Otan tarikh. 2024. Vol. 27. No. 2. Pp. 284-300 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_284-300

## ҚАЗАҚСТАН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 50-ҒАСЫРЛЫҚ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Оразақ Смағұлов<sup>1</sup>, Айнагүл Смағұлова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасы (54-үй, 010000 Астана қ., Тәуелсіздік даңғ., Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі,

Болонья ғылым академиясының (Италия) корреспондент-мүшесі

<https://orcid.org/0000-0001-9875-9231>. E-mail: [orazak.ismagulov@mail.ru](mailto:orazak.ismagulov@mail.ru)

<sup>2</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университетінің Археология және антропологиялық зерттеулер ғылыми орталығының физикалық антропология зертханасы

(5-үй, Тәуке хан даңғ., 160012 Шымкент қ., Қазақстан Республикасы)

Аға ғылыми қызметкері

<https://orcid.org/0009-0009-6605-0151>. E-mail: [ainagul.ismagulova@bk.ru](mailto:ainagul.ismagulova@bk.ru),

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024.

© Смағұлов О.С., Смағұлова А.О., 2024.

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Бұл мақалада физикалық антропологиялық деректер негізінде Қазақстанның түркі халықтарының бесігі ретінде негізделуінің этнотарихи аспектілері қарастырылады. *Мақсаты мен міндеттері.* Қазақстанды түркі халықтарының Қара шаңырағына жатқызу туралы тезисті этнотарихи негіздеу. *Материалдар мен әдістер.* Ол үшін авторлар қазіргі қазақтар мен олардың ата-бабаларының соңғы онжылдықтарда алған физикалық антропологиясының деректерін пайдаланды. Авторлар алған қазақ халқының кешенді антропологиялық материалдары мен олардың ата-бабаларының палеоантропологиялық материалдарын бір-бірімен және өзара динамикасында салыстырды. Негізгі зерттеу әдістері антропологиялық, сонымен қатар популяциялық тәсілді қолдану арқылы салыстырмалы талдау болып саналады. *Нәтижелер.* Антропологиялық және палеоантропологиялық деректерді талдау және салыстыру нәтижелері қазіргі қазақтар мен олардың физикалық ата - бабаларының этно-және нәсілшілдік динамикасын көрсететін біздің ұсынған графикалық схеманың негізіне салынды. Әртүрлі тарихи кезеңдегі Қазақстан тұрғындарының мүсіндік антропологиялық реконструкциялары да пайдаланылды. Сонымен қатар, авторлар қазақ халқының 50-ғасырлық этникалық тарихын зерттеу негізінде рәміздерге сипаттама берген Қазақстанның жаңа мемлекеттік Елтаңбасының жобасын ұсынады. *Қорытынды.* Қазақ халқының расогенезі мен этногенезіне бес мың жылдан астам уақыт өткендіктен, Қазақстанды түркі халықтарының Қара шаңырағына жатқызу толық ғылыми орынды.

**Түйін сөздер:** Антропология, этникалық тарих, қазақ халқы, түркі халықтары, Қара шаңырақ, Қазақстанның мемлекеттік Елтаңбасы



**Дәйексөз үшін:** Смағұлов О.С., Смағұлова А.О. Қазақстан – қазақ халқының 50-ғасырлық этникалық тарихына негізделген түркі халықтарының қара шаңырағы // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 284-300 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_284-300

## **КАЗАХСТАН – КАРА ШАНЫРАК ТЮРКСКИХ НАРОДОВ НА ОСНОВЕ 50-ВЕКОВОЙ ЭТНИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА**

*Оразак Исмагулов<sup>1</sup>, Айнагуль Оразаковна Исмагулова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Лаборатория физической антропологии Национального музея РК (010000 г. Астана, просп. Тауельсиздик, 54, Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корреспондент Болонской АН (Италия)

<https://orcid.org/0000-0001-9875-9231>. E-mail: [orazak.ismagulov@mail.ru](mailto:orazak.ismagulov@mail.ru)

<sup>2</sup>Лаборатория физической антропологии Научно-исследовательского Центра археологии и антропологических исследований

Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (160012 г. Шымкент, просп. Тауке хана, 5, Казахстан).

Старший научный сотрудник

<https://orcid.org/0009-0009-6605-0151>. E-mail: [ainagul.ismagulova@bk.ru](mailto:ainagul.ismagulova@bk.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Исмагулов О.С., Исмагулова А.О., 2024.

**Аннотация.** *Введение.* В данной статье рассматриваются этноисторические аспекты обоснования Казахстана как колыбели тюркских народов на основе данных физической антропологии. *Цель и задачи.* Этноисторически обосновать тезис об отнесении Казахстана к Кара шаныраку тюркских народов. *Материалы и методы.* Для этого авторы использовали данные физической антропологии современных казахов и их предков, полученные ими за последние десятилетия. Полученные авторами комплексные антропологические материалы казахского народа и палеоантропологические материалы их предков были сопоставлены между собой и в динамике. Основные методы исследования – антропологические, а также сопоставительный анализ с использованием популяционного подхода. *Результаты.* Результаты анализа и сопоставления антропологических и палеоантропологических данных положены в основу предложенной графической схемы, отражающей динамику этно- и расогенеза современных казахов и их физических предков. Были также использованы скульптурные антропологические реконструкции насельников Казахстана разных исторических периодов. Вместе с тем на основе изучения 50-вековой этнической истории казахского народа авторами приводится проект нового Государственного Герба Казахстана с описанием условных обозначений и символики. *Заключение.* Поскольку расогенез и этногенез казахского народа происходил на протяжении пяти тысяч лет, отнесение Казахстана к Кара шаныраку тюркских народов вполне научно обосновано.

**Ключевые слова:** Антропология, этническая история, казахи, тюркские народы, Кара шанырак, Государственный Герб Казахстана

**Для цитирования:** Исмагулов О., Исмагулова А.И. Казахстан – Кара шанырак тюркских народов на основе 50-вековой этнической истории казахского народа //



Отан тарихы. 2024. Т. 27№ 2С. 284-300. (На Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_284-300

**Кіріспе.** Соңғы кезде баспа бетінде және теледидарда Қара шаңырақ, түркі бірлестік, қауымы туралы әңгіме жиі айтылады. Осыған орай бізде өз пікірімізді ресми айтқанды жөн көріп отырмыз.

Бұл арада әңгіме басын танымалы Абайдан бастағанды жөн көріп отырмыз. Ол XIX ғасырдың басында айтқан болатын: «Қазақтардың моңғолдардан шыққаны ұят емес, қазақ халқының шығу тегі туралы ешбір ғылым саласында жоғы ұят» деп (Абай Құнанбайұлы, 1977: 103). Өте орынды айтылған сөз. Өйткені Абай дұрыс айыра білген әшейін дәлелсіз аңыздарға, жазбаларға сүйеніп субъективтік жолмен айтқаннан көрі алдымен зерттеу әдісімен анықтағанды дұрыс деп оны ажырата білген. Сондықтан біздер Абайдың айтқан ғылыми жолына орай алғашқы рет физикалық антропологиялық әдістермен қазақ халқын зерттеуді жөн көрдік. Ол үшін алдымен Қазақстанның көне дәуірінің тұрғындарының палеоантропологиялық ерекшеліктерін анықтаудан бастадық. Сонымен қатар бүгінгі қазақтардың антропологиялық ерекшеліктерін де қосып зерттеулерді орынды санадық.

**Материалдар мен әдістер.** Алдымен бүгінгі қазақтардың физикалық антропологиялық көп салалы әдістермен Алтайдан бастап Маңғыстауға дейін олардың популяциялық бірегейліктерін анықтауды жөн көрдік. Ол үшін физикалық антропологияның алты бірдей салаларынан, яғни соматология, одонтология, дерматоглифика, серология, краниология мен дәм сезімдерін бір уақытта, бір топта және бір жерде анықтауға ұмтылдық. Мұндай кешенді ізденістерді Қазақстан бойынша алғаш рет біздер жүргіздік. Соның арқасында бірнеше монографиялық еңбектер жарияланды. Солардың арасында «Этническая антропология Казахстана» (Исмагулов, 1982), «Этническая геногеография Казахстана» (Исмагулов, 1977), «Этническая одонтология Казахстана» (Исмагулов, Сихымбаева, 1989), «Этническая дерматоглифика казахского народа» (Исмагулов и др., 2008), «Қазақ халқының антропологиялық тарихы» (Смағұлов, 2011), «Происхождение казахского народа» (Исмагулов, Исмагулова, 2017) және т.б.

Сонымен қатар Қазақстан жерінен энеолит дәуірінен бастап бүгінгі қазақтарға шейін бес мың жылды қамтып жиналған палеоантропологиялық материалдарды қосуға болады. Зерттелген материалдың арқасында Қазақстан жеріндегі көне адамдар өздерінің этно-тарихын, мәдениетін қаншалық тұрақты ел болғанын нақтылы айғақтайды. Барлық зерттелген физикалық антропологиялық материалдарға қарағанда мұндай ғылыми кешенді зерттеулер Қазақстан жерінде алғашқы рет іске асырылып отыр.

Жарияланған материалдар туралы айтатын болсақ қазақ халқы түркі халықтарының Қара шаңырақ иесі болары хақ. Қара шаңыраққа иелік жасау үшін, біздіңше, бірнеше шарттары болуы қажет. Соның бір шарты – тұрғын ұлттың өзіндік Орталық Азия аймағында мекен еткен байырғы ата-бабаларынан бері ұзақ уақыт үзіліссіз ұрпақ жалғастығы болу керек. Екіншіден, иелік жасайтын тұрғынның этнолингвистикалық тарихы мыңдаған жылдар бойы түркі тілінің негізінде болуы жөн. Содан кейін, бүгінгі таңда Орталық Азияның аймағында бұл күнде өзіндік дара, егеменді, танымал мемлекеті болуы қажет.

Енді алдымен физикалық антропологияның зерттеу әдістемелері туралы айтқанды жөн көреміз.

Физикалық антропологияның ғылыми саласы айтарлықтай күрделі және өзіндік айрықша бағыттары мен кешенді материалдар жинайтын нысандары да бар. Себебі адам организмі өте күрделі биоэлеуметтік жүйе болып саналады. Сондықтан мамандар





оны бөлшектеп және түрлі салаларға бөліп зерттеуге мәжбүр. Бүгінгі таңда адам тұлғасын зерттеу нысанының шеңбері өте кең: молекулярлы және биохимиялық деңгейінен бастап конституциялық құрылымына дейін қамтиды.

Ұсынылып отырған еңбектің талабына орай біз антропология ғылымының тек қалыптасқан негізгі классикалық салаларының зерттеу нысанына ғана назар аудармақпыз. Физикалық антропологияның зерттеу барысына негізгі нысан етіп алынатын және тиісті ақпарат бойынша іске асырылатын зерттеу ретінде соматологиялық зерттеуді айтуға болады. Мұнда негізгі нысан ретінде тек тірі адамдардың ғана дене құрылысы, дене пропорциясы, салмағы, антропометриясы мен антропоскопиясы, т.б. сыртқы ерекшеліктері зерттеледі. Сонымен қатар алақан мен саусақ тері бедерлері де арнайы зерттеледі. Қан жүйелері мен генетикалық құрылымдар, тіс морфологиясының ерекшеліктері де қажетті зерттеу нысандарының қатарына жатады. Бас және қаңқа сүйектерінің, әсіресе краниологиялық зерттеу нысанының алатын орны айрықша. Тарихи тұрғыдан антропологиялық іздену барысында кейбір қоғамдық ғылымдар саласына да назар аударылады. Соның қатарына қазақ халқының субэтникалық құрылымы, аумағы, демографиялық анықтамалары т.б. ерекшеліктері зерттеу нысаны ретінде физикалық антропология саласындағы ізденістерде жиі қолданылады.

Аталмыш нысандар ішінде қазақтарды антропологиялық зерттеу барысында өте қажет деп саналатын бағыттың бірі демографиялық анықтамалар болғандықтан, нақтылы зерттелген топтардың тарихи қалыптасу, тұрақты мекенжайынан, яғни әрбір ауылдан олардың бір жылдағы жыныс, жас, туу, өлім көрсеткіштері туралы анықтамалары жиналды. Бұл анықтамалар арнайы жасалған бланкіге толтырылып отырды. Біздер кешенді антропологиялық зерттеу жүргізген кезде Қазақстанда қазақтардың жалпы саны 6 миллионнан асқан болатын.

Жалпы айтқанда, қазақ халқының физикалық антропологиясының нысаны, бағдарламасы және ақпараты қанағаттанарлық деңгейде іске асырылды деп айта аламыз. Қазақ халқының физикалық антропологиясына байланысты соңғы 40 жыл жиналған материалда әдістеме тұрғысынан және оларды салыстырмалап пайдалануда ешқандай қайшылық болмайды деген пікірдеміз. Өйткені бұл мақаланың авторлар кезінде Мәскеудің әлемге танымал антропология мектебінен өткен және олармен күні бүгінге дейін байланысын үзбей келе жатқан мамандар болып саналады. Сонымен қатар бұл авторлар ұзақ жылдар бойы алыстағы ауылдарда тарихи қоныстарын өзгертпеген тұрақты мекендеген қазақтарды арнайы зерттеу үшін жыл сайын экспедициялар ұйымдастырып, кешенді антропологиялық зерттеулерін сол жерде және сол субэтникалық топтардың арасында жүргізген тәжірибелі бірегей мамандар қатарына жатады.

Бұл күнде генетикалық тұрғыдан алып қарағанда, тек ауылдық тұрғындарын ғана зерттеу нысаны ең тиімді жол болып саналады. Себебі тек тарихи қалыптасқан ауылдық популяция ғана тарихи генекордың ерекшеліктерін нақты сақтайтын қауым болып есептеледі.

Қазақ популяциясын зерттеу нысанының ерекшелігі сонда, оның субэтникалық құрылымы тарихи-этнографиялық тұрғыдан алынып, кешенді түрде сипаттамалар берілді. Мұндай арнайы зерттеу тұңғыш рет іске асырылып отыр.

Бұған халық жадында сақталып қалған үш жүздің негізгі руларының ұрпақтары арнайы нысан болып алынды. Өкінішке қарай, кеңес үкіметінің антропологияға деген жағымсыз әрекеттерінің кесірінен көптеген ру өкілдері толық қамтылмай қалды. Дегенмен де ХХ ғ. екінші жартысында алғаш рет қазақтар арасындағы субэтникалық топтардың өзара этноантропологиялық қарым-қатынастарын анықтауға мүмкіндік жасауға ұмтылды.



Жалпы қазақ популяциясын зерттеу нысаны айтарлықтай дұрыс бағытта анықталып алынған, бұл - кешенді ғылыми ізденістің жемісі деп санаймыз. Сонымен бұл жиналған материалдардың ғылыми маңызы сонда, олар қазақ халқының мәңгілік тіршілігінде ескерусіз қалмайтын морфофизиологиялық артефактілер болмақ.

Бұл күнде антропологияда адамның дене құрылысы мен оның физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктерін зерттеудің, әсіресе халықты раса тұрғысынан зерттеудің, өзіндік бірнеше ғылыми әдістемелері қалыптасқан. Соның ішінде ғылыми айналымда көп таралған әдістемелердің бірі – популяциялық зерттеу.

Бүгінгі таңда физикалық антропологияның қай саласында болмасын зерттеу тәсілдерінің негізгі әдістемесі популяциялық деңгейде жүргізіледі, яғни адамдарды топтау (группа) арқылы тиісті морфофизиологиялық сипаттамалар беру бойынша іске асырылады. Аталмыш термин алғаш рет XX ғасырдың басында биоэлеуметтану саласында ғылыми айналымға енгізілген болатын. Қазір бұл терминнің көптеген анықтамалары бар. Жалпы мұның адамдар тобына байланысты негізгі мәні адам қауымдастығының ғасырлар бойы өзара араласуының ықпалымен биоэлеуметтік тұрғыдан топталған түрі дегенді білдіреді. Мұндай топтардың ішіндегі адамдардың өзара неке құру шарты айтарлықтай жиі болады. Соның арқасында бұл адамдар тобының арасында туыстық қасиеттер белгісі ұлғая түседі. Ал оның сырт аймағындағы адамдардың туыстық некелесу деңгейі төмен болып келеді. Осындай ішкі және сыртқы топтардың бір-бірінен туыстық жағынан окшаулануы – генетикалық тоғысудың әсері арқылы қалыптасады. Осылайша әрбір топты құрайтын жеке адамдардың (индивидуумдардың) өзара айтарлықтай туыстық байланыстарының барлығы және олардың өзіндік генеқоры мен сыртқы пішіні (фенотип) ортақ белгілері жағынан басқа топтардан (популяциялардан) окшауланып тұрады. Сөйтіп популяциялық әдістеме бойынша қауымдық раса типінің қалыптасу жолындағы барлық ерекшеліктерінің жан-жақты ескерілуі арқылы популяциялардың (топтардың) генетикалық деңгейдегі бір-бірінен айырмашылығы айқындалады. Физикалық антропология саласында расаға байланысты анықтамаларды тек популяциялық әдістеме бойынша ғана сипаттау жолы 1964 жылы Мәскеуде және 1966 жылы Парижде ЮНЕСКО-ның арнайы шешімімен қабылданған болатын. Сонымен қатар Еуропа мен Америка антропологтерінің расаға байланысты арнайы мәлімдемелері де бар.

Бұл популяциялық әдістемеден басқа антропологиялық зерттеуде типологиялық әдістеме бойынша да ізденістер жүргізіліп келгені мәлім. Аталмыш әдістеменің ең басты кемшілігі әрбір дара адамға сипаттамалар бергенде оның бойындағы биологиялық ауытқулық көрсеткіштері топ бойынша алынған көрсеткіштерден гөрі біріншісінің өлшем сандарының көлемі көбінесе артық және ауытқулық деңгейі алшақ болып келеді. Бұл жолмен зерттеу барысында негіз етіп алынатын себебі – әрбір жеке адамдағы расалық ерекшеліктердің көрінісін алдын ала анықтау арқылы ол адамның бірден белгілі бір расалық типке жатқызылатынында. Мұндай әдістеменің бұрыс және қате жері барлық расалық анықтамалар кешенді түрде нәсіл қуалайды және оған бір ғана фактор әсер етеді деген көзқарасты алға тартатындығында. Негізінде, бұл әдістеменің жағымсыз жағы расалық ерекшеліктердің қалыптасуына табиғи ортаның әсерін жоққа шығарумен қатар, дәуірлік (эволюциялық) өзгерістермен де санаспайтындығында жатыр. Бұл әдістеме XIX–XX ғасырларда көбінесе Батыс Еуропаның кейбір елдерінде кеңінен таралды.

Қазақ халқын тарихи антропологиялық тұрғыда зерттеу тек популяциялық деңгейде ғана жүргізілді. Бірақ антропогенезге және одан кейін заманға орай, яғни көне заманға байланысты, зерттеулер барысында табылған қазбадан алынған адам сүйектерінің саны өте аз болғандықтан, оларға мамандар амалсыздан типологиялық деңгейде ғана анықтамалар беруге мәжбүр болады.



Антропологияның әр саласындағы зерттеу нысандарының ерекшеліктеріне орай қолданылатын, жоғарыда айтылған әдістемелерден басқа, өзіндік әдістемелері де болады. Мәселен, дене құрылысының, бас сүйектің, қаңқа сүйектердің, тіс морфологиясының, алақан мен саусақ тері бедерлерінің, қан жүйелерінің, биохимиялық, т.б. зерттеу әдістемелерінің көптеген түрлері белгілі. Жалпы әр ғылым саласындағы әдістемелердің негізгі талабы деректердің құндылық мағынасын барынша жан-жақты әрі терең пайдалану болып табылады.

Сөйтіп, әр түрлі ғылыми салалардағы әдістемелерді кешенді пайдалану арқылы физикалық антропологияның күрделі мәселелерді дәлелді түрде шешуге мүмкіндіктері бар. Алайда, кейбір жағдайда антропологиялық әдістеме арқылы алынған болжам ретіндегі қорытындыларды қоғамдық ғылым өкілдерінің нақты қол жеткен ғылыми нәтиже деп қабылдайтындары да бар. Бұл жағынан алғанда да, әр пәннің әдістемесі мен болжамдары оның ғылыми ерекшеліктеріне қарай ескеріліп қабылдануы қажет.

Бұған қоса авторлар антропологтердің бірнеше халықаралық экспедицияларына да (Индия, Моңғолия, Италия, т.б.) қатысқаны аян. Бұл күнде қазақ антропология ғылымының өкілдері Италияның Болон университетінің мамандарымен Қазақстан бойынша 20 жыл бойы қол үзбей халықаралық деңгейде кешенді зерттеулер жүргізіп келеді. Сондықтан біздің қазақ антропология ғылымының салаларында қолданатын әдістемелері мен ақпаратымыз және зерттеу жүйелерінің үлгісі әлем номенклатурасының биологиялық стандарттық деңгейімен толық сәйкестікте екендігі ешбір күмән туғызбайды.

Қазақ Елінің жерінде жиналған физикалық антропология саласындағы кешенді материалдарды дәл осы сияқты әлем халықтарының материалдарымен тікелей салыстырса, біздің қолданған әдістемелеріміз айтарлықтай қайшылықтар тудырмауы тиіс. Сонымен қатар бірыңғай этникалық топ арасында, бір кезеңде бірегей мамандар жинаған кешенді антропологиялық материалдар бойынша пәнаралық түйістерді анықтауда да бұл зерттеу әдістемелерінің ғылыми маңызы зор. Жалпы бұл жинақталған кешенді антропологиялық материалдар қазақтар үшін XX ғасырдың екінші жартысындағы морфофизиологиялық нақты анықтамалар болып саналумен қатар, оларды келешек дәуірлердегі үдерістерге орай ұрпақтардың өзгеру ерекшеліктерімен салыстыру барысында құн жетпейтін ғылыми эталон болып қала бермек. Былайша айтқанда, келешек қазақ ұрпақтарын зерттеуде әрқашан хронологиялық база, бастау-тірек рөлін атқаратынына әбден сенімдіміз.

Әдістанулық аспектіге сүйеніп айтатын болсақ негізінде, тарихи бағытқа бейімделгендіктен, байырғы Қазақ атамекенінде мыңдаған жылдар бойы орын алған этноантропологиялық байланыстардың антропологиялық сипаттамалардың ерекшеліктері бойынша дұрыс әдістанулық (методологиялық) жолмен шешілуін орынды деп қараймыз. Өйткені антропологиялық зерттеудің негізгі талабы расогенез бен этногенездің ерекшеліктеріне орай алға қойылған мәселелердің ауқымына байланысты. Бұл пән өз зерттеулерін көптеген қоғамдық ғылым салаларымен, әсіресе археология, этнография, жазба тарих, лингвистикамен тығыз байланыста жүргізеді. Мұндай кезде қосымша пайдаланған қоғамдық пәндердің тиісті заңдылықтарын еш уақытта антропологиялық анықтамалармен алмастыруға болмайды және ол пәндердің нәтижелері антропологияның орнына да жүре алмайды. Бұл – методологиялық тұжырымдаманы дұрыс және орынды қолданатын ғылыми пайым. Ал бұл жайды керісінше алып қарастыра алмаймыз, яғни антропологияның негізгі биоәлеуметтік заңдылығын бұзатын болсақ, онда «қоғамдық антропология» деген теріс ғылыми ұғым қалыптасады. Сонымен қатар этникалық пен антропологиялық үдерістердің арасындағы этногенездік пен расогенездік динамикаларды да таза жоққа шығара алмаймыз. Сол сияқты бұл екі түрлі мәселенің арасында әрқашан тікелей байланыс



болады деп те айтуға болмайды. Жалпы биоэлеуметтік заңдылықты өзгертпей және оған сүйене отырып, қоғамдық ғылымдар саласындағы заңдылықтармен салыстыру арқылы олардың өзара тек сәйкестігін және этноантропологиялық үдерістердің бағыттары бір-бірімен қабаттас болғандығын анықтаумен ғана шектелу қажет. Тіпті, кейбір жағдайда антропология пәнінің салалары арасындағы өзіндік заңдылықты да ескеруге тура келеді. Мәселен, антропологиялық жүйелеуде барлық әлемдегі адамдарды негізінде үш расаға (еурпеоид, негроид, моңғолоидқа) бөледі. Ал одонтологиялық (тіс морфологиясы бойынша) жүйелеуде бүгінгі заман адамдарын тек екі топқа ғана ажыратады. Олар: «батыстық» пен «шығыстық» және аралас одонтологиялық типтер. Мұнда «батыстық» топқа – еурпеоид пен негроидтар, ал «шығыстық» топқа – моңғолоидтар жатады.

Сөйтіп, антропологиялық зерттеулер оның әдістанулық аспектісіне нақты сүйеніп тиісті мәселелерді объективтік жолмен шешуге ұмтылады. Сонда ғана биоэлеуметтік және қоғамдық ғылымдардың заңдылықтары өздерінің табиғи ерекшеліктерін бұзбай динамикалық үдерістердің шынайы мәнін нақты аша алады. Тек осы сияқты методологиялық тұрғыдан алып қарағанда ғана «раса», «халық», «мәдениет», «этникалық қауым», «тіл», т.б. атаулар өздерінің биоэлеуметтік пен қоғамдық қауымдастықтар ерекшеліктеріне тиісті ғылыми категориялық анықтамаларға сүйенулері қажет. Мәселен, расалық топ, не болмаса тип – адам организміндегі нәсіл қорының заңдылық ерекшеліктеріне орай қалыптасқан биологиялық санат (категория). Ал этникалық топ, мәдениет, тіл жүйелері болса тек тарихи-элеуметтік үдерістерге байланысты қалыптасқан қоғамдық қауым категориясы болып саналады. Шындығына келгенде, расалық анықтамалар, антропологиялық типтер қоғамның дамуына, мәдениеттің өсіп-өрбуіне тікелей әсер ете алмайды. Сол сияқты қоғамның даму жолдары мен өркениеттің көтерілуі де адам расасына айтарлықтай әсерін тигізе алмайды. Сондықтан бұл екі түрлі санатқа байланысты заңдылықтарды бір-бірімен алмастыруға болмайды. Бұл мәселе туралы антропология ғылымында арнайы жазылған әдебиеттер де аз емес.

**Талқылау және нәтижелер.** Жоғарыда айтылған шарттардың талаптарына сай түркі халықтарының Қара шаңырағына иелік жасау бұл күнде реті қазақ халқына ғана лайықты орын болар деген пікірдеміз. Бұл жайдың толық дәлелін төмендегі қазақ халқының төрт мың жылдық тарихынан (ж.с.д. XX ғ.-ж.с. XX ғ.) айқын көре аламыз. Және мұншама ұзақ тарих мерзімдері жоғарыдағы шарттарға толық жауап бере алды.

Бүгінгі жеріміздегі археологиялық ізденістерге қарағанда, байырғы Қазақ атамекенін алғаш қоныстанған адам өмірі палеолит заманынан, яғни тас дәуірінен, бастау алғаны айқын болып отыр. Жалпы байырғы Қазақ атамекен жерінен табылған тас құралдардың формасы және оларды технологиялық жасау әдістері сол заманның Еуразия мен Африкадағы дайындау әдістерімен өзара бірдей болғаны күдік тудырмайды. Мұндай тас құралдардың өзара ұқсастықтары байырғы Қазақ атамекен тұрғындарымен аталмыш өңірлердегі адамдардың тұрмыс-тіршілігі бір мерзімде болғандығын айғақтайды.

Бұл арада бір ескерте кететін жайт сол, байырғы Қазақ атамекен тұрғындарының бір ерекшелігі олардың өмір тіршілігінің, қоғамы тас дәуірден бастау алып, одан кейін жез, қола, ежелгі темір, антикалық және түркі қағанаты арқылы үзіліссіз даму сатыларынан өткендігі аян болып отыр. Ең бастысы, байырғы Қазақ атамекеніндегі тұрғындардың ұрпақтар жалғастығығы 4-5 мың жыл бойы үзілмеген.

Бұл жайдың нақтылығын Қазақстанның палеоантропология материалдарынан, яғни көне заман адам сүйектерінен, еркін байқауға болады. Сондықтан байырғы Қазақ атамекен тұрғындарының алғашқы антропологиялық анықтамасын неолит пен энеолит дәуірінен (5-7 мың жыл бұрын) бастауға болар еді. Бірақ бұл дәуірге байланысты



жергілікті тұрғындардан қалған адам сүйектері өте аз. Дей тұрсақ та, олардан алынған негізгі краниологиялық көрсеткіштерге және дәуірлес көрші елдерден табылған сүйектерге қарағанда, ол кездегі Қазақстан тұрғындарына тек көне еуропеоидтық ерекшеліктер ғана тән екені белгілі болып отыр (Исмагулов, 1970).

Осы жайларға орай, байырғы Қазақ атамекеніне байланысты тұрғындардың антропологиялық сипаттамаларының қола дәуірінен, яғни ж.с.д. XX-XI ғасырлардан басталғаны орынды болып саналады. Өйткені аталмыш өңірде тұрақты қалыптасқан жергілікті тұрғындардың бұл дәуірдегі көптеген этномәдени ескерткіші сақталып қалған.

Қазақстан бойынша қола дәуірін краниологиялық (адам бас сүйектерін) зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, ол кездегі жергілікті тұрғындар екі жыныс бойынша анықталған аталмыш дәуірдің тұрғындарының морфологиялық құрылымдары толығымен көне еуропеоид расасына (биологиялық термин) жататындықтары айғақтайды. Бұлардың бас пен бет сүйектеріндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктеріне назар салатын болсақ, онда олардың бас формасы орташа жұмыр, ал бет биіктігі аласа, екі жалпақ, көз ұяларының формасы төртбұрышты және аласа келеді. Мұрын сүйектерінің бұрышы өте жоғары, яғни жалпы қыры қоңқы түріне жатады. Осы және басқа морфологиялық ерекшеліктерін қосып алып қарағанда, байырғы Қазақ атамекенінің қола дәуірі тұрғындар антропологиялық сипаттары жағынан толығымен көне еуропеоид тектестер ғана болған деп айтуға толық ғылыми негіз бар. Аталмыш раса қола дәуірінен бастап барлық көне тарихи дәуірлерден ортағасырдың соңғы кезеңіне дейін және Қазақ Елінің бүкіл тұрғындар арасында тұрақты расогенездік рөл атқарған. Өйткені, байырғы Қазақ атамекен тұрғындарының қола дәуіріндегі антропологиялық негізін тек қана көне еуропеоид расасын құраған.

Сонымен қола дәуірінің палеоантропологиялық материалдарын негіз етіп, мұны базалық даму орнына алуға толық мүмкіндік барлығына назар аудардық. Ендігі мәселе бұл антропологиялық массив қаншалықты көне Қазақстанның этно-тарихи дәуірлерінде, яғни қола дәуірінен бастап, содан кейін ежелгі темір, түрік дәуірі, ортағасыр мен бүгінгі қазақтарға шейін этноантропологиялық әсерін сақтап қалғандығының сырын ашу болып табылады. Осыған орай, байырғы Қазақ атамекенінің қола дәуірінен кейінгі замандарға жататын тұрғындардың краниологиялық серияларына назар аударғанды жөн көрдік. Отан тарихнамасындағы археологиялық зерттеулерде аталмыш дәуірден кейін оның орнын тарихи алмастырған ежелгі темір дәуірі (ж.с.д. X-IV ғғ.) болып саналады. Қазақстан бойынша аталмыш екі дәуірдің тұрғындары өзара қаншалықты антропологиялық жақындықта болғанын олардың краниологиялық серияларындағы морфологиялық ерекшеліктеріне қарап нақты айтуға болады. Осы бағытты басшылыққа алып ежелгі темір дәуіріне жататын жергілікті тұрғындардың краниологиялық серияларының морфологиялық анықтамаларына назар аударатын болсақ, біріншіден, бұлар бұрынғыдай көне еуропеоид тектестер қатарына жататыны көрінеді. Екіншіден, олар қола дәуірінің краниологиялық серияларымен өте жақын морфологиялық ұқсастықта, яғни бұлардың өзара генетикалық жалғастықтары бар деген сөз. Сонымен қатар ежелгі темір дәуірі тұрғындарының екі жынысы бойынша краниологиялық серияларында азиялық расаның ұшқынының әсері барлығы байқалады. Шамасы ж.с.д. V ғасырдың екінші жартысынан бастап Орталық Азияның азиялық тайпаларының өкілдері байырғы Қазақ атамекеніне кірмелік жасап, жергілікті тұрғындармен араласа бастағаны байқалады. Бірақ, шығыс-азиялық раса өкілдерінің жергілікті араласу үрдісі онша ықпалды емес, яғни деңгейі жоғары болмағандығы көрінеді. Бұл жайдың қарым-қатынасын анықтау үшін кезінде профессор Г.Ф. Дебецтің (Дебец, 1968: 58–71) ғылыми айналымға енгізген биостатистикалық әдісін, яғни еуропеоид пен моңғолоид өкілдерінің өзара араласқан



метистік топта моңғолоид элементінің шартты үлесін анықтау формуласын пайдаландық. Сонымен аталмыш пайдаланған әдістеменің нәтижесіне қарағанда ежелгі темір дәуірінің байырғы Қазақ атамекені тұрғындарының краниологиялық сериясында моңғолоид, яғни азиялық раса элементінің шартты үлесінің көлемі шамамен 15%-дан аспайтындығы анықталды. Осы алынған анықтамаға сүйенсек, байырғы Қазақ атамекенінде бұл ең алғаш басталған метистену үрдісі болып саналады.

Осы арада ескерте кететін жайт, ол қазақтардың байырғы ата-бабалары бұл мерзімге дейін көне еуропеоид бейнесі ешбір өзгерсіз және бөгде тайпалардың биологиялық қоспасыз екі мың жарым жыл бойы, яғни 30 ғасыр шамасында өз жерінде тұрақты сақтап мекен еткен.

Аталмыш дәуірлерде байырғы Қазақ мекенінде расалық араласу процесі қалай өрбіп өскенін анықтау үшін профессор Г.Ф. Дебецтің формуласы арқылы біртіндеп кірмелік жасаған моңғолоид элементінің үлесін шығаруды жөн көрдік. Бұл әдістемені байырғы Қазақ атамекеннен жиналған краниологиялық серияларға қолданып одан алынған нәтижелер 1-суретте беріліп отыр.

Мұндай тарихи жәйда қазақ атабабалары өз жері мен елінде үш мың жыл бойы өздері ғана тұрып (көк түсті бояу) тек өз этно-тарихы мен мәдениетінің негізін орнатқан. Бұл жайды мына суреттен байқауға болады.

Беріліп отырған схемаға қарағанда көз тартатын жай ол байырғы Қазақ атамекенінде жергілікті көне еуропеоид тайпыларының этноантропологиялық ұрпақ жалғастығы 50 ғасыр бойы үзілмейтіндігін айғақтайды. Сонымен қатар 20 ғасыр бойы еліміздің этнотарихи дәуірлерінде кірмелік жасап келген азияттық расаның жалпы үлесі 70 % аспағандығын байқатады. Сөйтіп бұл күнде қазақ халқының антропологиялық бейне құрылымының көнелігінің ерекшелігі сонда оның байырғы ата-бабаларының 1/3 үлесі тайға таңба басқандай сақталып қалған. Ата-бабаларымыздың бұл антропологиялық ерекшеліктері «мен қазақпын» деген адамның бір тал шашында, бір тамшы қанында, бір азу тісінде, аяқ тұрқында т.б. морфологиялық пен физиологиялық ерекшеліктерінде сақталып қалғаны бұл күнде аян болып отыр.

Аталмыш әдістемеден басқа, қазақ халқы өзінің жерінде және елінде туған ата-бабаларымен бес мың жыл бойы ұрпақтар жалғастығы үзілмей тұрақты түрде бүгінгі Қазақстан жерінде өмір сүріп келе жатқанын мына бір төмендегі сурет арқылы дәлелдеуге толық мүмкіндік бар.

Қазақтардың түрік өркениетін уағыздағаны күмән туғызбайды. Бұған қосымша дәлелді Атилланың атын келтіруге болады. Оның туып өскен жері – Орталық Азия және бұл кезде түркі әлемі үстемдік еткен. Бірақ бұл арада ескертетіні мадиярлар (венгрлер) оның атын екі «л» арқылы жазғанды талап етеді. Шындығына келгенде мадияр тілінің өзегінде көне түрік тілі жатыр. Сонымен қатар тарихи деректерге қарағанда XVI ғасырдың аяғына дейін мадиярларда қыпшақ тілі ресми пайдаланған. Бүгінгі түрік әлемінің отырыстарында мадияр өкілдері әрдайым қалмай қатысып жүр.



1-сурет. Қазақстанды Қара шаңыраққа сәйкестендіріп суреттеу нұсқасы  
[Fig. 1. A version of describing Kazakhstan in accordance with Kara Shanaryak]

Ал соңғы екі мың жыл бойы біртіндеп көне қазақ жеріне шығыстан тайпалар кірмелік жасаған (ашық сары бояу). Оны жергілікті тұрғындардың бейне жүзінен көре аламыз. Осыншама уақыт бойы араласу салдарынан бүгінгі қазақтардың бейнесінде, дене құрылысында моңғолоид компонентінің 70 % пайда болды. Ал қалған 30 % көне ата-бабаларынан тікелей сақталып қалған ерекшеліктер деп санаймыз. Бұл жайды біздер 30 жыл бойы бүгінгі ауылдық жерде тұрып жатқан қазақтар арасында бір мезгілде, бір топ өкілдерін антропология ғылымының 6 бірдей саласы бойынша - соматологиясын, тіс морфологиясын, қан жүйелерін, дерматоглификасын, дәм сезімін, бас сүйек морфологиясын зерттеу арқылы дәлелдедік.

Енді мына жайға назар аударғанды жөн көрдік. Ол бүгінгі қазақ халқының 4 мыңжылдық антропологиялық қалыптасу жолдарын байырғы Қазақ атамекен тұрғындарының дәуірлік және мыңжылдық даму сатылары арқылы да көруге мүмкіншілік бар. Сондықтан аталмыш аймақта тұрғындарының бас сүйек құрылымының ерекшеліктерін тек этномәдени дәуірлер бойынша ғана қарап қоймай, сонымен бірге әрбір мыңжылдықта қандай өзгерістерге ұшырағанына да назар аударып анықтауды ғылыми тұрғыдан орынды деп ұйғардық. Өйткені байырғы Қазақ атамекенінен жиналған краниологиялық материалдар ж.с.д. XX ғасырдан бастап, кешегі өткен XX ғасырға дейін үзіліссіз мерзімді, яғни 4 мыңжылдық уақытты қамтиды. Аталмыш мыңжылдықтарға орай краниологиялық сериялардың екі жыныс бойынша әрқайсысын жеке-жеке және сериялардың ғылыми бағдарламалық мәнін арттыру үшін осы екі жыныс серияларын қосып алып та қарадық. Осы мақсатпен Г.Ф. Дебецтің әйелдер бас сүйегінің өлшемдерін ерлер өлшемдерімен теңестіруге ұсынған теңдік коэффициенттерді пайдаланып шартты краниологиялық кесте жасалды. Сөйтіп байырғы Қазақ атамекенінің барлық тарихи дәуірлері бойынша жиналған краниологиялық материалдар бір ортақ жүйеге топтастырылды. Жоғарыда айтылған жыныс ерекшеліктері мен этномәдени дәуірлер және мыңжылдық хронологиялық мерзім ескеріле отырып, бас сүйектің токсономиялық мәні жоғары бірнеше краниологиялық өлшемдердің яғни бет сүйек биіктігі, жақ сүйек ені, назо-маляр бұрышы, зиго-максилляр бұрышы, мұрын сүйек бұрышы т.б. морфологиялық анықтамалар бойынша бірнеше арнайы графиктер сызылды. Олардың барлығы



біздердің еңбектерімізде жария етілген (Исмагулов, Исмагулова, 2017; Ismagulov, Ismagulova, 2009: 4-9). Бұл арада аталмыш анықтамалардың төрт мың жылдық этномәдени дәуірлік пен мыңжылдық даму сатыларының барлық графикалық суреттерін бұл мақалада беруге мүмкіншілік болмай тұр. Оларды жоғарда келтірілген кітаптардан көруге болады. Жалпы беріліп отырған графиктердегі краниологиялық даму сатыларына қарағанда, қола дәуірінен бастап бүгінгі заманға дейін ешбір генетикалық үзіліссіз дамыған және басқа бір тарихи бағытқа толқымай тек бір ғана расогенетикалық аспекті бойынша дамыған этномәдени үрдістер бар, бұл – мыңжылдық даму арқылы қазақ халқын қалыптастырған біріңғай морфологиялық құрылым болып саналады.

Сонымен, төрт мың жыл бойы байырғы Қазақ атамекенінде бұл морфологиялық анықтамалардың дәуірлік өзгерістердің негізгі бағыты әр саққа бұрылмай, өзіндік табиғи палеоантропологиялық заңдылықтармен өтуі тек қазақ халқына ғана тән краниологиялық құрылымды өмірге әкелген. Жалпы бүгінгі Қазақ Елінің этногенетикалық өзегі мен мәйегін бес мың жыл бойын туған ата-балалары арқасында сақтап қалған тек бір ғана ұлт, қазақ ұлты, деп ашық айта аламыз (Смағұлов, Смағұлова, 2020; Смағұлов, Смағұлова, 2024). Олай болса Қазақстанды Қара шаңыраққа иелік жасау орынды болар пікірдеміз.

Қазақстан жеріндегі төрт мыңжылдық краниологиялық даму ерекшеліктері анықталғаннан кейін, бүгінгі қазақ халқының морфофизиологиялық құрылымдарының этникалық ішкі бірлестігі мен тұтастығына назар аударғанды жөн көріп отырмыз. Өйткені, байырғы ата-бабалары сияқты бүгінгі қазақтардың да аймақтар мен жүздерге бөлінбейтіні және өзіндік антропологиялық статусы болуға тиіс. Өткен ХХ ғасырда 30 жыл бойы қазақ халқының арасында арнайы жүргізілген кешенді зерттеулерге, яғни соматологиясына, қан жүйелеріне, тіс морфологиясына, саусақ және алақан тері бедерлеріне, бас сүйек морфологиясынан т.б. алынған анықтамалардың нәтижелеріне қарағанда, туған халқымыз морфофизиологиялық тұрғыдан толық ажыратылмайтыны мәлім болып отыр. Сонымен, бүгінгі қазақ халқының морфофизиологиясының ерекшеліктері байырғы ата-бабаларының ерекшеліктерімен толық қабысқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Сонымен қатар, барлық кешенді антропологиялық зерттеулерге қарағанда, қазақ халқының ішкі бірлігі (гомогендігі) сондай, оны аймақтарға және субэтникалық топтарға (жүздерге) бөлудің ешбір мүмкіншілігі жоқ. Бұл туралы да бірнеше дендрограммалар сызылды және олар жария етілген болатын (Исмагулов, Исмагулова, 2021a; Смағұлов, Смағұлова, 2021b; Ismagulov, Ismagulova, 2021c; Ismagulov; Ismagulova, 2021d).

Сөйтіп барлық антропология салалары бойынша қазақтар бірегей гомогендік популяция болып шықты, яғни жүздерге, аймақтарға да бөлінбейді. Мұндай кешенді зерттеулер елімізде тұңғыш рет жүргізіліп отыр. Бұл арада мынадай бір морфологиялық дәйекке сүйеніп айтқанды жөн көріп отырмыз. Ол көне заман Қазақстан тұрғындарының таксономиялық мәні өте жоғары бет сүйектері әрбір мыңжылдықта бар болғаны болар-болмас өзгерістерге ұшыраған, мысалы жоғарғы бет бұрышы ( $\angle 77$ )  $1,6^\circ$ , ал оның төменгі бұрышы ( $\angle zm'$ )  $1,7^\circ$  өзгерген. Бет биіктігі 1,6 мм өскен, ал оның ені 1,7 мм өскен, тағы басқалар. Тәуелсіз үшінші мың жылдықта, халықтың ұлттық сапасы оянған уақытта аталмыш өлшемдер мұндай өзгерістерге айтарлықтай ұшырай қоймас деген пікірдеміз. Олай болса ХХХ ғасырдың аяғында ұрпақтар ХХ ғасырдың аяғындағы қазақтарды өз бабаларымыз деп толық айта алады. Сондықтан Қазақстанды Қара шаңырақ деп атағаны орынды деп санаймыз. Бұл алынған ХХ-ғасырдағы анықтамаларды толық сақталу жолында бүгінгі қазақтардың ұрпақтары үстіміздегі 3-мың жылдықтың аяғында қаншалықты антропологиялық өзгеріске ұшырайтынын анықтауға толық мүмкіндігі бар. Яғни ХХХ ғасырдың соңында





тіршілік еткен ұрпақтар бір мың жылда қазақ жеріндегі тұрғындар қандай антропологиялық өзгерістерге ұшырағандарын нақтылы білетін болады. Мұндай халық туралы этно-тарихи құбылысты ешбір ғылым саласынан көре алмайсыз.

Қазақстан түркі әлемінің Қара шаңырағына иелік жасауда мына бір суретті ұсынғанымыз дұрыс болар. Мұнда қазақтар өз жері мен елінде ата-бабаларының бұдан 50 ғасыр бұрын тұңғыш шаңырағын көкке көтерген, әлі де тік ұстап келеді. Оған куә ретінде 8 ата-бабаларымыздың реконструкциясын келтіріп отырмыз (1 сурет). Барлық реконструкциялар М.М. Герасимовтың танымал әдістері арқылы жасалды. Олардың барлығын іске асырған оның шәкірттері – тарих ғылымының кандидаты Т.С. Балыева, тарих ғылымының докторы Е.В. Веселовская еді. Бұл ғылыми реконструкциялар өткен дәуірдегі адамдардың бейне жүздерін толық айғақтайды.


Ал ортасына Абайдың суретін қойдық. Өйткені ол біріншіден бүгінгі қазақтардың антропологиялық бейнесін айғақтайды, екіншіден қазақтардың ақыл-ойын, еркін елестетеді. Бұл тарихи көріністер ғылыми тұрғыдан толық дәлелін таба алады.

Бүгінгі қазақ халқының антропологиялық бірегейлігі мен тұтастығын оның тіл жүйесінен де көре аламыз. Өйткені қазақ тілінің ортақтығы сондай бұл тілде диалекті жоқ, бары тек говор ғана.

Жалпы қазақ ата-бабаларының тіл жүйесі ж.с.д. I мыңжылдықта түркі тілінде сөйлегендері бұл күнде мамандар арасында күдік тудырмайды. Сонымен қатар 2 суретте түркі әлем тілінің қаншалықты таралым алғаны беріліп отыр (2 сурет). Байырғы Қазақ атамекенінің жергілікті тұрғындарының мұндай антропологиялық бөлінісі бабаларымыз бастапқыда сөйлеген тілінің, яғни көне түркі тілінің, ұзақ заман бойы қызмет етуіне сеп болуы әбден ықтимал.

Ал бүгінгі егемен қазақ халқының мемлекеттік басқару жүйесі соңғы 30 жыл көлемінде 170 мемлекетпен кешенді қарым-қатынас жасау деңгейіне көтерілді. Бұл – халқымыздың тарихында танымалдықтың алғашқы бірегей көрінісі болып саналады. Бұған үлкен дәлел ретінде Қазақстанның Қара шаңыраққа иелік жасаудың алғашқы көрінісі болмақ.

Бұл арада тағы бір айтатын мәселенің бірі бүкіл Еуразияның аймағында 2 миллиардтан артық түркі тайпаларының халқы тұрады. Оларға бәріне ортақ мемлекет құрудың ешқандай мүмкіншіліктері жоқ. Сондықтан оларға жалпы түркілік қауымдастықты құру жолы орынды болар деген пікірдеміз. Егер ондай қауым болса түрік тайпаларының бұл күндегі өмір тіршілігі жеңіл болар деген үміттеміз. Өйткені, империялық үстемдіктерді іске асыру үшін халықтарды бөлшектеу өте тиімді. Ал олардың біріккен үлкен өзара саяси одағы болса оларға империялық үстемдік жүргізу үшін өте қиын болады. Сондықтан бұл күнде ортақ түрік саяси қауымын құру өте орынды деп санаймыз. Және бұған бұл күнде мүмкіншіліктер де бар. Мұндай жағдайда бүкіл түрік әлеміне ортақ тіл мен жазбаларға да көшу жолы орынды болар еді. Бұл айтылған пікірлер келешектегі жұмыс күн тәртібіне орай тиісті орын алар деген үміттеміз.



2-сурет. Жергілікті тұрғындар ортасының лингвистикалық дамуының (жалғамалы тіл) негізгі, шартты кезеңдері және байырғы Қазақ атамекеніндегі негізгі этно-тарихи кезеңдеріне орай (ер адамдардың краниологиялық топтамаларының мәліметтері бойынша) антропологиялық өзгерістері [Fig. 2. Anthropological changes (according to the data of the craniological collections of men) in connection with the main, conditional stages of the linguistic development of the local population environment (flexible language) and the main ethno-historical periods in the native Kazakh homeland]

Жоғарыда келтірілген барлық анықтамаларды, сайып келгенде, бұл күнде түркі халықтарының Орталық Азия аймағындағы Қара шаңырағына иелік жасау, негізінде, қазақ халқының үлесінде деген бірден-бір дұрыс шешім болатынын көрсетеді (Смағұлов, Смағұлова, 2019). Мұндай шешімнің түркі халықтарының келешегі айтарлықтай баянды болуына мол әсері болар деген үміттеміз.

Бұл мақалада Елтаңба туралы да ұсынымызды білдірмекпіз, өйткені Елтаңба халықтың ата тегінің түйіндісі болып саналады. Сондықтан жоғарыда айтылған фактілер толығымен ескерлуі қажет. Кейбір мемлекеттердің Елтаңбаларының көбі ойдан шығарылған суреттер саналады. Мысалы Ресей мемлекетінің Елтаңбасында екі басты жыртқыш бүркіттің, ал Қазақстанның Елтаңбасында екі қанатты жылқының бейнеленуі, этнотекке қатысы жоқ, ойдан шығарылған бейнелер. Сондықтан Қазақтың егеменді елінің Елтаңбасын жасағанда оның этнотегінің тарихын бейнелеу орынды деп санаймыз. Бұл арада қазақтың ата-баблар заманынан бері киелі символы шаңырақ болып саналады.

Бір қызығы мынандай фактілер бар: көне грек архитектурасында үй төбесін шаңырақсыз (күмбезсіз) тік жапқан. Тек рим дәуірінің архитектурасы бойынша шаңырақ (күмбез тәрізді) формасы шығыстың шаңырағына еліктеп жасала бастаған. Бұл туралы қазақ сәулетшісі Р. Нұрмағамбетов алғаш рет айтқан болатын.

Киіз үйдің шаңырағы мен қабырғаларын ағаштан ер адамдар жасайтын болатын. Ал оның сырты мен ішін киізбен жабықтау ісі әйелдердің қолында болған. Сондықтан қазақтың ата-аналары киіз үй құрылысын екеуі де бірдей жүзеге асырған. Жоғарыда айтылғандай алғаш рет шаңырақ көтеру жұмысы екі жынысқа ортақ болған. Бұл жағдай қазақ халқында бүгінгі күнге дейін сақталып келген.

Жоғарыдағы аталмыш жәйларға сәйкес Елтаңбаның суреттеу нұсқасын келтіргенді жөн көріп отырмыз (3 сурет).



Сондықтан Елтаңбада бастысы шаңырақ, ортасында жеті-бұрышты жұлдыз, оң жағында өндіріс зауыты, сол жағында егін шаруашылығын бейнелейтін комбайн, ортасында – 50 ғасыр деген жазу, шаңырақ, таулар мен күн нұры, астында Қазақстан жазуы. Елтаңбада осындай ғылыми көріністерді бергенді өте орынды деп санаймыз. Ұсынып отырған Елтаңба бұл жайды нақтылы елестете алады деген пікірдеміз. Бұл айтылған жәйлар Елтаңбамен тығыз байланысы бары хақ.

Мақаламыздың соңында бүгінгі заман түркі халықтарының оқырман қауымының алдында этномәдени мәртебесі жоғары тарихи жайға байланысты бір ұсынысты айтқанды жөн көріп отырмыз. Ол бүкіл түркі халықтарының ата-бабаларынан сақталып қалған Еуразия масштабында дара түркітілді сақ тайпасының дара қабірінің үстіне 2010 ж. Мәңгілік Ел аркасы салынған болатын. Негізінде, мұндай ескерткіш тек бір ғана Қазақ Елінің Астана қаласында бар. Бұл күнде Мәңгілік Ел аркасының астында жатқан қабірдің ж.с.д. VII-VI ғасырларына, түрік тайпыларына жататынын ескере отырып айтатын болсақ, түркі халықтарының тізе бүгіп, бас иетін киелі ата-бабаларының қабірлерінің бірі ретінде әлемге келешекте танымал болса екен деген үміттеміз. Бүгінгі түркі қауымына жасап отырған бұл ұсыныс оңға басса, түркі әлемінің рухы мен бірлігі әрқашан жоғары болары хақ!



3-сурет. Елтаңбаның жобасы  
[Fig.1. The project of the state Emblem].

**Қорытынды.** Қазақ халқының расогенезі мен этногенезі байланыста бес мың жыл бойы шаңырақ көтергеніне орай Қазақстанды шартты түрде түркі елінің Қара шаңырағы деп атағанымыз шындыққа бір табан жақын болар деген пікірдеміз. Сонымен қатар қазақ Елтаңбысының үлгісін де ұсынғанды жөн көріп отырмыз.

#### Әдебиеттер

Абай Құнанбайұлы, 1977 — *Абай Құнанбайұлы* Бірер сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы // Шағармаларының екітомдық толық жинағы. Екінші том. Аудармалар мен қарасөздер. Алма-Ата: «Ғылым», 1977. 230 б.

Дебец, 1968 — *Дебец Г.Ф.* Опыт краниологического определения доли монголоидного компонента в смешанных группах населения СССР // Проблемы антропологии и исторической этнографии Азии. Москва, 1968. С. 58–71.

Исмагулов и др., 2008 — *Исмагулов О., Сихимбаева К., Исмагулова А.* Этническая дерматоглифика казахского народа. Алматы, 2008. 340 с.

Исмагулов, 1970 — *Исмагулов О.* Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). Алма-Ата, 1970. 232 с.

Исмагулов, 1977 — *Исмагулов О.* Этническая геногеография Казахстана (серологическое исследование). Алма-Ата, 1977. 160 с.



Исмагулов, 1982 — *Исмагулов О.* Этническая антропология Казахстана (соматологическое исследование). Алматы, 1982. 212 с.

Исмагулов, Исмагулова, 2017 — *Исмагулов О., Исмагулова А.* Происхождение казахского народа (по данным физической антропологии). Алматы, 2017. 197 с.

Исмагулов, Исмагулова, 2021a — *Исмагулов О., Исмагулова А.* Очерки по антропологии казахского народа и его предков. Нур-Султан: Международная Тюркская академия, 2021. 128 с.

Исмагулов, Сихымбаева, 1989 — *Исмагулов О., Сихимбаева К.* Этническая одонтология Казахстана. Алматы, 1989. 237 с.

Смағұлов, 2011 — *Смағұлов О.* Қазақ халқының антропологиялық тарихы. Алматы: Алдоңғар, 2011. 283 б.

Смағұлов, Смағұлова, 2019 — *Смағұлов О., Смағұлова А.* Түркі халықтары қара шаңырағының иесі қазақ халқы болары хақ // Материалы IV Форума гуманитарных наук «Ұлы Дала» («Великая Степь»), организованного Международной Тюркской академией 24 июня 2019 г. Нур-Султан. Б. 5-11.

Смағұлов, Смағұлова, 2020 — *Смағұлов О., Смағұлова А.* Қазақ халқы және ата тегі. Астана: Арна, 2020. 472 б.

Смағұлов, Смағұлова, 2021b — *Смағұлов О., Смағұлова А.* Қазақ халқы мен оның ата тегіне орай антропологиялық очерктер. Нур-Султан: Халықаралық Түркі академиясы, 2021. 128 б.

Смағұлов, Смағұлова, 2024 — *Смағұлов О., Смағұлова А.* Қазақ халқы және ата тегі. Кешенді физикалық антропология анықтамаларына негізделген (ж.с. XX ғ. – ж.с.д. XX ғ. дейін). [Kazakh people and ancestry. Based on definitions of comprehensive physical anthropology (20th century BC - 20th century AD)]. Singapore: South Ocean Publishing House, 2024. 371 p. (In Chinese).

Ismagulov, Ismagulova, 2009 — *Ismagulov O., Ismagulova A.* Anthropological characteristics of Kazakh people and sources of its formation // Отан тарихы, 2009. No. 2. С. 4-9.

Ismagulov, Ismagulova, 2021c — *Ismagulov O., Ismagulova A.* Essays on the anthropology of Kazakh people and their ancestors. Nur-Sultan: International Turkic Academy, 2021. 128 p.

İsmagulov, İsmagulova, 2021d — *İsmagulov O.; İsmagulova A.* Kazak Halkinin ve Atalarinin Antropolojisi ile İlgili Yazilar [Essays on the anthropology of Kazakh people and their ancestors] Nur-Sultan: Uluslararası Türk Akademisi, 2021. 128 p. (In Turk.).

#### References

Abay Kunanbayuly, 1977 — *Abay Kunanbayuly.* Birer soz kazaktyn kaydan shykkany turaly. [Some words about the origin of Kazakhs] // Shagarmalarynyn ekitomdyk tolyk jinagy. Ekinshi tom. Audarmalar men karasozder. Alma-Ata: «Gylym», 1977. 230 p. (In Kaz.).

Debets, 1968 — *Debets G.F.* Opyit kraniologicheskogo opredeleniya doli mongoloidnogo komponenta v smeshannyih gruppah naseleniya SSSR. [Experience of craniological determination of the proportion of the Mongoloid component in mixed groups of the population of the USSR] // Problemy antropologii i istoricheskoy etnografii Azii. Moscow, 1968. Pp. 58–71. (In Russ.).

Ismagulov et al, 2008 — *Ismagulov O., Sihimbaeva K., Ismagulova A.* Etnicheskaya dermatoglyfika kazahskogo naroda. [Ethnic dermatoglyphics of the Kazakh people]. Алматы, 2008. 340 p. (In Russ.).

Ismagulov, 1970 — *Ismagulov O.* Naselenie Kazahstana ot epohi bronzы do sovremennosti (paleoantropologicheskoe issledovanie). [Population of Kazakhstan from the Bronze Age to the present (paleoanthropological study)]. Alma – Ata, 1970. 232 p. (In Russ.).

Ismagulov, 1977 — *Ismagulov O.* Etnicheskaya genogeografiya Kazahstana (serologicheskoe issledovanie). [Ethnic genogeography of Kazakhstan (serological study)]. Alma – Ata, 1977. 160 p. (In Russ.).

Ismagulov, 1982 — *Ismagulov O.* Etnicheskaya antropologiya Kazahstana (somatologicheskoe issledovanie). [Ethnic anthropology of Kazakhstan (somatological study)]. Алматы, 1982. 212 p. (In Russ.).

Ismagulov, Ismagulova, 2009 — *Ismagulov O., Ismagulova A.* Anthropological characteristics of Kazakh people and sources of its formation // Отан тарихы, 2009. No. 2. Pp. 4-9.

Ismagulov, Ismagulova, 2017 — *Ismagulov O., Ismagulova A.* Proishojdenie kazahskogo naroda (po dannym fizicheskoy antropologii). [Origin of the Kazakh people (according to data of Physical Anthropology)]. Алматы, 2017. 197 p. (In Russ.).

Ismagulov, Ismagulova, 2021a — *Ismagulov O., Ismagulova A.* Ocherki po antropologii kazahskogo naroda i ego predkov. [Essays on the anthropology of Kazakh people and their ancestors]. Nur-Sultan: Mejdunarodnaya Tyurkskaya akademiya, 2021a. 128 p. (In Russ.).

Ismagulov, Ismagulova, 2021c — *Ismagulov O., Ismagulova A.* Essays on the anthropology of Kazakh people and their ancestors. Nur-Sultan: International Turkic Academy, 2021. 128 p.

İsmagulov, İsmagulova, 2021d – *İsmagulov O.; İsmagulova A.* Kazak Halkinin ve Atalarinin Antropolojisi ile İlgili Yazilar. [Essays on the anthropology of Kazakh people and their ancestors]. Nur-Sultan: Uluslararası Türk Akademisi, 2021. 128 p. (In Turk.).



Ismagulov, Sihimbaeva, 1989 — *Ismagulov O., Sihimbaeva K.* Etnicheskaya odontologiya Kazahstana. [Ethnic odontology of Kazakhstan]. Almaty, 1989. 237 p. (In Russ.).

Smagulov, 2011 — *Smagulov O.* Kazak halkyinyin antropologiyalyik tarihyi. [Anthropological history of the Kazakh people]. Almaty: Aldongar, 2011. 283 p.

Smagulov, Smagulova, 2019 — *Smagulov O., Smagulova A.* Turki halyiktaryi Kara shanyiragyinyin iesi kazak halkyi bolaryi hak. [The owner of the Kara shanyrak of the Turkic peoples is the Kazakh people] // Materialyi IV Foruma gumanitarnyih nauk «Ulyi Dala» («Velikaya Step»), organizovannogo Mejdunarodnoy Tyurkskoy akademiey 24 iyunya 2019 g. Nur-Sultan. Pp. 5-11. (In Kaz.).

Smagulov, Smagulova, 2020 — *Smagulov O., Smagulova A.* Kazak halkyi jәne ata tegi. [Kazakh people and ancestry]. Astana: Arna, 2020. 472 p. (In Kaz.).

Smagulov, Smagulova, 2021b — *Smagulov O., Smagulova A.* Kazak halkyin men onyin ata tegine oray antropologyalyik ocherkter. [Essays on the anthropology of Kazakh people and their ancestors]. Nur-Sultan: Halyikaralyik Turki akademiyasyi, 2021b. 128 p. (In Kaz.).

Smagulov, Smagulova, 2024 — *Smagulov O., Smagulova A.* Kazak halkyi jane ata tegi. Keshendi fizikalyik antropologiya anyiktamalaryina negizdelgen (j.s. XX ғ. – j.s.d. XX ғ. deyin). [Kazakh people and ancestry. Based on definitions of comprehensive Physical Anthropology (20th century BC - 20th century AD)]. Singapore: South Ocean Publishing House, 2024. 371 p. (In Chinese).



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 301-316, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_301-316](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_301-316)

## HISTORICAL LEGENDS ABOUT ABULKHAIR (1693-1748): CEMETERY “KHAN’S GRAVE”, KARAKUM KURULTAI

*Absadyk Almasbek Akhmetulyl, Issenov Utegen Ihsanovich<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly (47, A. Baitursynov Str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Philological Sciences, Ass. Professor  
<https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>. E-mail: [absalmas@mail.ru](mailto:absalmas@mail.ru)

<sup>2</sup>Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly (118, Independence Str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, ass. Professor  
<https://orcid.org/0000-0001-6616-5252>. E-mail: [utegen59@mail.ru](mailto:utegen59@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024  
© Absadyk A.A., Issenov U.I., 2024

**Abstract.** *Introduction.* Due to the deteriorating geopolitical situation in the Kazakh Steppe, Abulkhair sought to turn into a protectorate under the Russian Empire. *Goal and objectives.* The aim of this study is to analyze the artistic images present in the legends that are characteristic of classical folklore and to study the legends about Abulkhair from both a historical and folklore perspective. *Materials and methods.* Legends about Abulkhair were published in various periodicals and have been analyzed in the works of historical scholars. *Results.* Legends occupy a unique position among folklore, as the historical reality of past events and the merits of historical figures fade over time, leaving behind only stable motifs and plotlines preserved in folktales. *Conclusion.* In the legends about Abulkhair Khan, historical events are presented in a general manner, while the behaviors of the people involved are depicted based on the needs and perspectives of their era.

**Keywords:** Abulkhair Khan, political history, Russian Empire, folklore

**Acknowledgements:** The article was prepared as part of the implementation of the program-targeted financing project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for scientific and (or) scientific and technical projects for 2023-2025 (registration number BR 21882223).

**For citation:** Absadyk A.A., Issenov U.I. Historical legends about Abulkhair (1693-1748): cemetery “Khan’s grave”, Karakum kurultai // Otan tarikhы. 2024. Vol. 27. No. 2. Pp. 301-316 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_301-316



## ӘБІЛҚАЙЫР (1693-1748) ТУРАЛЫ ТАРИХИ АҢЫЗДАР: «ХАН СҮЙЕГІ» ҚОРЫМЫ, ҚАРАҚҰМ ҚҰРЫЛТАЙЫ

Әбсадық Алмасбек Ахметұлы<sup>1</sup>, Исенов Өтеген Ихсанұлы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті  
(147-үй, А. Байтұрсынов көш., 110000 Қостанай, Қазақстан Республикасы)  
Филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор  
<https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>. E-mail: [absalmas@mail.ru](mailto:absalmas@mail.ru)

<sup>2</sup>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті  
(118-үй, Тәуелсіздік көш., 110000 Қостанай, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
<https://orcid.org/0000-0001-6616-5252>. E-mail: [utegen59@mail.ru](mailto:utegen59@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Әбсадық А.А., Исенов Ө.И., 2024

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Геосаяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Әбілқайыр хан мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтау үшін Ресей империясының протектораттығына өтуге ниет білдірді. *Мақсаты мен міндеті.* Атақты тұлға туралы аңыздарда классикалық фольклорға тән көркемдік белгілер бар. Сол себепті Әбілқайыр туралы аңыздарды тарих және фольклористика тұрғысынан зерделеу маңызды. *Материалдар мен әдістер.* Әбілқайыр туралы әңгімелер мен аңыздар «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газета» мерзімдік басылымдарда жарияланды. Бұл аңыздар ғалымдардың еңбектерінде талданды. *Нәтижелер.* Фольклорлық шығармалардың қатарында тарихи деректік, ақпараттық, танымдық тұрғыдан аңыздардың орны бөлек. Аңыздарда болған оқиғаның нақты шындығы немесе белгілі бір тарихи тұлғаның атқарған іс-әрекеттері уақыт өте келе көмескіленіп, оның орнын фольклорда кең қолданылатын тұрақты мотивтер мен сюжеттер басады. Әбілқайыр хан туралы тарихи аңыздарда батырлық ертегі мен эпостардың сюжеттерінде кездесетін тұрақты сарындар орныққан. *Қорытынды.* Әбілқайыр туралы аңыздарда тарихи оқиғалардың сұлбасы сақталған. Аңыздағы адамдардың іс-әрекеті кейінгі дәуір мен ұрпақтар танымына сай ерекшелігі бар фольклорлық туынды қалыптасқан.

**Түйін сөздер:** Әбілқайыр хан, саяси тарих, Ресей империясы, тарихи аңыздар, ауыз әдебиеті

**Алғыс:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша бағдарламалық-нысаналы грантын іске асыру аясында дайындалды (№ BR 21882223).

**Дәйексөз үшін:** Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. Әбілқайыр (1693-1748) туралы тарихи аңыздар: «хан сүйегі» қорымы, қарақұм құрылтайы // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 301-316 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_301-316

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДАНИЯ ОБ АБУЛХАИРЕ (1693-1748): КЛАДБИЩЕ «ХАНСКАЯ МОГИЛА», КАРАКУМСКИЙ КУРУЛТАЙ

Абсадық Алмасбек Ахметұлы<sup>1</sup>, Исенов Өтеген Ихсанович<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынулы  
(д. 47, ул. А. Байтурсынова, 110000 Костанай, Республика Казахстан)



Доктор филологических наук, асс. профессор  
<https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>. E-mail: [absalmas@mail.ru](mailto:absalmas@mail.ru)

<sup>2</sup>Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынулы  
(д. 118, ул. Независимости, 110000 Костанай, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор  
<https://orcid.org/0000-0001-6616-5252>. E-mail: [utegen59@mail.ru](mailto:utegen59@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Абсадык А.А., Иссенев О.И., 2024

**Аннотация.** *Введение.* В связи с ухудшением геополитической ситуации вокруг Степи Абулхаир хан выразил желание войти под протекторат Российской империи, чтобы сохранить территориальную целостность государства. *Цель и задачи.* В исторических преданиях имеются художественные образы из фольклора. Авторами актуализируется изучение преданий об Абулхаире с точки зрения истории и фольклористики. *Материалы и методы.* Предания об Абулхаире публиковались в периодических изданиях «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газета». Эти предания были проанализированы в трудах историков. *Результаты.* Предания занимают особое место среди фольклорных произведений с точки зрения исторической науки. Историческая реальность прошлого и заслуги исторической личности со временем ослабевают, но остаются устойчивые мотивы и сюжеты в фольклоре. Исторические предания об Абулхаир-хане имеют устойчивые мотивы из сюжетов героических сказок и эпоса. *Заключение.* В преданиях об Абулхаир хане исторические события сохранились в общих чертах, тогда как действия и поведение людей, участвовавших в тех событиях, были изложены, исходя из «вызовов» эпохи и восприятия представителей конкретного поколения.

**Ключевые слова:** Казахское ханство, Абулхаир хан, политическая история, Российская империя, исторические предания, фольклор

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан научных и (или) научно-технических проектов на 2023-2025 годы (№ BR 21882223).

**Для цитирования:** Абсадык А.А., Иссенев О.И. Исторические предания об Абулхаире (1693-1748): кладбище «Ханская могила», Каракумский курултай // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 301-316. (На Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_301-316

**Кіріспе.** Түркілік кеңестіктің қайнар бұлағынан бастау алатын Қазақ хандығының тарихи дәуірлері ел жадына із қалдырып, сол бір тарихи кезеңдерде орын алған оқиғалар мен өмір сүрген тұлғалар жайындағы жыр-аңыздар фольклорлық шығармаларға арқау болды. Бұл тұрғыда Қазақ хандығының жеке орда болып қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар туралы көптеген фольклорлық туындылар ел арасына кең тарады. Әсіресе, ел басқарған Шыңғыс тұқымдары - төрелер, оларға серік болған ру-тайпа көсемдері - би мен батырлардың сіңірген еңбектері жайындағы шығармалар мольнан кездеседі. Олардың ел-жұртты, қонысты сыртқы жаудан қорғау жолындағы ерлік істері, қажыр-қайраты тарихи жырларда, аңыз әңгімелерде көркемдік кесте үлгісімен өрнектелді.

Халықтың өз аузымен айтылған тарихы деп бағаланатын аңыздарды таза, шынайы тарих деп қарауға және баяндалатын оқиғалар сол алғашқы тараған тұсынан еш өзгеріске ұшырамай, шындық қаз-қалпында қалған деп үзілді-кесілді тануға болмайды, басқаша айтқанда, аңыздық деректердің барлығын ақиқат деп қабылдамау керек.





Аңызға арқау болған қандай да болмасын белгілі бір тарихи факті уақыт өте келе өзгеріп, қалыптасқан тарихи жағдай мен сол тұста өмір сүрген ұрпақтың көзқарасына орай сұрыпталып, өңделеді. Онда жеке тұлғалардың іс-әрекеттерімен қатар халықтың түрлі тарихи даму кезеңдері мен әр тұста орын алған оқиғалардан алған түйіні, шығарған қорытындысы, көрнекті тұлғалардың іс-әрекетіне берілген бағалары да сақталып жетті. Сондай халық мұрасының бір шоғарына Әбілқайыр хан туралы тарихи аңыздарды жатқыза аламыз.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Әбілқайыр туралы халық аңыздары қазақ даласына XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясының мұрат-мүддесі тұрғысынан түрлі сапармен келген Н.П. Рычков (Рычков, 1772), Я.П. Гавердовский сынды әскери қызметкерлердің жазба деректеріне ілінді. Сонымен қатар XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі мерзімдік баспасөз бетінде, атап айтқанда, «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газета» басылымдарында «Әбілқайыр мен Жәнібек батыр достығы» туралы көлемді аңыз жарияланды. Бұл тұрғыда Д. Беркінбаевтың (Беркинбаев, 1895) «Хан моласы» туралы жазған мақаласын атап өтуге болады. Хан мен батырдың достығын бейнелейтін келесі бір аңыз мәтіні «Алдияр» деген атаумен газеттің алғашқы редакторы И.И. Крафтың «Тургайская газета» бетінде басылған қазақ фольклорының үлгілері негізінде құрастырылған «Из киргизской старины» (Крафт, 1900) атты жинағына енеді. Әбілқайыр ханның ата-тегіне қатысты аңыздық шежіре деректері Ресей дипломаты М. Тевкелевтің (ИКРИ, 2005) күнделігіне тіркелген. Әбілқайыр ханның Аңырақай соғысында қолбасшылық жасағаны туралы аңыздар тарихшы М. Тынышпаевтың (Тынышпаев, 1992) тарихи зерттеулеріне арқау болды. XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығының зардабы туралы сипаттамалар Ш. Уәлихановтың (Валиханов, 1985) жазбаларында орын алған.

Зерттеуге фольклортану, тарих ғылымдарындағы жалпытеориялық методологиялық әдістер пайдаланып, дәйектер мен іргелі зерттеулерге сипаттама жасау, дерек көздерін талдау, фольклорлық материалдарды тарихи-салыстырмалы әдіспен зерделеу тәсілдері қолданылады.

**Талқылау.** Патша шенеуігі А. Левшин, Әбілқайыр хан туралы: «Әбілқайыр Кіші жүз ханы болғанымен, Орта жүздің кейбір руларына билігін жүргізді. Елінің жағдайын ойлай отырып, билігіне өктем болуына назар аударды. Жауларын жеңіп өз билігін нығайта түсу үшін бар мүкіндігін толық пайдаланды, деген пікір қалдырды (Левшин, 1996:161). XVIII ғасырдағы Қазақ хандары туралы Х. Досмұхамедұлы: «Ұлы хан болғысы келген хандар көбейді, Әбілқайыр, Қайып, Сәмеке ұлы хан болып қатар шықты. Бұлардың қайысысы да елді тегіс соңына ерте алмады. Әбілқайырға елді қорқытып, алып хан болудан басқа жол қалмады. Елді қорқыту үшін Әбілқайыр орыс патшасына бағынбақшы болды, деп ханның Ресей протектораты болуға шешім қабылдауындағы ұстанымын келтіреді. (Досмұхамедұлы, 1991). Қазақ хандығының XVI-XVIII ғасырлардағы геосаяси тарихы Еуропа, Америка елдерінің саяхатшылары Б. Шуплер, Ю. Скайлер Д. Кестель, Д. Элтон, Р. Хоут, М. Майялардың зерттеулері мен жол жазбаларына түсті. Неміс шығыстанушысы Б. Шуплер айтқандай, отарлық билік «орыстың терезесі арқылы» қарауға үйретті (Есмағамбетов, 1993:3). Ю. Скайлер, қарсыластары қатты қысымға алған қысылтаяң кезде Әбілқайыр өзіне ең берілген адамдарымен Ресейге бағынуға ниет білдірген. Бұл 1930 жыл болатын. Алайда бұл ұсынысты қазақтардың басым көпшілігі қабылдамады. Бірақ арада біраз уақыт өткен соң қазақтар оны өзінің ханы деп таныған. Сөйтіп келісім 1734 жылы (1731. - автор) келісім жасалып, ол бойынша Әбілқайыр орыс шекарасын мазаламауға және сауда керуендерін қорғауға міндеттеме алған. Орыстар өз кезегінде Әбілқайыр ханның хандық қасиетін тануға уәде бергенін жазды (Есмағамбетов, 1993: 18). И. Ерофеева, атақты хан туралы халық аңыздарының тарихи құндылығына талдау жүргізді



(Ерофеева, 2002). Қазақ хандарының тарихын зерттеген Т. Сұлтанов XVI-XVIII ғасырлардың тарихи құжаттары мен материалдарына жүргізген зерттеулері бойынша 1465-1786 жылдар аралығында Қазақ хандығын 47-ден астам хандар билегенін, оның 18-і үлкен хандар да қалғандары кіші хандар мен келте хандар болғанын жеткізді (Сұлтанов, 2001:145-146). Ж. Жақсығалиев зерттеуінде, Әбілқайыр хан тұсындағы Батыс Қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелерін, баһадүр Әбілқайыр ханның қоғамдық-саяси қызметтерін қарастырды (Жақсығалиев, 2003). С. Мәшімбаев, Әбілқайыр хан өз заманында елдің бірлігі үшін күресті, бірақ өз жауларымен күресуге күші жетпейтінін түсінді. Қазақтардың түбіне жететін олардың бытыраңқылығы, ру араздығы, төрелер арасындағы өзара кикілжің деп түсінді. Әбілқайырдың төңірегінде батыр атағымен мемлекеттік істерді бірге шешетін, батырлар болды. Олар: Табын Бөкенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет сияқты саяси ықпалы бар адамдармен пікірлес болғандығын айтты (Мәшімбаев, 2007:186). И. Ерофеева, 1710 жылы Аралдың солтүстік-шығысында тұңғыш рет хан болып Жәнібектің сегізінші баласы Өсек сұлтанның ұлы Әбілқайыр (1710-1748) сайланды да, XVIII ғ. ортасына дейін Кіші жүздің ру тайпаларының негізгі бөлігін биледі. Ол 1748 жылы өлгеннен кейін оның ұрпақтары ондаған жылдар бойы Қазақ хандығының батыс бөлігіне билігін жүргізіп, оны Жәдік сұлтан ұрпақтарымен бөлісіп отырды, деп Әбілқайыр ұрпақтарының хан тағына отырып, ел билеген ұрпақтар сабақтастығының Ресей патша үкіметі тұсында да жалғасуының саяси себептерін саралады (Ерофеева, 2007:136-147). Ә. Мұқтар мен Е. Сыдықовтың монографиясында Әбілқайыр ханның ел тұтастығы үшін күресінің тарихы сараланады. Авторлар Әбілқайыр хан Ресейдің «құлақ кесті құлы болған» емес. Бұл жылдары Ресейдің заңдары мен жарлықтарының күші жоқ-ты, қазақ үшін еш ықпалы болмады. Мұның барлығы «бодандықтың» бір жақты болғанын растайды деген қорытынды түйген (Мұқтар, Сыдықов, 2015:215). Б. Кәрібаев зерттеуінде, Әбілқайыр ханның орыс-қазақ қатынасындағы саяси қызметінің тарихы деректер негізінде талданады (Кәрібаев, 2014). Қазақ хандығының тарихына қатысты қазақ хандарының шежіресі мен дәстүрлі хандық институтының дамуының тарихына зерттеулер жүргізген тарихшылар Ұ. Ахметова (Ахметова, 2005), З. Кабульдинов (Қабылдинов, 2006), А. Ахмет, (Ахмет, 2007) т.б. авторлар зерттеулерінде Әбілқайырдың саяси-қоғамдық қызметін зерделеуге қатысты деректер бар. Ал фольклорды тарихи дерек көзі ретінде пайдалану мәселесі ТМД халықтарының зерттеулерінде ертеден көтеріліп келе жатқан мәселе (Беляевский, 2002).

**Зерттеу нәтижелері.** Қазақ хандығының XVIII ғасырдың I жартысындағы саяси тарихында көрнекті роль атқарған Әбілқайыр хан туралы тарихи аңыздар сол ғасырдың екінші жартысынан бастап жазбаға түсе бастады. Атақты ханның халық арасында қандай құрметке ие болғанынан хабар беретін жазба 1771 жылы Еділден Жоңғарияға қашқан торғауыт қалмақтарын қуған әскери қосынға қатысқан орыс офицері Н.П. Рычковтың жазба күнделігіне тіркелді. Онда ол Өлкейлік өзенінің маңында қазақтардың «қазақтардың айтулы қорымы» (славное кладбище киргизов) бар екенін, онда Әбілқайыр хан жерленгенін жазады.

Н. Рычков өз көзімен көрген хан бейітінің құрылысын сипатайды, қабірдің жанындағы белгілерге назар аударады. Марқұмның мүрдесі жерленген қабірдің жанына жауынгерлік қару-жарақтардың қойылғанын, хан қабірінің аяқ жағына өзінен-өзі ағаш өсіп шығып (Тарихи деректерде ханның бейітіне оның ұлдары тал өсірмек болған әркетер тіркелген – авт.), оның қалың бұтағы бейіттің шығыс бөлігін басып тұрғанын, бұл көріністі халық тегін нәрсе емес деп бағалап, марқұмды әулие тұтатынын және ағаштың бұтақтарына өз киімдерінен жыртас шүберек, қайғы кешкендігін білдіретін



талшық шаш байлайтынын, бейіт қарсы бетіне құрбандық шалатын 12 аршын төртбұрышты қоршау салынғанын тәпшітеп суреттейді (Рычков, 1772: 43-45).

Әбілқайыр дүниеден өткен соң көп ұзамай-ақ, тіпті жыл өткен соң, халық оны әулие деп құрметтеп, оның бейітін қадірлей бастайды. Мұндай ақпарат Орынбор губернаторы И. Неплюев Сыртқы істер коллегиясына жазған хабарламасында орын алған (Ерофеева, 2002: 309). Ал Н. Рычковтың жазбасынан хан бейітінің толық сакральды сипаты алғаны нақты сипатталған. Оның сакральды сипат алуына негіз болған көріністің бірі (марқұмның жауынгерлік т.б. қадыр-қасиетінен басқа) – жапан далада жалғыз ағаштың жайқалып өсуі. Сусыз, құрғақ далалық өңірде табиғаттың мұндай көрінісі сирек кездеседі (тарихшылардың жазуынша, Әбілқайырдың бейітіне оның ұрпақтары тал отырғызып, оны күтіп-баптауға қарекет еткен). Сирек құбылыс халықтың Әбілқайыр ханның өмірі мен қызметіне қатысты деректерге деген қызығушылықты, ынтаны арттырып, түрлі аңыз әңгімелердің өрбуіне септігін тигізеді. Соның бірі – жасөспірім Әбілқайыр мен қарт Жәнібек батырдың жапан түздегі жалғыз ағаштың түбіндегі кездесуден басталған достығы туралы аңыз. Аңыз ХХ ғасырдың басында жазбаға түскен. Сол себепті аңыздың нақты тарихи, ақпараттық сипаты солғын тартып, оның орнын батырлық ертегілік, эпостық сарын басқан. Бұл көріністің сыр-сипаты мақаланың төменгі бөлігінде арнайы талданады.

Әбілқайыр хан туралы толымды тарихи аңыздардың жазбаға ілінген уақыт мөлшерімен қарағанда көне нұсқасы әрі деректік құндылығы жағынан маңыздысы – «Қарақұм құрылтайы» туралы аңыз. Оны 1803-1804 жылдары Қазақ даласы арқылы Бұқар хандығына сауда-саттық мәселесімен экспедицияға барған орыс офицері Я.П. Гавердовский Кіш жүз қазақтарынан жазып алады.

Экспедиция қорытындысы бойынша «Қырғыз-қайсақ даласын шолу», «1803 және 1804 жылдары қырғыз-қайсақ даласында жүргізілген күнделік жазбалары» атты еңбек қалдырған әскери шенеунік өз жазбасында қазақ ру-тайпа көсемдері сыртқы жауларға тойтарыс беру үшін күш біріктіру мақсатында Арал теңізі маңындағы «Қарақұм» құрылтайына жиналғандығы және онда ел тағдырына қатысты саяси шешімдер қабылданғанын баян етеді: «...1710 жылы Қарақұмды жайлайтын бірнеше тайпалардың рубасы көсемдері бір-бірін қасық қаны қалғанша қорғауға күш салу үшін кеңеске жиналады. Жанын аяйтын жандар осы кеңестің үстінде де үрейге бой алдыртып, бірі қауіпсіздікті қонтайшының мейірімінен іздеуді қолайлы көрсе, енді бірі қонысты тастай қашып, Еділден әрі өтіп кетуді ұсынды. Ал енді бәз біреулері болса, қорқақ қояндай тым-тырақай қашып, даланың әр тарабына бытырап кетуді қалады. Сол кезде ержүректігімен даңқы шыққан Бөкенбай батыр олардың үрейін басты. Қырғыздардың (қазақтардың-авт.) айтуынша, Бөкенбай қызылкенірдек айтыстың үстінде орнына тұрып кеудедегі жейдесін қақ айырып, қолындағы семсерін шеңбер күйінде отырған кеңеске қарай жоғары көтеріп, ашу-ызаға булыққан дауыспен: «Жаудан кек қайтарайық! Қан майданда қарумен қаза табайық! Тоналған жұрттың, тұтқынға түскен бала-шағаның қайғы-қасіретін тартқан қорқау жан болғанша, ерге лайық іс атқарайық! Дешті-Қыпшақтың жауынгерлері жаудан қай кезде тайсалып қашып еді?! Мен жаудың қанына қос қолымды малығанда, мынау сақал-шашым әлі ағармаған еді. Енді оған ақ түскенде, мен осы зұлым жауыздыққа қалай бей-жай қараймын? Белдеуде - тұлпар, қорамсақта - үшкір жебеміз бар, неден қорқамыз!». Батырдың жалынды сөзінен кейін барлығы Бөкенбайдың айтқанын қолдап, салтанатты түрде ант берді. Оның қуатты сөздерінің әсерінен қазақтың кейбір ел ағалары антты бекіте түспек үшін денелерін жаралап, ортада жанып жатқан отқа қандарын тамызды. Ант біткен соң намаз оқылды да, құрбандыққа ақбоз ат шалынды. Осы рәсімдер арқылы олар біріккен одақтың беріктігін паш еткісі келді. Жиын қорытындысына разы болған халық, орда өкілдері үлкен хан әулетінің тұқымы ретінде Әбілқайырды



қолбасшы хан, Бөкенбайды әскердің сардары етіп сайлайды. Бұл одаққа Қаракесектер жайлайтын жерде өткендіктен «Қаракесектік одақ» деп аталған құрылтайға Кіші жүздің Әлім атасының көп бөлігі, Байұлы мен Жетірудың бір бөлігі, Орта жүзден найман мен қыпшақ рулары қатысты. Құрылтайда жауға қарсы күресуге ант беріп, келісіп алған қазақтар қалмақтарға шабуыл жасап, аз уақыт ішінде оларды Жем, Жайық бойынан қуып, Қаракұм мен Сарысудан әрі асырып тастады. Әрине, олар қалмақты түбегейлі жеңіп шығатын еді, бірақ башқұрттар мен қарақалпақтардың қазақтарға жасаған шабуылдары кедергі келтірді. Башқұрттар Жайықтың жоғары ағысындағы қоныстарға жиі шабуылдап, қарақалпақтар Сыр бойындағы жайылымдарды басып алды» (ИКРИ-1, 2007: 393-394).

Я. Гавердовскийдің сапарнама күнделігіне тіркеген аңыздың тарихи деректік сипаты аса құнды әрі маңызды. Мұны былайша санамалап талдауға болады:

Біріншіден, аңыз XVIII ғасырдың басындағы хандықтың саяси жағдайынан, қазақ ру-тайпа басшыларының түрлі ұстанымынан, батырлардың беделін, майдан бағытын, жаудан тазартылған территориялар туралы жалпы деректер береді. Ол деректер тарихи жазбалардың ақпартынан алшақ кетпейді. Тарихшы ғалымдардың жазуы бойынша, XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығында Қазақ хандығының тарихында аса күрделі жағдай қалыптасады. Жоңғар хандығының жігерлі, қайратты билеушісі Севан Рабдан тұсында (1697-1727) жоңғарлар Шығыс Түркістан, Жетісу өңірлерін жаулап алады. Ал Цэван Рабдан билікке келген Қалдан Серен тұсында Жоңғар хандығы әбден күшейіп, кемеліне келіп, «Батыр қонтайшыдан (1635-1654 жж-авт.) арман болып келе жатқан түркі-моңғол империясын құру ісіне» (Конрад, 1974: 182) бір табан жақындайды. «Годы правления Цэван-Рабдана и особенно его преемника – Галдан-Церена были временем наибольшего могущества Джунгарского ханства, наиболее активной его роли в международной жизни Восточной и Центральной Азии» (Златкин, 1964, 319), - деп жазады хандықтың тарихын арнайы зерттеген ғалым И. Златкин.

1710-1711 жылдары Жоңғар хандығы қазақ даласының шығысы мен оңтүстік өңірлеріне жорықтар жасайды. Батыс өлкеде Еділ қалмақтары, орыс казактары, башқұрттардың шабуылдары күшейеді. Халықтың жүрегіне үрей ұялап, ой-санасын үмітсіздік пен сарыуайым шырмап алады. «Первое десятилетие XVIII века было ужасным временем в жизни киргизского народа. Джунгары, волжские калмыки, яицкие казаки и башкиры с разных сторон громили их улусы, отгоняли скот и уводили в плен киргизов целыми семьями» (Валиханов, 1985: 111), - деп жазады Ш. Уәлиханов.

Қазақ хандығының тағдырына тарихи сын жағдай туындаған сол бір кезеңде ел билеуші хан-сұлтандар далалық өлкені жайлаған қазақ ру-тайпаларының өкілдерінен құрылтай шақырып, сыртқы жауға қарсы күресті ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бұл орайда, қазақ жұртына аса белгілі жиын – XVII ғасырдың соңғы ширегінде Ташкент маңында өткен Күлтөбе құрылтайы.

«Күлтөбе» құрылтайында Қазақ ордасынан – Ұлы жүзден Төле, Орта жүзден Қазыбек, Кіші жүзден Әйтеке би, көршілес елдерден – қырғыздан Қоқым би, қарақалпақтан Сасық би және Ташкент маңындағы Қатаған мен Жайма (Тынышпаев, 1992: 89) руларының өкілдері – барлығы жеті би қатысып, «Жеті жарғы» бітім-жоралғысын қабылдайды және Жоңғар хандығына қарсы туыстас қырғыз, қарақалпақтармен тізе қосып күресуге бел буған әскери-саяси одақ құрады.

Жоңғарларға қарсы туыстас түркі халықтарының саяси одағын құрған Тәуке хан XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығындағы билігін жалғастырады. Бірақ қарт Тәуке орталық билік тізгінін әлсіретіп алады. Қазақ ордасы бірнеше шағын хандықтарға бөлініп кетеді (Ерофеева, 2002: 105). Шағын хандықтар өздері билеген жекелеген қала немесе ру-тайпалар мүддесіне сай саясат жүргізіп, «Жеті жарғыда» нығыздалған



тұтастық ыдырай бастайды. Қазақ хандығының үш ордасына жеке-жеке хан сайлау көрінісі орын алып, қазақ ру-тайпалар одағының бірлігіне сызат түсіп, ел-жұрт сыртқы жаулардың талауына түседі.

Екіншіден, аңызда қазақ жұрты «Дешті-Қыпшақ жауынгерлері» («воины равнин кипчакских») деп аталады. Демек, халықтың жадында Жошы ұлысынан бері келе жатқан тарихи атау бертінге дейін, яғни XIX ғасырдың басына дейін сақталып жеткендігін байқауға болады.

Үшіншіден, аңыз мазмұны Барақұлы Жәнібектің Өсек (Үсек) әулетінен тарайтын Әбілқайыр сұлтанның Әлім, Байұлы және Жеті ру, Найман, Қыпшақ руларының көсемдері ру-тайпа көсемдері мен белгілі батырларының қатысуымен ресми хан сайланған мерзімін белгілеуге мүмкіндік береді. Ол мерзім – 1710 жыл, қабылданған ресми жиын – Қарақұм құрылтайы.

Хан сайлау рәсімі Шыңғыс заманынан бері келе жатқан рубасы көсемдерінің құрылтайға жиналып, жұртшылық көңілінен шыққан Шыңғыс тұқымын хан етіп сайлау дәстүріне сай өтеді. Әрине, қазақ жұртында кез-келген Шыңғыс тұқымы хан тағына үміткер ретінде танылатын, бірақ таққа отыру үшін ол жұрт көңілінен шыққан қадыр-қасиетке ие болуы тиіс еді. «Егер ақсүйек хан тұқымы, – деп жазады А. Левшин, – ақылымен, байлығымен және тағы басқа қадір-қасиетімен маңайына тілеулестерін жинай алмаған болса, ешқашан халық жиынында басым дауыс ала алмайды» (Левшин, 1996: 366).

Қазақ жұрты жаулық ойлаған көрші елдердің тарапынан талуға ұшырап жатқан ауыр кезеңде Әбілқайыр «қалың жұртшылық көңілінен шыққан» қадыр-қасиетке ие болғаны сөзсіз. Хан бойындағы ол қасиет – батырлық, жаугершілік қадір-қабілет еді. 1736 жылы ханның ордасында болған Орынбор экспедициясының мүшесі, тегі ағылшындық неміс суретшісі Джон Кэстль Әбілқайырды өте қайратты кісі және қазақ арасында одан мықты жебе тартатын кісі жоқ деп бағалайды (Кэстль, 1998: 109). Әбілқайырдың хандық мөріне «Абулхайр-Мухаммед-Гази-бахадур-хан» (Ерофеева, 2002: 90) деген батырлық атақтың таңбалануы және «Қарақұм» құрылтайында даңқты батыр Табын Бөкенбайдың қолдауы болғанын ескерсек, жас сұлтанның ерлік істермен даңқы шыққанын, маңына жаужүрек батырларды жинай алғанынын білдіреді. Батырлық атаққа Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай хан сынды билеушілер де ие болған. Бұл – жаугершілік заманның хан тағына ұмтылған Шыңғыс тұқымдарынан талап еткен сұраныстарының бірі еді.

Жоғарыда аталған Дж. Кэстль ханның есімін туғаннан азан шақырып қойылған, болмаса кейін берілген атақ есім бе екенін нақты білмейтінін жазады. Автордың сөзімен айтсақ: «Его имя Абул Гейер можно рассматривать и как звание, потому что «Абул» значит «хороший», а «Гейер» - «отец». Я не могу с уверенностью сказать, носит ли он это имя и одновременно звание с рождения как имя собственное, или оно ему было присвоено позже (Кэстль, 1998: 109). Бұл жерде суретшінің қозғап отырғаны түркі халықтарында атақты кісілерге лауазымдық немесе батырлық атақ беру, яғни лақап есім таңу ғұрпы екендігі сөзсіз. Қаһарманға атқарған іс-әрекетіне қарай лақап есім беру – түркілік фольклорлық шығармаларда жиі кездесетін көрініс. Әбілқайырдан кейін үлкен таққа ие болған, есімі жыр-аңыздарға кең арқау болған Абылай ханның лақап есім алу көрінісі қазақ фольклорында айрықша суреттелгені соншалық, бүгінгі таңға дейін зерттеушілер тарапынан оның шын есімі «Әбілмансұр» деп шатасып жүрген пайымдар бар (Absadyk, 2020: 181)

Төртіншіден, жауға қарсы қазақ қолының бас сардары болған Бөкенбай батыр – Кіші жүздің Табын руынан шыққан Бөкенбай Қарабатырұлы. Көп жылдарға дейін зерттеушілер оны Қанжығалы Бөгенбай батырмен шатастырып келді. Ол Табын руының тарақты атасынан, оның ішінде Жиенбет аталығынан тарайды



(ҚР ОММ. 4-қ., 1 – тізбе, 4901- іс, 13-п.). Тарақ таңбалы Бөкенбайдың Әбілқайыр ханның жанынан табылуы кездейсоқтық емес. Қазақтың шежірелік аңыздарында тарақ таңбалы тайпалар Шыңғыстан тарайтын хан-сұлтандардың тірегі ретінде танылған. Ол – Шыңғыс тұқымдарының қазақ ру-тайпаларын басқарудағы жүйесінің көрінісі.

Қазақтың ру-тайпалық одағы болып белгіленген Үш жүзде тарақ таңбалы тайпалардың әкімшілік билікке қатысын бейнелейтін: «Ұлы жүзде Үйсін – аға баласы, Жалайыр – ноқтағасы, Орта жүзде Арғын – аға баласы, тарақты – ноқтағасы, Кіші жүзде Әлім аға баласы, Табын (кейде Тама) - ноқтағасы» деген сөз бар. Мұнда «ноқтағасы» болып отырған тайпалар тарақ таңбалы болып келеді. «Ноқтаға» дегенді бүгінгі сөзбен айтсақ, ханның билігі орындалуын қамтамасыз ететін өкілі- әкімшілік тұлға.

Жалпы, тарақ таңбасы – төре тұқымдарына да ортақ. Бірақ олардың айырмасы бар: төре таңбасындағы айыр белгілер көкке бағытталса, тарақ таңбалары рулардың айыршалары төменге бағытталған. Бірі – билеуші дегенді, екіншісі – бағынышты қара сүйек дегенді рәміздеген мазмұн бар.

Табын Бөкенбай батыр – өмірінің соңына дейін Әбілқайыр ханның ең сенімді серігі болған тұлға. 1731 жылы Әбілқайыр қазақты билеген хан-сұлтандардың, беделді рубасы көсемдерінің келісімінсіз Ресей протектораты болуға шешім қабылдағанда, Бөкенбай батыр ханның шешімін сөзсіз қолдайды және оған өзінің немере ағасы Құдайназарды, күйеу баласы Тама Есетті тартады (ИКРИ-2, 2005: 59).

Бесіншіден, «Қарақұм» құрылтайынан кейінгі қазақ қосындары Әбілқайырдың қолбасшылығымен Қаракеңгір өзені, Ұлытау маңында елеулі жеңіске жетеді. Ол жеңіс жорықтар халық жадында «Қалмақ қырған» соғысы деп сақталды. Қазақ қосындары Ырғыз бойынан башқұрттарды, Ембі бойынан қалмақтарды батысқа қарай ығыстырады. Аталған жеңісті жорықтарының арқасында Әбілқайыр шығыстағы Жоңғар хандығы мен батыстағы Еділ (торғауыт) қалмақтарының Сарыарқа арқылы емін-еркін араласуына, олардың қазаққа қарсы күш-қуат біріктіруіне тосқауыл қояды. Сонымен қатар, Қазақстанның батыс өңіріндегі бордай тозған Ноғай Ордасының қонысын торуылдап жүрген торғауыт қалмақтарына, Еділ-Жайықты жағалап келген орыс-казактарына, Орал тауынан екпіндей түскен башқұрт-естектерге тойтарыс береді.

Қазақ даласының батыс және орталық бөліктеріндегі қан майдандардағы жеңістер Әбілқайырдың батырлық, билеушілік атақ-даңқын арттырады. Қазақ хандығының саяси элитасында ол қартайған Тәуке ханның орнына үлкен хандыққа келетін бірден-бір үміткер болды. Себебі оның «қан майданда төккен қызыл қаны мен қара тері», яғни батырлығы мен батылдығы, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен хан тағына жол ашып тұр еді. 1715 жылы Әз-Тәуке қайтыс болады. Бірақ Қазақ хандығына бірнеше ғасыр бойы билік монополиясын орнатқан Жәдік әулеті мен оларға ықпалдас рубасы көсемдері үлкен хандыққа, алдымен Тәуке ханның немере ағасы Қайып ханды, кейін Тәукенің баласы Болатты сайлайды. Осылайша, биліктің «ескі көңіне» тамыры түспеген Өсек әулетінің ұрпағы Әбілқайыр үлкен тақтан шеттетіледі.

1723 жылы Жоңғар мемлекеті қазақ жеріне тұтқиылдан шабуылдап, Ұлы Даланың сауда-саттық жұлыны болған оңтүстік-шығыс өлкелеріне ауыр соққылар жасайды. Қазақ халқы ел жадында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атаумен қалған үлкен босқынды, трагедиялы оқиғаны бастан кешті. Қазақ хандығының орталық билігін бірнеше ғасыр бойы билеп келген Жәдік әулетінің беделі шайқалады. Аталмыш өңір мен сауда қалаларына Жоңғар үстемдігі, өктемдігі орнайды. 1726 жылы оңтүстік өңірді азат ету мақсатында ұйымдастырылған «Ордабасы» құрылтайында Әбілқайыр хан екінші мәрте қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып сайланады. Оның қолбасшылығымен қазақ қосындары атақты «Аңырақай» майданында жеңіске



жетіп, жоңғарларға қарсы күйрете соққы береді, жауды Іле өзенінен асырып тастайды. Осы кезеңде үлкен хан Тәукеұлы Болат қайтыс болады.

Қан майданда әбден шындалған, ысылған, маңына атақты батырларды топтастыра білген, қазақ әскерінің бас қолбасшысы дәрежесіне таза ерлік, батырлық, жаужүректік істерімен қол жеткізген баһадүр Әбілқайырға бұл жолы да Қазақ Ордасының үлкен тақ билігі, дала дәстүрі бойынша, кең ашылған еді. Өкінішке қарай, Әбілқайырдың жанын шүберекке түйіп жүріп, қанын төгіп қазақ жерін қорғаған жаугершілік істері мен оның жанындағы жауынгер қарашаның (би, батырлардың) қолдауы оның үлкен таққа ие болуына кепіл бола алмайды. Үлкен тақ билігі мұрагерлік құқығы шеңберіне шырмалып, Жәдік сұлтан ұрпақтарының еншісінде қалады. Осылайша, оттай жанған Әбілқайырға хан тағына сайлау ісінде далалық әскери демократияның қозғаушы көзі болған жаугершілік, батырлық істердің бағасы «көмекке келмей», үлкен тақ билігі үшін күресте ол әулеттік бедел мен ымырашыл ықпалдастықтан жеңіледі. Басқаша айтқанда, оны өзінің Шыңғыс тұқымынан тарайтын ақсүйек қандастары үлкен тақтан шеттетеді.

Батыр мінезді мәрт Әбілқайыр морт кетіп, шығыстағы майданды тастап, өзіне қараған сенімді қосындары мен батырларын ертіп, Қазақ даласының батыс өлкесіне – баяғы Жошы ұлысының орталық өңірі болған Жем-Сағыз, Еділ-Жайыққа қарай жорыққа шығады. Аталмыш өңірге Ресей патшалығының қолдауымен орнығып алған торғауыттар, орыс-казактары, башқұрттармен арпалысады. Ежелдегі Жошы, бергідегі аулы аралас, қойы қоралас болған Ноғайлы қонысын Қазақ Ордасына толық қарату үшін күреседі. Жошы хан ұрпақтары бақилық мекені ретінде байыз тапқан Сарайшық сынды киелі қаласы бар Жайық өзенінен қалмақтарды асыра қуып, Қазақ хандығының батыстағы байырғы шекарасын кеңейтеді.

1731 жылы Әбілқайыр хан қазақ даласының батыс бөлігіне Ресей қамқорлығына арқа сүйеп, қазақ қоныстарына маза бермей жүрген іргелес жұрттың мысын басу үшін маңызды саяси шешім қабылдап, Ресей патшайымына протекторат болуға өтініш жасайды. Ор өзені бойымен белгіленетін шекаралас өңірдегі әскери бекіністерден сауда-саттық үшін жәрменкелер ашып, оңтүстіктегі сауда-саттық айналымы нөпірінің солтүстікке қарай ауысуына себеп болды. Осылайша Әбілқайыр маңайы толық қолдай қоймайтын қауіпті, бірақ ел болашағы үшін маңызды саяси шешімді қазақ ру-тайпаларына билігін жүргізген өзімен аталас Шыңғыс хан тұқымдарының келісімін алмай, Табын Бөкенбай батыр сынды бірін-саран қараша қауымның қолдауымен қабылдайды.

Қазақ Ордасындағы хандық биліктің тұрақтылығы мен баяндылығын қамтамасыз ету мақсатында Әбілқайыр хан әскери әлеуеті асып-тасыған көрші Ресейдің қолдауы арқылы ел билігін бір тізгінге – өзінің әулетіне бағындыру саясатын жүзеге асырмақ болады. Оның бұл саясатының астары Ресей патшалығының үкімет өкілдерімен жүргізілген келіссөзде көрініс табады. 1742 жылы 23 тамызда Орынбор генерал-губернаторы И. Неплюев Ресей патшасының атынан Ор бекінісінде қазақ хан-сұлтандары және беделді батырларымен келіссөздер жүргізеді. Келіссөз барысында Әбілқайыр хан И. Неплюевке мынадай ноғай тәмсілін мысал етеді: «Которая-де змея имеет одну голову, а хотя многие хвосты, то-де за головою все хвосты в нору легко проходят, а буде многое число голов, а хвост хотя и один, то-де в том затруднение» (КРО, 1961: 250).

Шығыс дипломатиясына тән астарлы сөзді - тұспалды тәмсілді тілге тиек ете келе, хан өзінің түпкі ойын да жеткізеді. Ол өз ойын былайша түйіндейді: «По которому примеру надеется он, хан, что за ним все будет последовать и противности уклоняться им будет невозможно» (КРО, 1961: 250).



Әбілқайыр ханның Орынбор генерал-губернаторына мысал ретінде баяндаған «ноғай мақалы»<sup>1</sup> – Шыңғыс заманын келе жатқан көне мифтік мазмұнынан туындаған тәмсіл. Бұл мифтік аңыз Шыңғыс ханның ғұмырбаяны мен жорықтарын баяндауға құрылған «Моңғолдың көне құпиясы» кітапта баяндалған. Онда былай делінеді: «Боғда Шыңғыс қаған Менкетү шешенге сөйле деп әмір береді. Сонда Менкетү шешен былай дейді: Ертеде мың басты, жалғыз құйрықты жылан болыпты. Көп бастары жан-жаққа тартып, өзара тартысып жүргенде арбаның доңғалағына басылып өліпті. Және де мың құйрықты, жалғыз басты жылан болыпты. Мың құйрығы жалғыз бастың соңына еріп, інге тығылып, арбаға басылмай аман қалыпты. Осындай мың құйрықты мықты болу үшін күш қосып, қайрат жиындар», - деді» (Алтын шежіре, 1998: 120).

Көне заманнан жеткен осы аңыздық тәмсілдің Әбілқайыр хан аузынан айтылуы Қазақ хандығының қайнар бұлағы Шыңғыс хан құрған алып империяға тірелетінін байқатады.

Мәрт мінезді Әбілқайыр хан қазақ жеріне қала мен бекіністер сала отырып мысық табандап енген, қазақтың ежелгі жауы жоңғар қалмақтарына алдаусыратып «көз алартқан» Ресей империясының саяси технологиясы мен интригасының құрбаны болады. Алтын Орда ыдырығаннан кейін қатты күшейіп, алып империяның қонысында қалған қалған кішігірім хандықтарды ыдыратуда және оларды өздеріне бағындыруда көп тәжірибе жинаған Ресей Әбілқайыр мен Жоңғар билеушілерінің өзара ымыраға келуіне ынта білдірмей, қызуқанды Әбілқайырға бақталас хан-сұлтандарды қарсы қойып, оның билігін шектеуге, абыройын түсіруге ұмтылды. Ақыры, баһадүр хан тақ үстінде емес, қас батырларға тән майданда төтеден келетін ажал оғынан қаза табады. Бірақ бұл майдан өштескен жаумен болған соғыс емес, өзінің ақсүйек қандасының өшпенділігінен туындаған ажал еді.

Қазақ жұртын ат арқасына тағылған ертоқым-тақ арқылы басқарған Әбілқайыр хан көзінің тірісінде қай жерде ажал жетсе, сол жерге жерлеуді өсиет етеді. Бұл жаугершілік рухтан өріс алған батырларға тән шаһиттық таным еді. Ол, әрине, өзі өлгенде артында қалған жұрт оны хан тұқымы ретінде мүрдесін хан қорымы – Әзірет сұлтанның қасына, Түркістанға жерлеуге ұмтылатынын білген болар деп ойлаймыз. Бірақ бір атадан өрбіген аталас ағайындарына билік таласы кезінде көңілі қалған мәрт батыр бұндай «бақұлдасудан» саналы түрде бас тартқан сынды.

Әбілқайыр хан Барақ сұлтанның қолынан қайтыс болған жерге жерленеді. Ол жер – қазіргі Қабырға өзенінің Өлкейлік өзеніне құятын мүйістен 3-4 шақырым жердегі оң жақ жағалау. 1851 жылы жарияланған Орынбор өлкесінің картасында Әбілқайыр жерленген қорым «Хан сүйегі» деп белгіленген (1 сурет).



1 сурет. «Хан сүйегі» қорымы.  
[Figure 1. Burial ground «Khan bone»]

<sup>1</sup>Түп нұсқада «нагайская пословица» деп берілген





Жоғарыда аталған Н. Рычковтың күнделігінде Әбілқайыр хан бейіті төрт бұрышты күйдірілмеген кесектен (қам кесек-авт.) соғылып, ақ сылақпен сыланғанын, бейіттің батыс жағында ішке кіретін есік сынды арнайы тесік қалдырылғаны, оған кірген кісі хан мүрдесі қойылған кесектен соғылған моланы көретінін және оның жанында қылыш, найза, жебе сынды қару-жарақтар қойылғаны сипатталады. Автор мұны былайша баяндайды: «Ханская могила сделана из нежженого кирпича, обмазанного белою глиною, на подобие четвероугольной палаты. На западной части сего здания находится нарочитого пространства отверстие, служащее вместо ворот построенного домовища. Вошед в оное найдешь там основание гроба, сделанного из глины: за оным следует яма, в которую заключено тело усопшего в одежде обыкновенной и с некоторыми военными снарядами, как то с сабелю, копьем и стрелами» (Рычков, 1772: 44).

Бұрын-соңды бейіт болмаған құла түзге хан сүйегі жерленген соң, қорым қарасы көбейіп, қатары арта түседі. Н. Рычков жазбасынан кейін 124 жыл өткен соң, яғни 1895 жылы жазылған деректе ханның моласы қорымның қай жерінде қалғанын анықтау мүмкін болмай қалады. Мұны біздер сол жылы «Тургайская газета» басылымына жарияланған Елек (Ақтөбе) уезі басшысының көмекшісі Дербісалды Беркімбаевтың «Древние развалины и курганы в киргизской степи» атты мақаласынан біле аламыз. Онда автор Әбілқайырдың моласы қорымның қай жерінде екенін нақты тап басып айту қиындығын, бірақ қорымның ішінде шикі кесектен салынған бейіттің бар екенін, оның жанында тал өсіп тұрғанын, ал онда орнатылған құлпытасқа балта, қылыш, қанжар бейнеленгенін жазады. Автор былай дейді: «К северу от караванного тракта, пролегающего по правому берегу р. Улькояка, находится большое киргизское кладбище, называемое «хан», на котором пахоронен известный хан Абулхаир, принявший поданство России. Хотя с точностью определить место погребения Абулхаира невозможно, но на кладбище этом есть огороженная стеною из сырцового кирпича могила. Длина стены 3,1/2 саж., высота 2 арш. и толщина 1/2 арш. На могиле теперь растут талы вышиною в 2 сажени. На стене есть плита с неразборчивую надпись и искаженными от времени буквами. На плите изображены топор, шашка и кинжал» (Беркімбаев, 1895: 38).

Д. Беркімбаев дерегіндегі қам кесектен (сырцовый кирпич) соғылып құлпытасына балта, қылыш, қанжар бейнеленген, жанына тал өскен бейіт Н. Рычков күнделігіндегі алғашқы сипаттамаға жақын. Біріншіден, бейіттің қам кесектен соғылуы (Н. Рычкова «из нежженого кирпича» деп аталады – Авт.), екіншіден, оның жанында тал (ағаш) өсіп тұруы – екі жазба бір нысанды сипаттап тұр деп тану қисынға келеді. Ал жауынгердің қару-жарағы бейнеленген, жазуы көмескіленген құлпытас ханның кейінгі ұрпақтары қойған белгі деп есептейміз.

Құлпытастағы нышандар қазақ даласын тұтас қорғаған баһадүр Әбілқайыр батырлық істерімен даңқы шыққандығын рәміздейді. Демек, қапыда қандасының қанжарынан ажал тапқан Әбілқайыр ханның батырлық қадыр-қасиеті кейінгі ұрпақтары тарапынан да жоғары бағаланғаны байқалады. Бұған, әрине, ханның батырлық істері туралы аңыз әңгімелердің де әсері болғаны сөзсіз.

Н. Рычков жазбасындағы «бейіттің аяқ жағына өзінен-өзі өсіп шыққан ағаш», Д. Беркімбаев дерегіндегі «бейіт жанында өскен тал» – ХІХ ғасырдың соңында жазбаға тіркелген Әбілқайыр мен қарт батыр Шақшақ Жәнібектің достығы туралы халық аңыздарының кіріспесіне арқау болады. Аңыз мәтіні 1899 жылғы «Тургайские областные ведомости» газетінің № 52 санына және «Тургайская газетаның» 1900 жылғы № 1 санына жарияланады.

Көлемді аңыздың сюжеттік желісі барымтаға бара жатқан Шақшақ Жәнібек батырдың «жапан түзде бұтағы мол жалғыз ағаштың көлеңкесінде төрт тағандап



ұйықтап жатқан жасөспірім» – Әбілқайырмен кездейсоқ кездесуінен басталады. «Бірде, – дейді 1899 жылы «Тургайские областные ведомости» газетасында жарияланған халық аңызының мазмұнында, - Жәнібек батыр бір топ сенімді жігіттерімен келе жатқанда жапан түзде бұтағы мол жалғыз ағаштың көлеңкесінде төрт тағандап ұйықтап жатқан жасөспірімді көреді. Ат басын тартқан Жәнібек ұйықтап жатқан жасөспірімнің көркіне тамсанып, қасындағыларға былай дейді:

– Қандай айбарлы әрі келбетті кескін. Мұның демінде құдіретті қуат пен биік менмендік еседі. Жігіттің қанында асыл тектік бар», – дейді батыр. – Қараңдаршы, екі қолын құлаштай жазып дүниені бауырына басатындай болып жатыр. Бұл жас жігітті болашақта үлкен жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін. Осы айтқаным келмесе, Жәнібек деген атым өшсін, – деп, найзасының ұшымен ұйқыдағы жігіттің қолынан жеңіл қимылмен түртіп қалады. Найза түрткісінен оянып кеткен жас жігіт атып тұрып жанында жатқан садақты алып батырдың тура кеудесіне кезейді. «Тоқта, байғұс, тоқта. Садағыңды тарт! Мен - Жәнібекпін, атым таныс шығар саған. Мен саған қастық жасамаймын, достық ұсынамын!», – дейді. Сонда жасөспірім жігіт батырға былайша жауап қатады: «Сен атақты Жәнібек болсаң да, кісіге күні түспеген, кісіден бір нәрсе дәметпеген адамды мазалауға қандай дәтің бар! Ат үстінен найзамен түртуге мен жол бермеймін. Мен кедеймін, бірақ мәртпін. Сен, Жәнібек, солға кет. Мен, сұлтан, Әбілқайыр оңға кетейін! Әй, Жәнібек, қашаннан бері қараша жұрт хан сүйегіне қас еді?», – дейді. Жәнібек батырдың қосыны жасөспірімнің өткірлігі мен мәрттігіне аңтарылып қалады. Аңтарылған жігіттерін Жәнібектің өзі одан әрі таң қалдырады: ол аттан түсіп, жас жігітке достық қолын ұсынады. Жасөспірім жігіт садағын түсіріп, беделді батырдың сәлемін қос қолдап құрметпен алады. Жәнібек батыр сұлтан Әбілқайырмен ұзақ сөйлеседі. Оның жалғыз екенін, ағаш маңында жайылып жүрген қоңыр тайдан басқа малы жоқ кедей екенін біліп, барымтаға бірге баруды ұсынады...» (ТОВ, 1899: № 52).

Аңыздың мұдан әрі қарай сюжеттік желісі классикалық батырлық ертегі мен эпостардың мазмұнына құрылған. Оның мазмұндық қаңқасы бірнеше сюжеттік бөліктен тұрады және олар батырлық ертегі мен эпостарда тұрақты орын алған сарындармен үндес. Бұл көріністі мынадай кесте арқылы көрсетуге болады:

Кесте 1. Батырлық ертегілер мен эпостардың негізгі сюжеттік желілері  
[Table 1. The main storylines of heroic fairy tales and epics]

№ р/с	Аңыздың сюжеттік бөліктері	Батырлық ертегі мен эпостарға тән тұрақты сарындар мен сюжеттер
1	Болашақ билеуші – «қоңыр тайдан басқа малы жоқ», жапан түзде жүрген кедей жасөспірім, бірақ тегінде ақсүйектік бар	Болашақ билеушінің жас күнінде елеусіз жүріп, белгілі бір батырлық сынақтан өткен соң шын бейнесінде танылуы – эпостық шығармаларға кең тараған ортақ көрініс
2	Жапан түздегі көлеңкесі жалғыз ағаш түбінде ұйықтап жатқан жас жігіттің асыл тегін байқайтын кісі – қарт Жәнібек батыр	Аға батырдың (кейде бидің) жас батырға қамқоршы болып, оның ерлік істерінің жолын ашуы батырлық эпостың құрамдас бөлігі. Кейіпкерлердің көлеңкесі мол ағаш түбінде кездесуі де кездейсоқтық емес. Әлемдік мифологияда «өмір ағашы» (древо жизни) деген түсінік бар. Рүстем дастан жырында үлкен бәйтерек түбінде ұйықтап жатқан Зал кейін өзіне көмекші серік болатын самұрық құстың балапандарын аман алып қалады.
3	Жасөспірім сұлтан мен қарт Жәнібек достасып, бірге барымтаға (жорыққа) аттанады	Классикалық ертегі мен эпостардағы батырдың алғашқы ерлігі
4	Барымташылар жолда бір бай кісінің аулына тоқтайды. Байдың сұлу қызы бар екен. Әбілқайыр батырдың рұқсатымен	Қаһарманның алғашқы ерліктен кейінгі кезекті кезеңі, яғни оның үйленуі (кәмелетке толуы)



	ауылда қалып, болашақ қайын атасы – бай кісінің ауылына келіп, оған қызметке тұрады. Қызметте өзін жақсы қырынан танытып байға ұнайды, оның сұлу қызына ғашық болады. Байдың қызын қалыңдыққа сұрайды.	
5	Бай тегі, руы белгісіз кедей жігітке қызын бергісі келмейді. Араға байдың бәйбішесі түсіп, жігіттің түр-түсі бөлек, тегі сұлтан, іс-әрекеті ерекше екенін айтып, оның үстіне қыздың жүкті екенін ескертіп, оң батасын беруді сұрайды. Қатты қапаланған бай қалымға өте көп ақы сұрайды	Қаһарманға орындалуы өте қиын шарттың немесе сынақтың қойылуы – фольклорлық шығармаларда тұрақты орын алған сарын
6	Күйеу жігіт бір ай мерзім ішінде бай сұраған қалымды төлеу үшін барымтаға аттанады.	Батырдың шартты орындауға аттануы
7	Барымтаға шыққанда ол екінші мәрте Шақшақ Жәнібек батырды кездестіреді. Батыр жөн сұрай келе, Әбілқайырға өзі барымтадан алып келе жатқан табыннан қалымды төлеу үшін жылқы береді және өзі құда болып барады.	Қиын шартты орындауда батырға оның қамқоршысының көмекке келуі
8	Бай разы болып рұқсатын береді. Құда болып келген Жәнібек батыр жігіттің үйлену тойын жасайды. Тойдың соңы Әбілқайырдың хан сайлануымен аяқталады.	Қаһарманның қалыңдық алып, мұратына жетуі, шат-шадыман өмір сүруі – классикалық батырлық ертегілерге тән көрініс

«Жапан түзде бұтағы мол жалғыз ағаштың көлеңкесінде төрт тағандап ұйықтап жатқан жасөспірім» болып суреттелетін – болашақ хан Әбілқайырды халық аңыздарында хан тағына осылайша көтереді. Сонымен қатар оның ел тағдырына қиын-қыстау, қысылтаяң заман орнаған тұста хан тағын ат үстіне ерттеп, көзсіз ерлік істер мен қаһармандық жорықтар жүргізген қас батырға тән қимыл-әрекеттері халықтың жүрегінен орын тауып, ханның ғұмырнамасын суреттеуге ынтық пен ықылас тудырды. Мұны аңыздар халық шығармашылығында кеңінен қолданылатын фольклорлық тұрақты мотивтер мен сюжеттер негізінде суреттейді. Мұндай көріністер ТМД халықтарының фольклорына ортақ екендігі ғалымдар арасында талданып келеді (Беляевский, 2002: 35).

Үлкен хан тағынан шеттеліп, ел тағдырына қатысты маңызды саяси шешімдер қабылдауда ақсүйек хан тұқымдары қатарынан оқшау шығып, жалғыз жүріп жол тапқан, қарашадан тірек іздеп қосын құрған, қас жүрек батырлардан дос тапқан Әбілқайыр аталас қандасының қолынан ажал табады. Осылайша жарты ғасырдан астам уақыт бойы жан-жағынан жау анталаған қазақ даласының шығысы мен батысына шарқ ұрып, жанын шүберекке түйіп, жанталаса күрескен баһадүр ханның рухы жапан далада мәңгілікке байыз тапты.

Қандас туыстарының ұстанымынан бөлек саяси шешім қабылдап және оны жүзеге асыруда жалғыздық тартқан хан бейітіне көлеңкесі мол бір тал ағаш өсіп шықты. Бұл халықтың көркемдік танымындағы баяғы құла түзде қоңыр таймен күн кешкен жас өспірімнің басына көлеңкелі сая болған жалғыз ағаштың бейнесі еді. Қазақ жұрты бейіт басына қайсыбір өсімдік шыққанын жақсы ырымға балайды. Сол себепті аңыз мазмұнына арқау болған жапандағы жалғыз ағаш хан басына дұға оқып, қол жайған кейінгі ұрпақтарының толғанысынан туындаған көркем образ болып шыққан. Мұндай кестелі, мазмұнды көркемдік образ фольклорлық туындының халық көкейіне ерекше орнауына әсер ететіні сөзсіз.



**Қорытынды.** Әбілқайыр хан туралы тарихи аңыздарды талдай келгенде, жазбаға неғұрлым ертерек тіркелген туындыларда тарихи шындықтың сұлбасы анық көрінетінін, ал кейінгі уақытта жазылып алынған аңыздар мазмұнында тарихи шындықтың көрінісі бәсеңдеп, оның орнын классикалық фольклорға тән көркемдік белгілер орныққанын байқаймыз. Бұл түсінікті, қалыпты көрініс. Себебі фольклорлық туындылар – ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарайтын мұра. Ауызша тараған шығармашылықта болған оқиғаның нақты шындығы немесе белгілі бір тарихи тұлғаның атқарған іс-әрекеттері уақыт өте келе көмескіленіп, оның орнын фольклорда кең қолданылатын тұрақты сарындар мен сюжеттер алмастырады. Сондықтан Әбілқайыр хан туралы тарихи аңыздарда болған оқиғаның сұлбасы сақталған, бірақ сол оқиғаларға қатысушы адамдардың қимыл-әрекеттері, мінез құлқы кейінгі ұрпақтың, дәуірдің талабына сай баяндалған деп бағамдауымызға болады.

#### Дереккөздер

ҚР ОММ — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты.

#### Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

#### Әдебиеттер

Алтын шежіре, 1998 — *Алтын шежіре* / Моңғол тілінен ауд. А. Мауқараұлы. Алматы: Өнер, 1998. 224 б.

Белявский, 2022 — *Белявский А. М.* Фольклор как исторический источник: методологические и методические аспекты // Крыніцазнаўства і спецыяльныя гістарычныя дысцыпліны. Вып. 1 / рэдкал.: С. М. Ходзін (адк. рэдактар) [і інш.]. Мінск: БДУ, 2002. С. 35-43.

Беркинбаев, 1895 — *Беркинбаев Д.* Древние развалины и курганы в Киргизской степи // *Тургайская газета*. 1895. № 38.

Валиханов, 1985 — *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч. в пяти томах. Алма-Ата: Гл. Редакция Казахской советской энциклопедии. Том 4. 1985. 462 с.

Ерофеева, 2002 — *Ерофеева И.* Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. Научное издание. Алматы: Санат, 2002. 336 с.

Златкин, 1964 — *Златкин И.В.* История Джунгарского ханства (1635-1758). М.: Наука, 1968. 482 с.  
ИКРИ – 1, 2007 — История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том 5. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX в Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 620 с.

ИКРИ – 2, 2005 — История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том 3. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.) Алматы: Дайк Пресс, 2005. 484 с.

Конрад, 1974 — *Конрад Н.* Избранные труды: История. М.: Наука, 1974. 472 с.

Крафт, 1900 — *Крафт И.И.* Из киргизской старины. Оренбург. 1900. 157.

КРО, 1961 — Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР, 1961. 743 с.

Кэстль, 1998 — *Кэстль Джон.* Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхайру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды. / Пер. с нем. В. Штаркенбурга, В. Скорого. Алматы: Жибек жолы. 1998. 152 с.

Левшин, 1996 — *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Под общей редакцией академика М.К Козыбаева. Алматы: Санат, 1996. 656 с.

Рычков, 1772 — *Рычков Н.* Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в Киргиз-кайсацкую степь в 1771 году. СПб, Императорская академия наук, 1772.

ТОВ, 1899 — Тургайские областные ведомости, 1899. № 52.

Тынышпаев, 1992 — *Тынышпаев М.* Великие бедствия... (Ақтабан-шұбырынды). Алма-Ата: Жалын, 1992. 152 с.

Absadyk, 2020 — *Absadyk A.* Khan Abilay & folklore. Monograrh/ Qostanai: Shapaq, 2020. 216 p.

#### References

Absadyk, 2020 — *Absadyk A.* Khan Abilay & folklore. Qostanai: Shapaq, 2020. 216 p.

Altyn shezhire, 1998 — *Altyn shezhire* // Translated from Mongol language A. Maukarauli. Almaty: Oner, 1998. 224 p. (In Kaz.).



Belyavsky, 2022 — Belyavsky A.M. Folklore as a historical source: methodological and methodical aspects/ A.M. Belyavsky // source studies and special historical disciplines. Issue 1 / Editorial board: S.M. Khodin (Editor-in-chief). Minsk: BSU, 2002. Pp. 35-43.

Berkinbaev, 1895 — *Berkinbaev D.* Ancient ruins and mounds in the Kyrgyz steppe // *Turgayskaya gazeta*. 1895. No. 38. (In Russ.)

Castle, 1998 — *Castle John*. Diary of a journey in the year 1736 from Orenburg to Abulkhair, Khan of the Kyrgyz-Kaysak Horde /Trans. from German V. Starkenberg, V. Skorogo. Almaty: Zhibek zholy. 1998. 152 p. (In Russ.)

HKRS-1, 2007 — The history of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries. Volume 5. The first historical and ethnographic descriptions of the Kazakh lands. The first half of the XIX century in Almaty: Dyke-Press, 2007. 620 p. (In Russ.)

HKRS-2, 2005 — The history of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries. Volume 3. Journals and official notes of the diplomat A.I. Tevkelev about the history and ethnography of Kazakhstan (1731-1759). Almaty: Dyke Press, 2005. 484 p. (In Russ.)

Konrad, 1974 — *Konrad N.* Selected works: History. M.: Nauka, 1974. 472 p. (In Russ.)

Kraft, 1900 — *Kraft I.I.* From the Kyrgyz antiquity. Orenburg. 1900. 157 p.

KRR, 1961 — Kazakh-Russian relations of the XVI-XVIII centuries (Collection of documents and materials). Alma-Ata: Publishing House of the KazSSR Academy of Sciences, 1961. 743 p. (In Russ.)

Levshin, 1996 — *Levshin A.I.* A description of the Kyrgyz-Cossack, or Kyrgyz-Kaysak hordes and steppes. Under the general editorship of academician M.K. Kozybaev. Almaty: Sanat, 1996. 656 p. (In Russ.)

Rychkov, 1772 — *Rychkov N.* Day notes of the journey of Captain Nikolai Rychkov to the Kyrgyz-Kaysak steppe, 1771. St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences, 1772. (In Russ.)

TRG, 1899 — *Turgay Regional Gazette*. 1899. No. 52. (In Russ.)

Tynyshpaev, 1992 — Tynyshpaev M. Great disasters ... (Aktaban-shubyryndy). Alma-Ata: Zhalyn, 1992. 152 p. (In Russ.)

Valikhanov, 1985 — *Valikhanov Ch.Ch.* Own works in five volumes. Alma-Ata: The main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia. Vol. 4. 1985. 462 p. (In Russ.)

Yerofeeva, 2002 — *Yerofeeva I.* Khan Abulkhair: commander, ruler and politician. Scientific publication. Almaty: Sanat, 2002. 336 p. (In Russ.)

Zlatkin, 1964 — *Zlatkin I.V.* The history of the Dzungarian Khanate (1635-1758). M.: Nauka, 1968. 482 p. (In Russ.)



## ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 317-327, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.09.31.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_317-327](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_317-327)

### THE HEQIN (和亲) TRADITION: ROYAL INTERMARRIAGE BETWEEN CHINA AND TURKIC STATES DURING THE SUI DYNASTY

*Madina Imanovna Amanova*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(2, Satpayev Str., 010008 Astana, Republic of Kazakhstan)  
Master of Humanities, 1st year doctoral student of the specialty "Turkology"  
<https://orcid.org/0009-0002-1064-999X>. E-mail: [madina.amanova799@gmail.com](mailto:madina.amanova799@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024  
© Amanova M., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article is dedicated to the diplomatic relations between the ancient Turkic states and the Chinese Empire under the concept of heqin during the Sui Dynasty (581-618 AD). Heqin is a unique diplomatic strategy of marriage alliances to establish and maintain peaceful relations between China and its neighboring states. *Objectives.* To analyze the heqin mechanism and its impact on political, economic and cultural aspects of communication between the Chinese court and Turkic states. *Methods and Materials.* The article uses general scientific as well as historical methods of research, and translated primary sources of Chinese historical chronicles and various studies of Turkic-Chinese relations served as material. *Results.* The Sui dynasty is remembered for the reign of two bright emperors who actively practiced the tradition of arranged marriages for foreign policy relations with Turkic states. Based on the collected material, six cases of heqin concluded between Chinese princesses and rulers of Turkic khaganates have been identified. *Conclusion.* During the Sui dynasty, heqin played a major role in securing trade routes, cultural exchange and preventing conflicts between Chinese emperors and Turkic rulers. However, despite the positive aspects of this diplomatic strategy, there were also difficulties it faced due to the fluctuating political environment and internal conflicts in the khaganates. **Keywords:** Heqin, China, history, Sui dynasty, Turks, royal intermarriage, foreign policy

**For citation:** Amanova M. The heqin (和亲) tradition: royal intermarriage between China and Turkic states during the Sui dynasty//Otan tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 2. Pp. 317-327. (In Russ.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_317-327



## 和亲 (ХЭЦИНЬ) ДӘСТҮРІ: СУЙ ӘУЛЕТІ КЕЗІНДЕГІ ҚЫТАЙ МЕН ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ДИНАСТИЯЛЫҚ НЕКЕЛЕР

Мадина Имановна Аманова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(2-үй, Сәтбаев көш., 010008 Астана, Қазақстан Республикасы)

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, "Түркология" мамандығының 1-курс докторанты  
<https://orcid.org/0009-0002-1064-999X>. E-mail: [madina.amanova799@gmail.com](mailto:madina.amanova799@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Аманова М.И., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе* Мақала ежелгі түркі мемлекеттері мен Қытай империясы арасындағы Суй әулетінің (б.з. 581-618 жж.) кезіндегі хэцинь ұғымы шеңберіндегі дипломатиялық қатынастарға арналған. Хэцинь Қытай мен көрші мемлекеттер арасында бейбіт қарым қатынас орнату және қолдау үшін неке одақтарын құрудың бірегей дипломатиялық стратегиясын білдіреді. *Мақсаты мен міндеті.* Хэцинь механизмін және оның Қытай соты мен түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастың саяси, экономикалық және мәдени аспектілеріне әсерін талдау. *Әдістер мен материалдар.* Мақалада жалпы ғылыми, сондай – ақ тарихи зерттеу әдістері қолданылған, материал ретінде қытай тарихи шежірелерінің аударылған бастапқы көздері және түркі-қытай қатынастары туралы әртүрлі зерттеулер алынды. *Нәтижелер.* Суй әулеті түркі мемлекеттерімен сыртқы саяси байланыстар үшін шарттық неке дәстүрін белсенді қолданған екі жарқын императордың билігімен есте қалды. Жиналған материал негізінде қытай ханшайымдары мен түркі қағанаттарының билеушілері арасында жасалған алты хэцин оқиғасы анықталды. *Қорытынды.* Суй әулеті кезінде, хэцинь дәстүрі сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, мәдени алмасуда және қытай императорлары мен түркі басшылары арасындағы қақтығыстардың алдын алуда үлкен рөл атқарды. Алайда, бұл дипломатиялық стратегияның жағымды жақтарына қарамастан, ол саяси жағдайдың өзгергіштігі мен қағанаттардағы ішкі қақтығыстарға байланысты қиындықтарға тап болды.

**Түйін сөздер:** Хэцинь, Қытай, тарих, Суй әулеті, түркілер, династиялық неке, сыртқы саясат

**Дәйексөз үшін:** Аманова М.И. 和亲 (хэцинь) дәстүрі: суй әулеті кезіндегі Қытай мен түркі мемлекеттері арасындағы династиялық некелер // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 317-327 бб. (Орысш.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_317-327

## ТРАДИЦИЯ 和亲 (ХЭЦИНЬ): ДИНАСТИЧЕСКИЕ БРАКИ МЕЖДУ КИТАЕМ И ТЮРКСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ ДИНАСТИИ СУЙ

Мадина Имановна Аманова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
(д. 2, ул. Сатпаева, 010008 Астана, Республика Казахстан)

Магистр гуманитарных наук, докторант 1-курса специальности «Тюркология»  
<https://orcid.org/0009-0002-1064-999X>. E-mail: [madina.amanova799@gmail.com](mailto:madina.amanova799@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Аманова М.И., 2024



**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена дипломатическим отношениям между древнетюркскими государствами и Китайской империей в рамках понятия хэцинь [heqin] в период правления династии Суй (581-618 гг. н.э.). Хэцинь представляет собой уникальную дипломатическую стратегию заключения брачных союзов для установления и поддержания мирных отношений между Китаем с соседними ему государствами. *Цели и задачи исследования.* Проанализировать механизм хэцинь и его влияние на политические, экономические и культурные аспекты общения между китайским двором и тюркскими государствами. *Методы и материалы.* В статье используются общенаучные, а также исторические методы исследования, материалом послужили переведенные первоисточники китайских исторических хроник и различные исследования тюркско – китайских отношений. *Результаты.* Династия Суй запомнилась правлением двух ярких императоров, активно практиковавших традицию династических браков для внешнеполитических связей с тюркскими государствами. На основе собранного материала было выявлено шесть случаев хэцинь, заключенных между китайскими царевнами и правителями тюркских каганатов. *Выводы.* В период династии Суй хэцинь играла большую роль в обеспечении безопасности торговых маршрутов, культурного обмена и предотвращении конфликтов между китайскими императорами и тюркскими правителями. Однако, несмотря на положительные аспекты этой дипломатической стратегии, были и сложности, с которыми она сталкивалась из-за изменчивости политической обстановки и внутренних конфликтов в каганатах.

**Ключевые слова:** Хэцинь, Китай, история, династия Суй, тюрки, династический брак, внешняя политика

**Для цитирования:** Аманова М.И. Традиция 和亲 (хэцинь): династические браки между Китаем и тюркскими государствами в период правления династии Суй // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 317-327. (На Русс.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_317-327

**Введение.** Изучение взаимоотношений между империей Суй и тюркскими государствами имеет большое значение для понимания истории этих государств. Империя Суй несмотря на короткий период своего существования (581-618 гг.) безусловно была важнейшей вехой в истории всего Китая. После продолжительного периода внутривосточной борьбы, в 581 г. на китайский престол садиться первый представитель династии Суй – Ян Цзянь, позже именуемый как император Вэнь Ди. Один из ярчайших правителей в истории Китая и за продолжительное время первый император, который объединил на тот момент разрозненный Китай. Политика его в отношении Тюркского Каганата была направлена на сохранения мира и согласия с Тюркским Каганатом, однако благодаря прокитайским, лояльным ему, представителям в ставке хана, цель его была поддерживать рознь между тюркскими племенами, таким образом, делая свое покровительство еще более значимым (Бичурин, 1950: 240). По словам Л. Гумилева, несмотря на подарки, которые периодически присылались тюркскому хану, внутри каганата изначально сохранялось антисуйское настроение, по большей части, они были связаны с царевной из дома Чжоу, которая не смогла простить императору предательского истребления своей семьи (Гумилев, 1967: 135). Из, по крайней мере, этого эпизода мы можем понять, что китайские царевны в Тюркском Каганате имели влияние на тюркскую элиту и народ, и могли внести вклад в формирование внешнеполитического вектора каганата. Для того, чтобы убрать эти настроения, а также, внести раскол внутри каганата, императору необходимо было найти некоего ставленника, лояльного ему. Согласно источнику Жюльен С., таковым стал Жангар (кит. Жаньгань) двоюродный брат кагана и





наследник престола. Император пообещал отправить китайскую царевну на выданье Жангару при условии, что он устранит царевну Цэнь Цинь. Женитьба на китайской царевне династии Суй означало для Жангара не только покровительство со стороны императора, но также и ежегодные посылки с подарками в качестве приданого. Жангару удастся добиться своей цели, оклеветав царевну и вменяя ей измену с согдийским послом. Разгневанный Юн- Улуг каган убивает ее, а Жангар сам бежит в свои владения. Тогда император Вэнь-Ди открыто выражает свою поддержку Жангару и таким образом, ввязывается во внутривосточную распрю в каганате. После смерти Юн- Улуг кагана, внутри каганата возникает междоусобная распря между вышеупомянутым Жангаром и Кара-Чурин Тюрк ханом, которая завершилась победой Жангар кагана. Этот период характеризуется как относительно мирный: налаживаются торговые связи с Китаем (Ганиев, 2017: 79).

Позже, с приходом к власти в Китае императора Ян Ди и его деспотической политикой внутри Китая, а также нестабильные отношения с тюркскими каганатами приведет к падению династии Суй в 618 году и расцвету династии Тан. Одним из важнейших факторов падения Суй считается поддержка тюрков восстаний по свержению власти императора Ян Ди.

Традиция Хэцинь, означающая "мир и родство", была стратегическим инструментом, использовавшимся китайскими правителями для умиротворения и установления отношений с соседними кочевыми народами, в частности с могущественными тюркскими племенами, кочевавшими по северным границам Китая. Понимая влияние и военную доблесть кочевников, китайцы стремились заключать союзы не силой, а браком, признавая потенциал мира и сотрудничества в таких союзах.

Брачные союзы при Хэцине были тщательно продуманы и обычно включали в себя брачные союзы китайских принцесс - женщин из императорской семьи - с вождями или лидерами кочевых племен. Эти союзы не только символизировали гармонию между разрозненными культурами, но и служили каналом для культурного обмена, торговли и налаживания дипломатических связей между китайским двором и кочевыми племенами.

Более того, эти браки были многогранны, несли в себе экономические, политические и социальные последствия. Невесты приносили с собой в свои новые дома среди кочевников свиту китайской культуры, искусства и технологий, влияя на их образ жизни. Одновременно кочевые племена предлагали ценные товары, такие как лошади, меха и другие товары, что обогащало Китайскую империю экономически (Гумилев, 1967: 148).

**Материалы и методы.** Основными материалами исследования послужили китайские первоисточники, в основном Книга Суй, доступная в электронном виде с 28.05.2018 г. (隋書, 2018), а также переводы китайских хроник Н.Я. Бичурина, представленные в «Собрании сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» (Бичурин, 1950), помимо этого, в качестве материала использовались исследования ведущих историков, тюркологов и китаеведов: труд Л.Н. Гумилева «Древние тюрки» 1967 г. (Гумилев, 1967), исследования С.Г. Кляшторного 1964 года «Древнетюркские рунические памятники как источник по Средней Азии» (Кляшторный, 1964), труд 2010 года Л.Р. Концевича «Хронология стран Восточной и Центральной Азии» (Концевич, 2010), учебное пособие М.Е. Кравцовой «История культуры Китая» 1999 г. (Кравцова, 1999), в тот же год опубликованная работа И.Ф. Поповой о «Политической практике и идеологии раннетанского Китая» (Попова, 1999) и т.д., а также использовались исследования зарубежных историков, таких как статьи Ли Бингэма по истории падения династии Суй и восхождения династии Тан, опубликованные в 1941-1950 гг. (Bingham, 1941; Bingham,



1950), Цынь Миндэ и его работа по истории хэцинь в Древнем Китае 2005 года (Mingde, 2005), учебное пособие известного британского китаевода Эндимиона Портера Уилкинсона об истории Китая (Wilkinson, 2000), а также труды Саяны Намсараевой (Намсараева, 2018), Айлин Йылмаз (Yilmaz, 2022), статья Баатар Ургунбуян о китайских принцессах (Urgunbuyan, 2023).

Для достижения поставленных исследованием задач в статье были применены различные общенаучные, базовые и альтернативные исторические методы. Хронологический метод помог в систематизации исторической хроники хэцинь и построения последовательности отдельных событий, связанных с династическими браками, представлены конкретные примеры практики хэцинь. Метод контент-анализа позволил извлечь наиболее релевантную информацию из собранных источников, понять исторический, политический и социальный контекст, в котором происходили описанные династические браки, а также оценить последствия и влияние их, как и, в целом, практики хэцинь для выделенного исторического периода. Метод компаративного анализа материала был необходим для сопоставления исторических событий, дат и имён ключевых личностей в разных источниках.

**Обсуждение.** История взаимоотношений Китайской империи в разные периоды ее многовекового существования и тюркских государств являлась предметом изучения многих историков. Поскольку именно в период династии Суй (581-618 гг.) приходится очень много исторически ключевых событий как для Китая (например объединение Севера и Юга, приход к власти новой династии, создание новых политических реформ, повлиявших на дальнейшее развитие Китая и, впоследствии, на приход к власти династии Тан и т.д.) так и для Тюркского каганата (разделение Тюркского каганата на Восточно – тюркский и Западно – тюркские каганаты, междоусобная борьба за власть, попытка объединения двух каганатов и т.д.) многостороннее изучение его, является по сей день исключительно актуальным для современной тюркологической науки.

Невозможно игнорировать тот факт, что, поскольку источниковой базой этих исследований, по большей части, являлись китайские летописи и хроники, которые отражают китаецентрическое мировоззрение Срединной империи, возвышающей китайский императорский двор и создающей неточный портрет тюркских народов как «варваров», требуется критически подходить к анализу данных работ. Основным трудом по династии Суй является китайская летопись под названием «Суй Шу» («книга Суй») – это китайская хроника, характеризующая весь этот период, повествующая о деятельности императоров династии Суй, а также, дающая подробные сведения и о внешнеполитическом курсе Китайской империи в отношении тюрков. (隋書, 2018) Работа была написана тремя летописцами: Вэй Чжэном (580-643 гг.), Янь Шигу (581-645 гг.) и Кун Инда (574-648 гг.). Утвержденная в 656 году книга состояла из 85 цзюаней и состояла из трех частей: основной хроники ("бэнь цзи" или "ди цзи") - 5 цзюаней, биографий ("ле чжуань") - 50 цзюаней и трактатов ("чжи" или "шу") - 30 цзюаней (Wilkinson, 2000: 497). Вторым китайским источником по истории династии Суй является так называемая «Цзы чжи тун цзянь» (пер.«Помогающее в управлении всепронизывающее зеркало») - первый сборник, за авторством Сыма Гуаня, в котором история Китая представлена в хронологическом порядке. Он охватывает 1 362 года истории страны: от 23-го года правления короля Вэйли из династии Чжоу (403 г. до н.э.) до шестого года правления Сюаньдэ (959 г.н.э.) из династии Позднее Чжоу. В книге содержится 294 цзюаней, в книгу также включены алфавитный указатель, состоящий из 30 цзюаней, и «исследование неточностей», состоящее из 30 цзюаней. Цзы чжи тун цзянь Суй. Наибольшее значение этого труда заключается в том, что ее авторы Сыма Гуан и другие имели доступ к целому ряду



первичных, традиционных источников, которых больше не сохранилось. (Wilkinson, 2000: 499)

Среди работ по истории дипломатических отношений между Китаем и тюркскими странами, можно выделить работы Л.Н.Гумилева(1967 г.), Н.Я Бичурина (1851 г.), С.Г. Кляшторного(1964 г.), И.Ф. Поповой(1999 г.), Н.В.Кюннер(1961 г.) и других. Чаще всего традиция хэцинь лишь упоминалась как один из дипломатических приемов китайских императоров для воздействия на правителей тюрков. Однако не так много исследований посвящено изучению именно традиции хэцинь, её эффективности, истокам появления данной традиции, типам альянсных браков и.т.д. Среди таких исследований, можно выделить работу Цынь Миндэ «История хэцинь в древнем Китае», где автор подробно описывает происхождение хэцинь, виды династических браков и роль и идентичность китайских принцесс в этом аспекте. (Mingde, 2005). Известный китаевед Айлин Йылмаз в своей работе “Batı Han ve Tang Hanedanı Dönemlerinde Neqin Politikası”(«Политика хэцинь в период династий Западной Хань и Тан») подробно объясняет причины и последствия данной дипломатической стратегии не только на внешнеполитический и дипломатический дискурс китайско-тюркских, китайско-уйгурских отношений, но также и влияние на экономический и гуманитарные аспекты данных государств (Yilmaz, 2022: 349).

Саяна Намсараева в своей статье «Договор мира и родства»: о типах альянсных брачных союзов Цинского двора с монголами и китайцами» не только предпринимает попытку объяснить альянсные браки с точки зрения классических теорий социальной антропологии о принадлежности к родовой группе по мужской или женской линии (descent theory) и теории брачных альянсов (alliance theory) Леви-Стросса, но также предлагает свою гипотезу о происхождении традиции хэцинь: по ее словам, традиция хэцинь берет свое начало не в Китайской империи династии Хань, как это принято считать в официальной историографии, но у кочевых народов Средней Азии, поясняя свою позицию тем, что традиция альянсных браков была свойственна кочевым народом еще до появления хэцинь (Намсараева, 2018: 158).

**Результаты.** Следует отметить, что браки хэцинь были не только между китайскими принцессами или девушками из знатных родов и правителями соседствующих с Китаем государств, но также они могли быть и между разными домами внутри Китая, для его консолидации. В данной статье, мы сфокусируемся лишь на тюркско-китайских брачных союзах в период существования династии Суй (581-618 гг.). Проведя контент анализ собранного материала, предпримем попытку установить цели и задачи подобных брачных союзов. В своей работе «История хэцинь в древнем Китае» Цуй Миндэ отмечает следующие случаи браков хэцинь в период династии Суй:

1. 597 г.: Император Вэнь Ди выдает замуж принцессу Иань (安义公主) за Циминь кагана (тюрк. Жангар Киминь каган), принцесса умирает в 599 г.;

2. 599 г.: Император Вэнь Ди выдает замуж за Циминь кагана уже другую принцессу – Ичжэн (义成公主). Примечательно, что Ичжэн правила в тюркском каганате более тридцати лет, и по тюркскому обычаю, после смерти Циминь кагана вышла замуж за его наследника, сына от другой жены, Шиби кагана (Шибир каган) после его кончины, она в третий раз выходит замуж за младшего брата Шиби кагана – Чуло кагана, в последний четвертый раз она выйдет замуж в 621 году, после смерти Чуло кагана за его младшего брата – Иллиг кагана. В 630 году будет убита генералом танской династии.

3. Император Ян Ди выдает замуж принцессу Синьи (信义公主) за кагана Западно-тюркского каганата Хешана кагана (тюрк. Таман каган);



4. Император Ян Ди выдает замуж свою младшую дочь, принцессу Хуайнань (淮南公主) за сына Шабир-хана и по совместительству хана восточного аймака тюркского каганата с 603 по 631 годы - Толис-хан Шибоби;

5. 596 г.: Император Вэнь Ди выдает замуж принцессу Гуанхуа (光化公主) правителью государства Тогон (сяньбийцы) Мурон Шифу, после его кончины в 597 году, повторно выходит замуж за его младшего брата и наследника престола Муронга Фуюн.

6. Ян Ди выдает замуж принцессу из дома Суй за Цюй Боя, правитель города-оазиса Гаочан в пустыне Такламакан (Mingde, 2005: 631-688).

Остановимся подробнее на первых четырех случаях

Принцесса Иань (安义公主) и Жангар Киминь-каган. 597 г.

Тюркский каганат на момент правления Юн-Улуг кагана (588-599 гг.) уже находился в состоянии междоусобной борьбы западных и восточных тюрков, было много внутренних противоречий, ситуацию ухудшало то, что новопровозглашенная династия Суй, во главе с ее основателем, императором Вэнь Ди изначально имело достаточно антитюркские настроения, внешнеполитический курс императора в отношении тюрков было разрознить их еще больше, к тому же, тюркская царевна Цянь Цинь, будучи из китайского рода Чэнь, которую уничтожил Вэнь Ди, со своей стороны делала все для сохранения антисуйских настроений внутри каганата. Все это приведет впоследствии к непродолжительной войне. Однако, китайский император, намеревался посадить на трон кагана лояльного ему человека, таким был Жангар Киминь-каган. Император Вэнь Ди всячески поддерживал своего ставленника и в первую очередь, когда Жангар попросил о жене, отправил принцессу Иань, вместе с большой делегацией и богатыми дарами. Это все происходит параллельно с историей Юн-Улуг кагана, который мало вызывал доверия у Суйского императора, что привело к отказу выдать принцессу из дома Суй ему в жены – это приведет к еще большему ухудшению отношений между Суйским Китаем и тюрками. После смерти Юн-Улуг кагана, в 599 году, Жангар был провозглашен каганом всех тюрков на территории Суй, но фактической власти не имел. в 603 году, когда Тюркский каганат распадется на Восточный и Западный, Жангар Киминь-каган, будет провозглашен и принят восточными тюрками как их первый каган и будет править до 608 года. Мало информации известно о принцессе Иань, не сохранились данные о ее происхождении, о дате рождения, к какому знатному роду она принадлежала. Известно лишь то, что в 597 году ее выдали замуж, вместе с ней прибыло три посла и большая сумма денег в виде ее приданого. В 599 году известно о ее кончине, предположительно от убийства заговорщиков. (Urgunbuyan, 2023: 39);

599 г. – Император Вэнь Ди выдает замуж другую суйскую принцессу Ичжен (义成公主) дочь члена императорского клана Суй, за Жангар Киминь-кагана, после его кончины в 609 году, согласно традиции амангерства, вышла замуж за наследника Жангар кагана, сына от другой жены - Шибир-хан Тюрк-шад, после смерти которого в 619 году, в третий раз вышла замуж за младшего брата Шибир-хана - Чуло-хан Силиг-бег-шад, в 621 году после смерти Чуло-хана, Ичжен в четвертый раз выходит замуж, за его наследника младшего брата - Кат Иль-хан Багадур-шад.

Принцесса Ичжэн происходила из королевской семьи, была дочерью Янь Ци. Дата ее рождения неизвестна. Известно, что была убита генералом Ли Джин из династии Тан в 630 году. Она прожила в тюркском каганате более тридцати лет и по причине традиции амангерства была замужем за четырьмя тюркскими каганами. (Urgunbuyan, 2023: 42)



В 599 году после трагической гибели первой жены, принцессы Инья, Жангар каган попросил у императора вторую жену, тот согласился при условии, если он избавится от, ненавистной императору Цэнь Цинь. Жангар исполнил приказ, после чего император выдал ему замуж принцессу Ичжэн. Ичжэн отличалась умом и верностью своей династии. На протяжении тридцати лет это неоднократно повлияет на ход истории тюркско-китайских отношений. С 599 года, во время союза Ичжэн с Жангар Киминь-каганом, наступает долгожданный мир между восточными тюрками и династией Суй. Принцесса Ичжэн играла большую роль для императора, поскольку не просто являлась «глазами и ушами» его, но сохраняла политику повиновения суйскому императору изнутри каганата.

В 609 году, после смерти Жангар кагана, на престол восходит его сын от другой жены - Шибир-хан Тюрк-шад, менее лояльный к китайскому двору чем его отец, он не сильно жаловал чрезмерного влияния китайского двора на внутренние дела каганата. Однако, первым делом после вступления на трон, он просит у императора руки Ичжэн по тюркскому обычаю амангерства. Во время правления Шибир-хан требовал равнозначных отношений и отказывался подчиняться императору, более того, время его правления ознаменовалось расцветом тюрков: прекращением кровопролитных войн между западными и восточными тюрками, большее внимание уделялось агрокультуре и экономике каганата, применялись законы и политические решения были направлены на укрепление отношений между каганатами и их усиление. Такие тенденции тревожили суйский двор, который стремился разрознить каганаты и воспрепятствовать их укреплению. Мирный период закончился и уже преемник Вэнь Ди – император Ян Ди пытался всячески отстранить нежелательного ему кагана. Шибир каган, узнав о попытке его свергнуть, и посадить на трон его младшего брата, еще больше проникся неприязнью к Ян Ди (Гумилев, 1967: 168).

Ян Ди очень яркая фигура в истории Китая, отличался деспотичностью и жесткой внутренней политикой. Реконструировал полуразрушенную китайскую стену, тем самым отгораживаясь от своих соседей. в 607 году запретил торговые отношения с Восточно-тюркским каганатом и.т.д. Политические реформы как внутри Китая, так и в отношении соседских государств были крайне неудачны, росло недовольство простого народа Китая, изнуренного тяжким трудом ради утопических целей императора и придворной клики (История Китая, 2014: 186). Со стороны Западно-тюркского каганата также росли антисуйские настроения, в 611 году началась кровопролитная война с Когуре (Северной Кореей), возросло количество дезертиров, воины отказывались служить императору – все эти факторы повлияли на существенное ослабление Суйского царства (История Китая, 2014: 192).

Как указано выше, принцесса Ичжэн была верна своему императору, когда разгневанный предательством императора Шибир каган решает на него напасть, Ичжэн не просто предупреждает об опасности императора, так что тот успевает укрыться в крепости Яймынь, но также в китайской летописи указан эпизод, когда она буквально спасает находящегося в осаде отчаявшегося императора от гибели, присылая письмо супругу, с призывом о помощи. Шибир хан, осадивший крепость, был вынужден отступить, тем самым давая возможность императору сбежать на юг Китая, подальше от границ с каганатом. Шибир хан безусловно внес свою лепту в разрушении династии Суй и расцвету династии Тан. Его поддержка в виде даров, лошадей, боевой силы танских генералов способствовало окончательному упадку династии Суй. Шибир хан еще больше укрепил свои войска, Кидань, Шивей, Тогон и Гаочан подчинились ему. (Гумилев, 1967: 171) После восхождения династии Тан, роль и влияние Ичжэн в каганате заметно уменьшилось, так как Шибир хан и Танский Китай считали друг-друга союзниками, она больше не была вовлечена во внешнюю политику и



военные дела каганата как раньше. Известно о ее попытке атаковать Танскую династию и возродить Суй, однако план провалился поскольку не сыскал поддержки у кагана (Urgunbuyan, 2023:45).

В 619 году на престол Восточно-тюркского каганата восходит Чуло каган. Ичжэн становится его женой. Правит он недолго, чуть больше года, умирает при загадочных обстоятельствах, именно в тот момент, когда в ставку хана прибывает посол танского Китая. По мнению многих ученых-историков, именно Ичжэн могла быть причастна к смерти Чуло-кагана, другие приписывают это послу танского императора, однако данную гипотезу опровергает Л.Гумилев, который считает причиной скорострительной смерти хана – нервное потрясение и болезнь. (Гумилев, 1967: 179)

По традициям престолонаследия у тюрков, наследником трона должен был стать старший сын Чуло кагана, однако Ичжэн не позволила ему вступить на трон, обзвав «слабым и безобразным». Она поддерживает младшего брата Чуло – Или кагана (Кат Иль хан). Период правления Кат Иль хана (620-630 гг.) ознаменовались множеством военных походов и нестабильными отношениями с Танским двором чередовавшихся периодами войн и перемирий.

Несмотря на дары, выплачиваемые Ли Юанем (правителем Танского Китая) Кат Иль хан, под влиянием своей жены Ичжэн и ее родственников, склоняется к идее войны с Тан, которая начнется в 621 году и не считая небольшого периода перемирия в 624-625 годах, продлится вплоть до свержения хана в 630 году.

Ичжэн несомненно яркая женская фигура в истории тюрков, четырежды замужем, она имела огромное влияние на внутренние дела каганата, могла развернуть войска тюрков, способствовала миру между Суй и Восточно-тюркским каганатом, при условии подчинении и верности последнего. Ее политическая деятельность внутри каганата приносила, как и хорошие плоды, но также была и деструктивной. После свержения Суй и прихода Тан главной ее целью было восстановление Суйской династии при помощи военной мощи тюрков. Последствия ее деяний еще должно быть изучено (Urgunbuyan, 2023:48).

Наследник Вэнь Ди, император Ян Ди выдает замуж принцессу Синьши (信義公主) из дома Суй за Таман хана (кит. Нидзьюэчуло), правителя Западно-тюркского каганата.

Таман хана вряд ли можно назвать прокитайским правителем. Суйская знать не доверяла ему, Таман в свою очередь высказывал свое неповиновения императору. Когда посол Суйского императора прибыл в ставку хана, тот отказался принимать ни его самого ни грамоту императора. Однако, у китайцев было преимущество. Убежавшая в Китай мать Таман хана, была схвачена войсками китайцев, посол грозился смертью матери Таман хана, если он не повинуется. Он принял грамоту. Во время правления Таман хана отношения каганата с Китаем были нестабильны, император на тот момент поддерживал другого претендента на трон. Однако впоследствии в исторических хрониках указывается, что император выдал принцессу Синьши ждя замужества. Предположительно, чтобы заручиться поддержкой западных тюрков в войне с Кореей.(Urgunbuyan, 2023: 41)

Император Ян Ди выдает замуж свою младшую дочь, принцессу Хуайнань (淮南公主) за сына Шабир-хана и по совместительству хана восточного аймака тюркского каганата с 603 по 631 годы - Толис-хан Шибоби;

Принцесса Хуайнань младшая дочь Ян Ди, проживала в г. Янджоу на юге Китая. Информации о принцессе не так много, но она была известна своей красотой и умом. Она была талантливым музыкантом, сочиняла стихи, поэмы и музыку. Она также была мастером каллиграфии и талантливой художницей. Была известна за свою доброту и щедрость. После смерти императора и падения династии Суй, выдана замуж за Толис



Хана Шибоби. Толис хан не мог устроить пышное свадебное празднество, поскольку в этот момент его страна находилась в бедственном положении, семья была разрушена. По мнению Баатар Ургунбуян, возможно этот союз был неполитический. Однако вызывает сомнения причины переезда принцессы из приятного южного климата на север, для вступления в брачный союз с правителем кочевого народа. Есть предположение, что она отправилась для выискивания информации о быте и культуре тюрков. Принцесса Хуайнань не вступала в альянс с другими китайскими принцессами. Возможно, одним из ее намерений было восстановить разрушенную династию Суй (Urgunbuyan, 2023: 41)

**Заключение.** Договорные браки хэцинь, были неотъемлемой частью тюркско – китайских дипломатических отношений в период династии Суй. Несмотря на то, что эти отношения были нестабильны, зачастую действия каганов и их внешнеполитический курс в отношении Китая был продиктован их супругами – китайскими царевнами. Глубокое погружение и анализ исторических материалов дает понять, что китайские царевны при тюркском дворе имели огромное влияние и могли быть активно вовлечены в политические и военные дела каганата. В период упадка для каганата, хэцинь являлся для каганов или их наследников гарантом поддержки со стороны императора. В свою очередь, благодаря этой дипломатической практике, император мог контролировать политические решения каганата изнутри. Однако, также нельзя не заметить, что не всегда эта практика приносила свои плоды, порой выданье китайской принцессы вовсе не означало улучшение отношений между тюрками и суйским Китаем, а активные попытки императора влиять на внутривосточные решения каганата вызывали недовольство самих тюрков, в которых со временем все больше росли «антисуйские» настроения.

#### Литература

- Бичурин, 1950 — *Бичурин Н. Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. М., Л.: Издательство АН СССР, 1950. 379 с.
- Ганиев, 2017 — *Ганиев Р.Т.* Древние тюрки и Китай в 553–581 гг.: приемы и методы внешней дипломатии // Вестник Томского государственного университета, 2017. № 418. С. 78-84
- Гумилев, 1967 — *Гумилев Л. Н.* Древние тюрки. М.: Наука, 1967. 504 с.
- История Китая, 2014 — *История Китая с древнейших времен до начала XXI века:* в 10 т. Т. III: Троецарствие, Цзинь, Южные и Северные династии, Суй, Тан (220 – 907). М.: Восточная литература РАН, 2014. 991 с.
- Кляшторный, 1964 — *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.: Наука, 1964. 214 с.
- Концевич, 2010 — *Концевич Л. Р.* Хронология стран Восточной и Центральной Азии. М.: Восточная литература РАН, 2010. 806 с.
- Кравцова, 1999 — *Кравцова М.Е.* История культуры Китая: учебное пособие. СПб.: Лань, 1999. 415 с.
- Кюннер, 1961 — *Кюннер Н. В.* Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М.: Издательство АН СССР, 1961. 349 с.
- Намсараева, 2018 — *Намсараева С.Б.* «Договор мира и родства»: о типах альянсных брачных союзов Цинского двора с монголами и китацами. Гуманитарный вектор, 2018. № 4 (Т. 13). С. 158-165.
- Попова, 1999 — *Попова И. Ф.* Политическая практика и идеология раннетанского Китая. М.: Восточная литература РАН, 1999. 279 с.
- Bingham, 1941 — *Bingham W.* The Founding of the T'ang Dynasty: The Fall of Sui and the Rise of T'ang. A Preliminary Survey. Baltimore, 1941. 210 p.
- Bingham, 1950 — *Bingham W.* Li Chih-min's Coup in A. D. 626 // Journal of the American Oriental Society, 1950. Vol. 70. Pp. 89-95.
- Mingde, 2005 — *Cui, Mingde.* 中国古代和亲史 [History of Heqin in Ancient China]. Beijing: Renmin Chubanshe, 2005. 782 p. (На Кит.).
- Urgunbuyan, 2023 — *Urgunbuyan B.* Princesses of the Central Plains Married into the Turkish Khaganate // Mongolian Diaspora Journal of Mongolian History and Culture. 2023. No. 3(1). Pp. 37-51.



Wilkinson, 2000 — *Wilkinson E.* Chinese History: a manual. Revised and enlarged ed. Cambridge: Harvard University Asia Center, 2000. 1181 p.

Yilmaz, 2022 — *Yilmaz A. Ş.* Batı Han ve Tang Hanedanı Dönemlerinde Heqin Politikası [Heqin Policy During Western Han and Tang Dynasty]// HUMANITAS – International Journal of Social Sciences, 2022. 10(19). P.349-373. (Ha Typ.).

隋書, 2018 — 隋書 Sui Shu [Book of Sui] // <https://chinesenotes.com/suishu.html> (Ha Кит.).

### References

Bichurin, 1950 — Bichurin N. Ya. Sbranie svedeniy o narodah, obitavshih v Sredney Azii v drevnie vremena. T.1 [Collection of information about the peoples living in Central Asia in ancient times. Volume 1]. Moscow, Leningrad: Academy of Sciences of the Soviet Union, 1950. 379 p. (In Russ.).

Bingham, 1941 — Bingham W. The Founding of the T'ang Dynasty: The Fall of Sui and the Rise of T'ang. A Preliminary Survey. Baltimore, 1941. 210 p.

Bingham, 1950 — Bingham W. Li Chih-min's Coup in A. D. 626 // Journal of the American Oriental Society. 1950. Vol. 70. PP. 89-95.

Ganiev, 2017 — Ganiev R.T. Drevnie tyurki i Kitay v 553–581 gg.: priemy i metody vneshney diplomatii [Ancient Turks and China in 553-581: techniques and methods of foreign diplomacy] // Bulletin of Tomsk State University, 2017. No. 418. Pp. 78-84. (In Russ.).

Gumilev, 1967 — Gumilev L. N. Drevnie tyurki [Ancient Turks]. Moscow: Nauka, 1967. 504 p. (In Russ.).

Istoriya Kitaya, 2014 — Istoriya Kitaya s drevneyshih vremen do nachala XXI veka: v 10 t. T. III: Troetsarstvie, Tszin, Yujnyie i Severnyie dinastii, Suy, Tan (220 – 907) [History of China from ancient times to the beginning of the XXI century: in 10 vol. Vol. III: Three Kingdoms, Jin, Southern and Northern Dynasties, Sui, Tang (220 - 907)]. Moscow: Eastern literature RAS, 2014. 991 p. (In Russ.).

Klyashtornyy, 1964 — Klyashtornyy S. G. Drevnetyurkskie runicheskie pamyatniki kak istochnik po istorii Sredney Azii [Ancient Turkic runic monuments as a source on the history of Central Asia]. Moscow: Nauka, 1964. 214 p. (In Russ.).

Kontsevich, 2010 — Kontsevich L. R. Hronologiya stran Vostochnoy i Tsentralnoy Azii [Chronology of the countries of East and Central Asia]. Moscow: Eastern literature RAS, 2010. 806 p. (In Russ.).

Kravtsova, 1999 — Kravtsova M.E. Istoriya kul'turyi Kitaya: uchebnoe posobie [Cultural History of China: a textbook]. Saint – Petersburg: Lan, 1999. 415 p. (In Russ.).

Kyuner, 1961 — Kyuner N. V. Kitayskie izvestiya o narodah Yujnoy Sibiri, Tsentralnoy Azii i Dalnego Vostoka. T.1 [Chinese information about the peoples of Southern Siberia, Central Asia and the Far East. Volume 1]. Moscow: Academy of Sciences of the Soviet Union, 1961. 349 p. (In Russ.).

Mingde, 2005 — Cui, Mingde. 中国古代和亲史 [History of Heqin in Ancient China]. Beijing: Renmin Chubanshe, 2005. 782 p. (In Chin.).

Namsaraeva, 2018 — Namsaraeva S.B. Typology of Heqin Marriage Alliances: Manchu-Chinese and Manchu-Mongol Married during Qing Dynasty // Humanitarian Vector. 2018. No. 4 (Vol.13). Pp. 158-165. (In Russ.).

Popova, 1999 — Popova I. F. Politicheskaya praktika i ideologiya rannetanskogo Kitaya [Political practice and ideology of early Tang China]. Moscow: Eastern literature RAS, 1999. 279 p. (In Russ.).

Urgunbuyan, 2023 — Urgunbuyan B. Princesses of the Central Plains Married into the Turkish Khaganate // Mongolian Diaspora Journal of Mongolian History and Culture, 2023. No. 3(1). Pp. 37-51.

Wilkinson, 2000 — Wilkinson, Endymion. Chinese History: a manual. Revised and enlarged ed. Cambridge: Harvard University Asia Center, 2000. 1181 p.

Yilmaz, 2022 — Yilmaz A. Ş. Batı Han ve Tang Hanedanı Dönemlerinde Heqin Politikası [Heqin Policy During Western Han and Tang Dynasty]// HUMANITAS – International Journal of Social Sciences, 2022. 10(19). Pp. 349-373. (In Turk.).

隋書, 2018 — 隋書 Sui Shu [Book of Sui] // <https://chinesenotes.com/suishu.html> (In Chin.).





## ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 328-346, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_328-346](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_328-346)

### ISLAMIC HOLY PLACES IN SOVIET KAZAKHSTAN: ATHEIST ATTACK AND PROPAGANDA

Talgat Zholdassuly<sup>1</sup>, Gulnur Baizhanova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University  
(29A, Aiteke bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate professor  
<https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: [zholdassuly2018@gmail.com](mailto:zholdassuly2018@gmail.com)

<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University  
(29A, Aiteke bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)  
Master in humanities, Senior teacher of the department “Foreign languages and translation”  
<https://orcid.org/0000-0001-9223-8048>. E-mail: [nurymbekkyzygulnur@gmail.com](mailto:nurymbekkyzygulnur@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024  
© Zholdassuly T., Baizhanova G., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article elucidates the stance of the Communist Party in Soviet Kazakhstan regarding Islamic sacred sites and the measures taken against them. The state’s stance was unfavorably inclined, attributed to the prevalent atheistic ideology, towards the tradition of religious believers visiting holy places. The Bolsheviks faced a significant challenge in establishing an atheistic society due to the persistence of religious traditions that sustained faith. Despite this obstacle, the Bolsheviks adhered to their atheistic agenda and took actions accordingly. *The purpose and objectives.* The research seeks to uncover and analyze the guiding principles and counter-propaganda strategies employed by the Soviet authorities and the Communist Party in Kazakhstan regarding religion and the tradition of Muslim pilgrimage to Islamic holy places. To assess the state of holy places in Soviet Kazakhstan, evaluating the extent of damage and the sustainability of the aforementioned religious tradition. *Results.* The government made every effort to discourage religious believers from visiting holy places, employing mass propaganda orchestrated by the Communist Party. Certain sacred sites were seized by the state, repurposed for various uses, and attempts were made to establish atheistic museums in some of these locations. Additionally, certain holy places were shut down, and measures were implemented to prevent believers from accessing them. *Conclusion.* Certainly, the communists faced formidable challenges in their pursuit of establishing an atheistic society. The state’s approach to religion and holy places varied across different periods. Individuals, who refrained from visiting holy places during times of heightened attacks, would often revive the tradition when religious policies were relaxed.



**Keywords:** Islam, Atheism, Ishanism, Islamic holy places, Religious tradition, Propaganda, Religious administration

**For citation:** Zholdassuly T., Baizhanova G. Islamic holy places in soviet kazakhstan: atheist attack and propaganda // Otan tarikhу. 2024. V1. 27.No. 2. Pp. 328-346. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_328-346

## КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕР: АТЕИСТІК ШАБУЫЛ МЕН ҮГІТ-НАСИХАТ

Талғат Жолдасұлы<sup>1</sup>, Гүлнұр Нұрымбекқызы Байжанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)  
Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.  
<https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: [zholdassuly2018@gmail.com](mailto:zholdassuly2018@gmail.com)

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Шетел тілдері және аударма БББ-ы  
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)  
аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
<https://orcid.org/0000-0001-9223-8048>. E-mail: [nurymbekkyzygulnur@gmail.com](mailto:nurymbekkyzygulnur@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024.

© Жолдасұлы Т., Байжанова Г.Н. 2024.

**Аңдатпа.** *Kipicne.* Мақалада Кеңестік Қазақстандағы коммунистік партияның исламдық қасиетті жерлерге қатысты ұстанымдары мен оған қарсы әрекеттері қарастырылады. Атеистік идеология үстемдік еткен қоғамда дінге сенушілердің қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне байланысты мемлекеттің көзқарасы теріс болғаны белгілі. Атеистік қоғам құруды жоспарлаған большевиктердің жолына дінді өміршең етіп тұрған діни дәстүрлер де үлкен кедергі болды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Қазақстанда кеңестік билік пен коммунистік партияның дінге және мұсылмандардың исламдық қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне деген принциптері және қарсы үгіт-насихатын ашып көрсету және талдау. Кеңестік Қазақстандағы қасиетті жерлердің жағдайын, аталған діни дәстүрдің қаншалықты зиян көргенін және өміршеңдігін саралау. *Нәтижелер.* Қасиетті жерлерге баратын дінге сенушілерді тоқтату үшін мемлекет бар күшін салды. Коммунистік партия тарапынан жаппай үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылды. Қасиетті жерлердің көпшілігі мемлекеттің қарауына алынып, олар түрлі мақсаттарда қолданылды. Мемлекет қасиетті жерлерде тіпті атеистік музейлер құруға талпынды. Ал, кейбір киелі мекендер жабылып, ол жерге сенушілердің келуіне тосқауыл жасалды. *Қорытынды.* Атеистік қоғам құруға бар күшін салған коммунистерге өз мақсатына жету оңай болған жоқ. Шабуыл қатты болып тұрған кезеңдерде қасиетті жерлерге барып зиярат етуді тоқтатқан халық, дінге қатысты саясат жұмсарған кезеңдерде киелі мекендерді зиярат ету дәстүрін қайта жандандырып отырды.

**Түйін сөздер:** Ислам, атеизм, ишанизм, исламдық қасиетті жерлер, діни дәстүр, үгіт-насихат, діни басқарма

**Дәйексөз үшін:** Жолдасұлы Т., Байжанова Г.Н. Кеңестік қазақстандағы исламдық қасиетті жерлер: атеистік шабуыл мен үгіт-насихат // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 328-346 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_328-346



## ИСЛАМСКИЕ СВЯТЫЕ МЕСТА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: АТЕИСТИЧЕСКАЯ АТАКА И ПРОПАГАНДА

Талгат Жолдасулы<sup>1</sup>, Гулнур Нурымбеккызы Байжанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата  
(д. 28, ул. Айтеке би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)  
Доктор философии (PhD), и.о. ассоциированного профессора  
<https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: [zholdassuly2018@gmail.com](mailto:zholdassuly2018@gmail.com)

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата  
(д. 28, ул. Айтеке би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)  
Магистр гуманитарных наук, старший преподаватель образовательной программы  
«Иностранные языки и перевод»  
<https://orcid.org/0000-0001-9223-8048>. E-mail: [nurymbekkyzygulnur@gmail.com](mailto:nurymbekkyzygulnur@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024  
© Жолдасулы Т., Байжанова Г.Н., 2024

**Аннотация.** *Введение.* В статье рассматриваются установки Коммунистической партии в советском Казахстане по отношению к исламским святым местам и действия, направленные против них. В обществе воинствующего атеизма отношение государства к традиции посещения священных мест верующими было отрицательным. Большевики столкнулись с большим препятствием в виде религиозных традиций, сохранявшей ислам жизнеспособным. *Цель и задачи.* Раскрыть и проанализировать принципы и контрпропаганду советской власти и Коммунистической партии в Казахстане в отношении религии и традиции паломничества мусульман к исламским святым местам. Дифференцировать состояние святых мест в советском Казахстане, насколько пострадала указанная религиозная традиция и ее жизнеспособность. *Результаты.* Государство приложило все усилия, чтобы воспрепятствовать верующим посещать святые места. Коммунистической партией была организована массовая пропаганда. Некоторые священные места были переданы под контроль государства и использовались для различных целей. Были даже попытки создать атеистические музеи в некоторых святых местах, часть их была закрыта и верующим не разрешалось их посещение. *Заключение.* Коммунистам, которые старались создать атеистическое общество, было нелегко добиться цели. Люди переставали посещать святые места в периоды интенсивных нападков и возрождали традицию посещения святых мест в периоды смягчения религиозной политики.

**Ключевые слова:** Ислам, атеизм, ишанизм, исламские святые места, религиозная традиция, пропаганда, религиозное управление

**Для цитирования:** Жолдасулы Т., Байжанова Г.Н. Исламские святые места в советском Казахстане: атеистическая атака и пропаганда // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 328-346. (На Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_328-346

**Кіріспе.** Зайырлы мемлекет болып құрылған, бірақ атеистік идеология үстемдік еткен Кеңес Одағы тарихында мұсылман халықтардың діні мен дәстүріне едәуір зиян келгені белгілі. Кеңес тарихында бүкіл діндерге, оның ішінде исламға қарсы шабуыл саяси шарттарға байланысты әр кезеңде өзгеріп отырды және әртүрлі деңгейде іске асты. Бірақ исламға бағытталған үгіт-насихат тоқтаған емес. Тарихи деректерден исламға, молда-ишандарға қарсы жаппай тікелей шабуыл 1930 жылдарда өзінің шырқау шегіне жеткені де белгілі. Ол кезеңде қоғамда толықтай пәрменді атеизм



үстемдік құрды. Себебі коммунистік қоғам құру жолында үлкен кедергінің бірі дін болды. Кеңестік көзқарас бойынша дін ортағасырлық феодалдық құрылыстың қалдығы саналса, дінбасылар «қанаушы» тапқа жатқызылды. Сол үшін жаңа кеңес азаматының санасынан «кертартпа» діни түсініктер мен «қанаушы», «паразит» молда-ишандар жойылуы керек болды.

Кеңестер тек исламдық сеніммен ғана емес, мұсылман халықтардың исламмен астасып кеткен сопылық діни дәстүрлерімен де күресті. Соның бірі мұсылмандардың қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүрі еді. Осыған орай бұл зерттеуде Кеңестік Қазақстандағы қасиетті жерлерге байланысты мемлекеттің саясатына тоқталатын боламыз. Кеңестік Қазақстандағы сопылыққа (ишанизмге), сопылық дәстүрлерге, оның ішінде әулие культіне және әулие атанған діни тұлғалардың кесенелеріне жасалатын зиярат дәстүріне қатысты коммунистік партияның ұстанымдары мен әрекеттері қандай болды деген сұраққа жауап ізделеді. Исламдық қасиетті жерлерге, қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне және ол жерлерде жасалатын дін ритуалдарға байланысты большевиктердің ұстанымдарын зерттеп талдау жұмыстың негізгі мақсаты мен міндетін құрайды.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің негізгі материалдарын Қазақстан Республикасы архивтері қорларындағы деректер және естеліктер құрайды. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінің (ҚР ОМА) 1711-қоры (КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ Діни культтер істері жөніндегі уәкілетті кеңесі, 1944-1965 ж.ж.) мен 2079 - қорының (КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ КСР-і Дін істері жөніндегі уәкілетті кеңесі, 1966-1974 ж.ж.) құжаттары (есептері, баяндамалары) қолданылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің (ҚР ПА) 708 - қоры (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, 1937-1991 ж.ж.) мен Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві (ҚОМА) Р-808-қорының (ССРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қызылорда облысының дін істері жөніндегі уәкілетті кеңесі) деректері (партия қаулылары, хаттамалары) пайдаланылды.

Бұл деректермен бірге, Ресейлік және Қазақстандық архивтердің кітап болып жарияланған тақырыпқа қатысты құжаттары мен материалдары және Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия тарапынан шығарылған жинақтардағы тақырыпқа қатысты құнды деректер де қолданылды (Кеңес өкіметінің дін саясаты, 2022). Деректерді қолдану барысында, қолданылған құжаттардың барлығы кеңестік кезеңде идеология аясында жазылған мемлекеттік және партиялық құжаттар екендігі естен шығарылмады. Сондықтан дереккөздерді өңдеуде деректің шынайылық деңгейін анықтау, мәтінді талдау, салыстырмалы талдау және сипаттау зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Сонымен бірге, тарих ғылымында қалыптасқан тарихилық, хронологиялық, объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Объективтілік ұстаным қасиетті жерлерге қатысты мемлекет саясатын ашып, ол саясаттың барысы мен салдарын бағалауға мүмкіндік беретін болады.

**Талқылау.** Қазақстандағы қасиетті жерлерге байланысты зерттеулер Кеңестік кезеңдерде де жарық көрді. Оларды жалпы екі топқа бөлуге болады, біріншісін қазақ даласындағы кесенелерді көне тарихи ескерткіш ретінде зерттеген ғалымдардың еңбегі, екіншісі дінге сенуші халық тарапынан қасиетті жер ретінде зиярат етілген киелі орындарға қарсы жазылған атеистік бағыттағы еңбектер. Бірінші топтағы еңбектерде қасиетті жерлер көбіне дінге сенушілердің зиярат ететін орны ретінде емес, ортағасырлық тарихи ескерткіш ретінде зерттелді. Мысалы, қазақ даласындағы ең үлкен қасиетті орын әрі маңызды тарихи ескерткіш Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінен мысал келтірер болсақ, 1930 жылы кеңестік тарихшы-археолог М.Е. Массонның



аталған мавзолей туралы шағын еңбегі жарық көрді (Массон, 1930). Бұл аталған маңызды еңбекте мавзолейдің салынуы, салынғаннан кейінгі тарихы, мавзолейдің тарихи-археологиялық сипаттамасы, алғашқы кеңестік кезеңдегі көрінісі, кесененің шейхтары мен Ахмет Яссауи туралы аңыздар жазылған. Сонымен қатар, аталған еңбекте автордың сол кезеңде өзі куә болған кесенені зиярат етушілер мен кесенеді жасалған діни рәсімдер жөнінде жазғандары тақырыпқа қатысты маңызды дерек көзі саналады. Жалпы кеңестік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесі бойынша ең үлкен зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары 1950-1980 жылдар аралығында жасалаған. Ол жұмыстарды Б.Н. Засыпкин, Т.Ш. Карумидзе, Л.Ю. Маньковская, Б.Т. Тұяқбаева және А.Н. Проскурин секілді реставраторлар мен зерттеушілер жүргізген (Свод памятников, 1994: 276).

Кеңестік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесінің дінге сенушілер тарапынан зиярат етілуіне және зияратшылардың ол жердегі құлшылықтарына қатысты жазылған екінші топтағы еңбектерде атеистік мазмұн басым. Мысалы сондай еңбектің бірі О. Дастановтың 1967 жылы жарық көрген «Әулиелі» жерлер туралы шындық» атты кітабы (Дастанов, 1967). Аталған еңбек Ахмет Яссауи және ол туралы халық аузындағы сопылық хикаяларға қарсы, қожа-ишандарға, оңтүстік аймақтағы басқа да қасиетті жерлерге және олардың сенушілер тарапынан зиярат етілуіне қарсы атеистік үгіт-насихат мақсатында жазылған. Бұл мақалада, кеңестік дінтанушы және философия докторы Э.Г. Филимоновтың басшылығымен атеистік идеология жағдайында жазылып, 1983 жылы жарық көрген «Ислам в СССР: Особенности процесса секуляризации в республиках советского Востока» атты еңбек қолданылды (Филимонов, 1983). Бірақ аталған еңбектер атеистік мазмұнда жазылса да, ол жерде келтірілген кейбір мәліметтердің дерек ретіндегі маңыздылығын айта кету қажет. Тек ол мәліметтерді аталған кеңестік авторлар атеистік тұрғыда талдаса, біз объективті тұрғыда талдау жасайтын боламыз. Сонымен қатар мақалада, кеңестік кезеңде партияның бағыт беруімен қасиетті жерлердің зиярат етілуіне және әулиелер культіне қарсы әрекет еткен Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (САДУМ) мүфтиі болған Шамсиддинхан Бабахановтың 1999 жылы жариялаған «Муфтий Зияуддин ибн Эшон Бабахан. Жизнь деятельность» атты еңбегі мен САДУМ құрамында болған Қазақстан қазиятының қазии болып қызмет еткен Сәдуақас Ғылманидің «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» (Ғылмани, 2013) атты кітабы да қолданылды.

Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі дәуірде Батыс елдерінде, Ресейде және Орта Азия елдерінде кеңестік кезеңдегі исламға қатысты сапалы зерттеулер шыға бастады. Оның ішінде кеңестік кезеңдегі исламдық қасиетті жерлерге байланысты тікелей және жанама түрде жазылған еңбектер аз да болса жарық көрді. Мысалы, Ахмет Яссауи мавзолейі туралы тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізген және мавзолейдің тарихи құжаттарын зерттеген Ю.А. Ёлгин (Ёлгин, 2013) мен А.К. Муминовтың (Муминов и др., 2017) зерттеуін айтуға болады. Аталған зерттеулерде мавзолейге қарсы атеистік пропаганда туралы тікелей айтылмаса да, мемлекеттің кесенеге қатысты саясаты мен шешімдері туралы мәліметтер кездеседі. Батыстық зерттеушілердің де кеңестік исламға қатысты көптеген құнды зерттеулерін атап өту керек. Мысалы, зерттеуші Е. Тасар (Tasar, 2017) мен П. Сарторидың (Sartori, Babajanov, 2019) және Привратскийдің (Privratsky, 1998) зерттеулерінде кеңестік биліктің, САДУМ-ның және оның кейбір ықпалды мүшелерінің Қазақстан, Өзбекстан, Тәжістан және Қырғызстан жеріндегі исламдық қасиетті жерлерге байланысты ұстанымы мен көзқарасы жөнінде құнды мәліметтер кездеседі. Одан бөлек аталған мәселеге байланысты бұл мақаламызда қолданылған Орта Азиялық екі зерттеуші Б. Бабаджанов пен Ә.Қ. Муминовтың еңбектерін ерекше атап өткен жөн (Muminov, 2013). Сонымен бірге, САДУМ-ның Өзбекстан жеріндегі қасиетті жерлерге бағытталған саясаты туралы



да мол мәлімет келтірілген өзбек тарихшысы Р.М. Юсуповтың кандидаттық диссертациясы (Юсупов, 2008) мен САДУМ-ның Қазақстандағы қасиетті жерлерге байланысты ұстанымы туралы да тың мәліметтер беретін тарихшы Т. Жолдасұлының зерттеуі (Zholdassuly, 2023) де қолданылды.

Қазақстандық ғалым Ә.Қ. Муминов, Орта Азиядағы қасиетті жерлерді сипаттайтын алғашқы деректер XV ғ. басынан бастап пайда болғанын айтады. Сонымен қатар, қасиетті жерлерге қатысты жазбаша және ауызша әңгімелер заманға сай бейімделіп отырған және ондай әңгімені насихаттаушылар қожалар мен сопылар болып екі топқа бөлінген дейді. Аймақта әулиелердің кесенелерінің шырақшылары да көбіне қасиетті әулет саналатын қожалардан шығып отырған. Сонымен қатар, Орта Азиядағы қасиетті жерлер және ол жерлерге қатысты діни рәсімдер «жергілікті ислам» болып есептеледі. Яғни, Муминовтың ойынша, қасиетті жерлер және олардың рухани мәдениеті Орта Азиялық исламның ерекшелігі болып саналады. Бірақ аймақтағы барлық кесенелер қасиетті деп саналмайтынын және қасиетті жерлерді Орта Азиялық, аймақтық және жергілікті деп бөлуге болатынын айтады. Муминовтың тұжырымы бойынша, Орта Азиядағы қасиетті жер институты – қасиетті жер, мифология, «қорғаушылар», зияратшылар және діни рәсімдер болып бірнеше бөліктен тұрады (Muminov, 2013: 27-29).

**Нәтижелер.** Алғашқы кезеңінде ислам дініне ашық шабуылдаудан тартынып, дінге сенушілерге салыстырмалы түрде төзімді қараған большевиктер, дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын да ұмытқан жоқ. Әсіресе Орта Азияда ишандардың дінге сенушілерге деген ықпалын және олардың сопылық дәстүрдің өміршендігіндегі рөлін көрген кеңестік билік ишандардың атеистік қоғам құруда үлкен «кедергі» болатынын түсінді. «Ишан» (парсы-тәжікше «олар» деген мағынаны білдіреді) - Орта Азиядағы сопылық тариқат жетекшілеріне және олардың құрметті дінбасыларына немесе олардың ұрпақтарына берілетін атақ немесе лақап ат. Халық құрмет ретінде мұндай рухани жетекшілердің атын атамай, оның орнына осы сөзді қолданған (Абашин, 2006: 164-166). Кеңестік билік исламға қарсы таптық тұрғыда түсіндірме жасап, басқа дінбасылар секілді ишандарды да «қанаушы» тапқа жатқызды. 20-жылдардың басында Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті үгіт-насихат бөлімінің барлық партиялық бөлімшелерге жолдаған «Түркістан жағдайындағы дінге қарсы үгіт-насихат туралы» тезистері осыны дәлелдейді. Аталған бөлімнің елді мекендерге жолдаған «Ишанизм және басқа да діни ағымдармен күресу туралы» тағы бір хатында ишанизмнің марксистік тұрғыда діни мәні «әшкереленіп», діндарлар құрмет тұтатын қожалардың «шынайы істері» ашып көрсетілген (Ислам в СССР, 1983: 8).

1923 жылдың 11-16 наурызындағы Түркістан Компартиясы VII-съезінің «Түркістан жағдайындағы дінге қарсы үгіт-насихат туралы» тезисінде: «... Түркістанның байырғы халықтары арасында дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу барысында қате наным-сенімдер (суеверие) мен пұтқа табынушылық қалдықтарының таралу аймағындағы күресті де ескеру қажет. Қате наным-сенім мен пұтқа табынушылық сенімдердің қалдықтары ишандардың, қажылардың, диуаналар мен халендерлердің, тақуалардың, мессианизмнің зиянды әрекеттеріне негіз жасайды, олар дін атын жамылып халықты бопсалаумен айналысады және ол істерін дұға оқу, емдеу және түс жору арқылы ақтап алуға тырысады. Халық бұқарасы үшін шын мәнінде ешқандай пайдасы мен мәні жоқ мұндай дінбасылардың, паразиттердің барлық түрлерінің тұтас кастасын түбегейлі жою керек. Әсіресе Түркістанның байырғы тұрғындары қырғыздар (қазақтар) мен түрікмендер арасындағы күресті сәтті жүргізу қажет және бұл дегеніңіз дінге қарсы үгіт-насихат ол аймақта үлкен мәнге ие деген сөз. Бұл іске «Қосшы» одағының ұйымдары мен жергілікті баспасөзді тарту қажет. Қалың



бұқараға діни наным-сенімдердің зияндылығын түсіндіру керек» делінген (Преодолева., 1990: 60).

Мұндай құжаттардан кеңестік биліктің 20-жылдардың басынан бастап ишандар, диуаналар мен халендерлердің Орта Азия мұсылмандарының діни өміріндегі орнын біліп, олардың атеистік қоғам құру жолында үлкен «кедергі» болатынын түсінгенін, ишандарды бақылауда ұстағанын және олардың қоғамға ықпалын жоюға талпынғанын байқауға болады. 1926 жылы 1 сәуірде Бүкілодақтық коммунистік партиясы Ақтөбе губерниялық комитетінің «Дін қызметкерлерінің әрекеті» бойынша Қазақ өлкелік комитетіне жасаған баяндамасында, соңғы кезде шәкірттерін (мүридтерін) көбейтіп, олардан өз күнкөрісі үшін садақа жинайтын ишандардың әрекетінің жандануы байқалады делінген (Преодолева религиозное влияние ислама, 1990: 105). Қазан төңкерісінен кейін шамамен он жылдай исламға қарсы ашық шабуылға көшпей, мұқият әрекет еткен кеңестік биліктің бұл діни саясатының нәтижесінде мұсылмандар тұратын аймақтарды 20-жылдардың ортасында діни жандану орын алды. Бұл жағдайда ишандардың да өз діни әрекеттерін жандандырғанын басқа да құжаттардан көруге болады.

Сол кезеңде ишандардың белсенділігі және Орта Азия бойынша үлкен зиярат орнының бірі болған атақты сопы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі большевиктерді қатты алаңдатқаны белгілі. Партияның 1927 жылғы сәуірдегі «Қазақстандағы мұсылман дінбасыларының қызметіне жасалған шолу» атты құжаттың ишандарға қатысты бөлімінде, Қазақстанның қай өңірінде ишандардың саны көп, қай аймақтарында олардың ықпалы аз деген мәселе талқыланған. Одан әрі бұл құжатта: «Саны жағынан алғанда, барлық аймақтарда ишанизм күшейіп келеді. Бұл жағдай бұрынғы ишандардың көпшілігінің өз мүридтері мен қалпелерінің арасынан жаңа ишандар шығаруды әдетке айналдыруымен байланысты... Түркістан қаласында «Әзірет Сұлтан» деп аталатын әйгілі тарихи кесене бар. Бұл кесенеге жыл сайын 5 мыңнан 8 мыңға дейін зияратшылар ағылады. Қазіргі таңда бұл кесененің иелерінің ұрпақтарынан тараған 200-ге жуық отбасы тек осы кесенеден түскен табысқа күн көріп жатыр» (Преодолева религиозное влияние ислама, 1990: 132-134) делінген. Ал, 1927 жыл 8 маусымдағы Бүкілодақтық коммунистік партия Қазақ өлкелік комитетінің Мұсылмандық діни қозғалысқа қарсы күрес шаралары туралы қаулысында: «Қазақтар арасында діни сана мен діни үгіт-насихат әлі де болса сопылықпен (ишанизм) және шаманизммен (жартылай пұтқа табынушылық) сабақтас дамып келеді» деп жазылған (Преодолева религиозное влияние ислама, 1990: 138).

1920 жылдары Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) Орта Азия және Қазақстандағы діни жағдайды қатты бақылауда ұстап, партияға есеп беріп отырған. 1927 жылдың 4 шілдесіндегі ОГПУ-дың Орта Азиядағы өкілінің мұсылман дінбасылар туралы есебінде ишанизм (суфизм) туралы да арнайы айтылып: «Ишандар мен олардың қалпелерін қатты ескеру керек. Бұл топтың ерекшелігі ишанизм ірі жер иеленуші феодалдық биліктің ең жақсы сақталған қалдығы екендігінде. Ишандар көбінесе әрі рухани, әрі феодалдық билікті қолында ұстайды» (Ислам и советское., 2010: 103) деп мәлімдеген. Кейбір атақты ишандардың тек беделді дінбасы ғана емес, уақыптық жер-суларға, мүліктерге де ие болғанын да айтуымыз керек. Сол үшін де большевиктер оларды шаруалар мен кедейлерді «қанаушы» бай тапқа жатқызған. Оларды «қанаушы» тап ретінде, мүридтерінің садақасына күн көретін «паразит» деп санап, оларға қарсы мерзімді басылымдар арқылы да үгіт-насихат жүргізген. Большевиктердің дінге, сопылыққа, ишанизмге қарсы мұндай үгіт-насихаты ишандар тұрғысынан қарсы реакцияларға себеп болған. Мысалы, 1928 жылы «Қызыл Қазақстан» газетінде, Батыс Қазақстан аймағында Әбдіғазы Хазірет атты бір сопы өз мүридтеріне бүкіл мұсылмандарға балаларының комсомолға мүше болмауын, одан аулақ жүруін айтуды



тапсырған және сонымен қатар мұсылмандарды қыздарын коммунистерге, комсомол мүшелеріне күйеуге бермеуге, олармен араласпауға үгіттеген (Преодолева..., 1990: 182).

Жоғарыда 1927 жылдың сәуіріндегі партия құжатында Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесінің оның ұрпақтарының иелігінде болғаны және 200-ге жуық отбасы сол кесенеден түскен табысқа күн көріп жатқаны айтылған еді. Ал, 1928 жылы Ахмет Яссауи ұрпақтарының дүние-мүлкі тәркіленіп, бүкіл құқықтарынан айырылған. Одан соң көпшілігі Кеңес Одағынан кетуге мәжбүр болған, ал кейбірі кейін қуғын-сүргінге ұшыраған. Осылайша билігі әбден орныққан большевиктер исламға қарсы үгіт-насихат жасаумен ғана шектелмей, 1928 жылдан бастап исламға қарсы тікелей шабуыл бастаған. Жалпы кеңестік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесі мемлекет тарапынан қазақ халқының көптеген көрнекті өкілдері мен маңызды тұлғалары жерленген кесене ретінде емес, мемлекет тарапынан тек ортағасырлық сәулет ескерткіші ретінде қабылданған. Ол жердегі құжат қорлары, Құран қолжазбалары және басқа да құнды жәдігерлер қатты бүлінген. Сондай бақылаусыз жағдайда ол жердегі құлпытастардың көпшілігі орнынан қозғалған және астындағы, айналасындағы бейіттер қиратылған. Бұл кезеңде Яссауи кесенесінің кітапханасында сақталған ескі қолжазбалар да жоғалып, кейін олардың кейбірлері ғана табылған. (Муминов и др., 2017: 80, 83).

Яссауи кесенесін тарихи ескерткіш ретінде зерттеп, қалпына келтірген Кеңес үкіметі оның діни орталық ретінде зиярат етілуін қаламады. Ескерткіштің сақталуына сол кезде үстемдік еткен пәрменді атеизм қатты кері әсерін тигізген. Мысалы, 1926 жылы Орталық Азия музейлерін, көне жәдігерлерді және тарихи ескерткіштерді қорғау комитеті Түркістан қаласында кесенені қорғау жөніндегі тұрақты комиссия құруға әрекет жасаған. Алайда, Түркістандағы жергілікті билік бұл жұмысты дінді қорғау әрекеті деп бағалап комиссия мүшесі Садық Өтегеновті қамауға алған (Муминов и др., 2017: 76-77). Одан әрі 1928 жылы 22 ақпанда Қазақ АКСР Оқу халық комиссары, республикалық Халық комиссарлар кеңесіне Ахмет Яссауи кесенесін жөндеуге 1000 рубль қаржы бөлу туралы хат жазған. Оған қоса бұл құжатта, Яссауи кесенесіне 1922 жылы арнайы комиссия жүргізген тексеру нәтижесінде оның қауіпті жағдайда екендігі анықталғаны да жазылған (Преодолева религиозное влияние ислама, 1990: 163-164).

Исламға, ишанизмге және атақты сопы-ишандардың кесенелеріне қарсы тікелей шабуыл басталған соң, қасиетті жерлерді зиярат ететіндердің саны біртіндеп азая бастаған. Мысалы, 1920 жылдары Ахмет Яссауи кесенесіне кең көлемде зерттеу жүргізген атақты кеңес археологы және шығыстанушысы М.Е. Массон өз еңбегінде «Яссауи мазарына ғибадат ету үшін ағылатын зияратшылар саны жылдан жылға азайып келеді» деп жазған. Зиярат кезінде қойдың да бұрынғыдан аз сойылатыны және бір кездері зияратшылар жоғары бағаланған тұмарларға деген сұраныстың азайғаны да айтылған. Сонымен қатар, Массон Ахмет Яссауи кесенесін Орта Азиядағы Аясофия деп бағалауды да ұмытпаған (Массон, 1930: 12, 19-20). Осылайша 1930 жылдары дінге қарсы шабуылдар мен жаппай үгіт-насихаттан Ахмет Яссауи кесенесі үлкен зардап шеккен. Ахмет Яссауи кесенесінің символы Тайқазан 1936 жылы Эрмитаж мұражайына жіберілген. (Дастанов, 1967: 18). Яссауи кесенесіне қатысты қолжазбалар мен түрлі құжаттар кеңестік кезеңде жойылып, оны сақтаушылар қысымға ұшыраған. Ал, кейін жоғалған құжаттардың кейбірі ғана табылған (Муминов и др., 2017: 3, 67). Ахмет Яссауи кесенесі ғана емес, ол кезеңде басқа да қасиетті жерлерге қауіп төнген еді. Тіпті халық тарапынан әулие саналған атақты дінбасылардың кейбір мазарлары құлатылып, құнды мұралары ол кесенелерден алынып тасталған (Нұртазина, 2008, 15). Түркістан қаласындағы кейбір қасиетті орындар кеңестік кезеңде тарихи ескерткіш ретінде қалпына келтірілгенімен, кейбірі қараусыз қалдырылған немесе жойылған.





Мәселен, Яссауи кесенесіне шамамен 1 шақырым жерде орналасқан Құмшық атаның жерасты мешіті қазылып, ішінара қалпына келтірілсе, Ахмет Яссауидің қызы Гаухар ананың күйеуі Әлқожа атаның кесенесін коммунистер бульдозермен қиратып тастаған. Ал, Ахмет Ясауидің шәкірті Баб Арабтың кесенесі қараусыз қалған (Privratsky, 1998: 279).

Ахмет Яссауи кесенесіндегі қылуат жер асты мешіті де мемлекет бақылауында болып, қылуатке кіруге тиым салынған. Архив құжатында, 1929 жылы қаңтарда өткен Түркістан ауданы қалалық кеңесі мәжілісінде, Қалалық кеңес төрағасы және коммунистік партия мүшесі Әбдірахман Ахметов, зиярат және құлшылық ету үшін қылуатті дінбасыларға беру мәселесін көтерген. Өйткені Қалалық кеңеске дінге сенушілер тарапынан осындай мазмұндағы өтініш жолданған. Бұл өтінішті Ахмет Яссауи кесенесінің шырақшысы Розмет Сейдов Қалалық кеңеске халықтан қол жинап өткізген. Өтініште кесенеге келуші сансыз зияратшыны тасымалдау арқылы теміржолға кіріс әкелетіні үшін қылуаттің мемлекетке пайдалы екендігі жазылған. Алайда бұл мәселе Қалалық кеңес отырысында өз шешімін таппаған. Сонымен қатар, аталмыш құжатта бұл мәселенің қозғаушы күші Қалалық кеңес төрағасы Әбдірахман Ахметов пен мемлекеттік қызметкер және коммунистік партия мүшесі Тұяқ Тұрсынқожаев және қожа руының «Арифлер» тармағының өкілі Азизхан ишан мен жергілікті ықпалды бір қожа Ширжан Ахметов екені айтылған. Құжат авторы осы мәлімдемесі арқылы Әбдірахман Ахметов пен Тұяқ Тұрсынқожаевтың да өздерінің қожа руынан шыққаны үшін сенушілердің тілегін орындағысы келгені жеткізген (Кеңес өкіметінің, 2022: 139-143). Бірақ одан соң Ә. Ахметов пен Т. Тұрсынқожаевқа қатысты партияның қандай шешім шығарғанына қатысты әзірге дерек жоқ.

1930 жылдары дінге қарсы тәуелсіз музейлер де жұмыс істеген және олардың ең ірілері Мәскеу мен Ленинградта орналасты. Мұндай атеизм музейі Алматы қаласында да ашылған. Ал, 1939 жылы Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесінің ғимаратында Дінге қарсы музейдің бөлімшесін ашу жоспары жасалған. Бұл жоба бойынша 1939 жылы Түркістанда құрылатын дінге қарсы музей үшін барлық жоспар-сызба жасалып, жеке құрам саны нақтыланған. Бұл құжатта Түркістан қаласы Орта Азиядағы барлық түрдегі діни «кертартпалықтың» ошағы деп есептеліп, Ахмет Яссауи өмір сүрген Түркістан қаласында Дінге қарсы музей ұйымдастыру керектігі айтылған (Zholdassuly, 2020: 548-550). Кеңес үкіметі бұл кесенені бекер таңдамаған, өйткені бұл жер түркі халықтарының рухани астанасы және үлкен діни орталық һәм қасиетті жер еді. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Ахмет Яссауи кесенесіндегі Дінге қарсы музей 1939-1941 жылдар шамасында жұмыс істеген. Ал, 1941-1945 жылдардағы кеңес-герман соғысы кезеңінде Ахмет Яссауи кесенесі солдаттар тұратын аймақтық әскери казарма болған (Zholdassuly, Baizhanova, 2022: 199).

1941 жылы кеңес-герман соғысы басталған соң жалпы Кеңес Одағында дінге салыстырмалы түрде еркіндік берілгені мәлім. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және одан кейін де дінге сенушілер тарапынан киелі жерлерді зиярат ету көбейген. Қазақстанда Ахмет Яссауи кесенесінен басқа діндарлар жиі зиярат ететін Арыстан Баб, Абдул-Азиз Баб, Ысқақ Баб, Ибрахим Ата, Айша Бибі, Бабаджа Хатун және Қарахан сияқты көптеген үлкен кесенелер болған. Олардың көпшілігі Қазақстанның оңтүстік облыстарында орналасқан. Бұл кесенелер тарихи ескерткіш ретінде қорғалу үшін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1947 жылғы 23 қыркүйектегі шешімімен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Сәулет басқармасына берілген. Одан соң Сәулет басқармасы осы ескерткіштердің барлығына қорғау және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізе бастаған. Бұл киелі жерлерді зиярат етуге келген діндарлар малдас құрып отырып, құран аяттарын оқитын болған және шырақшысы болса садақаларын шырақшыға қалдыратын болған, шырақшы болмаса кесенелердің



жанындағы жәшікке салып кететін болған (ҚР ОМА. 1711-қ. 2-т. 24-іс. 62-64-пп.). Осылайша мемлекет дінге сенушілердің зияратын тоқтатып, ол жерлерді бақылауға алу үшін кесенелерді ресми түрде Сәулет басқармасына берген.

Соғыстан кейін Орта Азияда Оштағы (Қырғызстан) Тахт-и-Сулеймание тауы («Сүлейменнің тағы»), Марғиланның (Өзбекстан) оңтүстігіндегі Шахимардан кесенесі, Бұхараның (Өзбекстан) жанындағы әйгілі сопы Бахауиддин Нақшбанди кесенесі және Самарқандағы (Өзбекстан) Шахи Зинда мемориалдық кешені секілді ең көп зиярат етілетін исламдық қасиетті жерлердің бірі Ахмет Яссауи кесенесі еді (Мухаметшин и др. 2013: 309-310). Архив құжаттарынан, сол кезеңде Ораза айт және Құрбан айт мерекелерінде дінге сенушілердің бұқаралық діни ритуалдарға қатысуы көбейгенін көруге болады. Мысалы, Ош қаласында 1948 жылы 14 қазанда мерекелік құлшылыққа 30-35 мың адам, ал 7 тамызда 60 мыңға жуық адам қатысқан. Ол жерге құлшылық етушілердің ондай үлкен тобының келу себебі Тахт-и-Сулеймание тауы болған және ол жер жергілікті мұсылмандар тарапынан «екінші Мекке» деп аталған. Сондықтан зияратшылар әдетте Ош қаласына тек Ош облысынан ғана емес, Өзбек және Тәжік КСР-нен де келіп тұрған. Діндарлар бұл зияратқа әдетте 2-4 күнін жұмсайтын болған (Ислам и советское государство, 2011: 71). 1950-ші жылдардың басында да қасиетті жерлерге (мазарларға) зиярат етушілер саны көбейген. Мысалы, Тахт-и-Сулеймание тауына 1956 жылы Құрбан айттың бірінші күні 1954 жылмен салыстырғанда 10-15 мыңға көбірек зияратшы келген. Яғни, ол жерді 1954 жылы 70-75 мыңдай, ал 1956 жылы 80-85 мыңдай адам зиярат еткен (Ислам и советское государство, 2011: 154).

Аймақтағы діни жағдайды қатты бақылауда ұстаған большевиктерді бұл жағдай қатты алаңдатқан. Кеңестік билік тарапынан исламға, сопылық дәстүрлерге, оның ішінде қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне қарсы күрес әбден талқыланып, пысықталған. Қасиетті жерлерді зиярат етуге қарсы күрес, әсіресе 1958 жылғы 28 қарашадағы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Қасиетті жерлерді зиярат етуді тоқтату жөніндегі шаралар туралы» қаулысынан кейін күшейе түскен. Н. Хрущев кезінде іске асырылған бұл қатаң шабуыл, ол биліктен кеткенге дейін жалғасқан. Бұл шешім бойынша барлық киелі орындар жабылуы тиіс болған. Сонымен бірге, осы шешімге сәйкес Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрылған САДУМ да мемлекет әмірімен 1959 жылдың 23 қаңтарында қасиетті жерлерді зиярат етуге қарсы «Қасиетті жерлер туралы» атты пәтуа шығарған. 1959 жылы ақпан айында Қырғыз КСР-дегі ең үлкен зиярат орны Тахт-и-Сулеймание тауында құлшылық және зиярат ету мәселесі де талқыланып, оған да қарсы арнайы пәтуа шығарылып барлық ресми тіркелген мешіттерге жіберілген (Zholdassuly, 2023: 192-193). Негізі Тахт-и-Сулеймание тауына байланысты САДУМ дінбасылары арасында үлкен пікірталас 1952 жылдың қаңтарынан басталған және ол жердің зиярат етілуіне қатысты 1959 жылға дейін де екі рет пәтуә шығарылған. Бірақ ол екі пәтуә көп таратылмаған. Өйткені САДУМ-ға берілген бұл қасиетті жерлерге келушілер азайса, садақа түспей қалуы мүмкін еді (Sartori, Babajanov, 2019: 121-128). Жалпы САДУМ мүфтий Зияуддин Бабахановтың (1908—1982) исламдық қасиетті жерлердің зиярат етілуіне қарсы пәтуәсында, қасиетті жерлерге барып құлшылық қылудың, мазарлардың басына барып құрбан шалудың шарифатқа қайшы екендігі айтылған және өлген адамнан көмек сұрау адасушылық делінген. Сонымен қатар кесенелер басындағы шырақшыларды қатты сынаған (Муфтий Зияуддин, 1999: 203-207). Осылайша большевиктер ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан мұндай жергілікті діни дәстүрге қарсы күресте дінбасыларды да қолданған.



1958 жылғы 28 қарашадағы «Киелі жерлердің зиярат етілуін тоқтату шаралары туралы» КОКП Орталық Комитетінің қаулысының орындалу барысы туралы партияның 1959 жылғы 29 маусымдағы есебінде былай делінген:

«Қазақстан аумағында «қасиетті жер» деп аталатын 26 жер – су көздері (бұлақтар), үңгірлер, «әулиелер» мен «асыл» адамдар жерленген кесенелер бар еді. КОКП ОК қаулысы шыққаннан бері мұндай 13 (қасиетті) жер жабылып, оларға зиярат жасау іс жүзінде тоқтатылды.

Оңтүстік Қазақстан облысында бес кесене жабылды, олар Ұзын ата, Асық ата, Укаш ата, Баба Дәруіш және Ислам ата кесенелері. Укаш ата мазарының аумағында Кентау қаласындағы еңбекшілердің балаларына арналған пионер лагері ұйымдастырылды ...

Қазіргі уақытта республикада зиярат жасалатын тағы 13 кесене бар. Оның 9-ы Оңтүстік Қазақстан облысында, 4-уі Жамбыл облысында орналасқан. Республиканың басқа аймақтарында мұндай «кесенелер» немесе діндарлар қасиет тұтатын басқа «қасиетті жерлер» жоқ.

Бұл кесенелердің барлығы көне мәдени ескерткіш ретінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Сәулет істері басқармасына тіркелген. Оларды қорғау жергілікті билік өкілдерінің міндеті. Осы көне құрылыстардың ішінде, Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесі көлемі, құрылыс техникасы мен сәулет өнері ретінде безендірілу жағынан дүние жүзіндегі ең көне құрылыстардың бірі және орта ғасырларлық құнды ескерткіш. Дегенмен, бұл Қазақстан үшін ғана емес, Орта Азия республикалары үшін де маңызды діни зиярат орталығы. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті осы кесенеді республикалық дін тарихы музейін құру туралы шешім қабылдады. Ол үшін қажетті экспонаттар мен әдебиеттер іріктеліп, қызметкерлер құрамы анықталып жатыр. Бұл музейді ұйымдастыру партия және мемлекеттік органдарға мұсылман халық арасында ғылыми-жаратылыстану және дінге қарсы насихатты күшейтуге көмектеседі» (ҚР ПА, 708-к. 34-т. 1651-іс. 174-175-пп.).

Бұл құжаттан партия Қазақстан жеріндегі қасиетті жерлердің санын азайтып көрсеткені байқауға болады. Ол кезеңде Қазақстан бойынша барлығы тек 26 қасиетті жер болмағаны анық. Мемлекет тіркеп, өз қорғауына алған 13-і кесенені ғана қасиетті жер деп санағанын да көруге болады және олардың барлығы Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында орналасқан. Басқа өңірлерден бірде-бір қасиетті орын ескерткіш ретінде тіркелмеген. Оған қоса Қазақстан ғана емес, бүкіл Орта Азия бойынша ең үлкен киелі орынның бірі болып сенушілер тарапынан зиярат етілетін Ахмет Яссауи кесенесі большевиктердің қатты бақылауында болған. Ол жерге барып зиярат ететін сенушілерді азайту үшін кесенеді дінге қарсы насихат үшін қолданылатын үлкен музей құру жоспарланған. Мемлекеттің қасиетті жерлермен күресіне халықтың қарсы реакциясы да болғанын айта кету керек. Мәселен, 1959 жылы Түркістан қаласындағы діндарлар жұма намазы кезінде сол жерде тіркелген САДУМ имамына Ахмет Яссауи кесенесінің жабылуына қатысты наразылық білдіріп, сұрақтар қойған. Имам болса, Әмір Темір бұл кесенені тек өзінің абыройын көтеру үшін салғанын және Әмір Темірдің мұсылмандарға қарсы «қатыгездігімен», «қанқұмарлығымен» әйгілі болғанын айтып жауап берген (Тасар, 2017, 222). Бұдан мемлекет және оның имамдарының Ахмет Яссауи кесенесіне ғана емес, оны салдырған Әмір Темірге де қарсы көзқараста болғанын көруге болады.

Мемлекеттің киелі орындарға қарсы күресте әртүрлі әдістерді қолданғаны көрініп тұр. Н. Хрущевтан кейін исламға, қасиетті жерлерге қарсы мемлекеттің саясаты аздап жұмсарғанымен, қасиетті жерлерге қарсы ұстаным мен насихат одақ тарағанға дейін жалғасты. Бұл істе мемлекет САДУМ-ды да одан әрі қолдана берді. САДУМ-ның



қасиетті жерлерді зиярат етуге қатысты қатаң көзқарасы 1980-шы жылдары мүфтий Шамсиддинхан Бабаханов (1937—2003) кезінде де жалғасты. Қасиетті жерлерге қарсы көзқарас ресми жиындарда, кеңестерде талқыланатын болған. Мысалы, сол кезеңде Дін істері кеңесінің Өзбекстандағы өкілі У.А. Рустамовтың қатысуымен болған бір жиында мүфтий Ш. Бабаханов, мүфтий орынбасары А. Абдуллаев және басқалар кесенелерге, әулиелерге сиынудың шарифатқа қайшы екендігін, бейіттердің кесене секілді үлкен етіп салынбауы тиіс екендігін айтқан және ресми молдаларға оны мешіттерде діндарларға да жеткізуді тапсырған (Юсупов, 2008: 79). САДУМ-ға бағынышты Қазақстан қазиятының қазияы болған Сәдуақас Ғылмани (1890-1972) да өз еңбегінде, халық арасында Түркістандағы Әзірет-Сұлтан кесенесіне келіп зиярат етсе, ол қажылық қылғанның жартысына тең деген түсінік болғанын немесе қажылық қылған кісілер Меккеге қажылыққа бармас бұрын, Әзірет-Сұлтанға бардың ба деп сұрайтын болғанын жазады. Оған қоса өзі де САДУМ мүшесі ретінде, ишанға қол беріп мүрид болуды, сопылық тариқаттарды және қасиетті жерге барып зиярат етіп, дұға қылуды сынаған және ол мәселеге қатысты САДУМ пәтуасын еске салып отырған (Ғылмани, 2013: 130-131, 140-141, 169).

1940 жылдары тарихи ескерткіш ретінде Яссауи кесенесін күтіп-ұстау үшін айтарлықтай ештеңе жасалмаған. Соғыс басталғанда кесенедегі жұмыстар тоқтатылған еді. Алайда, ол Сәулет басқармасына тапсырылғанға дейін Қазақ КСР Сәулет істері басқармасының 1945 жылғы 7 тамыздағы құжатында Ахмет Яссауи кесенесі ішіндегі мешітке қатысты; әшекейлері мол кесененің тозығы жеткені, сондықтан қалпына келтіруді қажет ететіндігі, бірақ реставрацияның күрделі жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жасалуы тиіс жұмыс екендігі жазылған. Сондай-ақ, кесенедегі барлық бөлмелердің ішінде мешіт бөлмесінің қатты тозығы жеткендігі, бірақ жөндеу жұмыстары жүргізілсе, оны қалпына келтіруге болатындығы айтылған (ҚР ОМА, 1711-қ. 1-т. 5-іс. 43-44-пп.). Сәулет басқармасының осындай ұсыныстарының нәтижесінде Ахмет Яссауи кесенесі аталған басқармаға беріліп, жөндеу жұмыстары басталып кеткен болуы мүмкін деп топшылаймыз.

Ахмет Яссауи кесенесін зерттеу жұмыстары 1949 жылдан бастап біртіндеп басталған. Кешенді түрде сәулет, археологиялық және инженерлік зерттеулерге қажеттілік пісіп жетіліп, 1951-1959 жылдары Яссауи кесенесіне кешенді зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Бұл жұмыстар Қазақ ССР Құрылыс комитетінің (Горстрой) Ескерткіштерді қорғау департаментінің тапсырысы бойынша, бірнеше ғалымдардың ғылыми жетекшілігімен Өзбек ССР Құрылыс комитетінің мамандандырылған ғылыми реставрациялық-өндірістік шеберханасы тарапынан жүргізілген (Ёлгин, 2013: 141-143). Жалпы кеңестік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесі бойынша ең үлкен зерттеулер 1952-1958 жылдары (Б.Н. Засыпкин, Т.Ш. Карумидзе, Л.Ю. Маньковская, К.А. Шахурин) және 1970-1980 жылдары (Б.Т. Тұяқбаева, А.Н. Проскурин) жүргізілген (Свод памятников, 1994: 276). Яғни, Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстары 1950-1980 жылдар аралығында жалғасқан.

1950 жылдары Ахмет Яссауи кесенесін зиярат етушілер саны да артқан. Архив құжаттарында, сол жылдары Ахмет Яссауи кесенесін тек Қазақстан мұсырмандары ғана емес, бүкіл Орта Азия республикалары мен Татар, Башқұрт автономиялық кеңестік социалистік республикаларындағы діндарлар да құрмет тұтып зиярат еткені жазылған. 1958 жылы 26 қарашада жергілікті билік Яссауи кесенесінен 100-150 метр қашықтықта орналасқан Хиливат мешітін басқа шалғай жерге көшіру туралы шешім қабылдаған. Сонымен қатар, Ахмет Яссауи кесенесіндегі қалпына келтіру жұмыстары аяқталғаннан кейін кесененің музейге айналатыны, бұл оның діндарлар тарапынан зиярат етілуін түпкілікті тоқтатуға мүмкіндік беретіндігі айтылған (ҚР ОМА, 1711-қ. 2-т. 90-іс. 42-43-пп.). Көріп отырғанымыздай, мешітке келетін



діндарлардың Ахмет Яссауи кесенесіне келуін алдын алу үшін бейіт жанындағы тіркелген мешітті де қабірден алыс жерге көшірген. Оған қоса сенушілер кесенені зиярат етпес үшін оны музейге айналдыру көзделген.

Коммунистер Н. Хрущевтің дінге қарсы шабуылы кезеңінде дінмен күресу үшін Ахмет Яссауи кесенесін жай музей емес, атеистік музейге айналдыруды жоспарлаған. Мысалы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Діни культтер істері жөніндегі уәкілетті кеңестің төрағасы Б. Жұмашевтың 1959 жылғы 5 маусымдағы баяндамасынан сөзбе-сөз үзінді келтірер болсақ:

«Қазан социалистік революциясына дейін Қазақстанның барлық аймақтарынан келетін дінге сенушілер тарапынан зиярат етілетін жалғыз орын XIV ғ. ғасырдың соңы мен XV ғ. басында Түркістанда салынған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі еді.

Көне дәуірдің құнды сәулет ескерткіші саналатын бұл кесене, 1947 жылғы 23 қыркүйектегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен Сәулет істері басқармасына өткізіліп, содан бері зияратшылардың кесенеге кіруіне тыйым салынған. Сонымен бірге бұл алып құрылысты сәулет ескерткіші ретінде одан әрі сақтау үшін қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары басталды.

Алайда, аталған күннен бастап кесенеге келушілердің кесенеге кіруіне тиым салынғанымен және зиярат етушілердің Түркістан қаласына келуі күрт азайғанымен, зиярат ету күні бүгінге дейін тоқтаған жоқ. Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан және Орта Азия республикаларынан келушілердің үлкен ағыны әсіресе мұсылмандардың діни мерекелері мен Рамазан айы кезінде байқалады.

Кесенені қалпына келтіру және жаңарту жұмыстары ұзақ жылдар бойы жалғасуда. Бұл жұмысқа қазірдің өзінде үш миллион рубльден астам қаржы жұмсалды. Қазақ КСР-нің шешім қабылдаушы органдарының шешімімен бұл жұмыстар 1959 жылы аяқталуы тиіс. Қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі үлкен саябақпен қоршалып, онда кинотеатр, мәжіліс залы мен кітапханасы бар клуб салынатын болады. Кесене ғимаратының өзі атеистік мұражай ретінде ашылады.

Қазақстанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен бөлек бүгінгі күнге дейін сақталған және діндарлар тарапынан «қасиетті жер» деп есептелінетін 20 кесене тағы бар. Алайда бұл мазарлардың барлығы тек жергілікті маңызы бар «қасиетті жерлер» болып саналады. Бұл кесенелерге басқа облыстар мен республикалардан келіп зиярат ететіндер өте сирек. Осы 20 кесененің біреуі Жамбыл облысы облыстық музейінің қарамағында. Ол Жамбыл қаласында орналасқан «Әулие ата Қарахан» кесенесі. Бұл кесене де көне ескерткіш ретінде Сәулет басқармасында тіркелген. Бұл кесене мен Қожа Ахмет Яссауи ғибадатханасынан басқа барлығы 20 кесененің тағы 10 кесенесі Сәулет басқармасында тіркелген. 1959 жылға дейін Сәулет басқармасының облыстық басқармалары штаттық күзетшілері болмағандықтан, бұл кесенелердің кілттерін кесенелердің маңында тұратын әрі «қожа» деп аталатын және өздерін бұл кесенелерге жерленген «әулиелердің» ұрпақтары деп санайтын адамдарға тапсырып отырған. Ал, олар қолдарындағы кілттерді пайдаланып, зияратшыларды кесенеге ақылы түрде кіргізген. 1957 жылы мұндай оқиға Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде де болған. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде түнде жұмыс істейтін күзетшілер «қасиетті» кесенеге келушілердің ішке кіруіне ақылы түрде рұқсат берген, бірақ одан соң ол 4 күзетші ауыстырылған. Енді бұл он кесененің барлығында есік кілттері «әулиелер ұрпақтарының» қолынан алынып, тиісті жергілікті билік өкілдерінің қолына тапсырылды, осылайша бұл кесенелерге дұға жасау үшін енді ешкім кіре алмайды.

Бұл мазарлар төмендегідей:

Оңтүстік Қазақстан облысында:

1. Сайрам ауылындағы Ибрахим ата кесенесі.



2. Сайрам ауылындағы Хусейн Ғази Байзави кесенесі.
3. Сайрам ауылындағы Қарашаш ана кесенесі.
4. Сайрам ауылындағы Мирәлі баб кесенесі.
5. Сайрам ауылындағы Қызыр кесенесі.
6. Сайрам ауылындағы Қожа Тали кесенесі.
7. Сайрам ауылындағы Абдулғазиз баб кесенесі.
8. Шәуілдір өңіріндегі Арыстан баб кесенесі.

Жамбыл облысында:

9. Жамбыл ауданы, Головачевка ауылындағы Айша бибі кесенесі.
10. Сол жерде орналасқан Бабаджа Хатун кесенесі» делінген (ҚР ОМА, 1711-к. 2-т. 87-іс. 60-62-пп.). Бұл құжат көп нәрсені аңғартады. Бұдан кеңестік биліктің аталған қасиетті жерлерге қатысты ниеті мен жоспарын айқын көруге болады. Осылайша, коммунистер кесенелерге келген зияратшыларды тоқтатып қана қоймай, кесененің кілтін өз қолдарына алып, оған ешкімді кіргізбей қатаң бақылауға ұстаған. Сонымен қатар, большевиктердің Ахмет Яссауи кесенесін сақтап қалу үшін арнайы қаржы бөліп, ұзақ уақыт жөндеу жұмыстарын жүргізгенін де айта кету қажет.

Тағы бір айта кететін жайт, сол кезеңде Қазақстанда киелі орын деп саналып сақталған киелі орындар саны 20 ғана емес еді. Одан бірнеше есе көп болды. Кеңестік билік зиярат етілетін киелі жерлердің санын барынша азайтып көрсетуге тырысқан. Өйткені, 1960 жылы тек Оңтүстік Қазақстан облысында бұрыннан бар және кеңестік биліктің «шарлатан» деп атаған тіркелмеген дінбасылардың киелі орын ретінде пайдаланып ақша табатын жерлеріне айналған 14 кесененің анықталғаны және жабылғаны жазылған. Көріп отырғанымыздай, тек қана Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде қасиетті жерлердің саны көп болған. 1960 жылы олардың барлығы жабылып, дінге сенушілер тарапынан зиярат етілуі тоқтағаны жазылған. Олардың арасында Арыстан Баб пен Қожа Ахмет Яссауи кесенелері де бар еді (ҚР ОМА. 1711-к. 1-т. 82-іс. 308-309-пп.). Тағы бір маңызды бір құжат 1961 жылы 19 сәуірде Д.А. Қонаевтың төрағалығымен өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының мәжілісінің хаттамасы. Ол құжатта:

«Қазақ ССР Министрлер Кеңесіне бағынышты Горстройға, республикалық ислам және атеизм тарихының атеисттік музейі құрылатын Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын аяқтау бойынша қосымша шаралар қабылдау тапсырылсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен Саяси және ғылыми ақпараттарды тарату қауымдастығына музей жұмысын ұйымдастыруға қатысты барлық қажетті құрал-жабдықтарды, экспонаттар мен басқа да материалдарды дайындау жүктелсін» делінген (ҚР ПА, 708-қ. 34-т. 123-іс. 65-п.). Бұл құжатта да Н. Хрущев кезеңіндегі қасиетті жерлермен күрес науқанында Ахмет Яссауи кесенесінде атеисттік музей салу әрекеті сөз болған. Ахмет Яссауи кесенесі Н. Хрущев тұсында атеисттік музей ретінде пайдалану жоспарланғанымен, реставрация жұмыстары аяқталмай, ол кезде атеисттік музей ашылмаған болатын. Алайда, кесенеге қатысты мұндай жоспар кейінгі жылдары да жалғасын тапқан.

1966 жылы Ораза айт күндері Шымкенттен және Қазақстанның басқа облыстарынан келген діндарлар Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне келіп зиярат еткен. Рамазан мен Құрбан айтта айт намазынан кейін зияратшылар топ-топ болып Яссауи кесенесіне барып, дұға қылатын болған. Бірақ зияратшылар кесенеге кіре алмайтын еді. Ал, кейбір дінге сенбейтін адамдар кесенеге тарихи ескерткіш ретінде келіп зиярат ететін болған. 1966 жылы кесенеді бір кітапхана орналасқан және басқа бөлмелердің көбі бос болған. Большевиктер Ахмет Яссауи мазарының бос бөлмелері мен үлкен залын ғылыми-атеисттік насихаттың орталығына айналуы тиіс атеизм музейін



ұйымдастыруға пайдалануды да ұсынған (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 2-іс. 16-п.). Алайда, Кеңес үкіметінің барлық кедергілері мен шабуылдарына қарамастан алыстан келген діндарлар Ахмет Яссауи кесенесін зиярат етуді жалғастыра берген. Мәселен, 1966 жылғы діни мерекеде Ахмед Яссауи кесенесін зиярат етуге келген діндарлар қатарында Қызылордалықтар да болған. 1966 жылдың 30 наурызы мен 2 сәуірі аралығындағы Құрбан айт кезінде Қызылорда қаласынан 40 діндар Ахмет Яссауи мазарындағы құлшылықтарға қатысу үшін Түркістанға барған (ҚОМА, R-808-қ. 1-т. 7-іс. 48-п.). Дәл осындай жағдай 1968 жылы Құрбан айтта да қайталанған, яғни 30-ға жуық Қызылордалық Яссауи кесенесіне келіп зиярат еткен (ҚОМА, R-808-қ. 1-т. 9-іс. 67-п.). Байқағанымыздай, Қазақстанның түкпір-түкпірінен арнайы мемлекеттік органдар Ахмет Яссауи кесенесіне келушілерді бақылап, оны тиісті органдарға хабарлап отырған.

Діндарлар киелі жерлерге көбіне жаз айларында барып зиярат еткен. Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесін жұртшылық тұрақты түрде зиярат етуін жалғастырып отырған. Мысалы, 1970 жылы кесенені зиярат еткен діндарлар ішіне кіре алмай, дуалдың сыртында дұға қылған. Ахмет Яссауи кесенесінде атеизм музейі ашылмағанымен, 1970 жылы кесенеді атеистік кітаптармен жабықталған арнайы атеизм бұрышы (уголок) орналасқан (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 58-іс. 39-п.). Байқалғанындай, Ахмет Яссауи кесенесінде ашу жоспарланған атеистік музей құрылмаса да, оның ішінде атеистік бұрыш жұмыс жасаған.

Кеңес үкіметі діни зиярат ету орны ретінде Ахмет Яссауи кесенесінің қасиеттілігін жоюға әрекеттенгенімен, нәтиже шықпады деуге болады. Мұрағат құжаттары ол жерге зиярат етіп келушілердің тоқтамағанын көрсетеді. 1973 жылы Құрбан айт күндері Ақтөбе, Қызылорда және Шымкент облыстарынан келген кейбір діндарлар Қожа Ахмет Яссауи мазарын қасиетті жер ретінде зиярат еткен. Бірақ кесенеге кіруге рұқсат етілмей, бұл діндарлар қаладағы тіркелген мешітте айт намазына қатысып, айт намазынан кейін Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қоршауының сыртында құран оқып, дұға жасаған (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 127-іс. 57-п.). Қазақстанға келген шетелдік қонақтар да киелі мекен ретінде Ахмет Яссауи бейітін зиярат ететін болған. Мысалы, 1979 жылы қыркүйекте Түркияда тұратын Оспан Алтай есімді бір этникалық қазақ Қазақстанның Алматы, Түркістан қалаларына барған. Яссауи кесенесін аралаған Оспан Алтай одан үлкен әсер алғанын айтқан. Сондай-ақ ол Түркияда тұратын қазақтар арасында Яссауи кесенесіне үш рет бару Меккеге қажылыққа барумен бірдей деген түсінік бар екенін жеткізген (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 198-іс. 22-23-пп.). Осылайша, кеңестік билік қанша тырысса да, Ахмет Яссауи кесенесінің киелілігін түрік халықтарының санасынан өшіре алмағанын көруге болады.

1981-1984 жылдар аралығында Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарына атсалысқан маман Жантемір Алимов өз естелігінде, мемлекеттің Яссауи кесенесін музейге айналдырудағы мақсаты, адамдардың санасынан «әулие», «қасиеттілік», «киелілік» деген түсініктерді өшіріп, кесенені жәй ғана тарих және мәдениет музейіне айналдыру болды дейді. Музейге айналдыру жұмыстарының нәтижесінде кесененің қатты зақымданғанын айтады. Музейге айналдыру жоспары бойынша кесененің есік-терезелері жабылып, барлық желдеткіш каналдардың қолмен жабылғанын өз естелігінде жан-жақты баяндайды. Ж. Алимов бұл мәселелерді Мәдениет министрлігіне және оның лауазымды тұлғаларына (Ж. Еркінбеков – министр, Ө. Жәнібеков – министрдің орынбасары, Д. Жалилов – кесенені қорғау басқармасының бастығы) жеке хатпен жеткізгенін де келтірген (Алимов, 2019: 15-16, 29-31). Тағы айта кететін жайт, Ж.Алимов, Өзбекәлі Жәнібековтің Яссауи кесенесіне (компартияның мүшесі болса да) үлкен жанашырлық танытқанын да айтады (Zholdassuly, Baizhanova,



2022: 204). Бұл туралы Өзбекәлі Жәнібековтің өзі де өз естелігінде жан-жақты баяндайды (Жәнібеков, 1996: 119-124).

1955-1959 жылдары кесенедегі реставрация жұмыстарының жетекші кураторы болған кеңестік ғалым Л.Ю. Маньковская да Ахмет Яссауи кесенесін музейге айналдыру кесене үшін қауіпті екенін былайша жеткізген: «Использование памятника как музея повлекло бы нежелательное отопление и герметизацию проемов, что нарушит режим проветривания и поставит под угрозу своды». Яғни, атақты реставратор Л.Ю. Маньковская кесенені музей ретінде пайдалану оның жылыту жүйесін және ойықтесіктерін бітеуге алып келетінін, ал бұл жағдай бөлмелердің желденіп, ауа ауысу тәртібін бұзатынын және күмбездерге қауіп төндіретінін ескерткен. Бірақ Л.Ю. Маньковскаяның пікірін кейінгі реставрация басшылары ескермегенге ұқсайды (Алимов, 2019: 116).

Ақырында, Ахмет Яссауи кесенесі 1978-1979 жылдардан бастап музей қызметін атқара бастаған (Муминов и др., 2017: 79). Ал, 1989 жылы 28 тамызда бұл музей «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы болып қайта құрылған (Свод памятников, 1994: 357-359). Бір қызығы, аталған музейдің негізгі жұмысының бірі атеистік насихат жүргізу болған. Музейде атеистік бұрыш жұмыс жасаған және өз кезегінде ол жерде атеистік көрмелер қойылған. Сонымен қатар, Ахмет Яссауи кесенесінде көшпелі атеистік автоклуб болған. Музей қызметкерлері қала мектептерін, оқу орындарын және зауыттарды аралап, жылына 2-3 рет атеистік лекциялар оқыған және бұл музей қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі болған (Zholdassuly, Baizhanova, 2022: 204). Бұл деректердің барлығы Яссауи мұрасының қаншалықты шабуылға ұшырап, бүлінгенін аңғартады.

**Қорытынды.** Коммунистік партияның исламдық қасиетті жерлердің дінге сенушілер тарапынан зиярат етілуіне қарсы ондаған жыл бойы жасаған шабуылы нәтиже берді ме деген сұраққа, толық нәтиже бермеді деп жауап бере аламыз. Большевиктер киелі мекендерге деген сенушілердің зияратын азайтқанымен толықтай жоя алмады. Большевиктер күткен толықтай атеистік қоғам құрылмады. Қасиетті жерлерге қарсы шабуыл мен үгіт-насихат жаппай күш алып тұрған 1958-1964 жылдардың өзінде зиярат етушілердің саны азайғанымен, тоқтамаған. Сонымен қатар Н. Хрущев кеткен соң қасиетті жерлерге баратын зияратшылардың саны жылдан жылға көбейе берген. Бірақ зиярат тоқтамағанымен, атеистік идеологияның қазақ даласында өмір сүрген атақты қожа-ишандардың мұрасына үлкен зияны тигені мәлім. Киелі мекендердің зиярат етілуіне және оған қатысты діни дәстүрлерге қарсы күрес ишанизмге (сопылыққа) қарсы күрес аясында жүргізілді. Ишандық, диуаналық, дәруіштік (дервишизм) және мүридтік (мюридизм) атеистік тұрғыда талданып, «ескіліктің», «қараңғылықтың», «надандықтың» белгісі саналды. Ишандар болса жұмысшылар мен шаруалардың «жауы» саналып, «қанаушы» тапқа жатқызылды. Халық тарапынан көп зиярат етілетін, әулие тұтылатын ишан-қожалардың кесенелері мен ол жерлерде жасалатын діни ритуалдар атеистік қоғам құрғысы келген большевиктер үшін үлкен кедергінің бірі болды.

Жалпы сол кездегі деректерден кеңестік биліктің қасиетті жерлердің зиярат етілуіне қарсы күресі екі бағытта жүргенін көруге болады, біріншісі киелі мекендерге қарсы үгіт-насихат жұмыстары, екіншісі оларға қарсы тікелей шабуыл. Үгіт-насихат жұмыстары атеистік тұрғыда дінге қарсы күрестің құрамдас бөлігі ретінде жүргізілді. Партия қасиетті жерлерге қарсы шешімдер мен қаулылар шығарды және сол шешімдер негізінде мерзімді басылымдар мен музейлер жаппай үгіт-насихат жұмыстарына қатыстырылды және атеистік мазмұндағы әдебиеттер жарияланып тұрды. Ал, тікелей шабуыл барысында кейбір қасиетті жерлерге зияратшылардың келуіне кедергі келтіру үшін кесенелер жабылып, оларға үлкен құлып салынды және сенушілер ішіне





кіргізілмеді. Укаш ата кесенесі секілді кейбір қасиетті жерлер балалар лагеріне айналдырылды. Ал, Ахмет Яссауи кесенесінде атеистік музей ашу жоспарланды және ол жерде атеистік кітаптармен жабдықталған арнайы атеизм бұрышы жұмыс жасады. Бірақ орта ғасырлық тарихи ескерткіш ретінде Ахмет Яссауи кесенесіне кеңестік кезеңде жасалған зерттеу және қалпына келтіру жұмыстарын да айта кету қажет. Бұл бағытта да аз жұмыс жасалмады. Сонда да бәрібір большевиктер аталған мавзолейді қазақ халқының рухани орталығы, қасиетті орны ретінде халық жадынан өшіруге талпынды. Бірақ кеңестік билік ол мақсатына толықтай жете алмады. Мақсатына жете алмаса да сол кезеңдегі діни дәстүрге жасаған осындай түрлі рухани шабуылдарының зардабы тәуелсіздіктен кейінгі Қазақстандағы діни өмірдің шиеленісуіне себеп болды.

#### Дереккөздер

ҚОМА — Қызылорда облыстық мемлекеттік Архиві  
 ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві  
 ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

#### Sources

AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan  
 CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan  
 KRSA — Kyzylorda Regional State Archive

#### Әдебиеттер

- Абашин, 2006 — *Абашин С.Н.* Ислам на территории бывшей Российской империи: энциклопедический словарь. Том 1. Ред. С.М. Прозоров. Москва: Восточная литература, 2006. С. 164-166.
- Алимов, 2019 — *Алимов Ж.* Кесене үшін күрес: Естеліктер мен мақалалар. Алматы: Орхон, 2019. 140 б.
- Бабаханов, 1999 — *Бабаханов Ш.* Муфтий Зияуддин ибн Эшон Бабахан. Жизнь деятельность. Ташкент: Узбекистон миллий энциклопедияси, 1999. 351 с.
- Ғылмани, 2013 — *Ғылмани С.* Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. I том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 576 б.
- Дастанов, 1967 — *Дастанов О.* «Әулиелі» жерлер туралы шындық. Алматы: Қазақстан, 1967. 80 б.
- Ёлгин, 2013 — *Ёлгин Ю.А.* Археологические и историко-архитектурные исследования мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави: Вторая половина XIX в. – середина 1950-х годов: (Очерки и материалы). Алматы: Ғылыми қазына, 2013. 225 с.
- Жәнібеков, 1996 — *Жәнібеков Ө.* Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы: Рауан, 1996. 192 б.
- Ислам в СССР, 1983 — *Ислам в СССР.* Особенности процесса секуляризации в республиках советского Востока: монография // А. И. Абдусамедов, И. Ш. Алискеров и др. Отв. ред.: Э.Г. Филимонов. Москва: Мысль, 1983. 173 с.
- Ислам и советское государство, 2010 — *Ислам и советское государство (1917–1936).* Сборник документов. Выпуск 2. Составитель: Д.Ю. Арапов. Москва: Издательский дом Марджани, 2010. 209 с.
- Ислам и советское государство, 2011 — *Ислам и советское государство (1944-1990).* Сборник документов. Выпуск 3. Составитель: Д.Ю. Арапов. Москва: Издательский дом Марджани, 2011. 528 с.
- Кеңес өкіметінің дін саясаты..., 2022 — *Кеңес өкіметінің дін саясаты және діни себептермен қуғындалғандар. Құжаттар мен мақалалар жинағы.* Жауапты редактор: Кенжетай Д. Алматы: Арыс, 2022. 184 б.
- Массон, 1930 — *Массон М.Е.* Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. Ташкент: Типо-Лит, 1930. 25 с.
- Муминов и др., 2017 — *Муминов А.К., Муминов А.К., Кумеков Б.Е., Султонов У.А., Шуховцов В.К., Кенжетайев Д.Т., Кабылова А.С., Утепбергенова У.А., Айбасов А.А.* Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Ясави. Астана: Мастер ПО ЖШС, 2017. 216 с.
- Мухаметшин и др., 2013 — *Мухаметшин Ф.М., Абашин С.Н., Арапов Д.Ю., Бабаджанов Б.М., Германов В.А., Иванов В.А., Шигабдинов Р.Н.* Россия - Средняя Азия: Политика и ислам в конце XVIII - начале XXI века. Москва: Издательство Московского университета, 2013. 480 с.
- Нұртазина, 2008 — *Нұртазина Н.* Исламға қарсы шабуыл: Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген дінге қарсы саясаты (XX ғасырдың 20-40-шы жылдары). Алматы: Қазақ Университеті, 2008. 35 б.
- Преодолевая религиозное .., 1990 — *Преодолевая религиозное влияние ислама: Сборник документов и материалов.* Алма-Ата: Казахстан, 1990, 256 с.



Свод памятников, 1994 — *Свод памятников истории и культуры Казахстана: Южно-Казахстанская область*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. 368 с.

Юсупов, 2008 — *Юсупов Р.М. Узбекистонда XX асрнинг 40-80 йилларида мусулмон диний ташкилотлари ва уламолар фаолияти (МДА маълумотлари асосида)*. Тарих фанлари номзоди илмий даражасини олиш учун диссертация. Андижон, 2008. 163 с.

Muminov, 2013 — *Muminov A. Sacred Places In Central Asia: Attempts At Their Historical and Theological Interpretation*. / Shinmen Yasushi, Sawada Minoru and Waite Edmund (Eds). Muslim Saints and Mausoleums in Central Asia and Xinjiang. Paris: Librairie d'Amérique et d'Orient, 2013. Pp. 27-36.

Privratsky, 1998 — *Privratsky B.G. Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory*. PhD dissertation. Knoxville: University of Tennessee, 1998. 492 p.

Sartori, Babajanov, 2019 — *Sartori P., Babajanov B. Being Soviet, Muslim, Modernist, and Fundamentalist in 1950s Central Asia*. // *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 62, 2019. Pp. 108-165.

Tasar, 2017 — *Tasar E. The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943-1991*. New York: Oxford University Press, 2017. 432 p.

Zholdassuly, 2020 — *Zholdassuly T. Sovyet Kazakistan'ında İslama Yönelik Bir Uygulama: Militan Tanrısızlar Birliği* // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 2020. Pp. 531-556.

Zholdassuly, 2023 — *Zholdassuly T. Sovyetler'in İslam Siyaseti ve Orta Asya'da Dini İdare*. Ankara: Hitabevi, 2023. 336 p.

Zholdassuly, Baizhanova, 2022 — *Zholdassuly T., Baizhanova G. Sovyetler'in Kutsal Yerlere Karşı Politikası: Ahmet Yesevi Türbesi Örneği* // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, Yaz, 2022. Sayı 102. Pp. 193-210.

#### References

Abashin, 2006 — *Abashin S.N. Ishan [Ishan]* // *Islam na territorii byvshei Rossijskoï imperii: enciklopedicheskiy slovar*. Tom 1. Moskva: Vostochnaya literatura, 2006. Pp. 164-166. (In Russ.).

Alimov, 2019 — *Alimov Zh. Kesene ushin kures: Estelikter men makalalar [The Struggle for the Tomb: Memoirs and Articles]*. Almaty: Orhon, 2019. 140 p. (In Kaz.).

Babahanov, 1999 — *Babahanov Sh. Muftii Ziyauddin ibn Eshon Babahan. Zhizn' deyatel'nost' [Mufti Ziyauddin ibn Eshon Babakhan. Life activity]*. Tashkent: Uzbekiston milliy enciklopediyasi, 1999. 351 p. (In Russ.).

Dastanov, 1967 — *Dastanov O. "Aulieli" zherler turaly shyndyk [The truth about "holy" places]*. Almaty: Kazakstan, 1967. 80 p. (In Kaz.).

Gylmani, 2013 — *Gylmani S. Zamanamyzda bolgan gulamalardyn gumyr tarihtary [Life stories of contemporary scholars]*. I tom. Zhauapty shygarushylar: A.K. Muminov, A. J. Frank. Almaty: Dajk-Press, 2013. 576 p. (In Kaz.).

Islam i sovetskoe gosudarstvo, 2010 — *Islam i sovetskoe gosudarstvo (1917–1936)* [Islam and the Soviet State (1917–1936)]. *Sbornik dokumentov*. Vol. 2. Moskva: Izdatel'skiy dom Mardzhani, 2010. 209 p. (In Russ.).

Islam i sovetskoe gosudarstvo, 2011 — *Islam i sovetskoe gosudarstvo (1944-1990)* [Islam and the Soviet State (1944-1990)]. *Sbornik dokumentov*. Vol. 3. Moskva: Izdatel'skiy dom Mardzhani, 2011. 528 p. (In Russ.).

Islam v SSSR, 1983 — *Islam v SSSR. Osobennosti processa sekulyarizatsii v respublikah sovetskogo Vostoka [Islam in the USSR. Features of the process of secularization in the republics of the Soviet East]: monografiya* / A. I. Abdusamedov, I. SH. Aliskerov [i dr.]; otv. red. E. G. Filimonov. Moskva: Mysl', 1983. 173 p. (In Russ.).

Kenes okimetinin din sayasaty, 2022 — *Kenes okimetinin din sayasaty zhane dini sebeptermen kugyndalgandar [The religious policy of the Soviet government and those persecuted for religious reasons]*. Kuzhattar men makalalar zhinagy. Almaty: Arys, 2022. 184 p. (In Kaz.).

Masson, 1930 — *Masson M.E. Mavzolei Hodzha Ahmeda Yasevi [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasevi]*. Tashkent: Tipo-Lit, 1930. 25 p. (In Russ.).

Muhametshin et al., 2013 — *Muhametshin F.M., Abashin S.N., Arapov D.YU., Babadzhanov B.M., Germanov V.A., Ivanov V.A., SHigabdinov R.N. Rossiya — Srednyaya Aziya: Politika i islam v konce XVIII - nachale XXI veka [Russia - Central Asia: Politics and Islam at the end of the 18th - beginning of the 21st century]*. Moskva: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta, 2013. 480 p. (In Russ.).

Muminov et al., 2017 — *Muminov A.K. Muminov A.K., Kumekov B.E., Sultonov U.A., SHuhovcov V.K., Kenzhetaev D.T., Kabylova A.S., Utepbergenova U.A., Ajbosov A.A. Istoricheskie dokumenty mavzoleya Hodzha Ahmada Yasavi [Historical documents of the mausoleum of Khoja Ahmad Yasawi]*. Astana: Master PO ZHSHS, 2017. 216 p. (In Russ.).

Muminov, 2013 — *Muminov A. Sacred Places In Central Asia: Attempts At Their Historical And Theological Interpretation* // Shinmen Yasushi, Sawada Minoru and Waite Edmund (Eds). Muslim Saints and Mausoleums in Central Asia and Xinjiang. Paris: Librairie d'Amérique et d'Orient, 2013. Pp. 27-36.



Nurtazina, 2008 — *Nurtazina N.* Islamga karsy shabuyl: Kenes okimetinin Kazakstanda zhurgizgen dinge karsy sayasaty (XX gasyrdyn 20-40-shy zhyldary) [Attack on Islam: the anti-religious policy of the Soviet government in Kazakhstan (20s-40s of the 20th century)]. Almaty: Kazak Universiteti, 2008. 35 p. (In Kaz.).

Preodolevaya religioznoe..., 1990 — *Preodolevaya religioznoe* vliyanie islama [Overcoming the religious influence of Islam]: Sbornik dokumentov i materialov. Alma-Ata: Kazahstan, 1990, 256 p. (In Russ.).

Privratsky, 1998 — *Privratsky B.G.* Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory. PhD dissertation. Knoxville: University of Tennessee, 1998. 492 p.

Sartori, Babajanov, 2019 — *Sartori P., Babajanov B.* Being Soviet, Muslim, Modernist and Fundamentalist in 1950s Central Asia. // *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 019. Pp. 108-165.

Svod pamyatnikov, 1994 — *Svod pamyatnikov* istorii i kul'tury Kazahstana: YUzhno-Kazahstanskaya oblast' [Collection of historical and cultural monuments of Kazakhstan: South Kazakhstan region]. Almaty: Kazak enciklopediyasy, 1994. 368 p. (In Russ.).

Tasar, 2017 — *Tasar E.* The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943-1991. New York: Oxford University Press, 2017. 432 p.

Yolgin, 2013 — *Yolgin Yu.A.* Arheologicheskie i istoriko-arhitekturnye issledovaniya mavzoleya Hodzhi Ahmeda Yasavi: Vtoraya polovina XIX v. – seredina 1950-h godov [Archaeological and historical-architectural studies of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi: Second half of the 19th century. – mid-1950s]: (Ocherki i materialy). Almaty: Gylymi kazyna, 2013. 225 p. (In Russ.).

Yusupov, 2008 — *Yusupov R.M.* Uzbekistonda XX asrning 40-80 jillarida musulmon dinij tashkilotlari va ulamolar faoliyati (MDA ma"lumotlari asosida) [Activities of Muslim religious organizations and scholars in Uzbekistan in the 40s-80s of the 20th century (based on MDA data)]. Tarih fanlari nomzodi ilmiy darazhasini olish uchun dissertatsiya. Andizhon, 2008. 163 p. (In Uzb.).

Zhanibekov, 1996 — *Zhanibekov O.* Tagdyr tagylymy (estelikter) [Lesson of Destiny (Memories)]. Almaty: Rauan, 1996. 192 p. (In Kaz.).

Zholdassuly, 2020 — *Zholdassuly T.* Sovyet Kazakistan'ında İslama Yönelik Bir Uygulama: Militan Tanrısızlar Birliği [A Practice Against Islam in the Soviet Kazakhstan: The League of Militant Atheists] // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 96 (2020), Pp. 531-556 (In Turk.).

Zholdassuly, 2023 — *Zholdassuly T.* Sovyetler'in İslam Siyaseti ve Orta Asya'da Dini İdare [Soviet Islamic Policy and Religious Administration in Central Asia]. Ankara: Hitabevi, 2023, 336 s. (In Turk.).

Zholdassuly, Baizhanova, 2022 — *Zholdassuly T., Baizhanova G.* Sovyetler'in Kutsal Yerlere Karşı Politikası: Ahmet Yesevi Türbesi Örneği [Soviet Policy Against Sacred Places: The Example of Ahmad al-Yasawi Tomb] // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, Yaz 2022/Sayı 102, 2022 Pp. 193-210 (In Turk.).



## ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 347-360, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.81.37.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_347-360](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_347-360)

### “TARIKH-I MOGUL” AS A SOURCE OF THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

Galiya Amzeyvna Kambarbekova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
PhD, in Philology, Faculty of Oriental Studies, Department of the Middle East and South Asia  
<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: [kazalem@mail.ru](mailto:kazalem@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Kambarbekova G.A., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article discusses a previously unknown Persian work "Tarikh-i Mogul", written around the end of the XVth - beginning of the XVIth centuries, in which the name "Kazakh" is found. *The purpose and objectives.* Identification of as yet unstudied works through a comprehensive study of sources written in Persian, research and introduction of new information into scientific circulation. *Materials.* The article uses as its main material a work by an unknown author called "Tarikh-i Mogul". In Tarikh-i Mogul it is written that before the Gurkans came to power, the tribes of Kazakhs, Kipchaks and Kangly in the Zhetysu region plundered the property of the ruler, who was a descendant of the ruler Balasagun Afrasiab. *Results.* "Tarikh-i Mogul", written by an unknown author, is compared with other works in Persian, revealing the history of the Turkic-Mongol tribes. *Conclusion.* It was considered in various examples that the name Kazakh, which appears in the work of an unknown author, was not written by chance, but perhaps it was written because at that time it was customary to call the tribes Kazakh, Kipchak and Kangly. Therefore, the study, translation and introduction of such works into scientific circulation is considered one of the current topics.

**Keywords:** Persian source, Kazakh, Kipchak, Kangly, Balasagun, Tarikh-i Mogul, Gurkan, Mongol era

**Acknowledgements.** The article was prepared with the financial support of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan in the framework of programed-targeted funding «Kazakh Khanate of the second half of the XV - first half of the XVIII centuries» BR21882223.

**For citation:** Kambarbekova G.A. "Tarikh-i Mogul" as a source of the history of Kazakhstan // Otan tarikhy. 2024. Vol. 27.No. 2. Pp. 347-360. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_347-360



## «ТАРИХ-И МУҒУЛ» ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ

Галия Әмзеқызы Қамбарбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Филология ғылымдарының кандидаты, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы,  
Шығыстану факультеті

<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: [kazalem@mail.ru](mailto:kazalem@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024.

© Қамбарбекова Г.Ә., 2024.

**Андатпа.** *Kipicne.* Мақалада бұрындары белгісіз болып келген шамамен XV ғасырдың соңы, XVI ғасырдың басында жазылған ішінде «қазақ» атауы кездесетін Тарих-и муғул атты парсы тіліндегі шығарма қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Парсы тілінде жазылған дереккөздерді жан-жақты зерттеу арқылы әлі де зерттелмеген шығармаларды анықтау, зерттеу және ішіндегі тың мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу. *Материалдар.* Мақалада «Тарих-и муғул» деп аталатын белгісіз автордың шығармасы басты материал ретінде қолданылады. Тарих-и муғул шығармасында гурхандар билікке келген кезге дейін Жетісу өңірінде қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпаларының Баласағұн билеушісі Афрасиябтың ұрпағы болып келетін билеушіге тыным бермей мал-мүлкін тонағаны жайлы жазылған. *Нәтижелер.* Белгісіз автордың Тарих-и муғул шығармасы түрік-моңғол тайпаларының тарихынан сыр шертетін бірқақатар парсы тіліндегі шығармалармен салыстырылды. *Қорытынды.* Белгісіз автордың шығармасында кездесетін қазақ атауы кездейсоқ жазылған мәлімет емес, бәлкім сол кезде қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпалары деп атау қалыпты болғандықтан жазылған болуы мүмкін екендігі түрлі мысалдармен қарастырылды. Сондықтан осындай шығармаларды зерттеу, аудару және ғылыми айналымға енгізу өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

**Түйін сөздер:** Парсы дереккөзі, қазақ, қыпшақ, қаңлы, Баласағұн, Тарих-и муғул, гурхан, моңғол дәуірі

**Алғыс айту.** Бұл мақала ҚР БҒМ ҒК тарапынан қаржыландырылған «XV ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы» BR21882223 жобасы аясында әзірленді.

**Дәйексөз үшін:** Қамбарбекова Г.Ә. Тарих-и муғул Қазақстан тарихы бойынша дереккөз ретінде // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 347-360 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_347-360

## «ТАРИХ-И МУҒУЛ» КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Галия Амзеевна Камбарбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)

кандидат филологических наук, факультет востоковедения, кафедра Ближнего Востока и Южной Азии

<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: [kazalem@mail.ru](mailto:kazalem@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Камбарбекова Г.А., 2024



**Аннотация.** *Введение.* В статье рассматривается ранее неизвестное сочинение на фарси «Тарих-и Могол», созданное примерно в конце XV - начале XVI веков, в котором встречается этноним «Казах». *Цель и задачи.* Выявление еще неизученных произведений путем всестороннего изучения источников, написанных на персидском языке, исследование и введения в научный оборот новой информации о казахах. *Материалы.* В статье в качестве основного источника использовано произведение неизвестного автора «Тарих-и Мугул». В «Тарих-и Мугул» записано, что до прихода к власти гурканов племена казахов, кыпчаков и канлы в районе Жетысу разграбили имущество правителя, бывшего потомком правителя Баласагуна, Афрасиаба. *Результаты.* «Тарих-и Могол», написанное неизвестным автором, сопоставлено с другими произведениями на персидском языке, раскрывающими историю тюрко-монгольских племен. *Заключение.* На различных примерах доказывается, что название «казах», фигурирующее в произведении неизвестного автора, было им записано не случайно, а, возможно, потому, что в то время было принято называть племена казах, кыпчак и канглы. Поэтому исследование, перевод и введение таких произведений в научный оборот является одной из актуальных задач.

**Ключевые слова:** Источник, фарси, казах, кыпчак, канглы, Баласагун, «Тарих-и Могол», гурхан, монгольская эпоха

**Благодарность.** Статья подготовлена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования «Казахское ханство во второй половине XV - первой половине XVIII вв» (ИРН № BR21882223).

**Для цитирования:** Камбарбекова Г.А. «Тарих-и мугул» как источник по истории Казахстана // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 347-360. (На Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_347-360

**Кіріспе.** Отандық ирантану саласының маңызды бағыттарының бірі парсы тіліндегі дереккөздердегі Иран, Орталық Азия, соның ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін тың дереккөздерді анықтау және ғылыми айналымға енгізу болып саналады. Иран қолжазба қорларында қазақ халқының тарихын қамтыған біршама дереккөздер сақталған. Соның біршамасы отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан зерттеліп ғылыми айналымға енген. Енді бір бөлігінің үзінділері аударылып сол аударма бойынша зерттеулер жүргізілген. Алайда мыңдаған қолжазбалардың ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты әлі де зерттелмеген қолжазбалар болуы мүмкін.

Парсы тіліндегі тарихи шығармалардың жаңа сипатта, жаңа мазмұнда көлемді болып жазыла бастаған кезі моңғолдар билігімен тұспа-тұс келеді. Иран жеріне екінші батыс жорығын бастап барған Хулагу хан (1217-1265) ирандықтардың жазу өнеріне ерекше мән беретінін байқап ата-бабасының тарихын жаздыруға қызығушылық танытқаны тарихтан белгілі. Белгілі ирандық тарихшы Ш. Баяни Хулагудың билігі тұсындағы оқиғаларды саралай келе былай деп жазады: Ирандықтар моңғол мәдениетін қабылдау былай тұрсын қайта моңғолдарға жергілікті Иран халқының мәдениетін қабылдауға ерекше жұмылып жұмыс істеді. Осындай жанкешті ирандықтардың көшбасшысы ретінде Қожа Насираддин Туси (1201-1274) мен зиялылар шыққан Бахауиддин Жувейни әулетін ерекше атап көрсету керек. Нәтижеде Жувейни әулетінің өкілі Ата Малек Жувейни Тарих-и жахангушаи шығармасын жазып шығады (Баяни, 2003: 167). Хулагу хан жеке тарихшысы ретінде Ата Мәлік Жувейниді (1226-1283) жанында ертіп жүрген. Көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болған Ата Мәлік Жувейни моңғол-түрік тайпаларының шығу тегі мен Хулагу ханның ата-бабалары, әсіресе ұлы атасы Шыңғыс хан мен Хулагудың ерліктеріне арналған



Тарих-и жахангушаи атты шығармасын жазады. Осы кезден бастап Иранда тарихи шығарманы жазғанда алғашқы тарауын Адам ата мен Хауа ананың қысқаша тарихын баяндау, одан кейін түрік-моңғол тайпаларының тарихын баяндау, содан соң Шыңғыс хан мен оның балаларының билігі туралы жазу, содан кейін тарихшының өзі өмір сүрген дәуірдегі тарихи оқиғаларды баяндау дәстүрге айналады. Осындай шығармалардың біршамасының аты Иран қолжазба қорларында әлі күнге дейін Тарих-и муғул (Моңғол тарихы) деген атпен сақталған. Оның өзіндік себептері бар. Кейбір Тарих-и муғул деп аталатын шығармалардың басы мен аяғы жоғалған. Бірақ тарихи оқиға Шыңғыс хан мен оның жорықтарынан басталатындықтан шартты түрде Тарих-и муғул деген атпен атап кеткен. Ал бірақ кейбір Тарих-и муғул деп аталатын қолжазбалардың авторы бар. Мысалы Тарих-и муғул атты тағы бір қолжазбаның авторы Құтбаддин Ширази деп жазылған (1236-1311). Бірақ бұл еңбектің авторы Құтбаддин Ширази болмауы да мүмкін. Бірақ осы автордың қолымен көшірілген қолжазба болғандықтан әрі автордың өзі моңғолдар дәуірінде өмір сүргендіктен авторы ретінде Құтбаддин Ширазидың аты жазылған (Мэлли: 10117/2). Бұдан басқа бес парақтан тұратын Тарих-и муғул атты қолжазба бар. Яфестен тарайтын түрік-моңғол тайпалары туралы баяндай келе, Шыңғыс ханның тарихы баяндалатын басы да аяғы да жоқ қолжазба Тарих-и муғул аталып кеткен (Мэлли: 5-35053). Осы секілді бірқатар Тарих-и муғул деп аталатын қолжазбаларды қарап отырып бұрындары зерттелмеген, кітап түрінде жарық көрген каталогтарға еңбеген бірақ кітапхананың тізіміне алынған қолжазбаны анықтай алдық. Мақалада осы Тарих-и муғул деп шартты түрде аталып кеткен белгісіз автордың еңбегі жан-жақты талқыланады.

**Материалдар мен әдістер.** Мақалада Тарих-и муғул деп аталатын белгісіз автордың қолжазбасы басты материал ретінде қолданылады. Парсы тілінде жазылған бұл шығарма түпнұсқа дереккөз болып саналады және әлемде қазірше бір нұсқасы сақталғаны анықталды. Сонымен қатар Тарих-и муғул шығармасымен бір ғасырда жазылған бірнеше дереккөз салыстырылды. Атап айтқанда Ата Мәлік Жувейнидің Тарих-и жахангушаи, Мирхондтың Раузат ас-сафа және Хондемирдің Хабиб ас-сияр шығармаларын Тарих-и муғул дереккөзінде кездесетін қазақ атауына қатысты мәліметтер салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы қарастырылады. Сонымен қатар талдау және деректануға ортақ жалпы ғылыми әдістер қолданылады.

**Талқылау.** Тарих-и муғул деген атау электронды каталогқа енгізу барысында шартты түрде берілген ат екендігін жоғарыда атап өттік. Шын мәнінде осы шығарманың авторы әуел баста өз шығармасын қалай атағаны белгісіз. Бұл шығарма парсы тіліндегі қолжазба каталогтардың ешбірінде кездеспейді. Әдетте зерттеушілер парсы тіліндегі дереккөздермен жұмыс істегенде белгілі ғалым Ч.А. Стори мен оны толықтырып әрі орыс тіліне аударған Ю. Брегельдің «Персидская литература» атты био-библиографиялық шолу каталогын айналып өтпейді (Стори, 1972). Алайда аты танымал каталогта мақалада қарастырылған Тарих-и муғул шығармасы туралы мәлімет кездеспейді. Бұл туралы Иран ғалымдары жазуы мүмкін деген оймен ирандық зерттеушілерінің еңбектерін қарап шықтық. Бірақ олардың да еңбектерінде бұл шығарма туралы ешбір мәлімет кездестіре алмадық. Назардан тыс қалып отырған бұл қолжазбаның тарихы өзгеше. Тарих-и муғул қолжазбасының парсы қолжазбаларының каталогтарынан кездеспейтін себебі бұл қолжазба кейіннен Иран Ислам Республикасы Ұлттық кітапханасы қолжазбалар қорына келіп түскен. Иран әлемде қолжазба мұраларының көптігімен танымал елдердің қатарына жатады. Қазіргі таңда ИИР түрлі кітапханаларының қолжазба қорларында сақталған қолжазбалардың саны жарты миллионнан асады. Бұл тізімге алынған, шифры бар қолжазбалардың саны. Бірақ әлі күнге дейін тізімге алынбаған жеке коллекцияларда сақталған қолжазба мұралардың саны белгісіз. Жеке қорларда қолжазбалардың көп болуына орай Ирандағы танымал



кітапханалар, әсіресе ИИР Ұлттық кітапханасы жеке коллекцияларда сақталған қолжазбаларды сатып алу арқылы қолжазба коллекцияларын толықтырып отырады. Осындай шараның аясында ИИР Ұлттық кітапханасының қолжазба қоры сатып алған қолжазбалардың бірі осы Тарих-и муғул шығармасы. Бұл қолжазба 2008 жылға дейін жеке адамның қорында сақталып келген. Кейіннен бұл қолжазба өзге де сатып алынған қолжазбалармен бірге электронды каталогқа енгізілген. Бұл еңбектің ішінде кездесетін қазақ атауына тоқталмас бұрын қазақ сөзінің этимологиясына назар аударғанымыз жөн.

Қазақ сөзінің шығуы мен мағынасы туралы көптеген зерттеулер мен оның нұсқалары бар. Бұл туралы зерттеушілер осы уақытқа дейін бір-біріне қайшы келетін пікірлерді ұсынған. Сондай-ақ осы күнге дейінгі зерттеулердің ішінде бір-біріне жақын пікірлер де кездеседі. Олардың ішінде қазақ сөзінің Шахнамеде тіпті Авестада кездеседі деген дәлелденбеген пікірлер де бар. Сонымен қатар 1245 жылы Мысырдағы мәмлүк қыпшақтары тарапынан жарыққа шыққан «Қыпшақ-араб сөздігі» қолжазбасына сүйенген зерттеулер де біршама. Қыпшақ-араб сөздігін зерттеген қазақ ғалымы А.Құрышжанов осы сөздіктегі қазақ (قازاق) сөзі әл-мужәррәд (المجرد) жалаңашталған, жалаңаш, қарапайым, бірдемеден айырылған; ал М.Т. Хоутсма қаңғыбас, кезбе; қазақбашлы сөзі бойдақ, үйленбеген деген мағыналарды білдіретінін жазған (Құрышжанов, 1970: 154). Алайда соңғы кезде қыпшақ-араб сөздігіндегі қазақ сөзінің мағынасы жөнінде жаңа пікір айтылып жүр. Бұл туралы Қ. Қыдырбаев қазақ сөзінің басқаша мағынасы бар екенін алға тартып, М.Т. Хоутсма да А. Құрышжанов та қазақ сөзін оқығанда бір нүктені жим (ج) әрпі деп оқығанын жазады. Яғни қазақ сөзі әл-мужәррәд (المجرد) емес, бәлкім әл-мухәррәд (المحررد) болып оқылатынын жазған. Әл-Мухәррәд сөзі «үйге кірген, үйлі болған, бөлінген» деген мағыналарды береді, үй дегені жай үй емес «пішіні түйенің өркеші тәрізді үй» деп түсіндірілген (Қыдырбаев, 2015: 76). 1245-жылы жазылған қыпшақ-араб сөздігінде қазақ сөзінің кездесуі және оның мағынасы туралы әлі де көп жазылатыны анық. Бірақ басты назар аударатын жай, осы сөздікте қазақ сөзінің кездесетіндігі мен осы сөздік хатқа түскен кезде қазақ сөзінің қолданыста болғандығында.

Қазақ сөзіне байланысты өткен ғасырда тың пікір білдірген ғалымдардың бірі В.П. Юдин. Ол өзінің зерттеуіне сүйеніп қазақ сөзінің шығуына қатысты жиырма екі сөзді талдайды және әрбір сөзге жеке-жеке тоқтап біршама сөздің ойдан шығарылғандығын дәлелдейді. Одан ары қарай В.П. Юдин «қазақ» сөзінің шығу тәркінініне «қашақ» және «қаз+оқ» сөздерінің жақын екендігін жазады (Юдин, 2001: 71). Бұл жерде оқ сөзі жебе, ру, тайпа деген мағынаны білдіретінін айта кеткен жөн. Қазақ сөзіне қатысты Б.Е. Көмеков: IX-X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қыпшақтар арасында қазақ сөзі әлеуметтік, XI-XII ғасырларда әлеуметтік-этникалық, ал XV ғасырдың екінші жартысынан бастап «қазақ» атауы этникалық мәнде айтыла бастаған. Осылайша, Б.Е. Көмеков «қазақ» сөзінің алғашында «еркін», «кезбе» деген мағынада қолданылып, әлеуметтік мәні болғандығын, осы мәнде IX-X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақта қолданыста болғандығын, қазаққа айналу үрдістері арқылы «қазақ» сөзі әлеуметтік-этникалық мәнге өзгергенін дәлелдейді, деп жазады (Қазақстан тарихы, 2008: 66).

Ал енді парсы тіліндегі жазба дереккөздерде қазақ сөзі қандай мағынада және қай ғасырда кездеседі дегенге келсек, парсы тілінде қазақ сөзі қазоқ [قازاق - qazoq/qazzoq] деп айтылады және жазылады. Парсы тіліндегі дереккөздерде Қазақстан сөзі осы кезге дейінгі зерттеулер бойынша тұғыш рет Зайнаддин Васифидың (1485-1551 немесе 1566) Бадаи әл-вақай шығармасында кездесетіні айтылып жүр. Бұл шығарма мемуарға жатады. Автор бұл еңбекті жазуды 1517 жылы Самарқанда бастап 1538/39 жылы Ташкентте аяқтаған (Стори, 1972: 1124). Бадаи әл-вақай шығармасында қазақтар туралы екі жерде баяндалады: бірі қазақтарға қарсы соғыс және екінші рет Қазақстан





жаққа қарай аттанды деп жазылған (МИКХ, 1969: 178-180). Бұл еңбек 1517-1538 жылдар аралығында жазылған. Демек жазылған уақыты жағынан 1520-24 жылдары жазылған Хабиб ас-сияр шығармасына жақын. Бірақ Хабиб ас-сиярдың авторы гурхандарға қатысты оқиғаны баяндағанда қазақ сөзін қалдырып қарлұқ пен қаңлы адамдары (халқы) деп жазған. Десек те Хабиб ас-сияр шығармасында Шайбанилердің билікке келген кезін баяндаған тұста қазақтар туралы аз да болса мәліметтер кездеседі. Мысалы Хабиб ас-сиярда 1508-1509 жылдардағы оқиғаларды баяндағанда Самарқанның маңында Мырза Байсұңқар мен ағасының бір-біріне қарсы шыққандығы туралы хабар жетеді. Осы арада Тұлын Қожа Муғұлды үш жүз қазақтың жаужүрек әскерімен алдыңғы шепке жібереді. Түнде шабуыл жасап Тұлын Қожа Муғұл көптеген самарқандықтарды жаралап, өлтіріп үлкен олжамен кері қайтады деп жазылған (Хондемир, 2001: 231). Бұдан басқа бірнеше жерде Хондемир қазақтар туралы жазады. Алайда Хондемир Шыңғыс хан дүниеге келгенге дейінгі кезеңді баяндағанда қазақ қауымы не тайпасы туралы жазбаған. Осы жерде бір кезеңде өмір сүрген авторлардың бірі жазғанын екіншісінің жазбауы немесе бірі жазған деректі екіншісі мүлдем басқаша баяндауын қалай түсіндіруге болады деген сұрақ туындайды. Хабиб ас-сияр, Бадаи эль-вақай, Михманнама-и Бұхара және басқа да парсы тіліндегі шығармаларда «қазақ» сөзі кездеседі. Бірақ Бадаи эль-вақай шығармасына дейінгі еңбектерде «Қазақстан» деген сөз ел атауы ретінде кездеспейді. Жазылған уақыты қазірше белгісіз, бірақ шамамен XV ғ. соңы мен XVI ғ. басында жазылған Тарих-м муғул шығармасында қазақ атауы кездеседі және қауымның не тайпаның аты ретінде қыпшақ, қарлұқ және қаңлы тайпаларымен қатар аталады.

Дереккөздермен жұмыс істегенде әр қолжазбаның бірнеше нұсқасы болатынын және әр нұсқаның өз ерекшелігі болатынын ескеру маңызды. Тарих-и мугул шығармасы Раузат ас-сафа шығармасына жақын екендігін ескере отырып ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған Раузат ас-сафа шығармасының қолжазбасын қарап шықтық. Бұл қолжазбада қарастырып отырған оқиға туралы: қыпшақ, қарлұқ және қаңлы тайпалары оған қатысты зұлымдық істейтін (Баласағұн билеушісіне), оның мал-мүлкін талан-таражға салатын. Баласағұн қаласы Ғу Балық (غو باليق) деп аталады деп жазылған (Ұлттық, 276:20 а). Көріп тұрғанымыздай Раузат ас-сафа шығармасының Тегеран нұсқасында Баласағұн қаласының аты Қу Балық деп жазылған болса, Алматы нұсқасында Ғу Балық деп жазылған. Демек әр нұсқада әртүрлі жазылуы мүмкін екендігін ескере отырып Раузат ас-сафаның өзге де қолжазбаларын мұқият қарап шығу керектігін байқаймыз. Бұл мәселенің Хабиб ас-сияр, Тарих-и жахангушаи шығармаларынан басқа барлық қолжазбаларға қатысты екендігін айту қажет. Хондемирдің шығармасын арнайы зерттеген Н.Д. Миклухо-Маклай «Редакция Всеобщей истории Хондемира (Хабиб ас-сийар)» атты мақаласында қолжазбаның автографының өзгеріске ұшырап, қайта редакцияланғанына тоқтаған. Бұл шағын ғана мақалада Хондемир Хабиб ас-сияр шығармасын жазып болған соң бастан-аяқ тағы екі рет қайта көшіргенін жазады, оның бірі 1525, екіншісі 1539 жыл. Қала берді әрбір томы автордың өз қолымен екі реттен, тіпті үш реттен қайта редакцияланғаны белгілі. Яғни автор кейбір қате кеткен жерлерін қайта өңдеп толықтырып шыққан (Миклухо-Маклай, 1967: 23-24). Бұндай жағдай Раузат ас-сафа шығармасында да кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды Тарих-и муғул шығармасы танымал шығарманың автографы ма әлде кейінірек жазылған редакциясы ма деген сұраққа назар аудару. Тарих-и муғул шығармасы да және осы шығармамен салыстырылған Тарих-и жахангушаи, Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармаларының әрқайсысы бірнеше нұсқада сақталған. Қала берді парсы тіліндегі дереккөздердің ішінде тура осы үш шығарма ең көп көшіріліп халық арасына кең тараған еңбектердің қатарына жатады. Бүгінгі таңда әлемнің танымал



кітапханаларының көбісінен Тарих-и жахангушаи, Раузат-ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармаларының нұсқаларын кездестіруге болады (Rieu, 1883: 1064-1065).

Бұдан басқа тағы бір ескеретін жай Р. Груссе болсын басқа да зерттеушілер болсын тура осы гурхандарға және моңғол дәуіріне қатысты жазғанда негізінен парсы дереккөздеріне сүйенген. Мысалы Р. Груссе Империя степей атты кітабында көптеген деректерді келтіргенде Ата Мәлік Жувейнидің Тарих-и жахангушаи шығармасына сілтеме жасаған (Djouweuni, 1834: 441). Сондай-ақ көптеген батыс ғалымдары мен кеңес дәуіріндегі ғалымдардың сүйенген дереккөздері парсы тіліндегі дереккөздер екендігін байқаймыз.

**Нәтижелер.** Авторы белгісіз Тарих-и муғул шығармасының инвентарлық нөмірі 5-27563, көлемі 82 парақ, әр бетте 20 жол, жазуы насталиқ. Бөлімдердің аты қызыл сиямен жазылған. Қолжазба толық емес, соңы жоғалған. ИИР Ұлттық кітапханасы қолжазбалар бөлімі маманының осы қолжазбаға жазған анықтамасы мынадай: «Бұл шығарма шамасы үлкен бір шығарманың бір бөлігі болса керек. Себебі әдемі безендірілген алғысөзден соң әдеби орамдарды пайдаланбай бір дегеннен «Шыңғыс ханның хытай жаққа қарай жорығы және сол кезде ғайыптың пердесінен орын алған оқиғалардың шәрхы» деген бөлімнен басталып кетеді. Осы шығарманың бөлімдерінің аты Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр атты екі кітаптың бөлімдерінің атына ұқсас болуына орай аталмыш екі шығармамен салыстырылып шыққанын айта кету керек. Бірақ [жаңағы екі шығармамен] бір екендігі байқалмады. Қолжазбаның ішінде төртбұрышты мөр бар (1b, 2 a). Мөрдегі жазу: Лә иләһә илләлләһ әл-Мәлик әл-Хаққ әл-мубәйән убдәһ моһр сәлим». 1389/2010 жылы қайта қарастырылды. 1387/2008 жылы Жәлал Сұлтан Ахмадиден сатып алынды (Мәлли: 27563). Шағын ғана аннотацияның өзі көптеген жайды аңғартады. Кішігірім аннотациядан қолжазбаның Шыңғыс ханның ерліктері мен жорықтарына арналған шығарма екенін және сол себепті шығарманың аты Тарих-и муғул деп шартты түрде аталып кеткенін аңғарамыз. Алайда мұқият оқи бастағанда ішінен назар аударарлық бір сөзді кездестіреміз. Ғылыми ортаға бұрындары белгісіз болып келген, жеке адамның коллекциясында сақталған Тарих-и муғул шығармасында «қазақ» деген атау кездеседі. Моңғол тарихына арналған шығармада қазақ атауының кездесуі таң қалатын жағдай болмаса керек. Себебі барлық тарихи шығармаларда аңыз бойынша Яфестен тараған ұрпақтардың ішінде түрік пен моңғол түбі бір екендігі жазылады. Оның үстіне Шыңғыс ханның әскерінің негізгі бөлігін құраған түрік тайпалары екендігі тарихтан белгілі. Олай болса қазақ сөзінің бұл еңбекте қалай және қандай сипатта баяндалғанына кеңірек назар аудару маңызды. Алдымен Тарих-и муғул шығармасы неше бөлімнен тұрады, баяндау стилі жағынан өзге тарихи шығармаларға ұқсайды ма немесе қаншалықты ұқсас екендігіне тоқталамыз.

Тарих-и муғул шығармасы көптеген ортағасырлық парсы тіліндегі тарихи шығармалар секілді күрделі проза стилінде жазылған. Иран тарихшылары әдетте тарихи, діни, философиялық шығарма болмасын арасында өз ойларын өлең түрінде жеткізуге тырысқан. Бұл шығармада да біраз жерде өлең жолдары кездеседі. Тарих-и муғул шығармасы жалпы отыз тоғыз бөлімнен тұрады. Басы «Шыңғыс ханның хытай жаққа қарай жорығы және сол кезде ғайыптың пердесінен орын алған оқиғалардың шәрхы» деген бөлімнен басталса, соңы жоғалғандықтан «Құбылай ханның құрылтайы, сол заманда орын алған оқиғалар» деген бөлімге келгенде аяқталмай қалады. Тарих-и муғул шығармасының кішігірім алғысөзі (муқаддима) бар. Әдетте алғысөзде шығарманың аты мен авторы, не үшін жазылғандығы мен тапсырыс берушісі туралы мәлімет кездеседі. Алайда әдемі басталған алғысөзде алты жол өлеңмен осы шығарманы жазған құдайдың пендесі шахтың шапанына оранатыны мен жаратушының сүйікті пендесі атанатынына үміті бар екендігі баяндалған соң, бірден негізгі мәтін, яғни «Шыңғыс ханның хытай жаққа қарай жорығы және сол кезде



ғайыптың пердесінен орын алған оқиғалардың шәрхы» деген қызыл сиямен жазылған бөлім басталып кетеді. Әдетте парсы тіліндегі шығармаларда алғысөздің өзі көлемді болатыны баршаға белгілі. Оның үстіне алғысөзде автор не үшін және кімнің тапсырысымен жазғанын және бұрынғы өткен патшалардың бәріне мадақ айтып әрі оларды таныстырып барып бастайтын ереже болған. Бұл шығарманың алғысөзі тым қысқа және аяқасты бітіп қалған алғысөзден кейін бірден негізгі мәтін басталады. Одан басқа тағы бір назар аударатын жай, ол Шыңғыс ханның тарихына арналған барлық шығармалары оның ата-бабаларын, шығу тегін баяндап барып Шыңғыс ханның жорықтарын бір-бірлеп баяндайтын болған. Ал, Тарих-и муғул шығармасында олай емес. Қысқа алғысөзден кейін бірден Шыңғыс ханның хытайлар жаққа қарай жорығынан басталады. Осы жерде қидандарға жасалған жорыққа дейінгі Шыңғыс ханның тарихы неге жазылмаған деген сұрақ туындайды. Осы себепті болса керек Тарих-и муғул қолжазбасына анықтама жазған ирандық маман үлкен бір шығарманың бір бөлігі немесе томы деп шамалаған. Сондай-ақ Тарих-и муғул қолжазбасының Шыңғыс ханның хатундары мен әулеті деген бөлімінде: Зафарнаманың алғысөзінде Алтан ханның қызы туралы жазылған деген сөзді кездестіреміз (Мэлли, 11 а). Демек бұл шығарманың авторы Зафарнаманы оқыған және сол шығарманың алғысөзін пайдаланған деген ойға қаламыз. Әрине, қайсы Зафармана деген сұрақ туындайды. Себебі екі Зафарнама бар. Дегенмен екі Зафарнама да XV ғ. жазылған шығармалар. Ал белгісіз автор да шамамен XV ғасырдың соңы, XVI ғасырдың басында өмір сүрген болса керек. Тарих-и муғул шығармасының бесінші бөлімі: Гурхан деп аталатын қарақытай сұлтандары мен Таян ханның ұлы Күшлік жайының баяны деп аталады. Осы бөлімнің бас жағында қазақ атауы кездеседі. Осы оқиғаның түпнұсқадан аудармасы төмендегідей:

Гурхан деп аталатын қарақытай сұлтандары мен Таян ханның ұлы Күшлік жайының баяны. Қарақытайлар өз патшасын курхан (гурхан) деп атайды, яғни хандардың ханы. Олар шығыс елдерінің танымал және сыйлы адамдарынан болған. Осы жамағаттың туған жері (шыққан жері) хытай уәлаяты болған. Шыңғыс хан туғанға дейін біраз уақыт бұрын кейбір сол уақытта орын алған оқиғаларға байланысты олардың басшысы өз қауымы мен тайпасының сексен адамымен, кейбір деректер бойынша үлкен топпен хытайдан сыртқа шыққан. Және қырғыз шектеріне жақындағанда олардың арасы мен сахара халқы және жергілікті халықтың арасында шайқас болады, бір-бірін шауып тонайды. Және ол жерден өтіп ел болғанда (ел болып ұйысқанда) сол аймақта қаланың негізін қалайды. Және сол жерге түріктердің көптеген қауымдарының жиналғаны сондай олардың саны қырық мың отбасыға жетеді. Сол кезден бастан Баласағұн қаласында, моңғол (муғул) оны У Балық (عو بالیغ), яғни жақсы қала деп атайды. Афрасияб ұрпағынан бір хан болды және оның көп сән-салтанаты (күдіреті) болмағандықтан қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпалары (قزاق و قپچاق و قانغلی) оған қатысты көп зұлымдық жасайтын және оның мал-мүлкін талан-таражға салатын. Хан ол жамағатқа тойтарыс беріп алдын алуға әлсіз болды. Қысқасы Афрасиябтың немересі қарақытайдың қайыры, сән-салтанаты, күдіреті мен күшінің басымдылығын естігенде гурханға елші жібереді. Оған өзінің әлсіздігін айтып мемлекетін оған тапсыру үшін астанасы жаққа қарай келуін өтінеді. Көп ұзамай дұшпанның зұлымдығынан құтылып жанына жастанып жатып демалғысы келеді. Гурхан оның өтініші бойынша Баласағұнға келеді және аяғын сұлтандықтың тағына тірейді. Афрасиябтың немересінің атынан хан атын алып тастайды және оны Илк туркман деп атайды. Сол аймақтағы түрік тайпаларын ел етіп, бағындырып Қашғар мен Хотанға әскер жіберіп өзіне қаратады. Мойынсұну шеңберінен сыртқа шыққан Бесбалық пен қырғыз хандарын тағы да бір рет бағындырады. Ферғана мен Мәуераннахрға әскер жіберіп сол мемлекеттерді де өзіне бағындырады. Ата-бабалары



сұлтандардың сұлтаны Османнан тарайтын Мәуераннахр сұлтандары оның бұйырығына мойынсұнады. Ол 536 жылы Сұлтан Санжармен соғысып, оны жеңеді. Осы жеңістен кейін көптеген Мәуераннахр мен Түркістан елдеріне билік етті (Мәлли, 21b-22a).

Осыдан кейін гурхандардың билігі мен Шыңғыс ханнан қорқып қашып келіп пана сұраған Таян ханның ұлы Күшлік туралы баяндайды. Күшлік өзін паналатқан гурханның шығыс жақтағы әмірлерінің арасындағы бүлік пен олардың Шыңғыс ханға барып қосылғанын байқайды. Сұлтан Осман да гурханнан көңілі суып кетеді. Ол қолайлы мүмкіндікті күтіп жүреді. Сол кезде Сұлтан Мұхаммед Хорезмшах Күшлікке жасырын хат жіберіп гурханға қарсы шайқасқа шақырады. Нәтижеде гурханды Күшлік өлтіріп, оның иелігіндегі жердің біршамасына билік құрады. Күшліктің мәсиhi дінін ұстанғандықтан халықты бұтқа табынуға және мәсиhi (христиан) дініне шақырады. Кімде кім қабылдамаса оларды аямай өлтіртеді. Одан кейін осы туралы естіген Шыңғыс хан Жебе ноянды жіберіп көп ұзамай өлім құшқан Күшліктің оқиғасы баяндалады.

Гурхандардың Баласағұн қаласына келгені туралы бірқатар парсы тіліндегі дереккөздерде баяндалған. Алайда әр дереккөзде әртүрлі. Тарих-и муғул дереккөзінің өзге шығармалардан басты айырмашылығы ішінде қазақ атауының болғандығында екендігін жоғарыда атап өттік. Шығарманың мазмұнымен толықтай танысып болған соң сенімді түрде Тарих-и муғул шығармасы Раузат ас-сафа шығармасына жақын жазылған тіпті кейбір бөлімдері бірдей деуге болады. Тарих-и муғул шығармасының баяндау әдісі мен стилі және пайдаланған сөздері бәрі Раузат ас-сафа шығармасына келеді. Бірақ айырмашылықтары да бар. Ең басты айырмашылығы Раузат ас-сафа шығармасында қазақ сөзі кездеспейді, ол сөздің орнына қарлұқ тайпасы деген сөз жазылған. Сондықтан Тарих-и муғул мен Раузат ас-сафа және моңғол тарихына арналған басқа да парсы тіліндегі шығармалардағы тура осы гурхандар туралы оқиғаға қатысты баяндалған мәліметтерді салыстырдық. Ол үшін Тарих-и муғул шығармасының 5-бөлімінде кездесетін қазақ сөзі мен осы тараудағы қысқаша мәліметті Тарих-и жахангушай, Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармаларындағы қарақытайлар мен гурхандар туралы баяндалған бөлімі таблицанда берілді.

Кесте 1. «Тарих жахангушай», «Раузат ас-сафа» және «Хабиб ас-сияр» шығармаларындағы қазақ тайпаларына қатысты деректердің мәтінінің салыстыру кестесі  
[Table 1. Comparative table of the texts “Tarikh-I jahangushai”, “Rauzat as-safa and Habib as-siyar” related to the Kazakh tribes].

Тарих-и жахангушай, авторы Ата Мәлік Жувейни, 1252/53-1260 жылдары жазылған	Раузат ас-сафа, авторы Мухаммад ибн Хванд-шах ибн Махмуд (1433-1498) Мирхонд атымен танылған, 1498 жылы жазылған	Хабиб ас-сияр, Гийасаддин ибн Хумам аддин ибн Хванд-Әмир (941/1534-35 дүние салған) Хондемир атымен танылған, 1520-24 жылдары жазылған
Қарақытай хандарының түбі хытайдан, олар да сол қауымның сыйлы және танымал адамдарынан болған. Мәжбүр болғандықтан жерлерін тастап кетеді де қатерлі де қиын сапарға аттануға тура келеді. Олардың әмірін немесе көсемін гурхан дейді, яғни хандардың ханы. Гурхан үйінен шыққанда сол қауымның сексен адамымен шыққан. Басқа дерек бойынша үлкен топ және жамағатпен шыққан. Қырғыз шектеріне	Қарақытайлар өз патшаларын гурхан деп атайды, яғни хандардың ханы. Және олар шығыс елдерінің танымал да сыйлы адамдарынан болған. Ол жамағаттың шыққан тегі хытаи уәләты болған және Шыңғыс хан туғанға дейін біраз уақыт бұрын сол заманның оқиғалары бойынша олардың көсемі тайпасының сексен адамымен, кейбір деректер бойынша үлкен топпен хытайдан сыртқа шығады.	Қарақытай тайпасының шыққан жері хытаи уәләты. Олар сол уәләттың сыйлы адамдарынан болған. Және өз патшаларын гурхан деп атаған, ал хытаилар Алтан хан деп атаған. Шыңғыс ханның туылуынан бұрын сол тайпаның сексен адамы өзінің туыстары мен малдарымен, кейбір деректер бойынша көп топпен хытайдан сыртқа шығады да қырғыз шектеріне



<p>жеткенде сол жерде тұратын тайпаларға жүйелі түрде шабуыл жасайды. Ол қауым да бұларға қарсы шығады. Содан соң хытай қауымы ол жерден кетіп Имилге (Еміл) жетеді. Ол жерде қала салады, ол қаланың орны қалған. Сол жерде көптеген түрік және басқа да қауымдар оларға қосылады. Соншалықты болғаны саны қырық мың отбасыға жетеді. Сол себепті ол жерде тұратын жер табылмайды. Содан жолға шығады және Баласағұнға келеді. Қазір моңғол оны Ғар Балық деп атайды. Баласағұнның әмірі өзінің түбін Афрасиябтан шығаратын бір адам болатын, бірақ күші мен құдіреті жоқ еді. Сол жерде өмір сүретін қарлұқ, қаңлы атты түрік тайпалары Баласағұнның әміріне мойынсұнудан бас тартып қарсы шығады. Оның үйірлі малына, мал-мүлкі мен жан-жағына қасқырдай шабуыл жасайтын. Ол әмір осы тайпаларға қарсы шығып қорғануға әлсіздік танытады. Гурханның жеңістері мен артына ергендер туралы естігенде оған елшілер жіберіп, қаңлылар мен қарлұқтардың бүлігі мен үстемдігінің алдында әлсіз екенін ескертеді және оның келуін өтініп мемлекетін оның қолына тапсырып заманының қайғысынан айрылғысы келеді (Жувейни, 1999: 243)</p>	<p>Ол топ қырғыз шектеріне жеткенде олардың арасында дала халқы мен сол жердің адамдарының арасында шайқас болады, бір-бірін тонап, талан-таражға салады. Ол жерден өтіп Емілге жетеді. Сол аймақта қала салады және сол жерге көптеген сол жамағат пен түріктерден адам жиналады. Көптігі сондай саны қырық мың отбасыға жетеді. Сол кезде Баласағұн қаласында моңғол оны Қу Балық, яғни жақсы қала деп атайды Афрасияб нәсілінен бір хан болды. Көп күші болмаған соң қарлұқ, қыпшақ және қаңлы тайпалары оған қатысты зұлымдық істейтін, оның мал-мүлкін талан-таражға салатын. Хан ол жамағатқа қарсы шығуға әлсіз болатын. Қысқасы Афрасиябтың немересі қарақытайдың күші, құдіреті мен сән-салтанатын естігенде гурханға елші жібереді де өзінің мойынсұнатынын жеткізеді. Және өзінің мемлекетін оған тапсыру үшін астанасынан жолға шығып келуін өтінеді және көп ұзамай дұшпанның зұлымдығынан аман қалып жанына жастанып демалуды қалайды (Мирхонд, 2001: 3817-3818).</p>	<p>барады. Және олар мен қырғыздардың арасында шайқас болады. Ол жерден Емілге барады. Сол жерде қала салады. Шамамен түріктерден мың жаужүрек отбасы сол жерге жиналды. Сол кезде Баласағұн елінде, моңғолдар оны Ғу Балық деп атайды яғни жақсы қала Афрасиябтың нәсілінен бір хан болды. Бірақ соншалықты күші болмады. Және қарлұқ пен қаңлының адамдары оның уәләятының мал-мүлкін талан-таражға салатын. Сондықтан гурханға елші жіберіп осы жаққа келуін Баласағұнды жаулап алып қарлұқ пен қаңлының зұлымдығының алдын алуды өтінеді. Гурхан Баласағұнға барып салтанат тағына отырады (Хондемир, 2001: 40).</p>
---	---	--

«Тарих-и муғул» қолжазбасында баяндалған оқиғаға оралатын болсақ, гурхандарға қатысты мәлімет ең алдымен Тарих-и жахангушай шығармасында кездеседі. Хулагу ханның (1217-1265) жылнамашысы болған Ата Мәлік Жувейни бұл еңбегінде Жетісу аймағына гурхандар келгенге дейінгі оқиғаны баяндағанда Афрасиябтың ұрпағы болып келетін басшыға қарлұқ пен қаңлы (قرليغ و قنقلی) тайпаларының күн бермегенін жазады, ал қыпшақ сөзі кездеспейді. Ал Баласағұн қаласын Ғар Балық (غر باليغ) деп жазады. Алайда көлемді әрі жан-жақты толық мәліметтерді қамтыған Жами ат-тауарих шығармасында Рашидаддин бұл оқиғаны басқаша баяндайды, яғни гурхандардың Жетісуға келуі туралы бірқатар мәліметтер бере келе найман ханы Күшлік екеуінің арасындағы шайқасты кеңінен баяндайды. Алайда Шыңғыс хан туғанға дейін Баласағұн маңында өмір сүрген қазақ, қыпшақ, қарлұқ және қаңлылар туралы мәлімет кездеспейді (Рашидаддин, 2001: 244-248). Демек Тарих-и муғул шығармасының авторы Ата Мәлік Жувейнидің еңбегін оқыған және сүйенген, бірақ Рашиаддиннің еңбегіне тікелей сүйенбегенге ұқсайды.

Ал 1458-жылы жазылған Мирхондтың көлемді Раузат ас-сафа шығармасында Шыңғыс ханның батысқа жорығынан бұрын орын алған Баласағұн маңындағы гурхандардың оқиғасы шамалы басқаша баяндалған. Мирхондтың баяндауы жоғарыда атап өткендей Тарих-и муғул қолжазбасына жақын. Бірақ қазақ, қыпшақ, қаңлы (قزاق و قپچاق و قانغلی) тайпалары дегеннің орнына қарлұқ, қыпшақ,



қаңлы (قرلىق و قىچاق و قانقلى) тайпалары, ал Баласағұн қаласының аты Қу Балық (قو بالىغ) деп жазылған. Тарих-и муғул шығармасында қыпшақ атауы қыпшақ болып ч әрпінің нүктесі түсіп х болып жазылған. Бірақ нүктенің қойылмауы жиі кездесетіндігін ескере отырып қыпшақ деп оқылады. Мирхондтың немересі Хондамирдің Хабиб ас-сияр шығармасында тура осы тайпалардың атауларын қарлұқ пен қаңлы (قرلىق و قنقلى), ал Баласағұн қаласы Ғу Балық (غو بالىغ) деп жазылған. Тарих-и Жахангушаи шығармасының кейбір нұсқаларында қарлұқ деген сөз қарнақ (قرنق) деп те жазылған (Жувейни, 2001: 40).

Енді Тарих-и муғул қолжазбасындағы қазақ, қыпшақ және қаңлыларға қатысты оқиғаның орын алған уақытына келер болсақ, Тарих-и муғул шығармасында Шыңғыс хан туғанға дейін біраз уақыт бұрын, яғни қарақытайлардың Жетісуға келген кезі баяндалады. Тура осы мәлімет Раузат ас-сафа мен Хабиб ас-сияр шығармасында қайталады. Қарақытайлардың Жетісуға келген кезі XII ғ. басы болатын. Бұл туралы Р. Груссе былай деп жазады: В западной части Исык-Куля караханиды, правившие в Баласагуне в тот период, испытывали угрозу со стороны как карлукских тюрков нижнего течения реки Или, так и канхлийских тюрков на севере Арала. Они обратились к предводителю киданей Юэлю Тачэю, который поспешил на помощь, сместил с трона непредусмотрительного караханида и сменил его. Баласагун, таким образом стал столицей Юэлю Тачая, который присвоил себе тюркский имперский титул гурхана иои, властителя мира, который впоследствии носили его потомки (Груссе, 2005: 164-165). Ал Қазақстан тарихы кітабында: Қарақытайлардың Орталық Азияға келуіне жергілікті көшпелі тайпалардың шапқыншылығы себепші болды. 1125 жылы Елюй Даши әскерінің Емілге келуі Жетісуда қалыптасқан мемлекеттік институттарға түбегейлі өзгеріс енгізген жоқ. Қарақытайлардың саяси ықпалы Жетісудың бір бөлігіне, Сырдарияның оң жағалауына және басқа аудандарға таралды. Бірақ бірте-бірте тайпалар арасындағы қақтығысты пайдаланған қарақытайлар көп жерге иелік етті. Санжар сұлтанды жеңген соң гурхан Баласағұн түбінде Ғұз-Ордада өз ордасын құрды, деп жазылған (Қазақстан тарихы, 2010: 416-417). Қарақытайлардың Жетісуға келген кезін ғалымдар бір ауыздан 12 ғ. басы яғни 1125 деп көрсеткен. Бұл кезде әлі Шыңғыс ханның дүниеге келмеген кезі болатын. Шыңғыс ханның дүниеге келген кезі туралы дерек екі түрлі: 1155 және 1165. Бірақ дүние салған жылы көптеген дереккөздерде 1227 жыл деп көрсетілген. Демек, Тарих-и муғул шығармасында қазақ тайпасы деген сөздің кездесеуін саралай отырып Шыңғыс хан туғанға дейінгі уақытта қазақ деген тайпаның болғандығы мен оның қарлұқ, қыпшақ және қаңлы тайпаларымен қатар өмір сүргенін аңғартса керек деген ой туындайды. Айта кетер жай қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпасы дегенді түпнұсқада қабиле [قبيله] деп жазылған. Қабиле сөзінің түбі араб сөзі, мағынасы тайпа, бір топ, бір әкеден туған перзенттердің тобы дегенді білдіреді (Әмид, 1997: 1569). Сондықтан осы ойды қуаттайтын деректерді өзге де жазба дереккөздерден іздейміз.

**Қорытынды.** Авторы белгісіз «Тарих-и муғул» шығармасында кездесетін қазақ сөзіне қатысты ойымызды тұжырымдай келе төмендегідей қорытындыға келеміз. Біріншіден, Тарих-и муғул шығармасының тілі мен баяндау әдісі жағынан Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармасына жақын. Демек жазылған уақыты да осы екі шығарма жазылған 1498-1524 жылдар аралығында жазылуы мүмкін деп шамалауға болады. Екіншіден, Тарих-и муғул шығармасы толық сақталмаған әрі авторы белгісіз. Бірақ мазмұны жағынан Раузат-ас-сафа шығармасына жақын болғандығына қарап, бәлкім бұл Раузат ас-сафаның бір көшірмесі не болмаса автографы болуы мүмкін деген ойға келеміз. Бірақ олай ойлауға кедергі болатын бір ғана сөз – қазақ сөзі. Біз қарап шыққан Раузат ас-сафа шығармасының ешбір нұсқасында қазақ атауы кездеспейді. Осы тұста белгісіз көшіруші (кәтиб) Раузат ас-сафа шығармасын қайта көшіргенде қазақ



атауын қарлұқ атауымен қателесіп жазуы мүмкін бе деген сұрақты қоюға болады. Бірақ автор немесе көшіруші қателескенмен қазақ деген атаудың қате емес екендігі анық. Сондай-ақ көшіруші өзі білмейтін, таныс емес сөзді мәтінге өз жанынан қосуы мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Автор өзі жазған шығарманы қайта қарап шыққанда кейбір жерлеріне өзгертулер енгізіп, түзетеді. Көшіруші қателесіп нүктелерін қоймай не болмаса кейбір әріптерді қате жазуы мүмкін, бірақ өз жанынан мәтінге сөз қоса алмайды. Әрине көшіруші кейде жиектерге қосымша түсініктер жазуы мүмкін. Бірақ анық жазылған қазақ сөзі қателесіп жазылған сөзге ұқсамайды. Осы жерде айта кетер жай, ортағасырлық шығармалардың көбісі арнайы тапсырыспен жазылатын болған. Белгілі бір тарихи шығарманы жаздырту, оны қайта көшірту, қағазы, бояуы және т.б. шығындары кез-келген қарапайым адамның қалтасы көтермейтін шығыны көп жұмыс.

Үшіншіден, егер Тарих-и муғул шығармасын Раузат ас-сафаның қайта көшірілген бір нұсқасы емес жеке шығарма деп қарастырсақ, онда белгісіз автор қазақ деген қауымды (тайпаны) білгендіктен жазған деп шамалауға болады. Яғни, қазақ, қыпшақ және қаңлы қауымы не тайпалары гурхандар билікке келгенге дейінгі уақытта танымал түрік тайпалары болған. Бұл жағдайда белгісіз автор қазақ, қыпшақ, қаңлы деп сол кездегі түрік тайпаларын атай отырып олардың Жетісу өңірінде өмір сүргендігі туралы қолында бар мәліметті жазғанға ұқсайды. Одан басқа, белгісіз автордың «Тарих-и жахангушай», «Раузат ас-сафа» шығармаларынан басқа дереккөздерге сүйеніп жазғандығын байқаймыз. Бірақ «Тарих-и муғул» шығармасы Раузат ас-сафа шығармасына қаншалықты ұқсағанымен басталуы, тақырыптардың атауы және тағы да басқа жерлерде ұқсамайтын тұстары бар. Демек, «Тарих-и муғул» шығармасы жеке-дара шығарма деуге болады. Бір жағынан белгісіз автор бұл еңбекті жазғанда бірқатар парсы тіліндегі дереккөздерге сүйенгені анық. Ал екінші бір жағынан өзіндік баяндау стилі қалыптасқан автор екендігін көрсетеді. Тарих-и муғул шығармасында кездесетін, назарымызды өзіне ерекше аударған қазақ атауы қай жағынан алып қарасақ та маңызды. Шыңғыс хан туғанға дейінгі уақытта Жетісу өңірінде қазақ, қыпшақ және қаңлылардың өмір сүруі де тарихи оқиғалардан тыс емес және расталған мәлімет. 1245-жылы хатқа түскен қыпшақ-араб сөздігінде кездесетін қазақ сөзінің кездейсоқ емес, сол кезде қолданыста болған сөз екендігін қуаттай түседі. Қазақ этникалық тобы туралы Қазақстан тарихы кітабында қазақ сөзіне қатысты бірқатар мәліметтерді саралай келе, баяндалған материал XI-XII ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында «қазақ» деп аталатын этникалық-элеуметтік топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл айтылғандардан қазақ халқы моңғолдардан бұрынғы уақытта қалыптасқан деген тұжырым туындамайды. XI-XII ғасырлардың басында далалық өңірде де, егіншілік алқаптарда мекендеген және бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер шеңберінде олардың қоғамы тіршілігінің тұтас және біріңғай жүйесін құрған қыпшақ тайпаларының топтасуы қазақ халқының қалыптасуында да маңызды кезең болды. Этникалық үдерістердің дамуы негізінде XI-XII ғасырларда Қыпшақ хандығында қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасады (Қазақстан тарихы, 2010: 430). XI-XII ғасырларда қазақ халқы қалыптасып үлгермегенмен қазақ атауы қауымның, яғни этникалық топтың атауы болғандығын көптеген дереккөздер растайды. Қала берді Қазақстан тарихында жазылған бұл тұжырымға да біршама уақыт өтті. Алдағы уақытта бәлкім бұл тұжырым да біршама өзгереді. Бұл бағытта жаңа дереккөздер табылып жазбаша дереккөздер базасы жыл сайын толығырақ. Ең бастысы зерттеушілер талмай жаңа дереккөздерді табуға жұмылуы тиіс. Олай болса, «Тарих-и муғул» шығармасындағы деректер алдағы уақытта өзге де шығыс тілдеріндегі, яғни қытай, моңғол, түрік, араб және парсы тілдерінде жазылған тың дереккөздермен салыстырылып қазақ атауына қатысты мәліметтермен әлі де толықтырылатын болады деген ойдамыз.



### Қолжазба деректері

Мэлли — ИИР Ұлттық кітапханасы (10117/2)  
 Мэлли — ИИР Ұлттық кітапханасы (5-35053)  
 Мэлли — ИИР Ұлттық кітапханасы (27563)  
 Тарих-и муғул — ИИР Ұлттық кітапханасы (27563)  
 Ұлттық — ҚР Ұлттық кітапханасы (276)

### Manuscript Sources

Melli — The National Library of IRI (10117/2)  
 Melli — The National Library of IRI (27563)  
 Melli — The National Library of IRI (5-35053)  
 Tarikh-i mogul — The National Library of IRI (27563)  
 Ulttiq — The National Library of RK (276)

### Әдебиеттер

- Әмид, 1997 — *Әмид Х. Фарханги Әмид*. Т. II. Тегеран: Әмир Кәбир, 1999. 1569 б.  
 Баяни, 2003 — *Баяни Ш.* Мугулан ва хукумате Илхани дәр Иран. Тегеран: САМТ, 2003. 167 б.  
 Груссе, 2005 — *Груссе Р.* Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан. Том. I. Пер. с франц. Х.К. Хамраева // Сост. Б.М. Сужиков. Алматы: Санат, 2005. 412 р.  
 Djouweyni, 1834 — *Djouweyni A.M.* Tarikh-i djahvn kouchva, traduit dans d'Ohsson, Histoire Der Mongols, Vol. I. (Histoire des Mongols: depuis Tchinguiz-Khan jusqu'à Timour Bey, ou Tamerlan. La Haye et Amsterdam: Les frères Van Cleef, 1834. 441 p.  
 Жувейни, 2001 — *Жувейни А.М.* Тарих-и жахангушаи. Баспаға әзірлеген: Мансур Серват. Тегеран: Амир Кабир, 2001. 32 б.  
 Курьшжанов, 1970 — *Курьшжанов А.* Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата: Наука, 1970. 234 с.  
 Қазақстан тарихы, 2008 — *Қазақстан тарихы* этникалық зерттеулерде. Т. I. Жалайыр. Алматы: Алаш тарихи-зерттеу орталығы, 2008. 66 б.  
 Қазақстан тарихы, 2010 — *Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 1-том, Алматы: Атамұра, 2010. Б. 416-417.  
 Қыдырбаев, 2015 — *Қыдырбаев Қ.* Қазақ сөзінің этимологиясы (1245 жылы жарық көрген Қыпшақ-Араб сөздігінің қолжазбасы негізінде // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. 2015. № 3 (53). Б. 65-75.  
 Миклухо-Маклай, 1969 — *Миклухо-Маклай Н.Д.* Редакция всеобщей истории Хондемира (Хабиб ас-сияр). Письменные памятники и проблемы истории культуры народов востока. Тезисы докладов III годичной научной сессии ЛО ИНА май 1967 года, 1972. С. 23-24.  
 Материалы по истории Казахских ханств, 1969 — *Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков* (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 178-180.  
 Мирхонд, 2001 — *Мирхонд М.Х.* Раузат ас-сафа. Т. VIII. Баспаға әзірген: Ж. Киянфар. Тегеран: Асатир, 2001. 3817-3818 б.  
 Рашидаддин, 2001 — *Рашидаддин Ф.Х.* Жами ат-тауарих. Баспаға әзірлеген: Б. Карими. Тегеран: Иқбал, 2001. 244-248 б.  
 Rieu, 1883 — *Rieu Ch.* Catalogue of the Persian Manuscripts in British Museum. Vol. III. London: British Museum, 1883. Pp. 1064-1065.  
 Стори, 1972 — *Стори Ч.А.* Персидская литература. Био-библиографический обзор. Перевел с английского, переработал, дополнил Ю.Э. Брегель. Т. II. Москва: Главная редакция восточной литературы, 1972. 1124 с.  
 Хондемир, 2001 — *Хондемир Г.* Хабиб ас-сияр. Т. III. Алғысөзін жазған: Ж. Хумаи, Баспаға әзірлеген: Д. Сяки. Тегеран: Хайям, 2001. 40 б.  
 Юдин, 2001 — *Юдин В.П.* Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 71 с.

### References

- Amid, 1997 — *Amid Kh.* Farhangi Amid. V. II. [Amid's dictionary] Tehran: Amir Kabir, 1997. 1569 p. (In Per.).  
 Bayani, 2003 — *Bayani Sh.* Mogulan va hokomate Ilkhani dar Iran [The Mongols and the Ilkhanids dynasty in Iran]. Tehran: SAMT, 2003. 167 p. (In Per.).





Djouweyni, 1834 — *Djouweyni A.M.* Tarikh-i djahvn kouchva, traduit dans d'Ohsson, Histoire Der Mongols, Vol. I. (Histoire des Mongols: depuis Tchinguiz-Khan jusqu'à Timour Bey, ou Tamerlan. [The History of the Mongols: from Chingis Khan till Tamerlan]. La Haye et Amsterdam: Les frères Van Cleef, 1834. 441 p. (In Fren.).

Grusset, 2005 — *Grusset R.* Imperya stepei. Attila, Chingis khan, Tamerlan. Vol. I. [The Empire of the Steppes]. Trans. From French: H.K. Hamrayeva. Almaty: Sanat, 2005. Pp. 164-165. (In Russ.).

Juweiny, 2001 — *Juweiny A.M.* Tarikh-I jahangushai. [History of the world conqueror]. Baspaga azirlegen: M. Servat. Tehran: Amir Kabir, 2001. 32 p. (In Per.).

Khondemir, 2001 — *Khondemir G.* Habib as-Siyar. Vol. III. [Friend of life stories]. Algisozin jazgan: J. Humai, Baspaga azirlegen: D.Syaqi. Tehran: Khayyam, 2001. 40 p. (In Per.).

Materyali po istoriy Kazakhskikh khanstv, 1969 — *Materyali po istoriy Kazakhskikh khanstv XV-XVIII vekov* (Iz vlechenie iz persidskikh i turkskikh sochineniy) [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from Persian and Turkic works)]. Sostviteli: S. K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishulina, V.P. Yudin. Alma-Ata: Nauka, 1969. Pp. 178-180. (In Russ.).

Mirkhond, 2001 — *Mirkhond M.Kh.* Rawzat as-Safa. Vol. VIII. [Garden of purity]. Baspaga azirlegen: J. Kyanfar. Tehran: Asatir, 2001. Pp. 3817-3818. (In Per.).

Qazaqstan tarikhi, 2008 — *Qazaqstan tarikhi* etnikaliq zertteulerde. T. I. Jalayir. Almaty: Alash tarikhi-zertteu ortaligi, 2008. 66 p. (In Kaz.).

Qazaqstan tarikhi, 2010 — *Qazaqstan tarikhi* (kone zamannan buginge deyin). Bes tomliq. Vol. I. [The History of Kazakhstan: from ancient till contemporary period. Five volumes, Vol. I.] Almaty: Atamura, 2010. Pp. 416-417. (In Kaz.).

Qidirbayev, 2015 — *Qidirbayev Q.* «Qazaq sozinin etimologiasy (1245 jili jariq korgen Qipchaq-Arab sozdiginin qoljazbasi negizinde [Etymology of the Kazakh word (based on the manuscript of the Kypchak-Arabic dictionary published in 1245)]. Abay atindagi QazUPU-din Habarshisi, «Philologia gylymdari» seriasy, 2015. No. 3 (53). Pp. 65-75. (In Kaz.).

Rashidaddin, 2001 — *Rashidaddin F.Kh.* Jami at-tawarikh. [General History] // Baspaga azirlegen: B. Karimi. Tehran: Iqbal, 2001. Pp. 244-248. (In Per.).

Rieu, 1883 — *Rieu Ch.* Catalogue of the Persian Manuscripts in British Museum. Vol. III. London: British Museum, 1883. Pp. 1064-1065. (In Eng.).

Storey, 1972 — *Storey Ch.A.* Persidskaya literatura. Bio-bibliographichesky obzor. Perevel s angliskogo, pererabotal, dopolnil Yu.Ye. Bregel. T. II. [Persian Literature: Bio-bibliographical survey]. Moskva: Glavnaya redakchya vostochnoy literaturi, 1972. 1124 p. (In Russ.).

Yudin, 2001 — *Yudin V.P.* Tcentralnaya Asia v XIV-XVIII vekakh glazami vostokoveda. [Central Asia in the XIV-XVIII centuries through the eyes of an orientalist]. Almaty: Daik-Press, 2001. 71 p. (In Russ.).

Kurushjanov, 1970 — *Kurushjanov A.* Issledovanie po leksike starokipchakskogo pismennogo pamyatnika XIII v. «Turkcko-arabskogo slovary». [Research on the vocabulary of the Old Kypchak written monument of the 13th century. Turkic-Arabic Dictionary] Alma-Ata: Nauka, 1970. 234 p. (In Russ.).

Miklukho-Maklay, 1969 — *Miklukho-Maklay N.D.* Redakchya vseobshey istoriy Khandemira (Habib as-Siyar). [Editorial office of the General History of Khondemir (Habib al-Siyar)]. Pismennye pamyatniki i problem istoriy kulturi narodov vostoka. Tesisi dokladov III godichnoy nauchnoi sessiy LO INA may 1967 goda, 1972. Pp. 23-24. (In Russ.).



## ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan  
Otan tarikh  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 361-375, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_361-375](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_361-375)

### THE DAUKESKEN (VAZIR) SETTLEMENT

*Yesimkan Elsuyer uly Kanaatov*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Doctoral student at Nukus State Pedagogical Institute named after. Ajiniyaz  
(Seitov Str., 230203 Nukus, Karakalpakstan, Uzbekistan)

<https://orcid.org/0009-0001-6574-7530>. Email: [awada@mail.ru](mailto:awada@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Kanaatov Y.E., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article is devoted to the history of the city of Daukesken-Vazir, located in the Kungrad region of the Republic of Karakalpakstan, dating back to the 4th-3rd centuries BC and the 3rd-4th centuries AD, as well as the periods of the Golden Horde, Timurids, and Sheibanids. *Goals and tasks.* Based on the written data of foreign travelers in the Middle Ages, reports and chronicles of Russian military and scientific expeditions of the 18th-19th centuries, as well as legends that have survived to this day through folk oral works, and archaeological research that began in the 30s of the last century, tell history of the city of Vazir. *Materials and methods.* The main research material was the records of European and Russian researchers, diplomatic representatives, as well as information from publications published on the basis of the chronicles of historians of the Khiva Khanate. In the research work, primary sources are examined from the point of view of data science, using historical-genetic and comparative-historical methods. In addition, general scientific methods common to analysis and data science are used. *Results.* The archaeological and architectural complex of Vazir contains many ancient, medieval and late medieval monuments. There are many legends about them, spread through folk art. When the Mongols invaded, the city was completely destroyed. In the 15th century the city received a good fortress. The political importance of Vazir began to increase in the 16th century, and it became the capital of such large cities as Tirsek, Yangi-shahr, Adak and even Urgench, Nisa, Abiverd, Ferab. In the 17th century, Abilgazy Bahadur Khan moved the capital from Urgench to the city of Khiva, after which the city of Vazir was also deserted. Relics found in Daukesken prove that this place was a meeting place for the culture of nomads and sedentary peoples of the ancient and Middle Ages along the Aral Sea region. *Conclusion.* The city of Vazir is still a new site for archaeologists, and this historical complex can be used as a tourist attraction and a holy place.

**Keywords:** Ustyurt, Daukesen, Vazir, monument, legends, Sellisure, Farhat and Shirin, Ibrahim shah

**For citation:** Kanaatov Y.E. The Daukesken (Vazir) settlement // Otan tarikh. 2024. Vol. 27. No. 2. Pp. 361-375. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_361-375



## ДӘУКЕСКЕН (УӘЗІР) ҚАЛАСЫ

Есимқан Елсүйер ұлы Қанаатов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты  
(Сейтов көш., 230203 Нөкіс, Қарақалпақстан, Өзбекстан)

Докторант

<https://orcid.org/0009-0001-6574-7530>. Email: [awada@mail.ru](mailto:awada@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Қанаатов Е.Е., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақала Қарақалпақстан Республикасы Қоңырат районы аймағында орналасқан біздің эрамызға дейінгі IV-III ғасырларға және біздің дәуіріміздің III-IV ғасырларына, сондай-ақ, Алтын Орда, тимуридтер, шайбанидтер дәуірлеріне тиісті Дәукескен-Уәзір қаласы тарихына арналған. *Мақсаты мен міндеттері.* Орта ғасырдағы шет ел саяхатшыларының, XVIII-XIX ғасырлардағы орыс әскери және ғылыми экспедицияларының жазба деректеріне, сондай-ақ, халық ауызекі шығармалары арқылы осы күнге жетіп келген аңыз-әңгімелерге, және де өткен ғасырдың 30-жылдарынан басталған археологиялық зерттеулерге сүйене отырып Дәукескен-Уәзір қаласының тарихын баяндау. *Материалдар мен әдістер.* Еуропалық және орыс зерттеушілерінің, дипломатиялық өкілдерінің жазбалары, сондай-ақ, Хиуа хандығы тарихшылары жылнамалары негізінде жарық көрген басылымдардағы мәліметтер зерттеудің басты материалы ретінде қолданылады. Зерттеу жұмысында түпнұсқа дереккөздер деректану тұрғысынан, тарихи-генетикалық және салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы қарастырылады. Сонымен қатар талдау және деректануға ортақ жалпы ғылыми әдістер қолданылады. *Нәтижелер.* Уәзір археологиялық-архитектуралық кешенінде ежелгі, ортағасырлық және кейінгі ортағасырлық көптеген ескерткіштер бар. Олар жайлы халық ауызекі шығармашылығы арқылы тарқалған аңыз-әңгімелер көп. Моңғолдар басып кіргенде қала толық қиратылады. XV ғасырда қала недәуір жақсы бекініске ие болады. Уәзірдің саяси маңызы XVI ғасырдан бастап арта бастайды да ол Тірсек, Янгі-шехр, Адақ, тіпті Үргеніш, Ниса, Абиверд, Фераб сияқты ірі қалалардың астанасы болады. XVII ғасырда Әбілғазы Баһадүр хан астананы Үргеніштен Хиуа қаласына көшіреді, соннан кейін Уәзір қаласы да қаңырап қалады. Дәукескеннен табылған жәдігерлер осы жердің Арал бойындағы ежелгі және орта ғасырлардағы отырықшы халықтармен көшпенділердің мәдениеті бас түйістірген орны болғандығын айғақтайды. *Қорытынды.* Уәзір қаласы археологтар үшін әлі де зерттеуді қажет ететін тың объект саналады. Бұл тарихи кешеннің туристік объект және киелі жер ретіндегі пайдалану мүмкіндігі зор.

**Түйін сөздер:** Үстірт, Дәукесен, Уәзір, ескерткіш, аңыз-әңгімелер, Селлизюр, Фархат пен Шырын, Ибраһим шах

**Дәйексөз үшін:** Қанаатов Е.Е. Дәукескен (Уәзір) қаласы // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 361-375 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_361-375

## ГОРОДИЩЕ ДАУКЕСКЕН (ВАЗИР)

Қанаатов Есимқан Елсүйер улы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Нукусский государственный педагогический институт им. Ажинияза  
(ул. Сеитова, 230203 Нукус, Каракалпақстан, Узбекистан)

Докторант



<https://orcid.org/0009-0001-6574-7530>. Email: [awada@mail.ru](mailto:awada@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Канаатов Е.Е., 2024

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена истории города Даукескен-Вазир, расположенного в Кунградском районе Республики Каракалпакстан, относящегося к IV-III векам до нашей эры и III-IV векам нашей эры, а также периодам Золотой Орды, Тимуридов, и Шейбанидов. *Цель и задачи.* На основе письменных данных иностранных путешественников в средние века, отчетов и летописей русских военных и научных экспедиций XVIII-XIX веков, а также преданий, дошедших до наших дней через народные устные нарративы, и археологических исследований, начавшихся в 30-е годы прошлого века, изложить историю города Вазир. *Материалы и методы.* В качестве основного исследовательского материала использованы записи европейских и российских исследователей, дипломатических представителей, а также сведения из изданий, изданных на основе летописей историков Хивинского ханства. В нашем исследовании первоисточники рассматриваются с точки зрения науки о данных, с использованием историко-генетических и сравнительно-исторических методов. Кроме того, используются общенаучные методы, общие для анализа исторических фактов. *Результаты.* В археологическом и архитектурном комплексе Вазира находится множество древних, средневековых и позднесредневековых памятников. О них ходит множество легенд, распространяющихся из уст в уста. После вторжения монголов, город был полностью разрушен. В XV веке город превратился в защищенную крепость. Политическое значение Вазира начало возрастать с XVI века, когда он стал центром таких крупных городов, как Тирсек, Янги-шехр, Адак и даже Ургенч, Ниса, Абиверд, Фераб. В XVII веке Абиьлгази Бахадур-хан перенес столицу из Ургенча в город Хиву, после чего опустел и город Вазир. Реликвии, найденные в Даукескене, доказывают, что это место было местом встречи культур кочевников и оседлых народов древнего и средневекового Приаралья. *Заключение.* Город Вазир является все еще актуальным, требующим внимания объектом для археологов, и этот исторический комплекс можно использовать как туристическую достопримечательность и святое место.

**Ключевые слова:** Устюрт, Даукескен, Вазир, памятник, легенды, Селлизюр, Фархат и Ширин, Ибрагим-шах

**Для цитирования:** Канаатов Е.Е. Городище Даукескен (Вазир) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 361-375. (На Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_361-375

**Кіріспе.** Дәукескен – Көне Үргеніштен 60 шақырым солтүстік-батыста, Үстірт платосының жырасында орналасқан тарихи, археологиялық-архитектуралық кешен. Біздің эрамыздың III-IV ғасырлары және XV-XVII ғасырларына тиісті ескерткіштер жиынтығынан тұрады. Ескерткіштер кешенінің платодағы бөлімі Қарақалпақстанның Қоңырат ауданы территориясына, төменгі жағы Түркменстанның Ташауыз облысына қарайды.

Дәукескен-қаланың тарихы аз зерттелген, ол жайлы тарихи жазба деректер де көп емес. XIX ғасырда өмір сүрген голландиялық шығыстанушы Мишель Жан Де Гье Дәукескен қаласы орта ғасырлардағы Гит және соңғы-ортағасырлық Уәзір қаласы екеуі бір қала, деп есептеген (Michiel, 1875: 63-64), Бартольд болса Гитті әріректе, платоның шығысында Медминия қаласымен қарама-қарсы орналасқандығын, ал Уәзір қаласының XIX ғасырға дейін атақты мекен болғандығын, оның қасында Шемаха қаласы бар екенін атап өтеді (Бартольд, 1963: 207). Уәзір қаласының орналасқан жері жөнінде көп пікірталастар болған. Мәселен, Ахмед Зеки Велиди Тоган Де Гье ұсынған локализацияға қарсылығын білдіріп, бұл пункттің Айбүйір қорғаны қалдықтарымен



сәйкес келеді деп сенеді (Ibn Fadlan's, 1939: 18). С.П. Толстов болса Дәукескен қаласы соңғы орта ғасырларда Батыс Хорезм хандығы астанасы болған Уәзір қаласы екендігіне күмәні жоғын білдіреді (Толстов, 1948: 53).

Соңғы зерттеулер Дәукескен қаласының соңғы орта ғасырларда өте маңызды орталықтың бірі болған Уәзір қаласымен бір екендігін көрсетеді (Хожаниязов, Хақимниязов, 1997: 7).

Ескерткіштер кешені 1946-1947 жылдары КСРО Ғылымдар академиясының Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы, 1958 жылы Түркменстан ССР Мәдениет министрлігі мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі, 1963-жылы ӨзССР Ғылымдар академиясы тарих, тіл және әдебиет институты тарапынан зерттелді.

**Материалдар мен әдістер.** Мақаладағы материалдар Уәзір қаласының орта, кейінгі орта ғасырлардағы саяси және әлеуметтік рөлін анықтау және қала тарихымен сабақтас болған түрлі тарихи оқиғалар, көрнекті тарихи тұлғалардың іскерліктері жайлы түсінік қалыптастыру үшін талқыға тартылған. Мақалада қолданатын материал европалық және орыс зерттеушілерінің, дипломатиялық өкілдерінің жазбалары, сондай-ақ, Хиуа хандығы тарихшылары жылнамалары негізінде жарық көрген басылымдардағы мәліметтер басты материал ретінде қолданылады. Атап айтқанда, А.Дженкинсон, Әбілғазы, Мунис пен Агахи, В.В. Бартольд, П.П. Иванов, Я.Г. Гулямов, С.П. Толстов, Б.Б. Ахмедов, С.Е. Әжіғали, Ғ. Хожаниязов, Ж.Хақимниязов және т.б. тарихшы, зерттеуші, ғалымдардың еңбектерінен пайдаланылды. Зерттеу жұмысында түпнұсқа дереккөздер деректану тұрғысынан, тарихи-генетикалық және салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы қарастырылады. Сонымен қатар талдау және деректануға ортақ жалпы ғылыми әдістер қолданылады.

**Талқылау.** Уәзір-Дәукескен бірінші рет 1460-1464 жылдары тимуридтер әулетінен шыққан Хорасан мемлекетінің әміршісі Хүсейн Байқараның әскери әрекеттерімен байланысты еске алынады (Материалы, 1938: 539). Кейінгі Уәзір туралы мәліметтер шайбаниттердің Хорезмді жаулап алу дәуіріне (1505-ж.) тиісті (Ахмедов, 1985: 25). 1512-жылы көшпенді өзбектер арасынан Елбарыс хан Уәзір қаласында бірінші Хиуа ханы ретінде таққа отыруы деректерде сақталған (Бартольд, 1965: 75). 1513-жылдан бастап ширек ғасырдан астам уақыт Хорезм аймағына әртүрлі кезеңдерде Бұхара ханы Убайдулла тарапынан соққылар беріліп тұрды. Осыған орай Уәзір қаласына шабуылдар Ескендір Мунши еңбектерінде айтылады (Материалы, 1938: 65-66).

Қала және оның айналасындағы оқиғаларды 1558-1559 жылдары Уәзірге келген ағылшын Антони Дженкинсонның жазбаларынан табамыз (Английские..., 1937: 176-177). Уәзір қаласы жайлы XVII-XIX ғасырлардағы Хиуа тарихшылары, атап айтқанда, Әбілғазының «Түрік шежіресі» кітабында (Абуль-гази, 1906: 172-209), хиуалық жылнамашылар Мунис пен Агахидің еңбектерінде (Мунис, Огахий, 2019) аталады.

Дәукескен (Уәзір) және оның қирандылары жайлы орыс және шетел ғалымдарының, саяхатшыларының, елшілерінің, атап айтқанда, И.Д. Хохлов (1669) (Веселовский, 1891: 49), Л.Ф. Костенко (1873) (Костенко, 1880: 197), Р. Ленц (Lenz, 1870: 18, 21), П.И. Лерх (Lerch, 1873: 13), Н.Г. Петрусеви́ч (Петрусеви́ч, 1878: 252), В.Н. Лохтин (Лохтин, 1879: 16) және т.б. жазбаларында кездеседі.

Дәукескен қирандысын бірінші рет бақылау тәрізіндегі ғылыми зерттеу жұмыстары 1928-жылы КСРО Ғылымдар академиясы Түркменстан филиалы және Хорезм және Орта Азия бойынша өкіл Л.С. Соколов тарапынан жүзеге асырылды (Умняков, 1929: 24).

**Зерттеу нәтижелері.** Қазіргі уақытта Дәукескен жартылай бұзылған қала қабырғалары және төбеліктер жүйесінен тұрады. Кешеннің жалпы ауданы



100 гектардан артық. Бірінші зерттеуде-ақ ол бірнеше бөлімдерден тұратыны аян болған: қала, қала маңы немесе төменгі қала, қала некрополы, бағы-паркі, суғару системасы және т.б.

Жоғарыдағы қала тек қана солтүстік және шығыс қабырғаларына ие, оңтүстіктен және батыстан платоның 30 метрлік биіктіктегі тегіс жыралармен шекараланған. Солтүстік қабырғасының ұзындығы 730 м, шығысы 260 м. Сыртқы жағында қабырға түбінде тереңдігі 1,5-2,0 м., ені 17 м. ге дейін болған ор (қәндек) бар. Солтүстік-батыс бұрышында жоба бойынша биіктігі 20 м. 30x30 м. квадрат өлшемдегі арка болған. Қала айналасында екі құдық, үш мазарстан және мешіт қирандылары белгіленген. Сондай-ақ, ертеде қала құрылысы орны болғандығын білдіретін төбеліктер бар.

Жоғарыдағы қаланың қабырғалары екі рет қайта құрылған. Кіру есігі шығыс қабырғада орналасқан болып, екі мұнарамен оралған. Қаланың және мұнараның қабырғаларында оқатар орындар бар. Соңғы ортағасырлық қаланың бекініс қабырғалары көне қала қалдықтары үстіне салынған. Олар тас және кіші өлшемдегі қам кірпіштерден құрылған. Ішкі дәлізде оқ ату орындары орналастырылған (Материалы..., 1985: 66-67).

Хорезм XIV ғасырдың екінші жартысында экономикалық және саяси жақтан Алтын Ордамен байланыста болды. Әмір Темірге қарсы Алтын Орда билеушілерінің басып алу күресінде форпост ретінде қызмет етті және ең маңызды орталық сауда керуендері жолының бірі болды. Әмір Темірдің 1372-1388-жылдары Хорезмге аттануға мәжбүр болуы осы факторлармен түсіндіріледі.

XV ғасыр басы – XVI ғасырларда Арал бойының экономикалық аймағы саналатын Дариялық озасис зонасы өркендей бастады. Жаңа қалалар, атап айтқанда, Адақ, Янги-шехр, Терсек және т.б. қалалар пайда болды (Гулямов, 1957: 173). Оазистің негізгі орталығы Уәзір қаласы болды. Уәзір қаласы бірнеше мәрте Арал бойы хандарының резиденциясы ретінде қызмет етті, сондықтан қалада соғыс көп болды.

Жалпы Үстірттің оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлімдерінде жаңа қалалардың пайда болуы немесе ескі қала орындарының қайта гүлденуі Әмударияның бір тармағының (Дариялық) Үстірт етегі бойлап Сарықамыс көліне қарай ағуы болды.

Бізге белгілі, монғол әскерлері 1221-жылы Хорезмге басып кіргенде Үргенішті жаулап алу қиынға созылады, сонда Әмударияның суын Аралға емес, Сарықамысқа қарай бұрып жіберіп, жол бойындағы қалалардың барлығын суға батырып, Үргенішті алады. XIII ғасырдың ортасынан бастап XVI ғасырдың екінші жартысына дейін Аралға Әмудариядан бармай қалып, теңіз қазіргіден де бетер құрғап қалады. Міне сол уақытта теңіз айналасындағы халықтардың біразы Уәзір, Адақ, Терсек, Үргеніш т.б. қалаларына барып орналасады.

XV ғасыр орталарында Хорезм Мұстафахан басшылығындағы көшпенділер тарапынан жаулап алынды. Ол астана ретінде Уәзірді таңдайды. Хондемірдің айтуларына қарағанда, Мұстафахан Үргенішті жаулап алған соң оның бір бөлегін Уәзірге көшіреді (Ахмедов, 1965: 64-65). Кейінірек Уәзір қаласы тарихы белгілі уақыт аралығында Хүсейн Байқара сұлтанның әскери әрекеттерімен байланысты болып тұрды.

XV ғасырдың 60-жылдары Хүсейн Байқара сұлтан Әбіл-Сайдпен тақ үшін ұзақ күресі кезінде бірнеше рет Арал бойындағы Астрабадқа қашып барды және сол жерде Хорасанға аттану үшін күш топтады. 1460-жылы 41 күндік қоршаудан соң Хүсейн сұлтан Уәзірдің билеушісі Мұстафаханмен бейбітшілік келісім жасап, бір-біріне өзара қымбат бағалы сыйлықтар алмасады: Мұстафа Хүсейнге өзінің сүйікті лашынын, ал Хүсейн болса Мұстафаға Бехбуд атты тұлпарын тарту етеді. Осыдан соң қоңыраттық әмірлердің бірі Ақсұпының шақыруымен Адақ қаласына бағыт алады да ол жерде 1461-жыл орталарына дейін орналасады. Арадан көп өтпей Осман Қоңырат Якуб



оғланмен бірге Мұстафаханды тағынан құлатады. Осман қоңырат оған дейін Мұстафа ханның қол астында қызмет еткен белгілі әмірлерінің бірі болған. Мұстафа ханның Үргеніштің тұрғылықты тұрғындарын Уәзірге күштеп қоныс аудартқаннан кейін, халық оған қарсы көтеріліске шығады. Осман Қоңырат осы сәтті пайдаланып қалады, ал Мұстафа хан Маңғышлаққа кетуге мәжбүр болады (Тулибаева, 2003: 147-148).

Авторы белгісіз «Таврих-и-гузидии Нусрат-нами» (Жеңістер тарихы кітабы) айтылуынша, хижра 891-жылы (жылқы жылы), яғни, 1486-жылы шайбаниттермен тимуридтер ортасында «ұлы қақтығыс» орын алады. Мұхамед Шайбани хан басшылығындағы көшпенділер Хорезмге басып кіреді де Адак, Болдымсаз, Терсек қалаларын жаулап алады. Уәзір қаласы үшін басты күрес болып өтеді. Бұл жерде шайбаниттерге қарсы Хазарасп, Хиуа, Қат, Үргеніш және Болдымсаз қалаларынан әскерлер қарсы шығады. Бұдан басқа Хорасан билеушісі Хүсейн үлкен баласы Бади аз-заман Мырза басшылығында әскерді күшейту үшін 30 000 адам жібереді. Шайбаниттер жеңіліске ұшырап, Дешті Қыпшаққа кері қайтады. Осы жеңістен соң Хүсейннің билеушілігінің ақырғы жылдарына дейін Хорезм оның найыбы Шынсұпы тарапынан басқарылады (Материалы, 1969: 23-25).

XVI ғасыр басы Дәукескенге үлкен апат алып келеді. 1505-жылы көшпенділер Арал бойына шабуыл жасады. Бұл жолы оларға Әбілқайыр ханның немересі Мұхамед Шайбани басшылық етті. Алғашында Уәзір, кейін Үргеніш қалаларын жаулап алды. Бұл жердің әкімі етіп Қыпшақбай дайындалды (Ахмедов, 1965: 25). Бірақ парсылар Шайбаниттерді жеңген соң Хорезм сефевидтер қарамағына өтті, яғни Үргеніш, Хиуа, Уәзір қалаларын Сефевидтер мемлекетінің шахы Исмайыл жаулап алды (Гулямов, 1957: 175).

1512-жылы Хиуа хандығы тағына осы Уәзір қаласындағы көшпенді өзбектер династиясының билеушісі Елбарыс хан отырды. Осы қалада Хиуа хандығына негіз салынды. Елбарыс Үргенішті, Хиуаны, Хазарасп және Арал бойының басқа да қалаларын қызылбастардан тазалайды. Әмударияның төменгі ағысына Елбарыс және оның інісі Білбарыстың келуі бұл орталықта анағұрлым абыройға ие сопылық тариқаты дінбасыларының қызметімен байланысты.

Бұл жерде моңғолдар жаулап алғанға дейінгі дәуірлерде үлкен тәсірге ие болған Құбравия дәруіштік тариқатына негіз салынған және дамып отырған. Сопылық тариқатының шайхылары Дешті Қыпшақпен бұрыннан-ақ тығыз байланыста болған.

Танымалы шайх Сейіт-ата ұрпағы, сол дәуірде Арал бойында жасаған шайхылардың бірі Қожа Қитал әр жылы Дешті Қыпшаққа дәруіштік етіп садақа жинауға баратын еді.

Әбілғазының айтуынша, Уәзірде жасайтын қария-қазы Омар да өте тәсіршең адам болған. Ол Исмайыл шахтың бұл жерге әкелген найыбына ашықтан-ашық құрметсіздігін көрсетіп, халықты оған қарсы көтеріліске шығуға үгіт-насихат жүргізген. Басты себеп ирандық найыптың шиа ағымынан екендігі еді. Елбарысты Дешті Қыпшақтан шақыртып алуда Қожа Қитал дәнекер болды.

Осы кезеңдерде Әмударияның төменгі ағысына және Дәукескенге қарай ұйғыр, найман, қият, қоңырат, нөкіс, маңғыт, қыпшақ, қаңлы сияқты Арал бойындағы халықтардың, яғни, қарақалпақ, қазақ, аралдық өзбектердің қалыптасуына негіз болған ру топтары көшіп келді.

1524-жылы Елбарыс хан Хазараспқа аттанып өзіне Хорасан тауларының солтүстік шекаралары Майхеннен бастап Дурунға шейін, Балқан және Маңғышлақты иеледі. Бұл аймақ Хорезмді билеуші екі әулет, атап айтқанда Елбарыс пен Білбарыс және Аминек ұрпақтары арасында бөлінді (Материалы, 1938: 323-324). Бірақ Елбарыс хан өлген соң мирасқорлар арасында тақ үшін жанжал шығады. Уәзір қысқа уақыт ішінде үш мәрте қолдан-қолға өтеді. Бүліншілікті пайдаланып Уәзір тағына Білбарыстың баласы



Ғази сұлтан отырады. Кейін Аминек ханның ұлы Авинеш хан келеді (Материалы, 1969: 440-443). Өздерінің күресінде олар шайбаниттерге жиі жүгінді, бұл Бұхара ханы Убайдаллаға Хорезмнің ішкі істеріне араласуға мүмкіндік берді. Ақыр-соңында 1537-жылы ол Хорезмге шабуыл жасады да Үргеніш және басқа да қалаларды өзіне қаратады. Сонымен бірге ол «Барлық аймақтың билеушісі» – Уәзірді өз резиденциясына айландырды. 1539-жылы Хорезм тәуелсіз болды (Материалы, 1938: 65-66). Ханзадалар Убайдулла ханды қыспаққа алып Хорезмнен бас тартуға мәжбүрледі және бірінші шабуыл уақытында тұтқынға түскендердің барлығын қайтарды.

Он жыл бойы (1539-1548 жж) Аминек ханның баласы Қалхан солтүстік-батыс уәлаятты басқарды. Одан кейін Қалханның ағасы Ағадай хан астанасы Уәзірде халифалық тәжін киді. Мунистың жазуы бойынша, ол мемлекетті сегіз жыл жеті ай басқарған. Оның бес ұлы – Қажым, Темір, Махмұт, Болат және Аллақұлы. Олардың екеуі Хорасанмен Бегабатты басқарды, ал қалған ханзадалар Уәзірде болды.

Хижраның 965-жылы (1558-ж.) Қажымұхамет (Қажым) хан Уәзірде таққа отырады.

Осы жылы астанаға Мәскеудегі ағылшын сауда агенті Антони Дженкинсон келеді, 14-қазан күні Қажым ханға Мәскеу Императорының жарлығын тапсырады (Английские, 1937: 176). 1565-1566 жылдары Үргеніш билеушісі Али сұлтан қайтыс болғаннан кейін Қажым хан ол жерде хан сарайына құрады (Материалы, 1938: 73).

1593-жылы Мауереннахр ханы Абдулла Арал бойын жаулап алады. Қажым хан Сефевидтерге қашады. Сол кезде Уәзір халқы бұхарлықтармен ұзақ қарсыласады. Төрт ай қоршаудан соң Абдулла қаланы басып алады (Материалы, 1938: 88).

1598-жылы Оңтүстік Арал бойы бұхарлықтардан азат етілген соң Қажым хан жанұялары арасында жерлерді бөліске салады. Ол өзінде Үргеніш пен Уәзірді қалдырады. Бірақ 1600-жылы бұл қалаларды үлкен ұлына босатып береді де екінші ұлы басқарып отырған Хиуаға аттанады.

XVI ғасырда Үргенішпен Уәзірге Маңғышлақтан ноғайлар тарапынан ығыстырылып шығарылғандар келіп қоныстанады (XVII ғасыр басында олар Маңғышлаққа қайтады) (Материалы, 1938: 169; Гулямов, 1957: 198; Вайнберг, 1960: 115).

1623-жылы таққа Испандияр хан келуімен Уәзір кіші інісі Шериф Мұхамедке беріледі (Бартольд, 1963: 89-90; Абулгази, 1897: 239-294).

XVII ғасыр ортасында Хиуа ханы Әбілғазы Уәзірмен Үргеніш халқын Хорезмнің оңтүстік бөліміне көшіреді. Солай етіп таза қоныста Жаңа Үргеніш және Жаңа Уәзір қорғандары құрылады. Осылайынша қаланың ғұмыры аяқталады.

Уәзір қаласының тастап кетілуіне аймақта қуаңшылықтың орын алуы себеп болды. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Әмударияның ағысының өзгеруі, яғни Арал теңізіне қарай ағуы XIX ғасырға дейін Дариялық бойындағы қала-ауылдардың босап қалуына алып келеді. Дженкинсонның жазуынша, Уәзір XVI ғасыр орталарынан бастап Дариялықтың құруы себепті құлдырай бастаған (Английские, 1937: 137).

XVII ғасыр орталарында Уәзір, Шемаха-қала, Үргеніш қирап немесе босап қалған.

XIX ғасырдың басында Әмудария Лаузан арқылы Дариялыққа құяды. XVII ғасырда қараусыз қалған ортағасырлық ирригациялық аймақтарды игеру жұмыстары жүргізіліп, ескі магистральдық каналдар тереңдетіліп, пайдаланылады. Дариялық каналының арнасындағы суды көтеру үшін бірқатар бөгеттер, соның ішінде Уәзір маңындағы қуатты Егенн-Клич бөгеті салынды (Анрианов, 1969: 182).

Осы кезеңдерде Дәукескен қаласы территориясы ішінара игеріледі. Қорғанның қирандыларында бірнеше бөлмелері бар үйлер пайда болады.





XIX ғасырдың орталарында Мұхамед Әмин ханның тақта отырған кезінде хандық астанасын Хиуадан Көне Үргенішке көшіруге әрекеттер болады. Ол бойынша тиісті лауазымдағы адамдарына тапсырмалар да береді. 1847-жылы хан көне Уәзірге келіп аймақты тексереді, кейіннен Аллақұлы хан дәуірінде Бұхарадан әкелген тұтқындарды орналастырады. Бірақ Мұхамед Әмин ханның жоспары амалға аспайды, себебі ол көп өтпей соғыста қаза табады. 1857-жылы Хиуаның жаңа ханы Сейд Мұхамедтің нұсқауымен Лаузан каналы жабылады да оның салдарынан Ханабадтағы, Көне Үргеніштегі барлық жерлер Дәукескенге дейін босап қалады (Хожаниязов, Хақимниязов, 1997: 51-53).

Дәукескендегі архитектуралық ескерткіштер талай аңыз-әңгімелерге арқау болған. Қиранды қала маңындағы ерекше архитектуралық үлгідегі екі кесене жайлы жергілікті ел ғасырлар бойы ғажайып аңыздарды ауыздан-ауызға айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған). Ол ескерткіштер аңыздардағы тас ұстасы, тауды жарып су әкелген Фархат және оның сүйіктісі Ибрахим Әдхам шахтың қызы Шырынның кесенелері.

Аңыздарға қарағанда, ерте замандарда Дариялық пен Сарықамыс уәлаяттарында құдіретті Ибрахим Әдхам деген шах билеген екен. Оның Шырын атты қызы болып, ол сол патшалықтағы тас ұстасы Фархатқа өте ғашық болады. Екі жастың қосылуына қарсы болған әкесі Ибрахим шах қызына ойын ашық айта алмайды да “кімде-кім Үстірт жыраларын кесіп, арық ашып, қорған құрса соған қызымды беремін” деп жар салады. Фархат тауды-тасты кесіп жүрген ұста болса да, патша айтқан ауқымдағы жұмысты бір өзі орындай алуы қиын еді. Махаббатына жету жолында Шырын да қарап қалмайды, ол түнде мыңдаған құлдарды жұмсап Фархаттың жұмыстарына жәрдем береді.

Айтылған уақыт жетіп келеді, арық та дайын болады. Ибрахим Әдхам шах бұдан хабар тауып, таң қалады да қаһарға мінеді. Себебі, бұл жұмысты адам түгіл дәу де істей алмас еді. Бірақ, айтылған уәде бар. Шырынды қарапайым бір ұстаға беруді ар санаған шах та сұмдыққа кіріседі. Түнде мыңдап құлдарын жұмсап арықтың бір бөлімін терең етіп қаздыртады. Ертесіне Шырынға: “Көрдің бе, бүгін түнде сен сүйген Фархат жұмыс істеген жоқ, жұмысты дәу орындады. Фархат – өтірікші, сені оған бермеймін”, - дейді. Бұны есіткен Фархат махаббат дертіне шыдай алмай қаза табады. Оның ізінше Шырын да өзіне қол жұмсап, сүйгенінің ізінен о дүниеге аттанады. “Дәукескен” аталымының келіп шығуына да осы оқиға себеп болған, деседі. Қаланың оңтүсік жағында Үстірт жырасы жағасында қатар орналасқан екі кесене осы екі ғашықтардыкі, деп есептеледі (Пугаченкова, 1963: 315; Ходжаниязов, 2007: 18).

Ежелгі Хорезм өркениетін зерттеу жұмыстарына басшылық еткен С.П. Толстов 1939-жылы Тахта қаласының қасындағы колхозда жұмыс істейтін түркмен-яумыттан естіген аңызын төмендегіше баяндайды: бұл қорғанды (Дәукескенді) Фархат деген дәу құрған екен. Ол Хорезм патшасының қызы Шырынға ғашық болып қалады да қыздың қолын сұрайды. Патша бұны естіп ашуланады. Дәуге қызын бергісі келмейді, сонымен бірге оның бетін қайтаруға да жүрексінеді. Сөйтіп ол бақсы кемпірді алдырып, кеңес сұрайды. Кемпір Фархатқа орындай алмайтын қиын тапсырма беруді, яғни, тауы-тасы жоқ Қарақұм шөлінің ортасынан тас қамал құрғызу керектігін айтады. Бірақ, дәу алыс таулардан тастарды тасып тапсырманы орындайды. Ол жұмысты ақырына жеткізер уақытта патша бұдан хабар алып бақсы кемпірге тағы да жүгінеді. Ол белгіленген күні бір уақыттың өзінде 9000 бас жаңа туылған бота, сонша құлын, бұзау және қозы сойып беруін сұрайды. Айтылған мерзімде бақсы кемпір құрылысы бітейін деп жатқан қамалдың алдына келеді. Осы кезде Хорезм тараптан ұлы айқай-шу естіледі. Фархат кемпірден бұл не, деп сұрайды. Кемпір оған патшаның қызы Шырын өлді, соған адамдар жылап жатыр дейді. Бұны есіткен Фархат иығына салып келе жатқан таудай тасты аспанға қарай лақтырады. Бұл қамалға қойылатын ең ақырғы тас болатын. Жерге



қайта оралған тас Фархаттың басына түсіп езіп жібереді. “Фархат өлді” деген қайғылы хабарды есіткен Шырын да өзіне қол жұмсап сүйіктісінің өлі денесінің үстіне құлайды (Толстов, 1948: 23-24).

Дәуекескенге байланысты аңыз тұңғыш рет VII ғасырда Иран арабтар тарапынан фатх етілместен бұрын, Иран шахы Хысрау II Парвиздің (590-628) малика Шырынға деген махаббаты негізінде дүниеге келген, деп саналады. Бұл аңыз Фердаусидің “Шахнамасына” да кірген.

Халық арасында Фархат-Шырын есімдерімен байланысты әртүрлі аңыз-әңгімелер болған. Бірақ 1181-жылы Низами Генжавидің “Хұсрау мен Шырын” дастанында ару Шырынға ғашық болған қарапайым қолөнерші, тас ұстасы Фархат бейнесі пайда болады. Бұл қаһарманның махаббаты жауапсыз қалады.

1483-1485-жылдары аталмыш сюжетті ұлы ойшыл ақын Әлішер Науаи өзінің “Фархат пен Шырын” дастанында қолданып, қаһармандардың тағдырын бір-біріне сабақтастырып суреттейді. Осыдан соң Фархат пен Шырын жайлы қилы-қилы шығыс аңыздары пайда болып, олардың барлығында екі ғашықтың махаббаты жырлана бастайды.

Науаидың “Фархат пен Шырын” дастаны Орта Азия және Кавказдың біраз аймақтарына кең тарайды. Сондықтан, дастандағы болып өткен оқиғалар қай жерде жүз орын алғанын анық айту мүмкіндігі жоқ. Бұл аңыз мифологиялық негізге құрылғаны көрініп тұрады. Себебі, онда дәу бейнесі бар.

Науаи жасаған дәуірде Уәзір Герат пен Хорасан арасында орналасқан өте маңызды қалалардың бірі болған. Науаи мен Байқара балалықтан дос болған. Хүсейн Байқара Хорасан мемлекетін басқарған уақытта Уәзір Хорезмдегі ең үлкен қалалардан бірі еді. Байқараның өзі Уәзір қаласына шабуыл жасап, ала алмай, қаланың ханы Мұстафамен келісім жасап, жақын жердегі Адақ қаласында пана табады. Науаи Герат пен Хорасан арасындағы атағы шыққан Уәзір қаласы, ондағы Фархат-Шырын кесенелері, аңыздары жайлы естіген, тіпті ол жерлерге барған болуы ықтимал.

Жоғарыдағы Фархат-Шырын аңызындағы Ибрахим Әдхам шахқа байланысты өз алдына тағы бір аңыз Маңғышлақ өлкесінде кең тараған.

Ибрахим ибн Әдхам тарихта белгілі тұлға болған. Ол суфизм ілімінің негізін салушылардың бірі болып көп жерлерде дәруіштік еткен. Оның есімі де халық арасында қасиетті саналып, оған арнап кесене де орнатылған. Ибрахим шах кесенесі Қарақалпақстандағы қасиетті орындардың қатарында тізімге алынып, ол Дәуекескеннен солтүстік-батыста 30 шақырым жерде орналасқан.

Ибрахим шах мазары және кесенесі жайлы Х. Есбергеновтың «Қоңырат: тарихый хәм мәдений естеликлері» атты кітабында мынандай мәлімет келтіріледі: «Ибрахим шах күмбезі орта ғасырларға тән жалпақ тастармен XIV ғасырға тән «шырша» тәріздес тәсілмен өрілген.... XVII-XVIII ғасыр естелігі. Ибрахим шахтағы екінші күмбез XVII-XVIII ғасыр ескерткіші, Бөтентау (Үстірттің құрамдас бөлігі, сәл ажырап тұрғандықтан осылай аталған)да Ибрахим Әдем (Әдхам)нің мазары орналасқан, IX-XI ғасыр ескерткіші (Есбергенов, 1993: 86). Ғ. Хожаниязов пен О. Юсупов авторлығындағы «Қарақалпақстандағы муқаддес орынлар» Қоңырат ауданындағы мазарлар тізіміне Ибрахим шах мазары да енгізілген (Хожаниязов, Юсупов, 1994: 63).

Ибрахим шах туралы мынадай аңыз-әңгімелер өрбіген:

Ол Балх уәлаяты (Ауғанстан) тағын билеген, яғни шах болған.

Шах уағында-ақ ел арасында әділ билеуші, данышпан, әулие атағы шыққан. Ол ғаріп, жетім-жесір, соқыр-майыптарға тұрақты түрде қамқорлық жасаған. Бірақ ол бір күні тақтан безінеді. Не үшін?



Қурайшийдің «Рисолаларында» былай делінген: «Ибрахим ибн Әдхам Балх баяндарынан. Аң аулап жүріп түлкі немесе қоянның артынан қуып бара жатса, ғайыптан: «Сен осы нәрсе үшін жаратылдың ба, соған бұйырылдың ба?!» деген дауыс келеді. Соны естіп, аттан түседі. Аталарының шопандарымен ұшырасып, оларға ат, киім-кешек және басқа нәрселерін береді де, шөлге қарай шығып кетеді. Өз дәуірінің ғалымдары арасында Ибрахим ибн Әдхам ғажайып шешендігімен ерекшеленген. Діни сауатты Суфён Ас-Саври, оның ілімін тыңдау үшін келгендер арасында Ибрахимнің осы қабылетін байқап, бұл салиқалы кісінің шешендігін және сауаттылығын құрмет етіп, өз сөзін тамамдауға асығады. Солай етіп ол Суфён Саврий және Фузайл ибн Иёз сияқты ғұламалармен достасады. Шамда жасайды. Орақшылық пен бағда қарауылшылық етіп тірішілік етеді (Иброхим).

Және бір діни аңызда айтылуынша, Ибрахим ибн Әдхам сарайдың төбесінде бір кісінің жүргенінен оянып кетеді. Ол дауыстап «Сен кімсің?» деп сұрайды. «Түйемді іздеп жүрмін» деген жауапты естіп шах таң қалады да «Сарайдың төбесінде түйе не қылады?» дейді. Сарайдың төбесінен «Әй ғәпіл, сен Құдайды алтын тақтың үстінде зер шапан киіп іздейсің, алтын тақ үстінде Құдай не қылады?» деген сес келеді. Бұл сес Ибрахимнің қалғыған көңілін оятады.

Мұхамед Руми (ортағасыр тарихшысы) бұларға қосымша үшінші әңгімені қалдырған: Ибрахим ибн Әдхамның алдына келген мүсәпір кезбенің сарайды керуен сарайға теңестіргені оған жақпайды. Сонда мүсәпір кезбе Ибрахимнен, бұл сарай ілгері кімдікі болғандығын сұрайды. Шах болса бірнеше ата-бабаларының сол сарайда жасап өткенін айтады. «Бірі келіп, бірі кетсе, керуен сарай болмай не бұл?» дейді де мүсәпір көзден ғайып болады.

Суфизм ілімінің негізін қалаушылардың бірі ретінде танылған Ибрахим ибн Әдхам бүкіл мұсылман әлеміне белгілі ірі тұлға. Ол туралы Қазан төңкерісінен бұрын халқымыз арасында аңыз-әңгімелер, сондай-ақ, «Ибрахим Әдхам» киссасы кең таралған. Осы қисса С. Рафиддинов алғысөзімен «Ибрахим Адхам қиссаси» (Иброхим, 1991), К.Тоҳиров алғысөзімен «Қиссаи Ибрахим Адхам» (Қиссаи, 1993) деген атауларда басылып шықты.

Ибрахим ибн Әдхам қазіргі Ауғанстанның Балх қаласында дүниеге келген. Қашан туылғаны белгісіз. Шамамен 778-жылы қайтыс болған. Оның әкесі ислам дінін тарату дәуірінде болған соғыстар себепті осы жерге келген. Арабтардың Бану Тамим қауымынан, патшазадалар әулетінен, әскери адам болған. Осыған орай ол Маликшахтың қызы Маликаи Хубонға үйленген (Уәзір қаласына жақын жерде, Түркменстан аумағында Маликаи Хубон кесенесі де бар. Бірақ ол таққа қызықпаған, дәруіштік тұрмыс кешірген. Осындай орталықта тәрбиеленген.

Ибрахимнің патшалық тағын тастап кетуіне әкесі Әдхамның ролі көп болған. Әкесі де жалған дүниенің барлық әуестерінен, патшалық сияқты шексіз құқық және мүмкіндіктерден бас тартқан адам.

Мәліметтерге қарағанда, өмірінің көп бөлігін Сирияда өткізген Ибрахим Әдхам византиялықтармен болған соғыста қаза тапқан. Бірақ, әулиелердің символдық қабірлері әрқилы өлкелерде болатыны секілді Ибрахим Әдхамның да мазары анық қай жерде екендігі белгісіз. Ибрахим Әдхам өзі алғашқылардан болып негізін салған суфизм ілімін насихаттау үшін көп елдерді кезген, соның ішінде біздің өлкемізге де қадам басқан болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, Ибрахим Әдхам туралы аңыз-әңгімелер көп. Ал оның ғибратты сөздері адамзат рухани тұрмысының азығы болып қаншама ғасырлардан бері құнын жоғалтпай келеді. Осындай ислам әлемінің жарқын тұлғасының рухына символдық қабір орнатылуының өзі тарихта халқымыздың ғұламаларға, ислам мәдениетіне болған үлкен махаббатынан дерек береді.



Фархат пен Шырын жайлы аңыздар, дастандар да өз дәуірінде сол орталықта жасаушы халықтың рухани өмірінен терең орын алғандығы мәлім, Үстіртте бұл аттары аңызға айналған ғашықтардың мазары халықтың тілек-армандарынан туындаған деп қорытынды жасау мүмкін. Себебі, халық өзі қалаған тұлғаларға арнап мазар, кесене орнатуы бұрыннан дәстүр болып сақталып қалған.

Бізге осы орында қаланың “Дәукескен”, “Уәзір” деп не үшін осылайынша аталуы қызығушылық тудырады.

Негізінде “Дәукескен” атауы “Уәзір”ден бұрыннан бар болған болуы мүмкін. Біздіңше, бұл үш сөздің бірігуінен жасалған: Даһ+Кас (немесе Кат)+Кан (Даһкаскан). Фонетикалық өзгеріске ұшырауымен “Даһкаскан” немесе “Даһкаскент” атауы бізге жеткенше “Дәукескен” болып кеткен болуы ықтимал. Демек, жалпы мәнісі – Дахтар жасайтын қорған ішіндегі қала яки болмаса дахтар жасайтын канал жанындағы қала. Шынында да Дәукескен қаласы солтүстік және шығыс жағынан үлкен дуалдармен қоршалған. Солтүстігіндегі ұзындығы 2 км келетін дуалдан көптеген керамикалар бөлшектері табылған. Бұл жәдігерлер б.з.д. IV-III ғасырларға тиісті ежелгі Хорезм керамикаларымен сәйкес келеді (Ягодин, Ходжаниязов, 1986: 88). Платоның етегі бойлап ежелден-ақ канал тартылғаны дәлелдерімізді айғақтай түседі.

Бізге белгілі, Үстірттің оңтүстік бөлімінде, яғни осы Дәукескен қаласы, Сарықамыс көлі маңдарында б.з.д. IV-III ғасырларда – б.э. III-IV ғасырларында массагеттермен туыстас ирантілдес даһ (даха, дай) тайпасы өмір сүрген. Б.э.д. III ғасырдың ортасында Аршақ басқарған даһ тайпасы Каспий аймағының оңтүстік-шығысын басып алды. Нәтижесінде 5 ғасырға жуық өмір сүрген қуатты Парфия патшалығы құрылды. Жайық өзені б.э.д. II ғасырдағы Птолемей картасында “Даик” түрінде көрсетілген. “Даик” атауы да осы дах, дай тайпасы атауымен байланысты (Ажигали, 2014). Көпшілік зерттеушілер Вивьен де Сен-Мартинаның түркменнің “теке” тайпасының атауын “дахтан” алғандығын қуаттайды. Қазақтардың “адай” руының шығу тегін де осы ежелгі тайпамен байланыстырады (Ажигали, 2001: 15).

Үстіртте даһ тайпасымен байланысты көптеген географиялық атаулар бар. Мысалы, Түркменстанда Дәхистан, Дәукемпир, Дәуқала және т.б. Осы аймақтағы Адаққала атауының мәнісі “аяқ” дегенді білдіреді, деген көзқарас басым. Бұған Махмұт Қашқариден мысал қылып көрсетеді, сондай-ақ, Адақтың Дариялықтың аяғында орналасқандығы дәлел етіледі. Алайда, Дариялықтың Сарықамысқа құяр аяғында басқа да тарихи жер-су атаулары баршылық. Сондықтан, Адақтың түбірі “дақ”, яғни дахтар тайпасына байланысты атау екендігі шындыққа жақын келеді.

Қоңырат қаласының жанында қазір Дауыт ата мазары “Дәу ата” деп та аталатындығын жергілікті халық айтып жүрсе, ал Қоңыратқа жақын Үстірт жырасының етегіндегі бір үңгір “Дәу үңгір” аталады. Біздің ойымызша, “дәу” аффиксіне құрылған осы жер-су атауларының бәрі мәнісі даһ тайпасына жақындайды.

“Уәзір” атауы қала екінші мәрте өмір сүре бастаған кезде, яғни XV ғасырда қойылған болуы керек. Себебі қала атауы осы дәуірдегі деректерде атала бастаған.

**Қорытынды.** Соңғы жылдары Дәукескенде жүргізілген қазба жұмыстары бұл жерде бес мәрте құрылыс жұмыстары жүргізілгендігін көрсетті. Сондықтан қаланың қорғану архитектурасы үнемі дамып отырған (Хожаниязов, Хақимиязов, 1997: 53). Дәукескен дуалынан табылған керамикалар б.з.д. IV-III ғасырлар жәдігерлерінен дерек берсе, біздің дәуіріміздің III-IV ғасырларына тиісті жәдігерлер В. Ягодин тарапынан анықталған болатын (Ягодин, 1987: 134). Бұл жәдігерлер осы жердің Арал бойындағы ежелгі отырықшы халықтармен көшпенділердің мәдениеті бас түйістірген орны болғандығын айғақтайды.

Кушан дәуірінде қаланың дуалдары қайта өңделген. Дәукескендегі тұрмыс көшпенділер орталығымен тығыз байланыста болған. Аймақтан жиырмадан артық



ежелгі және орта ғасырларға тән көшпенділер ескерткіштері табылып картаға түсірілген. Дәукескен отырықшы халықтармен көшпенділердің арасындағы экономикалық алмасу орталығы ретінде қалыптасқаны байқалады (Ягодин, 1976: 44-48).

Дәукескен территориясынан Алтын Орда дәуіріне тиісті теңгелер де табылды (Петров, 2010: 121-148). Афригидтер дәуірі ескерткіштері табылмаған болса да қала IX-XII ғасырларға дейін жақсы сақталып қалған. Моңғолдар басып кіргенде басқа қалалар сияқты Дәукескен де қиратылды. XIV ғасырда аймаққа су келуімен Хорезм әміршілерінің назарына ілігеді. Қалада жаңадан құрылыстар жүреді. XV ғасырда қала недәуір жақсы бекініске ие болады. Дәукескеннің саяси маңызы XVI ғасырдан бастап арта бастайды да ол Тирсек, Янги-шехр, Адақ, тіпті Үргеніш, Ниса, Абиверд, Фераб сияқты ірі қалалардың астанасы болады.

Бұл дәуірге келіп Арал бойында күшті феодалдық бөлшектену орын алады, өз алдына бөлектенген патшалықтан қолдан-қолға үздіксіз жиі-жиі ауысып тұрады.

XVII ғасырда Уәзір Үргеніш сияқты қанағатсыз таққа таласушылардың орталығы болып қалады. Осы кезеңде хан әрі тарихшы Әбілғазы Баһадүр астананы Хиуа қаласына көшіреді де қала XIX ғасырға дейін қаңырап қалады. XIX ғасырда қаланы қайта өндеуге және айналасын көгалдандыруға әрекет жасалады, дегенмен қуаңшылық салдарынан және Хиуа ханы аумасқандықтан қолға алған шаралар нәтижесіз қалады. Міне содан бері мыңжылдық тарихтар куәсі болған Уәзір қаласы қазірде меніреу далаға айналған.

Уәзір қаласы археологиялық зерттеу жұмыстарын талап етеді. Қала Түркменстан менен Өзбекстанның қақ шекарасында орналасқандықтан қазіргі таңда қалада не археологиялық жұмыстар жүргізуге, не туристік объект ретінде ол жерге саяхат етуге, не киелі орын ретінде зират етуге мүмкіндік (рұқсат) жоқ. Аталған мемлекеттерге тарихи қаланың осындай мүмкіндіктерін пайдалану үшін ортақ шешімге келуге ұсыныс етіледі.

#### Әдебиеттер

- Абулгази, 1897 — *Абулгази Бахадур-хан* Родословная туркмен. Перевод А.Тушанского. Ашхабад, 1897. 74 с.
- Абуль-гази, 1906 — *Абуль-гази*. Родословное древо тюрков (перевод Г.С. Саблукова). Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1906. 336 с.
- Ажигали, 2001 — *Ажигали С.Е.* Очерк этнической истории аридной зоны Арало-Каспия (в свете проблем этногенеза) // История и культура Арало-Каспия. Алматы: Құс жолы, 2001. С. 7-38.
- Ажигали, 2014 — *Ажигали С.Е.* Очерк культурного наследия Арало-Каспийского региона // Электронное научное издание Альманах Пространство и Время. Т. 5. Вып. 1. Часть 2. 2014. 22 с.
- Английские, 1937 — Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке. Л., 1937. 306 с.
- Андрианов, 1969 — *Андрианов Б.В.* Древние оросительные системы Приаралья. М.: Наука, 1969. 252 с.
- Ахмедов, 1965 — *Ахмедов Б.Б.* Государство кочевых узбеков. М.: Наука, 1965. 193 с.
- Ахмедов, 1985 — *Ахмедов Б.Б.* Историко-геологическая литература Средней Азии XVI-XVII вв (писменные памятники). Ташкент: ФАН, 1985. 262 с.
- Бартольд, 1963 — *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. I. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Москва: Изд. Восточной литературы, 1963. 759 с.
- Бартольд, 1965 — *Бартольд В.В.* Сведения об Аральском море. Т. 3. М., 1965. 120 с.
- Вайнберг, 1960 — *Вайнберг Б.И.* Туркменское население по Дарьяльску. МХЭ. Вып. 4. М., 1960. С. 115-133.
- Веселовский, 1891 — *Веселовский Н.* Иван Данилович Хохлов (Русский посланник в Персию и Бухару в XVII вв). СПб, 1891. 27 с.
- Гулямов, 1957 — *Гулямов Я.Г.* История орошения Хорезма с древнейших времен до наших дней. Ташкент: ФАН, 1957. 313 с.
- Есбергенов, 1993 — *Есбергенов Х.* Қоңырат: тарихый хәм мәдений естеликлери. Нөкис: Билим, 1993. 120 б.



- Иброҳим — *Иброҳим* ибн Адҳам. URL: <https://islom.uz/maqola/9741>
- Иброҳим, 1991 — *Иброҳим* Адҳам қиссаси / нашрга тайёрловчи ва сўз боши С. Раъфидинов. Тошкент, 1991. 192 б.
- Костенко, 1880 — *Костенко Л.Ф.* Опыт военного статического обозрения Туркестанского военного округа. Туркестанский край. СПб, 1880. 487 с.
- Қиссаи, 1993 — *Қиссаи* Иброҳим Адҳам / тузувчи ва сўзбоши Қ. Тоҳиров. Самарқанд: Зарафшон, 1993. 106 б.
- Лохтин, 1897 — *Лохтин В.В.* Река Аму и ее древнее соединение с Каспийском морем. СПб, 1879. С. 92.
- Материалы, 1938 — Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 2. М.-Л.:Изд. АН СССР, 1938. 700 с.
- Материалы, 1969 — *Материалы* по истории Казахских ханств в XV-XVIII вв. Алма-Ата, Наука, 1969. 655 с.
- Материалы, 1985 — *Материалы* к своду памятников истории и культуры Каракалпакской АССР. Вып. 1. Нукус: Каракалпакстан, 1985. 163 с.
- Мунис, Огахий, 2019 — *Мунис, Огахий.* Фирдавсу-л-икбол. Тошкент: Лочин, 2019. 402 б.
- Петров, 2010 — *Петров П.Н.* Клад из Дев-кескен-кала и вопросы начала чеканки серебряных монет в Джучидском улусе // *Золотоордынская цивилизация*. Выпуск 3. Казан: ФЭН, 2010. С. 121-149.
- Петрусевиц, 1878 — *Петрусевиц Н.Г.* Предварительный отчет об исследовании Дарьялыка (Узбой) и Сарыкамышской котловины // *Известия Кавказского отделения РГО*. Т. V. Тифлис, 1878. С. 241-256.
- Пугаченкова, 1963 — Пугаченкова Г.А. Материалы к истории Хорезмского зодчества // МХЭ. Вып. 7. 1963. С. 118-137.
- Толстов, 1948 — *Толстов С.П.* По следам древнехорезмийской цивилизации. М.-Л.: Изд. АНССР, 1948. 323 с.
- Тулибаева, 2003 — *Тулибаева Ж.М.* Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв. Дисс.на соискание уч.степени д.и.н. Алматы, 2003. 172 с.
- Умняков, 1929 — *Умняков И.И.* Архитектурные памятники Средней Азии. Ташкент, 1929. 40 с.
- Ходжаниязов, 2007 — *Ходжаниязов Ф.* Қадимги Хоразм мудофаа иншоотлари. Тошкент: «O'zbekiston», 2007. 216 б.
- Хожаниязов, Хақимниязов, 1997 — *Хожаниязов Г., Хақимниязов Ж.* Городище Дэвкескен-Вазир. Нукус: Билим, 1997. 76 с.
- Хожаниязов, Юсупов, 1994 — *Хожаниязов Ф., Юсупов Ю.* Қаракалпакстандағы муқаддес орынлар. Нөкис, 1994. 68 б.
- Ягодин, 1976 — *Ягодин В.Н.* Устюрт и Приаральская дельта // *Общественные науки в Узбекистане*, 1976. № 1. С. 45-52.
- Ягодин, 1987 — *Ягодин В.Н.* Кочевники на северно-западных границах Хорезма. Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций (тезисы докладов). Алматы, 1987. 209 с.
- Ягодин, Ходжаниязов 1986 — *Ягодин В.Н., Ходжаниязов Г.* Вал Дэвкескенский // *Вестник ККО АН РУз*, № 3 (105). 1986. С. 86-89.
- Ibn Fadlan's, 1939 — *Ibn Fadlan's* Reisebericht von a. Zeki validi Togan. Leipzig, 1939. 336 p.
- Lenz, 1870 — *Lenz P.* Unsere Kenntnisse über den früheren Lauf des Amu-Daria. Eggers, 1870. No. 3. 52 p.
- Lerch, 2010 — *Lerch P.* Khiva oder Kharezm: seine historischen und geographischen Verhältnisse. Schmitzdorff, 1873. 210 p.
- Michiel, 1875 — *Michiel Jan De Goeje.* Das Alte Bett des Oxus Amû-Darj. Leiden, 1875. 132 p.

#### References

- Abulgazi, 1897 — *Abulgazi* Bahadur-han. Rodoslovnaya turkmen. Perevod A.Tushanskogo. [Pedigree of the Turkmens. Translation by A. Tushansky.] Ashhabad, 1897. 74 p. (In Russ.).
- Abul-gazi, 1906 — *Abul-gazi.* Rodoslovnoe drevo tyurkov [perevod G.S. Sablukova]. [Family tree of the Turks [translation by G.S. Sablukov]] – Kazan: Tipo-litografiya Imperatorskogo Universiteta, 1906. 336 p. (In Russ.).
- Ahmedov, 1965 — *Ahmedov B.B.* Gosudarstvo kochevyih uzbekov. [State of nomadic Uzbeks.]. Moscow: Nauka, 1965. 193 p. (In Russ.).
- Ahmedov, 1985 — *Ahmedov B.B.* Istoriko-geologicheskaya literatura Sredney Azii XVI-XVII vv [pismennyye pamyatniki] [Historical and geological literature of Central Asia in the 16th and 16th centuries [written monuments]]. Tashkent: FAN, 1985. 262 p. (In Russ.).



Ajigali, 2001 — *Ajigali S.E.* Oчерк etnicheskoy istorii aridnoy zonyi Aralo-Kaspiya [v svete problem etnogeneza] [Essay on the ethnic history of the arid zone of the Aral-Caspian Sea [in the light of problems of ethnogenesis]] // *Istoriya i kultura Aralo-Kaspiya*. Almaty: Qus joly, 2001. Pp. 7-38. (In Russ.).

Ajigali, 2014 — *Ajigali S.E.* Oчерк kulturnogo naslediya Aralo-Kaspiyskogo regiona // *Elektronnoe nauchnoe izdanie Almanah Prostranstvo i Vremya*. Vol. 5. Iss. 1. [Essay on the cultural heritage of the Aral-Caspian region] Part 2. 2014. 22 p. (In Russ.).

Andrianov, 1969 — *Andrianov B.V.* Drevnie orositelnyie sistemy Priaralya. [Ancient irrigation systems of the Aral Sea region.] Moscow: Nauka, 1969. 252 p. (In Russ.).

Angliyskie, 1937 — *Angliyskie* puteshestvenniki v Moskovskom gosudarstve v XVI veke. [English travelers in the Muscovite state in the 16th century.] L., 1937. 306 p. (In Russ.).

Bartold, 1963 — *Bartold V.V.* Sochinenie. T.I. Turkestan v epohu mongolskogo nashestviya. [Composition. T.I. Turkestan in the era of the Mongol invasion.]. Moskva: Izd. Vostochnoy literaturyi, 1963. 759 p. (In Russ.).

Bartold, 1965 — *Bartold V.V.* Svedenie ob Aralskom more. T. 3. [Information about the Aral Sea. V. 3.] Moscow, 1965. 120 p. (In Russ.).

Esbergenov, 1993 — *Esbergenov H.* Qonyrat: tariyhiy hám mádeniy estelikleri [Kungrad: historical and cultural memorials]. Nókis: Bilim, 1993. 120 p. (In Karakalpak.).

Gulyamov, 1957 — *Gulyamov Ya.G.* Istoriya orosheniya Horezma s drevneyshih vremen do nashih dney [History of irrigation of Khorezm from ancient times to the present day]. Tashkent: FAN, 1957. 313 p. (In Russ.).

Hodjanliyazov, 2007 — *Hodjanliyazov G'.* Qadimgi Horazm mudofaa inshootlari [Ancient Khorezm defensive structures]. Toshkent: «O'zbekiston», 2007. 216 p. (In Uzb.).

Hodjanliyazov, Hakimliyazov, 1997 — *Hodjanliyazov G., Hakimliyazov J.* Gorodische Devkesken-Vazir [Devkesken-Vazir settlement]. Nukus: Bilim, 1997. 76 p. (In Russ.).

Hojanliyazov, Yusupov, 1994 — *Hojanliyazov G., Yusupov O.* Qaraqalpaqstandagi muqaddes orynlar [Sacral places in Karakalpakstan]. Nokis, 1994. 68 p. (In Karakalpak.).

Ibn Fadlan's, 1939 — *Ibn Fadlan's* Reisebericht von a. Zeki validi Togan [Ibn Fadlan travel report by a. Zeki velidi Togan]. Leipzig, 1939. 336 p.

Ibrohim — *Ibrohim* ibn Adham. URL: <https://islom.uz/maqola/9741>

Ibrohim, 1991 — *Ibrohim* Adham qissasi / nashrga tayorlovchi va so'z boshi S. Rayfiddinov. [The story of Ibrahim Adham / prepared for publication and foreword by S. Raifiddinov.] Toshkent, 1991. 192 p. (In Uzb.).

Kostenko, 1880 — *Kostenko L.F.* Opyit voennogo staticheskogo obozreniya Turkestanskogo voennogo okruga. Turkestanskiy kray. [Experience of military static survey of the Turkestan military district. Turkestan region.] SPb, 1880. 487 p. (In Russ.).

Lenz, 1870 — *Lenz P.* Unsere Kenntnisse über den früheren Lauf des Amu-Daria [Our knowledge of the earlier course of the Amu-Daria.]. Eggers, 1870. No. 3. 52 p.

Lerch, 1873 — *Lerch P.* Khiva oder Kharezem: seine historischen und geographischen Verhältnisse [Khiva or Kharezem: its historical and geographical conditions.]. Schmitzdorff, 1873. 210 p.

Lohtin, 1879 — *Lohtin V.V.* Reka Amu i ee drevnee soedinenie s Kaspiyskom morem [The Amu River and its ancient connection with the Caspian Sea]. SPb, 1879. 92 p. (In Russ.).

Materialy, 1938 — *Materialy* po istorii turkmen i Turkmenii. Vol. 2. [Materials on the history of the Turkmen and Turkmenistan. V. 2.] M-L.: Izd. AN SSSR, 1938. 700 p. (In Russ.).

Materialy, 1969 — *Materialy* po istorii kazahskih hanstv v XV-XVIII vv. [Materials on the history of the Kazakh khanates in the XV-XVIII centuries.] Alma-Ata, Nauka, 1969. 655 p. (In Russ.).

Materialy, 1985 — *Materialy* k svodu pamyatnikov istorii i kulturyi Karakalpakskoy ASSR. Iss. 1. [Materials for the collection of historical and cultural monuments of the Karakalpak Autonomous Soviet Socialist Republic. Vol. 1.] Nukus: Karakalpakstan, 1985. 163 p. (In Russ.).

Michiel, 1875 — *Michiel* Jan De Goeje. Das Alte Bett des Oxus Amû-Darj [The Old Bed of Oxus Amû-Darj]. Leiden, 1875. 132 p.

Munis, Ogahiy, 2019 — *Munis, Ogahiy.* Firdavsul-iqbol. Toshkent: Lochin, 2019. 402 p. (In Uzb.).

Petrov, 2010 — *Petrov P.N.* Klad iz Dev-kesken-kala i voprosyi nachala chekanki serebryanyih monet v Djuchidskom uluse // *Zolotoordynskaya tsivilizatsiya*. Iss. 3. [Treasure from Dev-kesken-kala and questions about the beginning of minting silver coins in the Dzhuchid ulus]. Kazan: FAN, 2010. Pp. 121-149. (In Russ.).

Petrusevich, 1878 — *Petrusevich N.G.* Predvaritelnyiy otchet ob issledovanii Daryalyika [Uzboy] i Saryikamyishskoy kotlovinyi. Izvestiya Kavkazskogo otdeleniya RGO. Vol. V. [Preliminary report on the study of Daryalik [Uzboy] and the Sarykamys basin.]. Tiflis, 1878. Pp. 241-256. (In Russ.).

Pugachenkova, 1963 — *Pugachenkova G.A.* Materialy k istorii Horezmskogo zodchestva [Materials on the history of Khorezm architecture] // MHE. Iss. 7. 1963. Pp. 118-137. (In Russ.).

Qissai, 1993 — *Qissai* Ibrohim Adham / tuzuvchi va so'zboshi Q. Tohirov [Story Ibrahim Adham / compiled and foreword by Q. Tahirov]. Samarqand: Zarafshon, 1993. 106 p. (In Uzb.).



Tolstov, 1948 — *Tolstov S.P.* Po sledam drevnehorezmiyskoy tsivilizatsii [In the footsteps of the ancient Khorezmian civilization]. M.-L.: Izd. AN SSSR, 1948. 323 p. (In Russ.).

Tulibaeva, 2003 — *Tulibaeva J.M.* Persoyazyichnyie istochniki po istorii kazahov i Kazahstana XII-XIX vv. Diss.na soiskanie uch.stepeni d.i.n. [Persian-language sources on the history of the Kazakhs and Kazakhstan 12-19 centuries] Almaty, 2003. 172 p. (In Russ.).

Umnyakov, 1929 — *Umnyakov I.I.* Arhitekturnyie pamyatniki Sredney Azii [Architectural monuments of Central Asia]. Tashkent, 1929. 40 p. (In Russ.).

Vaynberg, 1960 — *Vaynberg B.I.* Turkmenskie naselenie po Daryalyiku. MHE. Iss. 4. [Turkmen population according to Daryaliik. Vol. 4.] M., 1960. Pp. 115-133. (In Russ.).

Veselovskiy, 1891 — *Veselovskiy N.* Ivann Danilovich Hohlov [Russkiy poslannik v Persiyu i Buharu v XVII vv.]. [Ivan Danilovich Khokhlov [Russian envoy to Persia and Bukhara in the 17th century]. SPb, 1891. 27 p. (In Russ.).

Yagodin, 1976 — *Yagodin V.N.* Ustyurt i Priaralskaya delta [Ustyurt and the Aral Sea delta.]. ONU, No. 1. 1976. Pp. 45-52. (In Russ.).

Yagodin, 1987 — *Yagodin V.N.* Kochevniki na severno-zapadnyih granitsah Horezma. Vzaimodeystvie kochevyih kultur i drevnih tsivilizatsii [tezisyi dokladov] [Nomads on the northwestern borders of Khorezm. Interaction of nomadic cultures and ancient civilizations [abstracts of reports]]. Almaty, 1987. 209 p. (In Russ.).

Yagodin, Hodjaniyazov, 1986 — *Yagodin V.N., Hodjaniyazov G.* Val Devkeskenskii [Devkesken rampart] // Vestnik KKOANRUz, No. 3 [105], 1986. Pp. 86-89. (In Russ.).





## ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 376-388, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_376-388](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_376-388)

### DYNAMICS OF MIGRATION PROCESSES IN SOUTHERN KAZAKHSTAN REGION (1991-2023)

*Gaukhar Kapbarova*<sup>1</sup>, *Abdullah Gundogdu*<sup>2</sup>, *Gulbakyt Shashaeva*<sup>3</sup>

<sup>1</sup>South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov  
(13, A.Baitursynova Str., 160012 Shymkent, Republic of Kazakhstan)

PhD

<https://orcid.org/0000-0001-8476-4259>. E-mail: [goha1986-01@mail.ru](mailto:goha1986-01@mail.ru)

<sup>2</sup>Ankara University  
(Hacettepe, 06100, Sıhhiye Kavşağı, 06430 Altındağ/Ankara, Republic of Turkey)

PhD Doctor of historical sciences professor

<https://orcid.org/0000-0002-9171-6965>.

E-mail: [abdullahgundogdu@yahoo.com](mailto:abdullahgundogdu@yahoo.com), [gundogdu@humanity.ankara.edu.tr](mailto:gundogdu@humanity.ankara.edu.tr)

<sup>3</sup>Kazah National Pedagogical University named after Abai  
(13, Dostyk Avenue, 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

PhD doctor, Senior lecturer

<https://orcid.org/0000-0003-1323-2495>. E-mail: [t\\_gulbakhit@mail.ru](mailto:t_gulbakhit@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Kapbarova G., Gundogdu A., Shashaeva G., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article examines the migration processes in the South Kazakhstan region, and the peculiarities of the socio-demographic development of the region for more than thirty years since the country gained independence. *The purpose and objectives.* To analyze the nature of the intra- and externally oriented types of migration process in the South Kazakhstan region at each stage (intra-republican, interregional, with CIS countries, foreign. *Methods.* The methodological basis of the research includes such principles as a realistic consideration of the relationship and correlation of historical phenomena and demographic processes, statistical analysis, and comparative study based on the principles of historicity and objectivity of specific historical situations. The archival data of the Department of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan, the Department of Employment of the Akimat of the South Kazakhstan region, and the materials of the national census and statistical data for different years related to this period are used as the source base of the article. *Results.* There have been major changes in migration within the country, for example, the movement of the population mainly went in two directions -the movement of people within the southern regions themselves and between areas and oblasts. *Conclusion.* for more than thirty years since independence, the



processes of socio-demographic development of Southern Kazakhstan have undergone significant historical and demographic changes under the influence of migrants.

**Keywords:** South Kazakhstan, historical demography, migration, statistics, population census, emigration, immigration

**For citation:** Капбарова Г., Гундогду А., Шашаева Г. Dynamics of migration processes in Southern Kazakhstan region (1991-2023) // Отан тарихы. 2024. Vol. 27No. 2. Pp. 376-388. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_376-388

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (1991-2023 ЖЖ.)

Гауһар Шермухамедовна Капбарова,<sup>1</sup> Абдулла Гюндогду<sup>2</sup>,  
Гулбақыт Қадыржанқызы Шашаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті  
(13-үй, Байтұрсынов көш., 160012 Шымкент, Қазақстан Республикасы)

PhD докторант

<https://orcid.org/0000-0001-8476-4259>. E-mail: [goha1986-01@mail.ru](mailto:goha1986-01@mail.ru)

<sup>2</sup>Анкара университеті

(Хаджеттепе, 06100, Сыххие Кавшаги, 06430 Алтындаг/Анкара, Түркия Республикасы)

т.ғ.д., профессор

<https://orcid.org/0000-0002-9171-6965>.

E-mail: [abdullahgundogdu@yahoo.com](mailto:abdullahgundogdu@yahoo.com), [gundogdu@humanity.ankara.edu.tr](mailto:gundogdu@humanity.ankara.edu.tr)

<sup>3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(13-үй, Достық даңғ., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD докторы. Аға оқытушы

<https://orcid.org/0000-0003-1323-2495>. E-mail: [t\\_gulbakhit@mail.ru](mailto:t_gulbakhit@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Капбарова Г.Ш., Гюндогду А., Шашаева Г.К., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі көші-қон үдерістерін, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі отыздан аса жыл ішіндегі аймақтағы әлеуметтік-демографиялық дамудың ерекшеліктері қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:* Оңтүстік Қазақстан облысындағы көші-қон үдерісінің әр кезеңдегі ішке және сыртқа бағытталған түрлерінің (республика ішіндегі, аймақаралық, ТМД елдерімен, шетелдік) сипатын талдау. *Материалдар мен әдіс-тәсілдері* ретінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің Халықты еңбекпен қамту басқармасы архиві деректері мен аталған кезеңге қатысты ұлттық санағы мен әр жылдардағы статистикалық мәліметтері материалдары пайдаланылды. *Талқылау.* Тарихи құбылыстар мен демографиялық үдерістердің өзара байланысы мен арақатынасын шынайы тұрғыдан қарастыру, демографиялық-статистикалық талдау, салыстырмалы зерттеу сияқты қағидалары қолданысқа түсіп, нақты тарихи жағдайға сәйкес тарихилық пен объективтілік ұстанымдарына негізделді. *Нәтижелері:* Ел ішіндегі көші-қонда үлкен өзгерістер орын алды, мәселен, халықтың қозғалысы негізінен екі бағытта жүрді – Оңтүстік облыстардың өз ішіндегі халықтардың орын ауыстыруы және аймақтар және облыстар арасындағы. *Қорытынды:* Тәуелсіздік алғаннан бергі отыздан аса жыл ішіндегі Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық даму үдерістері



көш-қон әсерімен тарихи-демографиялық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырап, ұлттық белгісіне қарай, қазақтардың саны артып, оң сальдо көрсете бастады.

**Түйін сөздер:** Оңтүстік Қазақстан, тарихи-демография, көш-қон, статистика, тұрғындар, халық санағы, эмиграция, иммиграция

**Дәйексөз үшін:** Капбарова Г.Ш., Гюндогду А., Шашаева Г.К. Оңтүстік Қазақстан облысындағы көші-қон үдерістерінің динамикасы (1991-2023 жж) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 376-388 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_376-388

## ДИНАМИКА МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1991-2023 ГГ.)

Гаухар Шермухамедовна Капбарова<sup>1</sup>, Абдулла Гюндогду<sup>2</sup>,  
Гулбакыт Қадыржановна Шашаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский педагогический университет имени Озбекали Жанибекова  
(д. 13, ул. Байтурсынова, 160012 Шымкент, Республика Казахстан)

PhD докторант

<https://orcid.org/0000-0001-8476-4259>. E-mail: [goha1986-01@mail.ru](mailto:goha1986-01@mail.ru)

<sup>2</sup>Университет Анкара  
(Хаджеттепе, 06100, Сыххие Кавшаги, 06430 Алтындаг/Анкара, Турецкая Республика)

Д.и.н., профессор

<https://orcid.org/0000-0002-9171-6965>.

E-mail: [abdullahgundogdu@yahoo.com](mailto:abdullahgundogdu@yahoo.com), [gundogdu@humanity.ankara.edu.tr](mailto:gundogdu@humanity.ankara.edu.tr)

<sup>3</sup>Казахский Национальный педагогический университет имени Абая  
(д. 13, просп. Достык, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

PhD доктор, старший преподаватель

<https://orcid.org/0000-0003-1323-2495>. E-mail: [t\\_gulbakhit@mail.ru](mailto:t_gulbakhit@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Капбарова Г.Ш., Гюндогду А., Шашаева Г.К., 2024

**Аннотация.** *Введение.* В статье рассматриваются миграционные процессы в Южно-Казахстанском регионе, особенности его социально-демографического развития за более чем тридцать лет с момента обретения страной Независимости. *Цель и задачи:* проанализировать характер внутри-и внешне ориентированных видов миграционного процесса в Южно-Казахстанской области на разных уровнях (внутриреспубликанский, межрегиональный, между странами СНГ, зарубежный). *Материалы и методы.* Методологической основой исследования выступили такие принципы, как реалистическое рассмотрение взаимосвязи и соотношения исторических явлений и демографических процессов, статистический анализ, сравнительное исследование, основанные на принципах историзма и объективности в соответствии с конкретной исторической ситуацией. В качестве источниковой базы использованы архивные данные Департамента труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, Управления занятости населения акимата ЮКО и материалы Национальной переписи и ежегодные статданные, относящиеся к исследуемому периоду. *Результаты.* Выявлено, что произошли большие изменения в миграционных процессах внутри страны, движение населения в основном шло в двух направлениях: внутри самих южных областей и - между регионами и областями. *Заключение.* Процессы социально-демографического развития Южного Казахстана за более чем тридцать лет с



момента обретения Независимости претерпели существенные изменения с историко-демографической точки зрения, обусловленные влиянием миграции. Численность казахов в процентном соотношении увеличилась, зафиксирован положительный баланс.

**Ключевые слова:** Историческая демография, Южный Казахстан, миграция, статистика, перепись населения, эмиграция, иммиграция

**Для цитирования:** Капбарова Г.Ш., Гюндогду А., Шашаева Г.К. Динамика миграционных процессов в Южно-Казахстанской области (1991-2023 гг.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 376-388. (На Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_376-388

**Кіріспе.** Белгілі бір кезеңдерде, көшіп-қону әлемдік өркениетте көпжақты рөл атқарды, бұл халықтың өмір сүру ортасының трансформациясы жағдайларына бейімделу формасы болды. Бұл әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен және түрлі аймақтардағы өндіріс салаларын орналастырумен тығыз байланысты күрделі әлеуметтік үдеріс. Барлық кезеңде халықтың көші-қонының маңызды әлеуметтік - экономикалық қызметі - халықтың қоныс аударуының белгілі бір деңгейін және оны аумақтық еңбек бөлінісінің қайта бөлуін қамтамасыз ету болып табылады. Сол себепті, халықтың көші-қоны жұмыс күшінің артуына орай толық пайдалануға, өндірістің қарқынды өсуіне мүмкіндік береді. Дегенімен, көші-қонның салдарының басқа да қайшылықты қырлары бар. Еңбек нарығының тепе-теңдігіне халықтың көші-қоны айтарлықтай әсер етеді, өзгертеді, көші-қонға қатысатын адамдардың қажеттіліктері халықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайына қарай, көбінесе білім беру және кәсіптік даярлықтың өсуімен, кеңеюімен қатар жүреді. Басқа жағынан алғанда, мигранттардың жаппай ағыны жұмыссыздықтың өсуіне, әлеуметтік инфрақұрылымға (тұрғын үйдің жетіспеушілігіне, денсаулық сақтау орындарының тарылуына және т.б.) қатты қысым жасауға әсері күшті болып табылады. Міне бұның бәрі, көші-қон нәтижесінде жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейінің өзгеруіне әсер етеді. Халықтың ішкі көші-қоны кейбір аудандардағы тұрғындар санының кемуіне және экономикалық тығырыққа ұшырауына, ал басқа жерлерде халықтың тығыздығының өсуіне әкелуі мүмкін. Сол себепті бақылауға алынбаған, реттелмеген көші-қонға байланысты жоғарыда айтылған және басқа да қиындықтар мемлекеттік көші-қон саясатының мәні болып табылады, тиімді іс-шараларды қабылдауды қажет етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің деректік негізіне мұрағат қорының мәліметтері алынды, атап айтқанда: Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архивінің 897 қоры (Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты); 1007 қоры (Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің Халықты еңбекпен қамту басқармасы), 161 қоры (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті), 134 қоры (Шымкент ОАК денсаулық сақтау бөлімі), 86 қоры (ОҚО халыққа білім беру бөлімі), 968 қоры (ОҚО бойынша дене шынықтыру және спорт басқармасы) деректері арқылы облыс көлеміндегі халықтың саны және оның құрамындағы өзгерістер, әлеуметтік жағдайы туралы мағлұмат алуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдістемелік негізіне теориялық-әдістемелік ұстанымның тұтастығы және ғылымдағы тарихи-демографиялық бағыт: тарихи құбылыстар мен демографиялық үдерістердің өзара байланысы мен арақатынасын шынайы тұрғыдан қарастыру, демографиялық-статистикалық талдау, тарихи-салыстырмалы зерттеу сияқты қағидаларды қолдану алынды. Зерттеу жұмысы нақтылы айғақтық материалдарды, статистикалық мәліметтерді, мұрағаттық деректерді зерделеу негізінде мәселе тарихи үдерістің объективтілігі тұрғысынан қарастырылды. Оңтүстік Қазақстан



облысындағы халықтардың еліміздің егемендік алғаннан бергі 2024 жылға дейінгі, яғни отыз екі жыл аралықтағы дамуының методологиялық негізі сол кезеңдегі облыстың даму ерекшеліктерімен байланыста алынып зерттелді.

**Талқылау.** Тарихнамалық талдауға тоқталар болсақ, жалпы Қазақстандағы аталған кезеңге сәйкес зерттеулер қатарында белгілі ғалымдар М.Х. Асылбеков, В.В. Козина, еңбектерінде бұл саланың әлеуметтік-демографиялық, этникалық және тағы басқа да маңызды қырлары алғаш рет жан-жақты зерттелді (Асылбеков, Козина, 1995: 102). Ал, белгілі ғалым, Қ.С. Алдажұмановтың зерттеуінде Кеңес өкіметінің қылмыстық әрекеттерінің депортациялау арқылы көрінісі талданып, оның Қазақстандағы демографиялық жағдайға кері әсері мен оның ұзақ жылдарға созылған ауыр салдары туралы айтылған (Алдажұманов, 1997: 16) Демограф-ғалым М.Б. Тәтімовтің (Тәтімов, 1993: 105) бірнеше ғылыми еңбектерінде осы саланың өзекті мәселелері зерттелумен қатар халық саны, көші-қон мәселелері, қандастарымыздың орналасуы тарихи тұрғыдан талданып, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуі мен әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы нақты мәліметтер жүйеленген. Ел экономикасының нарықтық қатынастарға 90-жылдардың бірінші жартысында өтуінің әлеуметтік құрылымға сандық және сапалық тұрғыдан әсері болғандығы М.С. Әженов пен Д.Ә. Бейсенбаевтың зерттеулерінде жан-жақты түрде баяндалған (Әженов, Бейсенбаев, 1997: 96). Еліміз егемендік алғаннан бергі көш-қон саласына арналған ғылыми еңбектерде халқымыздың саны динамикасы мен табиғи өсімінің ерекшеліктері тыңғылықты зерттеу негізіне алына бастады. Еліміздегі әлеуметтік-демографиялық дамудың аймақтар бойынша көрсеткіштері: Батыс Қазақстан өңірі бойынша М.Н. Сдықовтың еңбектерінде (Сдықов, 1995:195), Орталық Қазақстан бойынша – В.В. Козина (Козина, 2001: 140), Жетісу өңірі бойынша М.К. Төлекова (Тулекова, 2003: 34), Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша М.Б. Мейрбеков (Мейрбеков, 2010: 132) зерттеулерінде демографиялық тұрғыдан талданған. А.Б. Есімованың еңбегінде біз қарастырып отырған Оңтүстік Қазақстан облысы халқының табиғи өсімі еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда жоғары екендігі, түрлі этнос өкілдерінің жыныстық-жас және білім деңгейіне, тұрғылықты мекеніне (қала, ауыл), т.б. белгілеріне қарай өзіндік ерекшеліктері жан-жақты тарихи сараптама жасалған (Есімова, 2011:25). Оңтүстік Қазақстан облысының этнодемографиялық даму үрдістері мен әлеуметтік-демографиялық (аудандарымен) ауылдары және қалаларындағы жағдайына ғалым А.И. Исмаиловтың еңбегінде тарихи статистикалық талдау жасалған (Исмаилов, 2006: 48). Республикалық, облыстық, қалалық басылымдарда Оңтүстік Қазақстан өңірінің демографиялық ахуалы, көші-қон ағымына және әлеуметтік дамуының өзекті мәселелеріне байланысты көптеген мақалалар жарияланды. Сондықтан да, зерттеу жұмысын жазу барысында мерзімдік басылымдар жарияланымдарымен қатар интернет желісіндегі ақпараттары да пайдаланылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Республикамыздың халық тығыз қоныстанған Оңтүстік Қазақстан өңірінің әлеуметтік-демографиялық даму сипатын нақтылау үшін тұрғындардың сан жағынан өсу себептерін, отбасылардың әлеуметтік жағдайы, отбасыдағы балалар санының артуын, аталған мәселелердің әлеуметтік-экономикалық жағдайға тәуелділігін, сондай-ақ, қаза болғандар санының өсуінің себептерін, оның денсаулыққа, қоршаған ортаға, еңбек пен тұрмысқа байланыстылығын, тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз етудің маңызын, халықтың қалыптасуына қандай жағдайлар әсер ететінін ескере отырып, сонымен қатар жынысы мен жасы, ұлттық құрамы туралы мәселелер кешенді түрде ғылыми талдауды қажет ететінін атап өткеніміз жөн. Соңғы жүргізілген халық санағының қорытындылары да аталған мәселелердің себептері мен салдарларын саралаумен қатар бірқатар сұрақтардың жауабын табуға да ықпал етеді.



Қазақстан егемендігін алғаннан кейін трансформациялық үдерістердің басталуымен және шет елдердегі жеке этникалық топтардың тарихи отанына оралу мүмкіндігінің туындауымен, сонымен қатар іргелес жатқан ТМД елдеріндегі қандастарымыздың мемлекетімізде қарай бағыт алған көші-қондары мен керісінше, сыртқа қарай бағытталған өз отандарына бет алған этникалық топтардың ауқымы өсуі ерекшеліктері тез өзгерді. М.Х. Асылбеков пен В.В. Козина облыстарға тән болғанын атап көрсеткендей, сыртқа кетулер негізінде орын алған көші-қондық теріс сальдо 90-жылдардың басынан, әсіресе Қарағанды, Ақмола, Жамбыл, Семей, Талдықорған облыстарында жоғары деңгейге жеткен, осы үдерістің нәтижесінде 1993 жылдан 1999 жылға дейінгі аралықта тұрғындар саны 637,3 мыңға кеміген (Асылбеков, Козина, 2001: 56). Шындығында да тұрғындар санының күрт кему себебінің бірі - бірінен соң бірі қайталанған, ірі-ірі толқынды көші-қон (теріс айырылымы – сальдо) нәтижелері болғандығын атап өткеніміз жөн. Осы кезеңдегі көш-қон үдерісі жөнінде зерттеу жүргізген Г. Ниязханқызы өз еңбегінде, бірінші кезеңде (1991-2003 жж.) көші-қон векторының сыртқа бағытталуы халық санының өзгерісінде шешуші рөлге ие болып, өткір әлеуметтік-демографиялық мәселелерді туындатты деп атап өткен болатын. Дегенімен, көші-қондық қозғалыста теріс айырымның үздіксіз басым болуы, сондай-ақ, туудың азайып, өлімнің көбеюі негізінде халықтың табиғи өсімінің тежелуі Қазақстан халқын II дүние жүзілік соғыстан кейінгі соңғы 50 жылда алғаш рет күрт кеміп кеткен еді. Аталған кезеңде, 1991-2003 жылдары республика халқының саны 16793,1 мыңнан 14866,8 мыңға дейін төмендеп, 1926,3 мың адамға кеміп кеткен болатын (2003 ж. 1991 ж. мөлшерінің 88,5 %-ын ғана құрады). Шамамен алғанда, он үш жылда ішкі және сыртқы көші-қонды қосқанда, барлығы 11 644,4 мың адам көші-қон қозғалысына түсіп, елеулі өзгерістердің орын алуына әсер етті. Атап айтар болсақ, сыртқа көші-қондық қозғалыстағы 983,5 мың иммигрант пен 3092,1 мың эмигрант 2108,6 мың адамдық салыстырмалы түрдегі теріс айырымды көрсетті. Қарастырып отырған кезеңде жылына орта есеппен 162 мың адам сыртқа кеткен. Ал осы сыртқа кеткен көші-қондағы теріс айырымның жоғары шегі 1994 жылы орын алып, 410,4 мың адамға жеткен болатын. Дегенімен, қабылданған мемлекеттік шаралар нәтижесінде кейінгі жылдары шетке көші-қондағы теріс айырым бәсеңдегенімен, бұл үдеріс 2003 жылға дейін жалғасқан еді. Осы 1991-2003 жж. аралығындағы көші-қонның 2108,6 мың адамдық теріс айырымы осы кезеңдегі +182,3 мың адамдық табиғи өсімді толықтай жұтып қана қоймай, тіпті одан 11,5 есе асып түсті (Ниязханқызы, 2010: 24). Зерттеушілердің тұжырымына жүгінер болсақ - 2000 жылдың бас кезіндегі сыртқы көші-қонның ең үлкен теріс көрсеткіші - Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары үлесіне тән екендігін айта аламыз.

Жоғарыда аталған сыртқы көші-қонның теріс көрсеткіштердің және Қазақстаннан өзге ұлт өкілдері арасынан кетушілердің үлес салмағының өсу себебін, М.Х. Асылбеков пен В.В. Козина, А. Н. Алексеенко, Н.Е. Масанов сияқты ғалымдар елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт төмендеуімен байланыстырған болатын. Зерттеуші Б. Әбдіғалиев еліміздегі орыстардың тарихи Отанына оралуына итермелеген фактордың бірі ретінде Кенестер Одағының ыдырауынан кейінгі туындаған психологиялық жағдайдың, әлеуметтік-экономикалық құлдыраудың әсерінен туындаған құлазу олардың көшуіне әсер етті деген пікірін келтіреді (Абдығалиев, 1995: 73-80). Бұндай пікірдің шындығы ретінде айтар болсақ, жергілікті орыстар ондаған жылдар бойы өздері қоян-қолтық өмір сүрген ұлттардың мәдени ортасындағы тілін үйрену, мәдениетін меңгеру, дінін құрметтеу дегенді қаперіне ілмеген еді. Жергілікті тұрғындардың мәдени ортасынан іргені аулақ салу сияқты ескі тәжірибе жаңа жағдайда аса қатерлі болды. Бұл әсіресе, Желтоқсан оқиғасынан кейін ерекше сипатқа ие болған, қазақ халқының ұлттық санасының оянуынан шошыну



жағдайындағы психологиялық есенгіреудің белең алуынан көруге болады. Орыс адамдарының өздерін жоғары санаушы санасы - болған іске сенгісі келмеді, өйткені болып жатқан ахуал оның өткені, бүгінгісі және болашағы туралы әдеттегі түсінік әлеміне сыймады (Назарбаев, 1999: 136). Сондай-ақ, елден басқа ұлт өкілдерімен қатар қандастарымыздың да тұрмыстық ахуалдың нашарлауы себепті, жұмыс іздеген еңбектік көші-қон ретінде алыс-жақын шетелдерге көшуі де орын алды. Бұл жөнінде, демограф-ғалым М. Тәтімов: «Ресейге көшкен қазақтар тек жапсарлас аудандардан ғана емес, тіпті ішкі аймақтардан да байқалып отыр» (Тәтімов, 1993: 98) деп – оның экономикалық ауыр салдары болатынын ескерткен болатын.

Жоғарыда атап өткеніміздей, 1991-2010 жылдарда республикаға 1,4 млн. адам сырттан келіп, керісінше, 3,4 млн. адам елден жырақ жерлерге кетті, соның нәтижесінде халықтың көші-қондық үдерісінде теріс сальдо орын алып, 2 млн-нан астам адамға кеміп кеткен болатын. Тек қана, 2004 жылы Қазақстанда соңғы отыз алты жыл ішінде бірінші рет көші-қонның оң сальдосы қалыптасқан еді. Статистикалық деректер мәліметі бойынша, ол 2,8 мың адамды құрап, біртіндеп қарқын алуда, 2010 жылы көші-қон сальдосы +15465 адамға өскен еді (Қазақстан Республикасының, 2011: 14).

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Адам құқықтары жөніндегі комиссия» 2012 жылдың маусымында Қазақстандағы оралмандар (қазіргі кезде - қандастар деп аталатын), босқындар мен азаматтығы жоқ тұлғалар жөнінде алғашқы сараптамалық есебін жариялаған еді. Бұл есептік баяндамада: 1991 жылдан 2011 жылдың 1 қазанындағы есеп бойынша тарихи Отанына 221,3 отбасы немесе 860,4 мың этникалық қазақ оралған - делінген. Бұлардың - 127,7 мыңы көші-қон квотасына ие болса, 94,2 мыңы өз бетімен келіп, квотадан тыс қоныстанғандар. Көшіп келгендердің басым бөлігі, 439 мың 430 адам, яғни 51 пайызы 2004-2008 жылдарда келгендер. Мәліметтер арқылы, жылдарға шағатын болсақ: 1991-1996 жылдары - 104 009 адам (12,1 пайыз), 1997-2001 жылдары - 82,335 адам (9,6 пайыз), 2002-2006 жылдары - 384,106 адам (44,8 пайыз), 2007-2011 жылдары – 287,710 адам (33,5 пайыз) көш-қон аймағына тартылған. Бұлардың ішінде еңбекке жарамды жастағы адамдардың пайыздық үлесі – 54,1 пайыз, 18 жасқа дейінгі балалар – 41,2 пайыз. Яғни, Қазақстанға көшіп келушілердің басым бөлігі жастар және еңбекке жарамды жастағы азаматтар болып табылады (Казахстан и зарубежные, 2012: 123).

Анығын айтқанда, көш-қон үдерісі негізінен еңбекке қабілетті халықты қамтитындықтан, еңбек ресурстарының қайта бөлінуіне жағдай жасап, экономикалық дамудың өрістеуіне алып келеді. Шындығында да, 2007 жылы иммигранттардың экономикалық игі әсері - 1999 жылмен салыстырғанда анағұрлым қолайлы болды, өйткені еңбекке жарамды жастағы адамдардың үлесі жоғары, ал еңбекке жарамсыздардың үлес салмағы төмен болған еді. Аталған жылдары келгендер мен кеткендер контингентін жас аралықтары бойынша бөлудің сипатты белгілері пайда болды: келгендер арасында көші-қон белсенділігінің көрсеткішінің оң айырымы ретінде, еңбекке қабілетті жастағы және еңбекке жарамды жасқа әлі жетпеген адамдар құраған еді. Сонымен қатар, тұрмыстық қиындықтар себебінен оқуды тастағандар арасында белсенді еңбекке қабілетті жастағы (20–29 жас) адамдар саны да айтарлықтай өсті, бұл сөзсіз теріс бағыт еді (Найманбаев, 2015: 91).

Жоғарыда айтылған жағдайлар еліміздің егемендігі жағдайындағы ішкі және сыртқы көші-қондық үдерістердің тек республика көлемінде ғана емес, сонымен қатар біз қарастырып отырған Оңтүстік Қазақстан облысындағы ерекшеліктерімен де зерттеу негізіне алынып отыр.

Оңтүстік Қазақстан облысында халық көші-қонының теріс айырымы қарастырылып отырған кезеңде ерекше сипатқа ие болды. Бұл осы аймақтағы көш-қон үдерісі динамикасынан көрініс табады. Статистикалық мәліметтер бойынша,



1991-2000 жылдары аралығында сырттан тұрақты тұруға 319 300 адам келсе, керісінше 432 400 адам сыртқа кеткен болатын. Мәліметтер айқындап тұрғандай облыс тұрғындарының көші-қонының теріс айырымы - 113 100 адамды құраған еді.

Ал, келесі 2001-2010 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысына келген адам саны 295 200 болса, облыстан кеткен адамдар саны 326500. Сальдо айырмасы - 31 300 адам, сәл де болса бәсеңдегенін байқай аламыз.

Дегенімен, 2011-2023 жылдар аралығында, яғни 12 жыл ішінде Оңтүстік Қазақстан облысына келген адам саны 800 300 болса, облыстан кеткен адамдар саны 1 072 200. Сальдо айырмасы - 271 900 адам. Тәуелсіздік алғалы 30-дан аса жыл ішінде сыртқы және ішкі көш-қон сальдосына назар аударар болсақ, келген адам санына қарағанда кеткен адамдар басым болып отыр.

Шындығына келгенде, ел ішіндегі көші-қон үдерісінде үлкен өзгерістер орын алды, мәселен, халықтың қозғалысы негізінен екі бағытта жүрді – облыстар ішінде Оңтүстік облыстардың өз ішіндегі халықтардың орын ауыстыруы және облысаралық, аймақтар және облыстар арасындағы. Соңғы онжылдықтың ерекшелігі облысаралық көші-қонның артуы және Алматы мен Астанаға көшудің жалғасуы болды.

Ішкі көші-қон көп векторлы сипатта болумен қатар ауылды жерлерден қалаларға қоныс аудару ауқымының 1991-2009 жылдардағы көлемі артты. Әсіресе, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қалыптасқан көші-қондық үдерістерге елеулі әсері болды. Бұл туралы, М.Н. Сдыков ішкі көші-қонға түрткі болған себептер қатарына: адамдардың әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық ахуалы, тұрақты әрі жақсы өмір сүруге, бір нақты статуска жетсек деген қалауы түрткі болды деп атап көрсетеді (Сдыков, 1995: 52).

Қазақстандағы сыртқы көші-қонға егемендік алғалы бері барлығы 5517,5 мың адам тартылды: 1991-2009 жылдары 1657,7 мың иммигрант келсе, 3859,5 мың адам эмиграцияға кетіп, халықаралық көші-қон қозғалысындағы айналым - 2037,9 мың адамдық теріс айырымды көрсетті. Көші-қон үдерісінде 2004 жылдан бері республика халқы 2789 адамға оң айырым көрсетіп, өсе бастағанымен, 1991 ж. көрсеткішке (1991 ж. 16793,1 мың, 2009 ж. 16004,8 мың адам) жеткен жоқ (Асылбеков, Козина, 2000: 120). 2004-2009 жылдары Қазақстанға 1877,3 мың адам көшіп келіп, 1806,8 мың адам кеткен, барлығы 3684,1 мың адам қозғалысқа түсті. Айырым +70,6 мың адам.

Өтпелі кезеңдегі, Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі 1991-2011 жж. аралығындағы көші-қонның айтарлықтай ерекшелігі өткен ғасырдың 90-жылдары аяғынан басталған республикадағы саяси және ұлтаралық қатынастардың тұрақталып, нарықтық қатынастардың халық шаруашылығына белсенді түрде енуі, экономиканың тұрақтылығы және еліміздің әлемдік деңгейдегі өзіндік орнының айқындалуы көші-қонның тиімді қалыптасуына үлкен ықпал еткендігін атап өткеніміз жөн.

Статистика департаментінің Оңтүстік Қазақстан облысы мәліметі бойынша 2011 жылы облысқа 31784 адам келді, соның ішінде - 7518 Қазақстанның басқа облыстарынан, 6892 ТМД елдерінен, 150 адам алыс шет елдерден келгендер еді. Ішіндегі көші-қон 17224 адамды құрады. Дегенімен, Қазақстанның басқа облыстарынан келгендердің саны 2010 жылмен салыстырғанда - 13,9 %-ға кеміді, ТМД елдерінен келгендердің саны - 0,1 % артты. Кеткендердің ішінде 23417 адам - Қазақстанның басқа облыстарына, 834 адам - ТМД елдеріне, 32 адам алыс шет елдерге көшіп кеткен. Сонымен, облыс көлемінде көшкен мигранттардың саны 2010 жылмен салыстырғанда 16,0 % кеміді және жақын шет елдерге кеткендердің саны - 1,7 % артты. Абсолюттік ауытқу айырымы көші-қон ағыны бойынша: облысаралық көші-қон - 15899 адам теріс айырымда болса, ТМД елдері бойынша - 6058 адам оң айырымда, алыс шет елдермен - 118 адам оң айырымда болды (Оңтүстік Қазақстан, 2011: 9).





Оңтүстік Қазақстан облысында, жалпы алғанда 1999-2011 жж. Аралығында 89072 мың адам көшіп келсе, 111133 адам көшіп кеткен, облыс халқының көші-қонының теріс айырымы - 22061 адамды құрап отыр. Дегенімен, бұрын облыста көші-қонның теріс сальдосының өсу үрдісі тән болса, кейінгі жылдары бұл үдеріс оң жаққа қарай өзгергенін байқай аламыз.

Республиканың саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуындағы 1991-2003 жылдардағы шиеленісті жағдай мен демократиялық қоғам құру кезіндегі реформалық өзгерістер көші-қон құбылысына ерекше әсер етіп Қазақстан халқының күрт кемуіне алып келген болса, 2004 жылдан бастап ел дамуындағы нақты, орнықты жүргізіп жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық саясаттың нәтижесінде халықтың көші-қон қозғалысындағы оң айырым мен табиғи өсімдегі өсу үдерісіне орай өсіп-өнуі де нығая түскен еді.

1992 жылдың 26 маусымда отандастарымыздың құқықтық жағдайын реттейтін Қазақстан үкіметі тарапынан алғашқы нормативті акті «Иммиграция туралы» заң қабылданды (Иммиграция туралы, 1992: 2). Аталған заң аясында этникалық қазақтардың тарихи Отанына көшіп келуінің ұйымдық мақсатын қамтамасыз ету және реттеудің, оларға жаңа жерлерде қолайлы жағдай жасаудың құқықтық негіздері бекітілді.

90-жылдың бірінші жартысында көші-қонның құқықтық негізін құрайтын, аталған заңмен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Конституциясы, 1995), «Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайлары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы да (1995 ж. 19 маусым) (ҚР Президенті Жарлығы, 1995) мемлекеттің осы бағытта ұстанған саясатының негізгі бағыттарын анықтап берді. Сонымен қатар, 1997 жылы желтоқсанда қабылданған ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» Заңында көрсетілгендей «...ізгілікке жат өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айрылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары», яғни аталған заңға сай бауырластарымыз репатриант (оралман) статусына ие болды (Халықтың көші-қоны туралы, 1997: 2).

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің № 224-ө бұйрығымен шетелдерден көшіп келушілерге оралман мәртебесінің ережелері 2007 ж. 27 қыркүйекте бекітілді. Атамекеніне тұрақты тұру мақсатымен, Республикадағы көші-қон үдерісіндегі жағымды құбылыс – оралмандардың қоныс аударуы басталды. Бірінші жылдық квота 1993 жылы белгіленді, квота бойынша 10 000 отбасының келуі немесе репатриациясы жүзеге асырылды (шамамен 40 000 адам). 2002 жылдан бастап, Қазақстандағы экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты квотаның мөлшері айтарлықтай өсіп, 2005 жылы 15 мың отбасын құрады, қазір ол жылына 20 мың отбасына дейін ұлғайды (Қазақстан Республикасының, 2011: 25), яғни жылдан-жылға көшіп келушілерге квотаның көптеп бөлінуін көреміз.

Үлкен жетістік ретінде, демографиялық жағдайдың мақсаттары мен міндеттерін, барысын, ұстанымдарын және оны іске асырудың және Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясаттың қазіргі заманғы басымдықтары мен негізгі бағыттарын айқындайтын 2000 жылы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің № 1346 Үкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы миграциялық саясатының тұжырымдамасы, 2001 жылы 29 қазанда ҚР үкіметінің № 1371 Қаулысымен 2001-2010 жж. арналған көші-қон саясатының салалық Бағдарламасы бекітілді.

Бұған дейінгі жылдары, Оңтүстік Қазақстан облысында 1992-1998 жж. аралығында Тәжікстаннан көшіп келген босқын қандас отбасыларының барлығына көшіп келу квотасына сәйкес тұрғын үй сатып алу үшін және біржолғы жәрдемақы



қаржылары есеп шоттарына толық аударылған (ОҚОМА, 897 қ., 1т., 162 іс, 227 п.) Жалпы алғанда облыс аумағына 1992 жылдан бері 51 366 отбасы, яғни 177 175 қандас қоныс аударған болатын. Солардың арасында аса мұқтаж делінген 45 мыңы баспанамен қамтамасыз етілді. Мәлімет бойынша, 2010 жылдың өзінде 2223 отбасы, яғни 9 241 адам көшіп келуге өтініш жазған, облысқа бөлінген квотаға сәйкес 2900 отбасыны қабылдау тиіс болған, бірақ түрлі себептермен күткен жеке орындалмаған.

Квотаның өсіп отыруына үнемі көңіл бөлініп отырды. Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында айтқандай тарихи атажұртына көшіп келу үшін оралмандарға бөлінетін жыл сайынғы квотаны 2009 жылы 5 мың отбасына дейін ұлғайтып, жылына 20 мың отбасына жеткізуіміз керек делінді. Бұл шара, әлеуметтік игілікті қамтамасыз ету өмір сапасын арттырумен, сондай-ақ еліміздің адам ресурстарын ұлғайтумен қатар жүргізілуге тиіс еді.

Бұл бағыттағы көші-қон мәселесінің жүйелі түрде жүргізілуі нәтижесінде бірқатар іс-шаралар жүзеге асты. Соның айқын мысалы ретінде, Шымкент қаласындағы «Ақ ауыл» корпорациясының «Асар» тұрғын үй кешенінің негізінде, яғни осы өңірге орналасқан оралмандардың бастамасымен атқарылып жатқан игі істерімен Н.Ә. Назарбаев осы қалаға іссапары (2008 ж. маусымда) кезінде танысып, оны бүкіл республика аумағында іске асыру үшін үкіметке арнайы тапсырма беріп, нәтижесінде Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 жылы 2 желтоқсанда «2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы» № 1126 қаулысы қабылданған болатын.

Сонымен, көш-қон үдерісінің статистикалық мәліметтері көрсетіп отырғандай, 90-жылдардан бері қарай елімізде халық санының өсімі негізінен түркі тілдестер (қазақтар, түріктер, өзбектер, ұйғырлар және т.б.) соның ішінде оралмандар есебінен көбейіп жатқанын байқай аламыз. Қарастырылған кезеңде сыртқы көші-қонындағы европалық ұлт өкілдерінің теріс айырымы мен табиғи өсімінің күрт төмендеуі оңтүстік облыстардағы орыстар, немістер, еврейлер, татарлар, украиндар, поляктар, белорустар және тағы басқалардың саны мен үлесінің азайғанын айғақтады. Дегенімен, европалық этностар топтарының күрт кемуі бұрынғы халық өсіміндегі шешуші рөлдегі маңызын жойып, республикадағы азиялық ұлттар өкілдерінің, әсіресе, жағымды фактор ретінде атап өтетін, қазақ халқының саны мен үлесінің өсуі елдің демографиялық ахуалын реттеудегі басты мәселе – ішкі-эндогендік фактордың басымдылыққа ие болғанын айқындап берді (Ниязханқызы, 2010: 22).

**Қорытынды.** Қорыта айтар болсақ, көші-қон үдерісі қазіргі таңда еліміз үшін ең басты стратегиялық маңызы бар, адами капиталды жасаушы, тарихи-демографиялық міндеттердің айқындаушы факторы екендігі анық. Деректерге жүгінсек, соңғы жиырма жыл ішінде елімізге оралған бауырластарымыздың саны 1 миллионнан асып отыр, және ол жыл сайын тиімді өсім көрсетуде. Бұл дегеніміз, этникалық қазақтар көші Қазақстанның келешегі үшін, оның әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуы үшін зор маңызға ие. Міне сол себепті де, қандастарымызға әрдайым ерекше назар аударып қолдау көрсетуіміз күн тәртібінен түспейтін мәселе. Дегенімен, кейбір кедергілер де бар екендігін айта кеткеніміз жөн, 2011 жылдың 22 желтоқсанында 2011-2014 жылдарға арналған көші-қон квотасы жылына 10 мың отбасы болып бекітілген еді. Кейіннен ҚР Үкіметінің арнайы қаулысымен шетелден келетін қазақтарды (репатрианттарды) қоныстандыруға арналған көші-қон квотасы ҚР Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясының мәлімдеуі бойынша, Үкіметтің айрықша нұсқауына дейін уақытша тоқтатылған (Сағындықова, 2012: 3). Бұл әрине реттеуді қажет ететін мәселе. Қазақстандағы көпэтностық топтардың өмір сүруі еліміздің одан ары дамуына мүмкіндік беретін артықшылық болып табылады. Қазақстан халқы бүкіләлемдік құндылықтарға бай ұлттар мен халықтар өкілдерінің



біртұтас жүйесі. Ал, бір мемлекетте әр түрлі халықтар мен ұлттар өкілдерінің бейбіт өмір сүруі қоғамды демократияландырудың негізгі белгілерінің бірі. Мемлекет құраушы – қазақ ұлты қоғамымыздың барлық мүшелерімен иық тіресе, азаматтық мемлекет құруы еліміздің жарқын болашағының кепілі. Ежелгі атақонысына оралған қандастарымыздың атамекенге келіп орнығуы оңай болмағанына қарамастан олардың басым бөлігі қазіргі қазақстандық қоғамға етене араласып сіңісіп үлгергені және еңбек рыногына өз үлесін қосып отырғанын құптарлық деп білеміз.

#### Дереккөздер

ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президенті архиві  
ОҚОМА — Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві

#### Әдебиеттер

- Абдығалиев, 1995 — *Абдығалиев Б.* Русские в Казахстане: проблемы, мифы и реальность // Казахстан и мировое сообщество, 1995. № 1. С. 73-80.
- Аженов, Бисенбаев, 1997 — *Аженов М.С., Бисенбаев Д.Э.* Социальная стратификация в Республике Казахстан. Алматы: Білім, 1997. С. 112.
- Алдажуманов, 1997 — *Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К.* Депортация народов преступление тоталитарного режима. Алматы: Фонд «XXI век», 1997. 16 с.
- Алтынбекова, 2009 — *Алтынбекова Г.* Нұрлы көш ұлы көш // Ақиқат, 2009. № 11. Б. 41-42.
- Асылбеков, Козина, 1995 — *Асылбеков М.Х., Козина В.В.* Демографические процессы современного Казахстана. Алматы: Атамұра, 1995. 102 с.
- Асылбеков, Козина, 2001 — *Асылбеков М.Х., Козина В.В.* Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета. Алматы: Өркениет, 2001. 112 с.
- Есимова, 2011 — *Есимова А.Б.* Современные социально-демографические тенденции в развитии населения юга Казахстана // Демографическая ситуация в Казахстане: состояние и перспективы. Уральск, 2011. С. 23-31.
- Иммиграция туралы Заң, 1992 — *Иммиграция туралы Заң* // Егемен Қазақстан, 1992.
- Исмаилов, 2006 — *Исмаилов А.И.* Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-географиялық очеркі. Оқу құралы. Шымкент, 2006. 48 б.
- Казахстан и зарубежные казахи, 2012 — *Казахстан и зарубежные казахи: Материалы Международной науч.-практ. конф. «Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посвященной 20-летию Всемирной Ассоциации казахов (г. Алматы, 12 октября 2012 г.). / Құраст.: К.Н. Балтабаева, К.М. Қоңырбаева.* Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. 376 б.
- Козина, 2001 — *Козина В.В.* Народонаселение Центрального Казахстана (40-е годы-конец XX вв.). Алматы: Өркениет, 2001. 146 с.
- Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995 — *Қазақстан Республикасы Конституциясы.* Алматы, 1995.
- Қазақстан Республикасының 2009 жылғы, 2011 — *Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары.* Талдамалы есеп. Ред. басқарған Смайылов Ә.А. // Астана, 2011. 65 б.
- Мейірбеков, 2010 — *Мейірбеков М.Б.* Оңтүстік Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (1926-1959 жж.): т.ғ.к., дисс. автореф. Алматы, 2010. 32 б.
- Назарбаев, 1999 — *Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. 269 б.
- Найманбаев, 2015 — *Найманбаев Б.Р.* Миграционная политика в Казахстане 1920–2010 гг. Бишкек, 2015. 110 с.
- Ниязханқызы, 2010 — *Ниязханқызы Г.* Қазақстан Республикасындағы көші-қон және оның әлеуметтік-демографиялық дамуға әсері (1991-2009 жылдар). Т.ғ.к ... дисс. автореф. Алматы: 2010. 33 б.
- Оңтүстік Қазақстан облысының статистика департаменті, 2011 — *Оңтүстік Қазақстан облысының статистика департаменті.* 2011. // www.ontustik.stat.kz.
- Сағындықова, 2012 — *Сағындықова С.* Қазақ оралмайынша көш тоқтамауы керек // Қазақстан – Заман, 2012.
- Сдықов, 1995 — *Сдықов М.Н.* Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). Алматы: Ғылым, 1995. 220 б.
- Тәтімов, 1993 — *Тәтімов М.Б.* Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша. Алматы: Атамұра, 1993. 105 б.
- Түлекова, 2003 — *Түлекова М.К.* Жетісу өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (1897-1999 жж.): т.ғ.д. дисс. автореф. Алматы, 2003. 51 б.



Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасы Заңы, 1997 – *Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасы Заңы*. 1997 жыл 13 желтоқсан. № 204 // Егемен Қазақстан, 1997.

### References

- Abdygaliev, 1995 — *Abdygaliev B.* Russkie v Kazahstane: problemy, mify i real'nost' [Russians in Kazakhstan: problems, myths and reality] // *Kazakhstan i mirovloe soobshhestvo*. 1995. No. 1. Pp. 73-80. (In Russ.).
- Aldazhumanov, 1997 — *Aldazhumanov K.S., Aldazhumanov E.K.* Deportaciya narodov prestuplenie totalitarnogo rezhima [The deportation of peoples is a crime of the totalitarian regime]. Almaty: Fond «XXI vek», 1997. 16 p. (In Russ.).
- Altynbekova, 2009 — *Altynbekova G.* Nurly kosh uly kosh [Nurly kosh uly kosh] // *Akikat*, 2009. No. 11. Pp. 41-42. (In Kaz.).
- Asylbekov, Kozina, 1995 — *Asylbekov M.H., Kozina V.V.* Demograficheskie processy sovremennogo Kazahstana [Demographic processes of modern Kazakhstan]. Almaty: Atamura, 1995. (In Russ.).
- Asylbekov, Kozina, 2001 — *Asylbekov M.H., Kozina V.V.* Demograficheskoe razvitiye Respubliki Kazahstan v usloviyah suvereniteta [Demographic development of the Republic of Kazakhstan under conditions of sovereignty]. Almaty: Orkeniet, 2001. 112 p. (In Russ.).
- Azhenov, Bisenbaev, 1997 — *Azhenov M.S., Bisenbaev D.Je.* Social'naya stratifikaciya v Respublike Kazahstan [Social stratification in the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Bilim, 1997. 112 p. (In Russ.).
- Esimova, 2011 — *Esimova A.B.* Sovremennyye social'no-demograficheskie tendencii v razvitiit naselenija yuga Kazahstana [Modern socio-demographic trends in the development of the population of the South of Kazakhstan] // *Demograficheskaya situaciya v Kazahstane: sostoyanie i perspektivy*. Ural'sk, 2011. Pp. 23-31. (In Russ.).
- Halyktyñ koshi-kony turaly Kazahstan Respublikasy Zany, 1997 — *Halyktyñ koshi-kony turaly Kazahstan Respublikasy Zany* [Law of the Republic of Kazakhstan on Population migration]. Egeñen Kazahstan, 1997. (In Kaz.).
- Immigraciya turaly zan, 1992 — *Immigraciya turaly zan* [Immigration law] // *Egeñen Kazahstan*, 1992. (In Kaz.).
- Ismailov, 2006 — *Ismailov A.I.* Ontustik Kazahstan oblysynyn tarihi-geografialyk ocherki [Historical and geographical map of South Kazakhstan region] // *Oku kuraly*. Shymkent, 2006. 48 p. (In Kaz.).
- Kazahstan i zarubezhnye kazahi, 2012 — *Kazahstan i zarubezhnye kazahi*: Materialy Mezhdunarodnoi nauch.-prakt. konf. «Repatriaciya etnicheskikh kazahov v Kazahstan kak sostavnaya chaste gosudarstvennoi migracionnoi politiki: dostizheniya, problemy i puti resheniya», posvyashhennoi 20-let Vsemirnoi Assotsiacii kazahov (g. Almaty, 12 oktyabrya 2012 g.) [Kazahstan and foreign Kazakhs: Materials of the International Scientific and Practical Conference "Repatriation of ethnic Kazakhs to Kazakhstan as an integral part of the state migration policy: achievements, problems, and solutions" dedicated to the 20th anniversary of the World Association of Kazakhs (Almaty, October 12, 2012)]. // *Kurast.:* K.N. Baltabaeva, K.M. Konyrbaeva. Almaty: Duniezhuzi kazakhtynyn kauymdastygy «Atazhurt» baspa ortalygy, 2012. 376 p. (In Russ.).
- Kazahstan Respublikasy Konstituciyasy, 1995 — *Kazahstan Respublikasy Konstituciyasy* [Constitution Of The Republic Of Kazakhstan]. Almaty, 1995. (In Kaz.).
- Kazahstan Respublikasynyn 2009 zhylygy Ultyk halyk sanagynyn korytyndylary, 2011 — *Kazahstan Respublikasynyn 2009 zhylygy Ultyk halyk sanagynyn korytyndylary* [Results of the national census of the Republic of Kazakhstan in 2009]. Taldamaly step. Red. baskargan Smaylov A.A. // *Astana*, 2011. 65 p. (In Kaz.).
- Kozina, 2001 — *Kozina V.V.* Narodonaselenie Central'nogo Kazahstana (40 body-konec XX vv.) [The population of Central Kazakhstan (40 years-the ends of the twentieth century)]. Almaty: Orkeniet, 2001. 146 p. (In Russ.).
- Meirbekov, 2010 — *Meirbekov M.B.* Ontustik Kazahstan halkynyn aleumettik-demografialyk damuy (1926-1959 zhzh.): t.g.k., diss. avtoref. [Socio-demographic development of the population of South Kazakhstan (1926-1959): candidate of technical sciences, diss. abstract.]. Almaty, 2010. 32 p. (In Kaz.).
- Naimanbaev, 2015 — *Naimanbaev B.R.* Migracionnaya politika v Kazahstane 1920–2010 gg. [Migration policy in Kazakhstan 1920-2010]. Bishkek, 2015. 110 p. (In Russ.).
- Nazarbaev, 1999 — *Nazarbaev N.A.* Tarih tolkynynda [On the wave of history]. Almaty: Atamura, 1999. 269 p. (In Kaz.).
- Niyazhankyzy, 2010 — *Niyazhankyzy G.* Kazahstan Respublikasyndagy koshi-kon zhane onyn aleumettik-demografialyk damuga aseri (1991-2009 zhyldar) [Migration in the Republic of Kazakhstan and its impact on socio-demographic development (1991-2009)] // t.g.k. diss. avtoref. Almaty: 2010. 33 p. (In Kaz.).
- Ontustik Kazahstan oblysynyn statistika departamenti, 2011 — *Ontustik Kazahstan oblysynyn statistika departamenti* [Department of statistics of South Kazakhstan region]. 2011. //www.ontustik.stat.kz. (In Kaz.).



Sagyndykova, 2012 — *Sagyndykova S.* Kazakh oralmaiynsha kosh tokamak Derek [Kazakhs should not stop until they return] // Kazakhstan – Zaman, 2012. (In Kaz.).

Sdykov, 1995 — *Sdykov M.N.* Naselenie Zapadnogo Kazakhstana: istoriya formirovaniya i razvitiya (1897-1989 gg.) [The population of Western Kazakhstan: the history of formation and development (1897-1989)]. Almaty: Gylym, 1995. 220 p. (In Russ.)

Tatimov, 1993 — *Tatimov M.B.* Kazakh alemi. Kazakhtyn sany kansha [Kazakh world. What is the number of Kazakhs]. Almaty: Atamura, 1993. 105 p. (In Kaz.).

Tulekova, 2003 — *Tulekova M.K.* Zhetisu oniri halkynyn aleumettik-demografyalyk damuy (1897-1999 zhzh.): t.g.d...diss.avtoref. [Socio-demographic development of the population of the Zhetysu region (1897-1999): doctor of technical sciences... diss. abstract]. Almaty, 2003. 51 p. (In Kaz.).



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 389-402, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.09.00.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_389-402](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_389-402)

## KEY CONCEPTS OF THE MEIJI PERIOD IN GENRO COUNCIL STUDIES (LATE XIX<sup>th</sup> CENTURY)

*Olzhas Kuanbay*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ankara University  
(Sihkiye, Altyndag, 06100 Ankara, Republic of Turkey)  
PhD doctoral student  
<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084>. E-mail: [olkube89@gmail.com](mailto:olkube89@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024  
© Kuanbay O.B., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The Meiji Restoration spans the entire period of modernization and Westernization of Japanese statehood in the late XIX<sup>th</sup> century. The essential scientific nature of studying Genro and the entire Meiji period will be unveiled through the key concepts of Meiji. *The objectives of the study* is to pinpoint the fundamental principles of the Meiji era in examining the Genro Council of Elders as the architects of various aspects of Japan's institutional development. An exploration of these core Meiji concepts will unveil critical factors shaping Japan's evolution, including economic progress, domestic and foreign policies, financial strategies, military reforms, and more. *Materials and methods.* This article draws upon archival data from the “National Diet Library of Japan” and research conducted by scholars from the USA, Great Britain, Japan, Hong Kong, the Republic of Turkey, and the Russian Federation. The research methodology incorporates induction, synthesis, deduction, general scientific analysis, and statistical methods. *Results.* As Japan underwent the transformation into a new country, fundamental concepts emerged that became the guiding principles of the entire Meiji period. Genro Council dedicated its efforts to addressing the paramount challenges of the time, steering the country's development across diverse social, political, and economic dimensions. *Conclusions.* Genro provided crucial advice to the emperor, shaped the new Japan's policies during the Meiji period. Understanding these key concepts like Kindaika, Seiyōka, Fukoku Kyōhei, Shinokoushou, Zaibatsu are essential for a comprehensive study of the Genro Council's pivotal role in the transformative era of the Meiji period.

**Keywords:** Japan, Meiji Ishin, Genro, Fukoku Kyōhei, Zaibatsu, Shinokosho, Satchōdohi, Bushi, Kindaika, Seiyōka

**For citation:** Kuanbay O.B. Key concepts of the Meiji period in Genro council studies (late XIX<sup>th</sup> century) // Otan tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 2. Pp. 389-402. (In Eng.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_389-402



## ГЕНРО КЕҢЕСІ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ МЭЙДЗИ КЕЗЕҢІНІҢ НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАРЫ. (XIX Ғ. СОҢЫ)

Олжас Бекенұлы Қуанбай<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Анкара Университеті  
(Сыхие, Алтындаг, 06100 Анкара қ., Түркия Республикасы)

PhD докторанты

<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084>. E-mail: [olkube89@gmail.com](mailto:olkube89@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Қуанбай О.Б., 2024

**Андапта.** *Kirişne.* XIX ғасырдың аяғындағы Мэйдзи рестоврациясы жапон мемлекеттілігін модернизациялаудың барлық кезеңін қамтиды. Генро кеңесінің зерттелуіндегі Мэйдзи кезеңінің негізгі тұжырымдамалары мақаланың ғылыми мәнін ашады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты Жапонияның мемлекеттік құрылымдарының қалыптасып дамуына ықпал еткен Генро ақсақалдар кеңесінің зерттелуіндегі Мэйдзи кезеңінің негізгі тұжырымдамаларын анықтау. Мэйдзи кезеңінің негізгі концепцияларын зерттеу: экономикалық даму, ішкі және сыртқы саясат, қаржы саясаты, әскери реформалар және т.б. Жапония трансформациясының маңызды факторларын анықтайды. *Материалдар мен тәсілдер.* Ғылыми мақаланың зерттеу материалы «Жапонияның ұлттық парламенттік кітапханасы» мұрағат деректеріне және патшалық Ресей АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Гонконг, Түркия Республикасы және РФ ғалымдарының зерттеулеріне сүйенген. Бұл мақала индукция, синтез, дедукция, жалпы ғылыми талдау және статистикалық әдістерге негізделген. *Нәтижелер.* Жапонияның жаңа мемлекетке айналу барысында тұтас Мэйдзи кезеңінің ұстанымын айқындайтын фундаменталды тұжырымдар пайда болды. Генро кеңесі барлық күш жігерін әлеуметтік, саяси және экономикалық бағыттағы түйіткілді мәселелерді шешуге жұмсады. *Қорытынды.* Киндайка, Сейока, Фуоку Кэхэй, Синокосё, Зайбацу сияқты негізгі ұғымдарды түсіну – Мэйдзи дәуірінің трансформациясындағы Генро кеңесінің рөлін терең зерттеу үшін өте маңызды тұжырымдар болып табылады.

**Түйін сөздер:** Жапония, Мэйдзи Исин, Генро, Фуоку Кэхэй, Дзайбацу, Синокошо, Сатчодохи, Буси, Киндайка, Сейока

**Дәйексөз үшін:** Қуанбай О.Б. Генро кеңесі зерттеуіндегі Мэйдзи кезеңінің негізгі тұжырымдамалары. (XIX ғ. соңы) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 389-402 бб. (Ағылш.).

DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_389-402

## КЛЮЧЕВЫЕ КОНЦЕПЦИИ ПЕРИОДА МЭЙДЗИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ СОВЕТА ГЕНРО (КОНЕЦ XIX ВЕКА)

Олжас Бекенұлы Қуанбай<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Университет Анкара  
(Сихие, Алтындаг, 06100 Анкара, Турецкая Республика)

PhD докторант

<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084>. E-mail: [olkube89@gmail.com](mailto:olkube89@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Қуанбай О.Б., 2024



**Аннотация.** *Введение.* Реставрация Мэйдзи охватывает весь период модернизации и вестернизации Японской государственности в конце XIX века. Ключевые концепции Мэйдзи как раз раскроет научный суть в изучении Генро и всего периода. *Цель и задачи.* Целью исследования является выявление ключевых концепции периода Мейдзи в изучениях совета старейшин Генро как основопологателя всех этих аспектов развития государственных институтов Японии. Изучение основных концепций Мейдзи раскроет важнейших факторов трансформации Японии: экономическое развитие, внутренняя и внешняя политика, финансовая политика, военные реформы и так далее. *Материалы и методы.* Материалом исследования для данной статьи послужили архивные данные «Национальной парламентской библиотеки Японии» и исследований ученых США, Великобританий, Японий, Гонконга, Турецкой республики и РФ. Данная научная статья основана на индукции, синтезе, дедукции, общенаучном анализе статистических методах. *Результаты.* По мере превращения Японии в новую страну возникли фундаментальные концепции, которые стали руководящими принципами всего периода Мэйдзи. Совет Генро посвятил свои усилия решению первостепенных задач времени, направляя развитие страны в различных социальных, политических и экономических измерениях. *Заключение.* Понимание таких ключевых концепций, как Киндайка, Сейока, Фуоку Кёхей, Синокошоу, Дзайбацу, необходимо для всестороннего изучения ключевой роли Совета Гэнро в эпоху преобразований периода Мэйдзи.

**Ключевые слова:** Япония, Мэйдзи Исин, Генро, Фуоку Кёхей, Дзайбацу, Синокошо, Сатчодохи, Буси, Киндайка, Сейока

**Для цитирования:** Куанбай О.Б. Ключевые концепции периода Мэйдзи в исследованиях совета Генро. (конец XIX века) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 389-402. (На Англ.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_389-402

**Introduction.** Before delving into a thorough examination of the subject, I'd like to provide a brief historical context for the term Genro in my own words. Japan's "Genro" system didn't primarily derive from Western models but was shaped by the country's historical and cultural context. During the Edo period 「江戸時代」 the samurai government was stable, and the shogunate held real power. Positions like "Roju" 「老中」 and "Rochukaku" 「老中格」 played crucial roles in the shogunate's political and military center. In ancient Japan, high-ranking aristocrats around the emperor influenced politics and the legal system. The Heian period 「平安時代」 saw the development of a regent government, introducing roles like regent Sesshō 「摂政」 and Kanpaku 「関白」 supervising the imperial court at the political core.

The Sengoku 「戦国時代」 period marked the rise of the samurai government, with Sengoku daimyo and their vassals establishing a governing structure. In the Edo period, "Roju" served as close aides to the shogun, holding power at the shogunate's center. Many experienced and politically savvy individuals among the Roju occasionally offered advice and policy proposals to the shogun. This system stems from Japan's unique history and political structure, distinct from Western parliamentary systems.

Entering the Meiji period, Japan underwent significant government reforms during modernization and Westernization. While some political and legal systems from Western countries were adopted after the Meiji Restoration, the specific "Genro" system wasn't directly modeled. Instead, the Genro system traces its origins to Japan's historical and cultural background and the political structure dating back to the Edo period.

The Meiji Restoration 「明治維新」 has a definition as the comprehensive transformation of Japan from feudalism to modernization led by Emperor Mutsuhito, marking the beginning of the Meiji period. The Genro Council 「元老」 is a group of elder statesmen





who provided crucial advice to the emperor, shaping Japan's policies during the Meiji period. The Genro is a central institution in the governance structure, pivotal in decision-making and policy formulation.

As an introduction, let me briefly describe some important aspects that will be scientifically substantiated during the research of this article. Some aspects of the Meiji period were a Political Stability and Imperial Authority. As a definition we can say the consolidation of political power under the emperor's constitutional monarchy. Genro's efforts in establishing political stability and reinforcing imperial authority.

The concept *Fukoku Kyōhei* 「富国強兵」 is a national slogan emphasizing “Enrich the Country, Strengthen the Military,” reflecting Japan's pursuit of economic prosperity and military prowess. The “*Fukoku Kyōhei*” was a guiding principle for Genro in fostering a robust and powerful nation. The one of the main social structures of Japan was a *Shinokosho* 「士農工商」. It is the four traditional social classes of samurai (士), farmers (農), artisans (工), and merchants (商). The main significance is Genro's role in eradicating this class system, fostering socio-economic reforms.

Modernization and Westernization is the deliberate adoption of Western technologies, institutions, and practices to modernize Japan. the main significance was the Genro's initiatives in steering Japan towards becoming an industrialized and globally competitive nation.

**Economic Development and Industrialization:** The systematic development of Japan's economy was a transitioning from agrarian to industrial. Significance of economic development and industrialization was a Genro's role in formulating policies that propelled economic growth and industrial advancements.

**Social and Cultural Transformation:** There was profound changes in societal norms, cultural practices, and values during the Meiji period. Has been observed Genro's influence on shaping a modern and dynamic social and cultural landscape.

**Foreign Policy and International Relations:** Japan's diplomatic strategy and interaction with foreign countries had a special character. In guiding Japan's foreign policy, including treaties, alliances and international commitments, the new government has always tried to stay two steps ahead on the international chessboard.

**Constitutional Reforms:** Established modern constitution, defining the structure of the Japanese government. Genro's contributed to the creation of a constitutional framework that shaped Japan's political landscape. Understanding these key concepts is essential for a comprehensive study of the Genro Council's pivotal role in the transformative era of the Meiji period. The foundational concepts of the Meiji period played a pivotal role in shaping Japan's subsequent development. A closer look at these fundamental terms will unveil the true essence of the Genro Council's research.

**Materials and research methods.** Archival materials from the “National Diet Library of Japan” *Kokuritsu Kokkai Toshokan* 「国立国会図書館」 used for studying this scientific article. Explored primary sources from the Meiji and Taisho periods. Japanese archives were valuable sources for understanding the perspectives and actions of the Genro. The theoretical findings presented herein offer a reasonably accurate depiction of historical events at the end of the XIX<sup>th</sup> century in Japan.

The article is based on general scientific analysis, synthesis, deduction, induction, statistical methods. This article sets out the theoretical result with a certain accuracy and coincides with data from archival documentation and material from Japanese scholars. This research article is based on quantitative analysis: statistical methods were used to analyze socio-economic data from the Meiji period. With the help of this scientific approach, it was possible to study the broad impact of Genro's policy on the development of Japan. **Historiographic analysis:** the works of historians of Japanese studies were studied. This helps



us to deeply explore the role of Genro in the rethinking of Japanese historical scholarship. Methods of political science and historical analysis are applied to assess the influence of Genro on political development, governance and decision-making processes in Japan.

**Discussion.** For this scholarly article, we delved into Japanese archival sources to explore the fundamental concepts of the Meiji period as observed through the lens of the Genro Council in the late of XIX<sup>th</sup> century. The following Japanese archival sources were used in this scientific article: 日本国憲按明治9年10月数量: 1 綴墨書元老院罷紙陸奥宗光関係文書 61-3 陸奥宗光関係文書 // Nihon kokuken'an Meiji 9-nen 10 tsuki sūryō: 1 Tsudzuri bokusho motorōin keishi mutsu munemitsu kankei bunsho 61 - 3 mutsu munemitsu kankei bunsho. (National Archive of Japan), 明治憲法と日本国憲法に関する基礎的資料 (明治憲法の制定過程について) 最高法規としての憲法のあり方に関する調査小委員会 (平成15年5月8日の参考資料) 平成15年5月衆議院憲法調査会事務局 Meiji Kenpō to nihonkokukenpō ni kansuru kiso-teki shiryō (Meiji kenpō no seitei katei ni tsuite) saikō hōki to shite no kenpō no arikata ni kansuru chōsa ko iinkai Heisei 15-nen 5 tsuki Shūgiin kenpō chōsa-kai jimukyoku. Tokyo, s. 12. (National Archive of Japan), 日本国憲按明治9年10月数量: 1 綴墨書元老院罷紙陸奥宗光関係文書 61-3 陸奥宗光関係文書 DOI 10.11501/3860371. National Archive of Japan. Tokyo.

We thoroughly examined key English-language scholarly works to ensure a comprehensive exploration of the research topic. Such as *Bessho Koro*, “Identities and Security in East Asia” London: Routledge, 2013., *Borthwick Mark*, “Pacific Century: The Emergence of Modern Pacific Asia” Melbourne: Westview Press, 1998., *Clyde Paul Hibbert*, “The far East, A History of the Impact of the West”, Second Edition, New-York, Prentice-Hall., Inc, 1953., *Jansen, Marius Berthus*, “The Making of Modern Japan” Cambridge, third printing, Printed in the USA, MA: The Belknap Press of Harvard University Press. 2002., *Nish Ian Hill*, “The Anglo-Japanese Alliance: The Diplomacy of Two Island Empires 1884-1907” London, 2013., *Thompson, R. Mark*, “Authoritarian Modernism in East Asia” Hong Kong, Palgrave Pivot Publishing, 2019., *Patrick T. Hugh*, “Japan 1868-1914. Ch. 8. Banking in the Early Stages of Industrialization. A study in comparative economic history” Oxford University Press, 1967.

Құжатта «Жарлы» деп берілген жер атауы «Ярла» жері, яғни, қазіргі Үржар аймағы жөнінде айтылып отыр. Өкінішке орай, қазақ батыры мен жоңғар ханзадасының бастаған әскері Ярла маңындағы соғыста жеңіліс табады. Нәтижесінде қазақтар кері шегінуге мәжбүр болып, оларды қытай әскері Нұра өзеніне дейін қуып келеді. Тұтқынға түскен Шұлық пен Аралбай есімді қазақтардың мәлімдемелері Қожаберген батыр Әмірсанамен бірге және олардың жақтасы белді қазақ батырларының бірі – Қабанбай екендігін айғақтайды. Алайда, бұл соғыс жайында Мәнжу-Цинь ұлықтары ұлы патшаларына қазақтарды тас-талқан етіп жеңдік деп жалған ақпарат жіберген. Бұлай деуіміздің себебі, Қытай империясы жоңғарлармен соғыста тұтас Жоңғар мемлекетін тарих сахнасынан көшіргенімен, халқы өте көп шығынға ұшырағандығын айта бермейді. Мұның себебі, қазақтарға, жалпы Орта Азия халықтарына шабуыл жасаған Цинь патшалығының атақ-даңқын шығарып, мәртебесін көтеру мақсатын көздеген деп топшылаймыз.

Халық арасында таралған аңыз-әңгімелер мен ауызша деректерге сүйенсек, «Шүршіт қырғын» оқиғасы туралы ел аузында көп айтылады. Бұл тарихи орынның географиялық аумағы Баянауыл маңындағы Шыбынды көлі мен Шідерті өзені арасындағы жазықты алып жатыр. Осы тарихи оқиғада қазақтың батыры Қожаберген өзімен үзеңгілес батырлар Қабанбай, Наурызбайлармен қатар шүршіт әскеріне тойтарыс берген. Бұл шайқаста жоңғар нояны Әмірсана батыр Қожабергеннің сенімді серігі ретінде әскер бастаған.

В. Кузнецовтың «Амурсана» кітабында да Қытай тұтқыны болған Шұлықтың есімі аталады. Манчжур генералы Дардана тұтқынға түскен қазақтардан Әмірсана туралы сұрауға алып, оны ұстап беруді талап еткен жағдайын былайша баяндайды:

«Сендер біздің мұнда не себепті келгенімізді білесіңдер ме? Бізге қарақшы әрі бүлікші Әмірсана қажет. Егер де өз еріктеріңізбен бізге оны тапсырмасаңыздар, біз онда күш қолдануымызға тура келеді, барлықтарыңызды сойып саламыз. Ал, бұл сөзімізге не дейсіңдер?»

Жауапқа ешбір үн қатылмады. Бұл жағдайды түсінген Дардана офицерді шақырып алып: «Мыналармен жұмыс жасаңдар! Бұларды сөйлетіңдер! - деп бұйрық берді. Бірнеше сағаттардан соң шатырдың қабырғаларынан адамдардың жантүршігерлік дыбыстары шығып жатты. Осы тұста шатырға бір қазақ кірді де, былай



деді: «Басқаларды азаптауды тоқтат. Менің есімім Шұрық. Мен Абылайдың жақын адамымын. Мен Әмірсананы беру үшін Абылайды көндіруге тырысайын» - деді. Дардана келіскен сыңай танытып, оны босатуды бұйырды. Нәтижесінде Дардана қазақ Шұрыққа 15 күн уақыт беріп, өзінде қалған басқа тұтқындар жайында да ойла дегендей сес көрсетті. Бұл оқиға тамыз айында орын алып еді.

Бұл уақыттарда Әмірсананы Хадаханың сарбаздары іздестірді. Алайда, олар Әмірсананы таппағанымен, Абылайдың өзі басқарған қазақ әскерін талқандап, айдап әкетті. Абылайдың адамдары қинау нәтижесінде сұлтанды Әмірсанамен айырылысуға көндіреміз деп уәде берді. Хадаха осы арашашылардың бірі Жауғашты жіберіп, екіншісі Хангелдіні кепілге қалдырады.

Бір-бірімен кездейсоқ немесе арнайы кездескен, ол жағы бізге беймәлім, Шұрық пен Жауғаш белгіленген уақытта Қытай әскери лагеріне барады. Олар арқылы Абылай Цинь империясымен жауласу ой-пиғылында жоғын білдірді. Сонымен бірге Әмірсананы құрықтау қиын еместігін айтып, оны қолға түсіргеннен Қытай патшасына ешқандай да ұтымды болмайтындығын алға тартып, одан да Әмірсананы жайына қалдыруды сұрайды. Бұл мәлімдеме Хадаха мен Дарданаға ұнамады. Қытай ұлықтары Әмірсананы дәл қазіргі уақыттарда қолға түсірмесек, кейін кеш болады деді. Сондай-ақ, қазақ елшілеріне егер Әмірсананы тығып отырсаңдар, есткертпеді демеңдер деп, кесіп айтты.

Мұны естіген қазақ тұтқындары Шұрық пен Жауғаш қытай ұлықтарына тағы да 15 күн уақыт бөлуді өтінеді. Екі қазақ елшілерінің сөзіне көнбеген мәнжу ұлықтары, Абылайдың өзі осылай сұранды деген сөзіне иланып, тағы бір мүмкіндік берді. Алайда, мәнжу ұлықтары Хадаха мен Дардана «егер сендер белгіленген уақытта Әмірсананы әкеліп бізге тапсырмасаңдар, біз ештеңеге қарамай, іздеріңнен барып, жол-жөнекей көрінген көштеріңді тас-талқан етеміз» деп мәлімдеді (Кузнецов, 1980: 122).

Жоңғар хандығы әлсірей бастаған кезінде қазақтардың айырылып қалған жерлерін жоңғарлықтардан қайтарып алу Абылай ханның негізгі саясатының бірі болған еді. Осы мақсатын іске асыру үшін 1755-1756 жылдары Арқаның Торғай даласы, Нұра іспетті жерлерін мекендеп жүрген Қожаберген елін жедел көшіріп (2 ай ішінде), жоңғарлардан азат еткен Темір-Чорға, Улан-Ерхе (Қызылжар-Үржар), Улиясуту (Қайыңды), (Қарун-Мулу (Қара өзені), Жимерсек (Шеміршек) сияқты жерлерге қоныстандырған (Ұлы дала батыры, 2019: 38).

Қожаберген батырдың Ертіс пен Аярақ көліне дейінгі аумаққа жорыққа шыққандығы туралы мәнжу тілді құжатта айтылады. Онда: «Біз, патшаның құлдары, 2-айдың 16-күні алдын ала аттанып кеткен соң, іле-шала артымыздағы қалған қосын бізге арнаулы адам жіберіп, Қалыбай сынды 11 қазақты жеткізіпті. Біз, патшаның құлдары, Қалыбайлардан мән-жайды сұрап едік, олар былай деп жауап берді: «Қожаберген 1000 сарбазды бастап Ертіс пен Аярақ көліне дейінгі жерді барымталап шықты. Жорықта қолымызға түскен тұтқындар мардымсыз болды да, Қожаберген ауылына қайтып кетті (Еженханұлы, 2019: 99) делінген.

Бұл құжаттың үзіндісінен нені байқауға болады? Қожаберген батыр өзінің мың әскерімен бірге ұлан байтақ Ертіс пен Аярақ көлі арасындағы территорияда емін-еркін, ешкімнен тайсалмай-жасқанбай жорыққа шыққандығы анық. Батыр Қожабергеннің бұл аймақтарға жорық жасауының себебі - Жоңғар мемлекеті талқандалғаннан кейін сабылып жүгенсіз қалған, бас сауғалап тасада тығылып жүрген жоңғарларды (махачиндер) іздеу, құрықтау еді. Ертіс пен Аярақ көлдері арасын шарлаған Қожаберген сол маңдағы махачиндерді тұтқынға алып, Жетісу, Іле, Тарбағатай өңіріндегі қазақтардың байырғы жерлерін қайтаруды көздеді. Сөйтіп, Абылай мен оның сенімді сардары Қожаберген батыр Жоңғар мемлекеті құлаған соң бірден жоңғарлардың бұрындары басып алған жерлерін игеруге кірісті. Сол мақсатта жоңғар



халқынан босаған аймақтарға қазақтарды қоныстандырып, ол жерлерді игеруге халықты кірістірді. Қазақ көсемдерінің бұл әрекетін ұнатпаған Қытай патшалығы аталмыш жерлерге қоныстанған қазақ ауылдарын шауып, қоқан-лоққы көрсетіп, үркітіп, тыныш өмірден айырды. Дүниесінің тоналып, халқының жанышталғанына қарамастан, қазақтар да күресіп бақты.

Цянлунь жылнамасының 26-жылы 10-айдың 5-күні Агуй, Ижу және Фуннехендердің Патшаға мәлімдемесінде: «Таяуда біз қазақтар арасынан қашып, бізге бағынып келген улеттерден «қазақтар бізбен таласып, Тарбағатайдың күнгеі мен теріскейіне келді» дегенді естігенбіз, және біз өзіміздің қазіргі атқарып жатқан махачиндарды тінтіп-ұстау жұмыстарымызды тәмамдаған соң осы келген қазақтарды қуу ісін атқарамыз» (Еженханұлы, 2019: 256) деп алдын ала хабарлағандарын ескертеді.

Құжатта айтылып отырған мән-жайды Қожаберген батыр алдын ала болжай білді. Батыр Шорға жерінің Улиясуту жерінде қоныстанып жатқан халқымен бірге қытайлар әскерімен тұтқиылдан шабуыл жасауы мүмкін деген уақытты шамалап, ол маңнан көшіп кетеді. Дәл осы Шорға жерінде Шығыс өңіріндегі Жоңғарлармен арада орын алған ең ірі шайқастардың бірі болғаны нақтыланған. Осы соғыстың нәтижесінде қазақтар бір кездері Жоңғарияға қараған Тарбағатайды өз иелігіне кері қайтарған болатын.

Құжатқа мұқият назар аударсақ, келесідегідей ой түйіндеуге болады: Біріншіден, Қытай қолбасшылары Қазақ шекаралық аймақтарындағы жерлерді біржолата өздеріне иемдену үшін қазақтарға барынша айла-амалдар мен күш қолдану, сес көрсету сияқты әрекеттерді ұстанған; екіншіден, Қожаберген батыр кеудесін оққа тосып, қазақ жерінің тұтастығын сақтау жолында күресті; үшіншіден, Цин империясының бас қолбасшыларының Қожаберген және оның әскері тұрақтаған жерлерге келіп түнеуі – Мәнжу-Цинь патшалығының қазақтарға үнемі үстемдік орнатқысы келгендігін білдіреді; төртіншіден, Қытай патшалығының ордасында қызмет атқарған Агуй қолбасшының қалдырған мәлімдемесінде отарлық идеологияның көріністері байқалады. Ол Тарбағатайдан Аягөзге дейінгі қазақтарды өз атамекенінен өте оңай қуып шыққандай мәлімдеме жасап, Қожаберген батырды өзіне бағынышты немесе «қорқақ», «су жүрек», «жағымпаз» тұлға ретінде көрсеткісі келетін мәліметтерді жазып отырған.

Әрине, Қожаберген батыр жоңғар ханзадаларымен бірлікте Цин билігінің әскери күшін әлсірету мақсатында бірге күрескен. Бұған дәлел, 1758 жылғы 29 тамыздағы Қытай патшасының уәзірі Агуйдің мәлімдемесі. Хабарламада: «Мен патшаның уәзірі Агуй, төмендегі іске байланысты осы мәлімдемені жіберіп отырмын. Шілденің 31 күні Букучаған мен Хэшоциді қазақтар айдап әкеліп тапсырды. Жауап алғанымызда, Хэшоци жоңғар әскерлерінің қалдығы Ертіс бойын тасалап жүргенде, ресейлік шекарашылар: «Сендер бізге бағынбасаңдар, Қытай жағына хабарласамыз», - дегенін, сонымен бірге қазақ Абылай бұлардың ізіне 30 мың адаммен түскенін және орыстар жоңғар әскерлерінің қалдығын Ертіс өзенінен ішке қарай өткізіп алғысы келетіні жөнінде айтқан. Содан кейін орыстардан қашып, Дауашыға (Давази) қарайтын әскерлерден қорқып, қашып-пысып жүргенде: «...Түн жамыла өзеннен өтіп, әрі қарай 6 күндік жолды артқа тастап, қазақтарға бардым да, Қожабергенмен кездестім. Сонда, сол ауылда мен Букучағанды кузап келген Науанның қазақтар арасында екенін білдім. Сонан соң, Қожабергеннің інісі Жолбасар (Жаубасар) мені Букучаған тұрған Байбарақтың үйіне апарып, Букучағанмен кездестірді. Одан кейін, мен Науан мен Букучағанды бастап, әкеле жатқан қазақтармен бірге келдім» - депті делінген (Қазақ хандығы..., 2009: 75-76).

Біз осы деректі тарқата талдасақ, бірқатар қорытындылар жасауға негіз таба аламыз. Жоңғар нояндарының ішкі талас-тартысты сәтті пайдаланған Цинь империясы



1755-1757 жылдар аралығында тоқтаусыз шабуылдап, Жоңғар мемлекетін біржолата құлатады. Жоңғар хандығы жойылған соң, қазақтар бұрынырақта жоңғарлар иеленіп алған жер аумақтарына оралуды көздеді. Ал, қазақтардың тұтқынына түскен ойраттардың бір бөлігі Цинь патшалығына қарай қашуға ұмтылды, ал кейбіреулері бейбіт түрде көше бастады.

Цинь әскерінің қолбасшысы Хешоци жоңғарлардың кейбіреулері сандалып Ертіс бойын паналап жүргендігін мәлімдейді. Осы орайды оңтайлы пайдаланғысы келген Ресей билігі жоңғар әскерлерінің қалдығын өздеріне қосып алғысы келді. Бір жағынан Ресей шекарашыларынан сескеніп, екінші жағынан егер де қалған жоңғар әскерлерін орыстар өздеріне бағындырып алуынан қауіптенген қытай патшасының құлы, патша гвардиясының ойрат бөлімшесінің қолбасшысы болған Хэшоци болса қазақтардан көмек сұрауға мәжбүр болады. Оның дәл осы кезде батыр Қожабергенге жолығуы кездейсоқ емес. Бұл тұста Қожабергеннің ел ішінде қаншалықты беделі мен абыройының жоғары екендігі байқалады. Батырдың ойрат нояндарын өз панасына алып, қамқорлық танытқаны көрінеді. Науан мен Цинь патшалық армиясының қудалауында болған жоңғар көсемдерінің бірі болған Букучағанды өз ауылында ұстап отырған Қожаберген Хэшоциді Букучағанмен кезіктіреді. Қожабергеннің бұл әрекеттерінен оның дипломат әрі саясаткерлік қырлары аңғарылады.

Мәнжу тіліндегі келесі құжатта Қожаберген батырдың Абылайдың сенімді адамдары ретінде Әбілпейіз сұлтандармен бірге Цинь шекарасында әскери-дипломатиялық қызмет атқарғандығы айтылады. Құжатта: «Наван Абылайдың өзімен кездесе алмағанымен, Абылайдың бауыры Әбілпейіз және Дәулетбай батыр, Қожаберген сынды адамдардың барлығы біздің шекарамыздың маңында тұрады, сондықтан Наван соңғы аталғандармен де кездеспей қалмас.....» делінген (Еженханұлы, 2019: 216). Бұл деректер аймақтардағы қазақтардың атамекенін қайтаруды мақсат еткен Қожаберген батыр осы шептерде шекарашы міндетін қоса атқарды деп айтуға негіз болады.

Қазақ-қытай қарым-қатынасында екі халық арасында әскери-саяси шиеленістер ғана емес, бейбіт тату түрдегі дипломатиялық келісімдер жасалып, сауда және экономикалық байланыстар да өрбіген. Қожаберген Жәнібекұлы тек әскери-дипломатиялық қатынастардан бөлек, сауда байланысында елшілік келісімдерде алтын көпір орнатқан тұлға ретінде танылды. Қытай патшалары мен елшілері арасында Қожаберген батырдың есімі бірқатар беделді елшілер қатарында аталады. Бұл тақырыпты, 1757 жылдың 18 қазанында премьер-майор Тирянның Сібір корпусының командирі бригадир К.Л. Фрауендорфқа керей тайпасының старшыны Қожаберген бастаған қырғыз-қайсақтардың Ақкөл маңында орналасқан Ямышев бекінісіне келгендігі туралы хабарламасындағы мәліметтер ашады (ОрОМА, 1-қ. 1-т. 58-іс. 410-п.)

Қатысты мәліметте осы жылдың қазан айында Терпигаревтың К.Л. Фрауендорфқа берген рапортында азаматтық гвардия бастығынан Вологодск капитаны Фельшманның полкіне Ертіс өзенінің жанындағы мұнарадан сол бекіністе тұрған күзетшілерге Ертіс өзенінің жағасы мен арғы бетінен атқа қонған белгісіз адамдардың көрінгендігі туралы хабар жеткен. Сонда Терпигараев К.Л. Фрауендорф пен лайықты әскери командасы бар татар тілмәші Апсалимовтан Ертіс өзені жағалауынан көрінген адамдардың кім екендігін анықтап келуді бұйырады. Осы тұста олар бұл қырғыз-қайсақ бөлімінің Керей руының старшыны Қожаберген батыр екендігін мәлімдейді. Батыр мен оның әскері Ертіс маңайынан өздеріне қолайлы аймақты табатын болса, онда олар биылғы қыста осында көшіп-қонуға дайын екендігін жеткізді. Кейіннен Қожаберген старшын өзінің көшімен бірге Ақкөл маңынан төрт мыңдай, ал Ямышев бекінісіне он бес верст қашықтықтай жерде бір аптадай уақыт тұрақтағандығы туралы мәлімет аламыз. Абылай сұлтан бұл кезде Баян Облай шатқалында болғандығы айтылады, ал





моңғол әскерлері бұл кезде сұлтан Абылайды екі ай бұрын қалмақ жерінен Баранал шатқалынан көргендігін хабарлайды. Олардың мұнда келген әскер саны алты мың, оның ішінде қаруланғандары төрт мыңға жуық екендігі туралы ақпарат кездеседі (ОрОМА, 1-қ. 1-т. 58-іс. 410-п.).

Орынбор облыстық мемлекеттік архивінен анықталған бұл құнды құжаттан Қожаберген батырдың қазақ-қытай саудасының дамуына ықпал еткен тұлғалардың бірі болғандығына көз жеткіземіз. Мәселен, бұл құжатта қалған әскерде айырбас сауда үшін де ешқандай да қару-жарак, құрал-саймандарының қолдарында жоқ екендігі туралы мәлімет бар. Осы тұста екі жасар баланы алып келіп, өз қалауымен ынталы бір адамға белгілі бір тауар түріне айырбастауы қажет. Осылайша Вологоцкий драгун полкінің адъютанты Руднев осы кіші қалмақ баласын қырғыздық Құбағыштан жеті аршынға тең жібек матаға (бір аршын құны бір рубльге тең) айырбастағандығы жөнінде мағлұмат аламыз. Осы хабарландыруымен Руднев Ямышев бекінісіндегі шекаралық кеденге баж салығын төлеуі үшін арнайы барып, сол кеден кеңсесінен үзінді көшірмелерді алғандығын білеміз. Сонымен, осы хабарлама мәтінінің соңғы үзінділерінен қазақ-қытай сауда қатынастарының айтарлықтай жақсы дамығандығы көрінеді.

Қытай деректері қазақ жылқысының қасиеті мен табиғи ерекшелігіне қытайлардың қызығушылық танытқанын дәлелдейді. Қытай-қазақ сауда қатынастары тарихында Цин империясы қазақ жылқыларына аса қызығушылық білдіріп, «Жылқыға – Жібек» саудасын іске асырғаны белгілі. Бұл тұрғыда, Қожаберген батыр да қазақтардың қытайлармен сауда байланыстарында да белсенділік танытқан.

Орынбор архиві қорындағы 1757 жылғы 5 желтоқсандағы Ямышев кеңсесінен Сібір корпусының командирі, бригадир К.Л. Фраундорфқа қырғыз-қайсақтардың Коряков форпостына және Ямышев бекінісіне айырбас сауда үшін көшуі, олардың Абылай сұлтан мен қытай әскерлері жайында баяндаған мәлімдемелері, сондай-ақ қырғыз-қайсақтардың Керей тайпасы Ақкөл маңында көшіп-қонып жүргендігі туралы рапорты бұл мәселені тарқата түседі. «И на что объявили: расположились кочевьем за Белою рекою, волости Кирейской, владения Аблай-салтана, старшины Куземергеня, и с ними в приезде за старшину киргизец Тувалди. И про Аблай-салтана объявили, что стоит в степи, день десеть езды. А про китайское войско, где находитца неизвестны. А были-де они с ними в летнее еще время и с ними согласно. И просили, чтоб их табуны на восточную сторону не перегоняли, а дали б в залог постоянства ис старшинских детей или братьев родных аманат. И на то объявили ж, что-де к старшине Куземергеню для оного послан будет. А он-де кочует вверх по Иртышу реки Семипалатинской крепости (ОрОММ. 1-қ. 1-т. 58-іс. 214-215-п.).

Деректе қырғыз-қайсақтардың Коряков форпостына және Ямышев бекінісіне айырбас сауда үшін көшуі, олардың Абылай сұлтан мен қытай әскерлері жайында баяндаған мәлімдемелері, сондай-ақ қырғыз-қайсақтардың Керей руы қырғыз-қайсақтарының Ақкөл маңында көшіп-қонып жүргендігі айтылады.

Ескерте кетерлігі – Қожабергенге қатысты орыс деректерінің көпшілігінде болыс деген атау көп кездеседі. Мәселен, Қожаберген батырдың иелігіндегі Керей болысынан (волости Кирейской) басқа Атығай болысы (Атыгайской волости) деп беріледі. Бұл кезеңде болыстар пайда болған жоқ болатын. Жалпы «болыс» атауы қазақ жерінің патшалық Ресейдің қоластында болған кезіндегі пайда болған аумақтық әкімшілік бөлінісі екендігін ескерсек, бұл орайда орыс деректерінен қазақтарды Абылай заманында-ақ өздеріне бағынышты халық деп есептегісі келген құйтырқы саяси ойларын дәлелдей түскендей. Сол себепті, Ресей архив деректеріндегі болыс атауын ғылыми айналымда ру немесе тайпа деген атаумен қолданғанымыз жөн деп санаймыз.

Сауда қалыпты, алайда әрқашан тиімді болмаса да, өзара байланыстар мен елшілік қатынастарды орнатудың алғашқы көрінісі болды. Саудада феодалдық және



рулық ақсүйектердің саяси және экономикалық мүдделері тоғысты – олар делдалдыққа ықыласпен қатысып, өз отандастарының сауда керуендеріне, сондай-ақ Орта Азияның басқа билеушілерінің көпестерімен бірге құрылған керуендерге қосылды. Сыртқы істер алқасының орыс құжаттарында және Әскери кеңестің маньчжур құжаттарында ірі мал әкелген негізгі саудагерлер мен жауынгерлердің қатарында Сұлтан Ханбаба, Қабанбай, Қарабарак, Қожаберген қатарлы батырлардың есімдері кездеседі.

1757 жылы Қазақстандағы Цин әскерлерін басқарған генерал Чжао Хуэй Абылай, Әбілпейіз, Ханбаба сұлтандармен және Қабанбай, Қожаберген, Дәулетбай батырлармен Жоңғария жерінде сауда-саттық орнын ашуға келісіп үлгерді. 1758 жылы Қабанбай батыр ойраттың баласы Бұқу-Шағанды 300-ден астам үйір жылқысымен барлау үшін сатуға жібереді. Олар Үрімжіге 1758 жылы 18 қазанда келді (Хафизова, 2019б: 379).

Қожаберген батыр өзінің жанындағы ортақ мүддені ұстанған замандас-үзеңгілес қазақ батырларымен бірге Қытай сынды алпауыт империямен әскери-дипломатиялық қатынастармен қатар, сауда байланыстарында белсенді рөл атқарды. Қожаберген өзі қатарлы Қабанбай, Дәулетбай сынды батырлар мен Әбілпейіз, Сұлтанмәметтей сұлтандармен бірге сауда байланыстарын дамыту, қазақ халқын бейбіт өмірде күн кешкізіп, тұрмыс жағдайын оңалту жолында қызмет етті. Бұл мәселеде Цин билігінің негізгі мақсаты - шекаралық сауданы қолға алып, тың игеруге қазақтардың жылқыларының асыл тұқымдыларын сатып алу және пайдалану.

1758 жылғы 9 қазандағы Түй-жаңгин Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандарын мәнжу тіліндегі мына дерек растайды. Құжатта: Біздің ұғысуымыз бойынша, Қабанбай – (қазақтың) Орта жүзінің Қожаберген сынды 4-5 адамның ішіндегі мәртебесі биіктеуі. Былтыр патшаның құлдары Шундэна мен Нұсан мәлімдеме жазып, (патшадан) рұқсат алып, патшаның Абылай мен Қожаберген екеуіне сыйлық ретінде берген оқалы тон тігуге арналған молун торқасының біразын Қабанбайға бөліп берген соң патшаның шапағатына бөленген риза болды, сондай-ақ Қазақ мемлекетіндегі елдің барлығы алғыстарын айтып, бірінен соң бірі жоңғарлардың басшыларын тұтқынға алып, оларды бізге әкеліп тапсыруда» (Қазақ хандығы..., 2009: 40).

Деректе айтылған мәліметтерді былай топшылауға болады: Біріншіден, Қожаберген батыр қазақтың Орта жүзінің ішіндегі ең беделді адамдарының бірінші бестігіне кірген; екіншіден, Қытай патшасы бағалы сый-құрметін ең алдымен Абылай мен Қожаберген екеуіне жасаған. Міне, Қытай империясының бұл құйтырқы саясатының астарында осындай айла-амалды қолдану арқылы жоңғарларды өзіне бағындырып, одан кейін қазақтарға шабуыл жасау пиғылы жатқаны анық.

Осы құжатта: «Наван Абылайдың өзімен кездесе алмағанымен, Абылайдың бауыры Әбілпейіз және Дәулетбай, Батыр, Қожаберген сынды адамдардың барлығы біздің шекарамыздың маңында тұрады, сондықтан Наван соңғы аталғандармен кездеспей қалмас» (Қазақ хандығы..., 2009: 41). Жоғарыда көрсетілген 1758 жылғы Түй-жаңгин Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандарын мәнжу тіліндегі құжаттың жалғасы болып табылатын бұл ақпараттан қазақ-қытай сауда қатынастарындағы кейбір мәселелерді Абылайдың орнына Қожаберген батырдың атқарып отырғандығы көрінеді. Сондай-ақ, батыр Қожабергеннің қытайлармен шекаралас Қазақстанның шығыс аймағында әскерімен тұрақтағанын тағы да айғақтайды. Қытай патшалығының лауазымды шенділерінің бірі Науанды Қожаберген сынды адамдарға жолығуы міндетті екендігін екшелеп айтып отырғаны да батыр Қожаберген Жәнібекұлының екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарда шешуші рөл атқарғандығын аңғартады.

Цяньлун жылынамасының 24-жылғы 8-айдың 6-күніндегі түсіндірме хатында қазақ-қытай достық-сауда қатынастарынан хабар береді. Құжатта: «Қазақ Қарабарак



бізді қарсы алып алдымыздан шыққанда бізге, патшаның құлдары Чебденжаб, Фулу, Чинүхүн, Чемчукжаб және Улден қатарлыларға бір-бірден белек (сыйлық) жылқы берді, біз де қару ретінде оған бір-бір топтан торғын бердік. Сонан соң Дәулетбай өзі келіп менімен кездескенде де маған, патшаның құлына 1 жылқы сыйлады, мен де оған қару ретінде 1 топ торғын сыйлап бердім. Бұдан тыс, Әбілпейіз, Қожаберген де арт-артынан адамдарын жіберді. Әбілпейіз пақырыңыз Чебденжабқа 1 жылқы сыйлады, біз де оларға қару ретінде бір-бір топ торғын сыйладық (Қазақ хандығы... I-т. 162).

Дерекке зер салып назар аударсақ, қазақтың белгілі батырлары Қожаберген, Дәулетбайлардың, Әбілпейіз сұлтанның қытай елшілерімен арасындағы достық қатынастары негізіндегі өзара сый-жоралғылары айтылған. Сондай-ақ, құжат мазмұнынан қытай елшілерінің қазақ ауылдарына, ал қазақтың беделді ерлерінің қытай патшалығына емін-еркін елшілік сапарлардың ұйымдастырылғанын байқауға болады.

Құжаттың сырына үңіле отырып, мынадай сауал туындайды. Қазақ-қытай сауда қатынастарының дамуы қазақтар үшін қандай оң тұстары байқалды? Біріншіден, Цинь патшалығымен екіжақты сауда ынтымақтастығы мен елшілік байланыстардың белсенді көрініс табуы – Қазақ мемлекетінің нығаюына, халықаралық беделінің өсуіне, сонымен қатар Қожаберген қатарлы қазақ дипломаттары мен қолбасшы батырларының Орта және Орталық Азия халықтарының саяси өміріндегі рөлінің артуына ықпал етті. Нәтижесінде, қазақ елі мен оның белді көсемдері Шығыс-Түркістан билеушілері арасында танымалдығы артты.

Қытайлардың дипломатиялық миссияларына жауап ретінде Абылай да елшілерін Пекинге жіберіп отырған. Бұл туралы 1759 жылы 30 қыркүйекте Сібір губернаторы Ф. Соймоновтың Сыртқы істер алқасына жазған баянатынан көруге болады: «Абылай сұлтан жіберген қырғыз елшілері Қытай мемлекетінен қайтып оралып отырды, ал Абылайдың туысы Ұрыс сұлтан, Досай батыр, қатардағы отыз төрт қырғыз, барлығы отыз алты адам... Сол елшілер Пекинге жеткен тұста // Абылай сұлтанның Қытай билеушілеріне жолдаған хатында оларға жеткілікті мөлшерде азық-түлік пен жалақы тағайындалды, оның үстіне оларға көптеген сыйлықтар берілді... тек қана олардан қырғыз-қайсақтардың Қытай халықтарымен бірге Ерен Қабырға шатқалының жанында Жоңғар жерінде салынған сауда қаласында болуын талап етеді, қырғыз халқы онда барып, қытайлықтармен бірге жылқыларын алмастырады. Қытай Боғдыханы Абылай сұлтанға Ресей бодандығына кірмейтін басқа да халықтар мен қырғыздардың Қытайдың иелігіне кіруге көндіруге үгіттеуін өтініп, хат жолдайды. Сонымен бірге сол елшілер арқылы Боғдыханнан Абылай сұлтанға көптеген сыйлықтар жіберілді: фанзалар, жібек матасының барқыттары» (Цинская империя..., 2020: 169-170). Осы хаттан бірқатар толымды қорытындылар шығады. Біріншіден, Қытайға Абылай сұлтанның туыстары – Ұрыс сұлтан бастаған дипломатиялық миссия жіберілді. Екіншіден, бұрынғы Жоңғар мемлекеті территориясында орналасқан Ерен-Қабырға деген жерде қытайлармен сауда жасау туралы алдын-ала келісімге қол жеткізілді. Қытай тарапы әлі Ресей бодандығын қабылдамаған басқа да көрші халықтарды өз бодандығына алуға әрекет жасады.

Одан кейінгі жылдарда Қытайдан төнген қауіп екінші орынға ығыстырылып, қазақтар өздеріне қатысты Қытай тарапынан болуы мүмкін қатердің мүмкін жолдарын қарастырды. Звериноголов бекінісіндегі қолбасшы, екінші майор Д. Скотиннің Сібір корпусы, бригадир К.Л. фон Фрауендорфқа 1758 жылғы 1 сәуірдегі жолдаған хабарламасында: «Олардан босаған қырғыз-қайсақтар, тергеу бойынша тұтқындалған қырғыздар қытай әскерлерінен үрейленеді, сол себепті де олар барлық уақыттарын жақын маңдағы Ресей бекіністері маңында көшпелі өмір салтын жалғастыруға ниетті» (ООМА. 1-к., 1-т. 66-іс. 74-75-п.). Яғни, қазақ халқына ең үрейлі қауіп қытайлардан төнгендігін байқаймыз.



1762 жыл 12 шілдедегі Сібір губернаторы Ф.Соймоновтың Сыртқы істер алқасына қазақ-цин саудасы туралы және Қазақ елшілігінің Пекинге кетуі туралы баяндамасынан: «Генерал-майор фон Веймарн маған осы жылдың 15 маусымында жіберілген рапортында 1762 жылы Железин бекінісіненде Сібір шебінде Құдайдың рақымымен істер жақсы жүріп жатқанын және жаудың арам ниеті немесе олардың әскерлерінің кездесуі туралы хабар болмағанын, тек Өскемен бекінісінен майор Поливанов генерал-майорға рапортпен оған жібергендігін хабарлайды. Хабарламада мамырдың 31 күні Орта қырғыз-қайсақ ордасынан Абылай сұлтан иелігінен Қалыбай батыр қарамағындағы Абақ-Керей тайпасы бөлімінің старшыны Қожаберген старшыны он шақты қырғыздарымен Ертістің жағалауына ат басын тіреп, олар аудармашы арқылы төмендегідей мәліметтерді хабарлаған:

1. Осыдан бір ай бұрын олардың қырғыз ордасынан Жолбарыс сұлтанның кіші інісі отыз адамымен бірге Қытай ордасына олардың қырғыз-қайсақтарына Ертіс бойындағы бұрынғы Жоңғарияның Қытай жағындағы жерінен үлестіріп беру туралы өтінішімен жіберілді. Осы мақсатта оларға сол елшілер арқылы жүз елу жақсы жылқы сыйға жіберді.

2. Бұрынғы Жоңғар жерінде оның ортасында Ерен-Қабырға тауы мен Іле өзені бойындағы Қытай тарапы жағында оларға бағынышты халықтардан моңғолдар мен басқа да алуан түрлі адамдар тұратын, тастан соғылып сырты балшықпен қапталған және ағаш пен қылшықтан өрілген баспаналарда тұрақтады, олардың кейбірі егін шаруашылығымен айналысады.

3. Бұл қырғыз-қайсақтар Қытаймен шекаралас Үрімжіде әлі күнге дейін қытай халқымен сауда жасайды, бұл жерде жоғарыда аталған шатқалдардан бөлек бір айлық жолда олардың қоныстары бар, алайда өткен жылғы қыста Еміл өзені бойында көшіп жүрген қырғыз ұлысының Найман тайпасының Шыңғай батыр мен Қалмай Дәулет старшындардан қытай бодандығындағы адамдар үш жүздей жылқыларын айдап әкеткендіктен, олар, қырғыз жылқыларын өз иелігінде ұстады. Жылқылар Абылай сұлтанның өтініші бойынша арнайы жіберілген қырғыздарға қайтарылды.

4. Өзендегі қырғыз-қайсақтар Қытай ордасынан рұқсатымен ғана малдарын бағу мақсатында Ертіс жағалауына, ал күзге қарай олар белгіленген Нор-Зайсан көліне дейін қоныс аударуды көздейді (РССА. 1-қ. КҚД.1762-1775. 122/1-т. 14-іс. 57-п).

Ресей архив қорындағы бұл құжаттан біз XVIII ғасырдың 60-шы жылдарынан кейінгі уақыттарда Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы байланыстың шиеленісе түскендігін көреміз. Қазақ жеріне жоңғарлардан төнетін қауіптің әлсіреуіне байланысты қазақ көшпелі жұрты Ертістің оң жағалауына қоныс аударуға ниетті еді. Әрине, қазақтардың бұл байырғы атамекенін меншігіне айналдырып үлгерген Ресей билігі бұл әрекеттеріне қарсылық танытты. Дегенмен, берілген құжатта Орта қырғыз-қайсақ ордасынан Абылай сұлтан иелігінен Қалыбай батыр қарамағындағы Абақ-Керей тайпасы бөлімінің старшыны Қожаберген батырдың он шақты қырғызбен бірге Ертістің жағалауына ат басын тірегендігі айтылады. Көріп отырғанымыздай, Ресей әскери қолбасшылары Қожаберген батыр бастаған көшпелі қазақ халқын Ертістің жағасынан қуып шығуға тырысып отырған.

«1762 жылы Цин империясы бір жақты тәртіппен көшпелі қазақтар мен қырғыздардың шекарасын орнатты, шекаралық аумақтарды тазарту бойынша бірнеше әскери операцияны жүзеге асырды. Цин билігі Құлжа аңғарындағы Іле өзені жағасына және Тарбағатайдағы ойраттар мен қазақтардың жайылым алқаптарына бекініс орнатты, кейін оларды қарауылдар желісімен байланыстыруды көздеді. Алғашқы соққыларды Шығыс және Оңтүстік-шығыс Қазақстан, Ертіс пен Іле арасындағы Әбілпейіз бен оның балалары, Қазбек би, Қабанбай, Қожаберген және басқа батырларға



қарасты рулар қабылдады. Әбілпейіздің бір әйелі мен Қожаберген батыр тұтқынға түсті (Хафизова, 2022 б: 55). Дегенмен бұл жағдай кейін келе біртіндеп оңала бастады.

1762 жылы Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Санияз сұлтан, Ханқожа, Болат сұлтан қатарлылардың елшілігінен кейін император Цяньлунның айтулы мәселеге болған позициясында өзгерістер байқала бастады. Бұдан кейінгі уақытта «қазақтарды қуындар» деген патша тапсырмалары да, шекара аймақтардағы Цин шенеуніктерінің бұл туралы жазған мәлімдемелері де азая бастады. Бара-бара мұндай сөздер айтылмайтын болды, тек ғана жылына бір мәрте барып тексеріп қайтқаны туралы ғана мәліметтер тіркеліп отырды. 1765-1766 жылдарда Тарбағатайда орын алған Қожаберген батырға байланысты оқиғаның тууына себепші болған Цин шенеунігінің әрекеті өзін көрсету үшін жасалған орайшылдық, тіпті оғаш қылық ретінде бағаланды. Оның іс-әрекеті күдік тудырып, ісі тексерілді (Абылай хан..., 2023: 95).

Қожаберген қатарлы батырлар қазақ жерінің шығысы мен оңтүстік-шығыс шекарасын қорғаудағы табанды күрестері арқасында Цин империясының мақсат-мұратындағы шекара туралы саяси айла-жоспары орындалған жоқ. Олардың өжет күрескерлігі арқасында қазақтар көктем шығысымен жайылымдық жерлерге көшіп-қону құқығына ие болды. Қазақ халқының Қытайға мойынсұнбай, ата-бабаларынан қалған байырғы жерлерді бермейтіндігін түсінген қытайлар 1767 жылы қазақтардың көші-қонына рұқсат етті. Қожаберген ешқашан да Қытай билігіне берілген жоқ, тек қытайлармен әскери-дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуға мәжбүр болды. Оның негізгі жоспарында қазақтың территориялық тұтастығын сақтап қалу мүддесі бірінші орында тұрды. Қожаберген батыр Жәнібекұлы да Абылайдың көпвекторлы ұтымды саясатын қолдағаны осы тұста анық байқалады.

Дүниежүзі тарихындағы елеулі тарихи оқиғалардың бірі орын алған 1771 жылғы жағдайда, Еділ қалмақтары орыс отаршылдары езгісінен құтылу жолында шығысқа қарай бет алғаны белгілі. Орыс үкіметінің тосқауыл болуына орай бұлар Қазақ жері арқылы өтуді дұрыс санады.

1771 жылғы 20 маусымдағы Сібір корпусының командирі С.К. Станиславскийдің кабинетінде жасалған Қытай шекарасындағы әскерилерді барлауға мүмкін болатын қалмақтарды іздеу жолы мен оларды табу туралы Өмір батырдың сөзінен алынған аудармасында Абылай сұлтанның қалмақтардың Қытайға кетуіне жол бермеу үшін жасаған әрекеті жөнінде айтылады: «Керей тайпасынан Өмір батыр және оның ағасы Қожаберген (Козя-берды), Арғын тайпасынан – Атығай, Найман тайпасынан – Қалыбай (Қалабай) және Уақ (Увакской) тайпасынан – Қалабай, Телеу және Өтеген батырлар олардың жорықтарына кедергі келтіріп, жылқыларын айдап әкетеді. Абылай сұлтан қалмақ қосынынан екі күндік уақыттай жүретін шақырымда жүз мыңдық әскерімен қалмақтарды одан әрі кетіп қалмауын қадағалап тұр. Сонымен бірге ол Ресей жағынан да, Қытайдан да көмекке әскерлерді күтуде. Сонымен қатар, Өмір батыр бұл ақпараттан басқа мәліметті жарияламады» (ОрОММ. 1-к. 1-т. 173-іс. 645-п.).

Бұл құжаттан керей руының Қожаберген бастаған батырларының бір тобы қалмақтардың көздеген әрекеттеріне тосқауыл қою жолында малдарын тонап кедергі келтіргендігін аңғарамыз. Ал Абылай сұлтанның өзі 100 мыңдық әскерімен қалмақтардың Қытай шекарасына өтіп кетпеуін бақылауында ұстады. Сондай-ақ, құжатта Абылайдың екі алып империядан да қолдау күткендігі айтылады. Қалмақтардың шығысқа қарай бет алуы Ресей үшін де, Қытай империясы үшін де елеулі оқиғалардың бірі саналды. Қалмақтардың орыс отарынан қашып құтылу мақсатында шығысқа бет алу әрекетін орыс билігі міндетті түрде аяусыз жазалауға тұратын үлкен сатқындық деп есептеді. Еділ қалмақтары әуел бастан өздерін



Цинь билігі бодандығын қабылдауға ниеттіміз деген ұранды сылтау ретінде пайдаланды, алайда, олардың шынайы көздеген мүддесі басқа болатын.

Айта кету қажет, Еділ қалмақтарының көші мәселесі бойынша қазақтың Қожаберген сынды батырлары бірнеше рет саяси-дипломатиялық сапарға аттанған.

Бұдан шығатын қорытынды, қалмақтардың Цин империясына бағынамыз деген сылтауы арқылы іске асырғысы келген мақсаттарының орындалмағаны қазақтың Абылай хан, Қожаберген, Өмір, Атығай, Қалыбай, Телей, Өтеген қатарлы батырлары және басқа да хан-сұлтандары мен билері қызметінің үлесі екені белгілі.

**Қорытынды.** Қорытып айтар болсақ, Қожаберген батыр өзінің жанындағы ортақ мүддені ұстанған замандас-үзеңгілес қазақ батырларымен бірге алпауыт империямен әскери-дипломатиялық қатынастармен қатар, сауда байланыстарында да белсенді рөл атқарды. Қожаберген бастаған қазақ сұлтан-батырларының Цин империясына сапарлары, әрине, Абылай ханның тікелей тапсырмасы негізінде ұйымдастырылып отырғаны анық. Біздің пайымдауымызша, Қожаберген қатарлы қазақтың беделді хан-батырлары Қазақ хандығының территориясы туралы Цин патшалығының ұстанымына алдын ала болжам жасай алған, сондай-ақ шекара мәселесін басты назарда ұстанған. Қазақ хандығы мен Қытай патшалығы арасында байланыстар орнауына Жоңғар хандығы тосқауыл болды. Тек Цин империясының билігі орнаған соң, бұл патшалықтың Жоңғар хандығын жаулау мақсатындағы шабуылдарынан кейін ғана Қытай мемлекеті Қазақстан территориясына қарай жақындай бастады. 1757 жылы Жоңғар хандығы құлдыраған соң қазақ-қытай байланыстары шиеленісе түсті.

Қазақ-қытай қарым-қатынастары тұсында Қожаберген батыр оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірінде, яғни, қытайлармен шекаралас аймақта тұрақтады. Батыр қазақ даласының шығыс шекарасын нақтылап белгілеп, бұл аймақтың төл мұрагері қазақтар екенін мойындатуға бар күш-қайратын жұмсаған. Қожаберген өзі қатарлы Қабанбай, Дәулетбай сынды батырлар мен Әбілпейіз, Сұлтанмәмет сұлтандармен бірге сауда байланыстарын дамыту, қазақ халқын бейбіт өмірде күн кешкізіп, тұрмыс жағдайын оңалту жолында қызмет етті. Батыр Қожаберген Жәнібекұлы Қытаймен шекаралас аймақтарда өз әскерімен Қазақ жерінің шығыс бөлігінде жортуылда болды, екіжақты шиеленіскен дау-дамайларды шешуде нүктесін қойды. Қожаберген батырдың өзінің ұстанған әскери ұтымды тактикасы болды. Ол тактиканың мәні - батыр әскерімен бірге қытайларға шағын соққы бере отырып, соңынан жалған шегініп отыру тәсілін қолданды. Қожаберген қазақ халқының беделді адамдарының бірі ретінде жер тұтастығын сақтап қалу жолында қытаймен өзара достық қатынастардың жақтасы қатарында да танылған. Абылайдың тікелей тапсырмасымен әскери-елшілік амал-әрекеттерін ұйымдастырған Қожаберген батыр қатарлы қазақтың беделді тұлғаларының табанды ерлігі нәтижесінде Цин билеушілерінің құйтырқы саясаты орын алмады. Абылай бұйрығымен Қожаберген қатарлы батырлар Қазақ даласының шығыс шекарасын бекемдеп, Жоңғар шапқыншылығына дейінгі қазақ халқының байырғы атамекені тұтастығын қайта қалпына келтірді.

#### Деректер

ООМА — Омбы облыстық мемлекеттік архиві  
ОрОМА — Орынбор облыстық мемлекеттік архиві  
РССА — Ресей сыртқы саясаты архиві

#### Sources

HAOR — Historical Archive of the Omsk Region  
RSA — Archive of foreign policy of Russia  
SAOR — State Archive of the Orenburg Region



## Әдебиеттер тізімі

- Абылай хан, 2023 — *Абылай хан* және іргелес мемлекеттер мен халықтар. Ж. Ошан, З. Қабылдинов және т.б. Алматы: Радуга, 2023. 344 б.
- Аристов, 1897 — *Аристов Н.А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Отдельный оттиск из Живой старины. Вып. III и IV, 1896. СПб.: Тип. С.Н. Худекова, 1897. № 12. 84 с.
- Вельяминов-Зернов, 1853 — Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азией со времени кончины Абул-Хайр хана 1748-1765 г. // Оренбургские ведомости. Уфа: Губернская типография, 1853. № 13. С. 96-98.
- Далай, 2002 — *Далай Ч.* Ойрад Монголын Түүх. Тэргүүн боть. Улаанбаатар хот, 2002. 334 б.
- Еженханұлы, 2017 — *Еженханұлы Б.* Қожаберген батыр (1756-1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде). Алматы: Арыс, 2017. 496 б.
- Зұрғанбайұлы, 1996 — Зұрғанбайұлы Р. Шыбарайғыр Қожаберген батыр. Өлгей, 1996. 160 б.
- Крафт, 1898 — *Крафт И.И.* Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург: Типо-литография Н. Жаринова, 1898. 532 с.
- Кузнецов, 1980 — *Кузнецов А.С.* Амурсана. Новосибирск: Наука, 1980. 176 с.
- Қазақ хандығы мен Цинь патшалығының..., 2009 — *Қазақ хандығы мен Цинь патшалығының* саяси-дипломатиялық қатынастары туралы мұрағат құжаттары. Т. I. Құжаттарды ауд.: Б. Еженхан. Алматы: Дайк-Пресс, 2009. 255 б.
- Қазақстан тарихы, 2018 — *Қазақстан тарихы.* Энциклопедия. 2 том. 2018. 852 б.
- Қазақтың ханы Абылай, 2011 — *Қазақтың ханы Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі.* Т. I. Құраст.: З.С. Тайшыбай. Ғылыми басылым. Алматы: Ел-шежіре ҚҚ, 2011. 640 б.
- Потанин, 1881 — *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Выпуск II. Материалы этнографические. С. Петербург: Типография В. Киршбаума, 1881. 181 с.
- Ұлы дала батыры, 2019 — *Ұлы дала батыры - Қожаберген: Ғылыми-танымдық мақалалар мен өлең-жырлар топтамасы.* Нұр-Сұлтан: Жезбұйда, 2019. 282 б.
- Хафизова, 2002 — *Хафизова К.Ш.* XVIII–XIX ғасырлардағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы. Астана, 2022. 488 б.
- Хафизова, 2019 — *Хафизова К.Ш.* Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 480 с.
- Цинская империя и казахские ханства — *Цинская империя и казахские ханства.* Вторая половина XVIII — первая треть XIX вв. Составители Хафизова К.Ш., Моисеев В.А. / Второе издание (исправлено и дополнено). Нур-Султан, 2020. 344 с.
- Kalan, 2008 — *Kalan E.* Cungar Hanlığı'nın Siyasi Tarihi. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2008. 136 p.

## References

- Abylai han, 2023 — *Abylai han* zhane irgeles memleketter men halyktar [Abylai Khan and neighboring states and peoples]. Zh. Oshan, Z. Kabyldinov zhane baskalar. Almaty: Raduga, 2023. 344 p. (In Kaz.).
- Aristov, 1897 — *Aristov N.A.* Zаметki ob etnicheskom sostave tyurkskih plemen i narodnostei i svedeniya ob ih chislennosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information on their numbers]. Otdel'nyi ottisk iz Zhivoi stariny. Vyp. III i IV, 1896. S. Peterburg: Tip. S.N. Hudekova, 1897. No. 12. 84 p. (In Russ.).
- Cinskaya imperiya i Kazahskie hanstva, 2020 — *Cinskaya imperiya i kazahskie hanstva.* Vtoraya polovina XVIII – pervaya tret' XIX vv. [Qing Empire and Kazakh Khanates. Second half of the 18th – first third of the 19th centuries]. Sostaviteli Hafizova K.SH., Moiseev V.A. Nur-Sultan, 2020. 344 p. (In Russ.).
- Dalai, 2002 — *Dalai Ch.* Oirad Mongolyn Tүүх. Tergүүн bot' [Oirad Mongolian History]. Ulaanbaatar hot, 2002. 334 p. (In Mong.).
- Ezhenhanyly, 2017 — *Ezhenhanyly B.* Kozhabergen batyr (1756-1767 zhyldarda kalyptaskan manzhuky tai myragat kyzhattary negizinde) [Kozhabergen batyr (on the basis of Manju-Chinese archive documents formed in 1756-1767)]. Almaty: Arys, 2017. 496 p. (In Kaz.).
- Hafizova, 2002 — *Hafizova K.Sh.* XVIII–XIX fasyrlardagy dala bileushileri zhane olardyn diplomatiyasy [Field rulers and their diplomacy in the 18th-19th centuries]. Astana, 2022. 488 p. (In Kaz.).
- Hafizova, 2019 — *Hafizova K.Sh.* Stepnye vlastiteli i ih diplomatiya v XVIII-XIX vekah [Steppe rulers and their diplomacy in the 18th-19th centuries]. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 2019. 480 p. (In Russ.).
- Kalan, 2008 — *Kalan E.* Cungar Hanlığı'nın Siyasi Tarihi [Political History of the Jungar Khanate]. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2008. 136 p. (in Turk.).
- Kazak handygy men Cin' patshalygynyn, 2009 — *Kazak handygy men Cin' patshalygynyn* sayasi-diplomatiyalyk katynastary turaly myragat kyzhattary [Archive documents about the political and diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Qin Kingdom]. T.I. Kyzhattardy aud.: B. Ezhenhan. Almaty: Daik-Press, 2009. 255 p. (In Kaz.).



Kazakstan tarihy, 2018 — *Kazakstan tarihy*. Enciklopediya [History of Kazakhstan. Encyclopedia]. Vol. 2. 2018. 852 p. (In Kaz.).

Kazaktyn hany Abylai, 2011 — *Kazaktyn hany Abylai: Dauri, omiri men kyzmeti*. [Kazakh khan Abylai: era, life and activities]. Vol. 1. Gylymi basylym. Almaty: El-shezhire KK, 2011. 640 p. (In Kaz.).

Kraft, 1898 — *Kraft I.I. Sbornik uzakonenii o kirgizah stepnyh oblastei* [Collection of laws on the Kirghiz of the steppe regions]. Orenburg: Tipo-litografiya N. Zharinova, 1898. 532 p. (In Russ.).

Kuznezov, 1980 — *Kuznezov A.S. Amursana* [Amursana]. Novosibirsk: Nauka, 1980. 176 p. (In Russ.).

Potanin, 1881 — *Potanin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoi Mongolii* [Sketches of Northwestern Mongolia]. Vol. II. Materialy etnograficheskie. S. Peterburg: Tipografiya V. Kirshbauma, 1881. 181 p. (In Russ.).

Velyaminov-Zernov, 1853 — *Velyaminov-Zernov V.V. Istoricheskie izvestiya o kirgiz-kaisakah i snosheniyah Rossii s Srednei Aziei so vremeni konchiny Abul-Hair hana 1748-1765 g.* [Historical news about the Kyrgyz-Kaisaks and relations between Russia and Central Asia since the death of Abul-Khair Khan 1748-1765] // Orenburgskie vedomosti. Ufa: Gubernskaya tipografiya, 1853. No. 13. Pp. 96-98. (In Russ.).

Yly dala batyry, 2019 — *Yly dala batyry – Kozhabergen* [Great field hero - Kozhabergen]: Gylymi-tanyndyk makalalar men olen-zhyrlar toptamasy: T. Tynysbekyly. Nur-Syltan: Zhezbyida, 2019. 282 p. (In Kaz.).

Zyrganbaiuly, 1996 — *Zyrganbaiuly R. Shybaraigyr Kozhabergen batyr* [Shybaraygyr Kozhabergen batyr]. Olgei, 1996. 160 p. (In Kaz.).





## ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan  
Отан тарихы  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 432-449, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_432-449](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_432-449)

### **KHAN ABYLAI, NOYON AMURSANA AND KOZHABERGEN BATYR (1750-1757)**

*Zhanymkhan Oshan<sup>1</sup>, Sayyn Moldagalievich Borbasov<sup>2</sup>, Aknur Amangeldiyevna Oralova<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology  
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher  
<https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: [zhan918@mail.ru](mailto:zhan918@mail.ru)

<sup>2</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology  
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Political Sciences, Professor, Chief Researcher  
<https://orcid.org/0000-0002-3105-3696>. E-mail: [borbasov54@mail.ru](mailto:borbasov54@mail.ru)

<sup>3</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology  
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
PhD Student, Researcher  
<https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: [aknur.oralova@mail.ru](mailto:aknur.oralova@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024  
© Oshan Zh., Borbasov S.M., Oralova A.A., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article, using examples of the life and work of such historical figures as the Dzungar noyon Amursana, the Kazakh Khan Abylai and the Kozhabergen batyr Zhanibekuly, shows the historical picture of the struggle of the last two nomadic states in Central Asia against the colonial policies of the dominant powers. *Goal and tasks.* In the face of the catastrophe looming over them, the Kazakh and Dzungar khanates had to unite against the colonial leaps of the Qing Empire. However, disagreement between representatives of the elite prevented the creation of a close union. The desire for unification for the sake of preserving their sovereignty can be seen in the actions of the Dzungarian noyans Amursana and Davatsi, the Kazakh Khan Abylai and the Kozhabergen batyr Zhanibekuly. Thus, the purpose of this study is to study peaceful, allied relations between the rulers of the two states during the struggle against the Qing Empire. *Materials and methods.* The source base of the study consists of materials from the Foreign Policy Archive of the Russian Empire, the First Historical Archive of China, the Collection of Manchu Archives of Xinjiang during the Qin Dynasty (283 volumes in total), and the Chinese Border Research Center for History and Geography. *Results.* As a result of long wars between the Dzungars and the Kazakhs, vast territories of the Kazakh Khanate fell under the rule of the Dzungars. After the fall of the Dzungar Khanate, the Qing Empire began to lay claim to these lands.



Abylai Khan resolutely refused to recognize these lands as belonging to the Qing Empire, considering them originally Kazakh.

**Keywords:** Khanate, colonization, dominant powers, Kazakh chronicles, imperial politics, Steppe diplomacy, military art

**Acknowledgements:** The article was written within the framework of the project “Unexplored stages of state activity of the khans of Abylai, Uali and Bokey (based on rare archival and folklore sources (registration number AP19680406).

**For citation:** Oshan Zh., Borbasov S.M., Oralova A.A. Khan Abylai, noyon Amursana and Kozhabergen batyr (1750-1757) // Otan tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 2. Pp. 432-449. (In Russ.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_432-449

## АБЫЛАЙ ХАН, НОЯН ӘМІРСАНА ЖӘНЕ ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР (1750-1757 жж.)

Жанымхан Ошан<sup>1</sup>, Сайын Молдағалиұлы Борбасов<sup>2</sup>, Ақнұр Амангелдіқызы Оралова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: [zhan918@mail.ru](mailto:zhan918@mail.ru)

<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0000-0002-3105-3696>. E-mail: [borbasov54@mail.ru](mailto:borbasov54@mail.ru)

<sup>3</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD-докторант, ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: [aknur.oralova@mail.ru](mailto:aknur.oralova@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Ошан Ж., Борбасов С.М., Оралова А.А., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада жоңғар нояны Әмірсана, Қазақ ханы Абылай және Қожаберген батыр Жәнібекұлы сияқты тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметінен деректер келтіре отырып, Орталық Азиядағы соңғы екі көшпелі мемлекеттің үстем державалардың отаршылдық саясатына қарсы күресінің тарихи бейнесі баяндалады. *Мақсаты мен міндеттері.* Өздеріне төніп тұрған қауіп жағдайында Қазақ пен Жоңғар хандықтары Цин империясының отаршылдық серпілістеріне қарсы бірігуге мәжбүр болды. Алайда, элита өкілдері арасындағы келіспеушілік тығыз одақтың құрылуына кедергі келтірді. Жоңғар нояндары Әмірсана мен Давақи, қазақ ханы Абылай мен Қожаберген батыр Жәнібекұлы сынды тарихи тұлғалар ел мен жердің амандығын сақтап қалу жолында бірігуге ұмтылғанын олардың іс-әрекеті көрсетіп берді. Сонымен, бұл зерттеудің мақсаты – Цин империясына қарсы күрес кезіндегі екі мемлекет билеушілерінің арасындағы бейбіт, одақтастық қарым-қатынастарды зерттеу болып саналды. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің деректік негізін Ресей империясының сыртқы саясат архиві, Қытайдың бірінші тарихи архиві, Цинь патшалығы кезіндегі Шыңжаң манчжур архив құжаттарының жинағы (барлығы 283 том) және Қытай шекаралық зерттеу орталығының Тарих және география бойынша материалдар жинақтарын құрайды. *Нәтижелер.* Жоңғарлар мен қазақтар арасындағы ұзаққа



созылған соғыстардың нәтижесінде Қазақ хандығының кең-байтақ жерлері жоңғарлардың қол астына өтті. Жоңғар хандығы құлағаннан кейін Цин империясы бұл жерлерге талап қоя бастады. Абылай хан бұл жерлерді қазақ халқының байырғы ата-мекені деп есептеп, Цин империясына тиесілі деп танудан үзілді-кесілді бас тартты.

Белгілі ғалым С.Е. Әжіғали «Абат-Байтақ» қорымының құлпытастарының құрылысын қазақ сәулет өнерінің ең биік шыңы ретінде бағалайды. «Құлпытасы Абат-Байтақа поражают разнообразием типов, необычностью композиционных и декоративных решений, изяществом резьбы ... Плоскости стелы заполнены арабографичной эпиграфикой религиозного содержания, которая одновременно играет и декоративную роль» (Ажигалиев, 1994: 120). Мұндағы мың бұралған арабжазулы мәтіндер тастың көркін кіргізіп, сәнін келтіріп, ою орнына қолданылған өрнек сипатты болды.

Белгілі шығыстанушы, профессор Ә.Қ. Мүминов арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу және жарыққа шығару, жариялау өте маңызды әрі тарихымызды танудың кезек күттірмес өзекті мәселелерінің бірі екендігін ертеден бері айтып келеді. «Эпиграфикалық жазбаларды жарыққа шығару, әсіресе, құлпытас жазбаларын жариялау әрқашан да маңызды, бұл жұмыстардың бір мақсаты Қазақстанның әлеуметтік тарихы бойынша жергілікті дереккөздерінің түрін кеңейтіп, көбейту болса, оның мәліметтері ата-бабаларымыздың да әлеуметтік байланыстары мен мәдениеті туралы түсінігімізді байыта түседі. Эпиграфикалық дереккөздері арасында эпитафиялар өзіндік артықшылықтарымен ерекшеленеді, олар бұл өмірден қайтқан кісі туралы нақты мәліметтер жеткізеді, яғни, қайтыс болған (кей кезде туған) жылы, мекені, шежіресі, нисбасы (яғни, қасиетті мұрагерлік шежіресі), тұлғаның басқа да өмірбаяндық тарихы, тарихи оқиғаларға қатысы, т.б.» (Сейсем Ата, 2015: 6). Анығын айтқанда құлпытастағы мәтін сол дәуірдің қол жеткізбес дереккөзі ретінде анық ақпарат беруші болып табылады.

Сондай-ақ, белгілі ескерткіштанушы ғалым, профессор Рахым Бекназаров даламызда тұрғызылған ескерткіштер өткен күндердің «үнсіз» куәгерлері екендігін анық айтады: «...памятники мемориально-культурного зодчества на сегодня являются единственными «молчаливыми» свидетелями жизни кочевников и полукочевников в степях...» (Бекназаров, 2018: 244). Белгілі ғалымның «Расында да, ғылыми жоспардағы ескерткіштер көп уақыттан бері зерттелмей жатыр» деген сөзінің жаны бар. Себебі, соңғы жылдарға дейін тарихи мұраларымыз өз дәрежесінде зерттелмеді.

Сондықтан да «Абат-Байтақ» қорымының құлпытастарын зерттеу өте өзекті мәселе екендігіне толыққанды көз жеткізуге болады. Қобда топырағынан түлеп ұшқан, танымал тарихшы Нұржан Жетпісбай «Думаем уже давно настало время обобщения собранных за многие годы материалов из некрополя Абат Байтақ и составления полного списка погребенных там деятелей XVIII-XIX вв. Было бы неплохо если у каждой каменной стелы установить табличку с дословным переводом собственного текста, с именами, родом и отделением, датами. Можно также издавать специальные книги по каждому могильнику, с фотографиями и расшифровкой надписей, как это начали делать в соседних регионах» (Жетпісбай, 2016:112-113) деп, «Абат-Байтақ» қорымының құлпытастарын аударып, көпшілікке жария ету керектігін айтып, арнайы мақала жазып, мұндағы құлпытастарда жерленген адамдардың кім болғандығын анықтауға жол салып, құлпытас мәтініне назар аударған алғашқы зерттеушілердің бірі.



**Нәтижелері.** «Абат-Байтақ» қорымына келгендер алдыменен кесенеге кіріп, кейіннен ««Қыз әулие»» кесенесіне жол салады. Қорымдағы құлпытастарға назар аударсақ, әрбір рудың адамдары қатарлас, іргелес, көршілес қауым болып жатыр. «Қыз әулие»-нің ішіндегі құлпытас Шекті руы Назар тайпасынан, 1723 ж. туып, 1783 ж. қайтыс болған адамдікі. Мәселен, одан кейінгі 20-дан астам тас Кете руына тиесілі. Оның сыртында 8 тас Кетенің Ожырай тайпасына тиесілі. Мұнда Ожырай руы Кете руының бір бөлігі болса да, таста жекелеп Ожырай руы деп жазылған. Кете мен Ожырай руларының тастары 1788 – 1961 жылдар аралығында қойылған. Одан кейін 50 шақты тас Табын руының адамдарына қойылады да, арасында Кете, Ожырай руына тиесілі 5 тас тағы кездеседі. Әрі қарай тағы да Табын руының адамдарына арналған.

Қорымдағы тастарды шамамен есепке алсақ, ең көп тас (140 тас) Табын руына тиесілі. Одан кейін 24 тас – Кете, 11 тас – Ожырай, 19 тас – Шүрен, 9 тас – Қаракесек, 5 тас – Шекті, 2 тас – Кердері, 2 тас – Қожа, 2 тас – Уақ, 2 тас – Тама, 2 тас – Шөмекей, 1 тас – Алаша, 1 тас – Адай, 1 тас – Жарты руынікі. Қалған 9 тас оқылмайды немесе руы жазылмаған, таңба салынбаған. Ал арабжазулы тастардың арасындағы ең ескі тас 1783 жылғы тас (№ 002). Ал ең жаңасы 1961 жылы қойылған тас. Ең биік құлпытас 285 см (№ 172), Шүрен руының Жарты тайпасына тиесілі.

Бұған дейін «Абат-Байтақ» қорымындағы арабжазулы құлпытастарды оқып, аудару ісіне әрекет жасағандар баршылық. Бірақта, көбіне көп кісі аттарын оқуға талаптанған. Ал тастың жан-жағында жазылған құран аяттары, хадистер мен марсийаларды, элегиялық өлеңдерді оқуға әрекеттенбегендері көрініп тұр. Мұнда кімдер жерленгенін анықтау үшін құлпытастардағы адам аттарын оқуға ниет еткен екен.

Қорымда құлпытасты қашаушы шеберлердің аты кездеседі. Бұған дейін белгілі болғаны бір ғана шебер болатын. Ол жөнінде профессор Серік Әжіғали былай дейді: «Над созданием уникальных кулпытасов Абат-Байтака трудились выдающиеся мастера камнерезы, из которых по надписи нам известно имя только одного Мыктыбая тасшы» (Әжіғали, Тұрғанбаева, 2004: 23). Біздің арабшадан аударған мәтінге бұл тасшының аты сәйкес келмейді, мұнда Мыктыбай емес Меңдібай болып шықты. Тас өте көркем ою-өрнектермен қашалып жасалған № 13 тас және Кете руы Байқошқар тайпасы Қарадөң Айтқұл баласы Сарықұлға баласы Өтікеннің тапсырысымен Меңдібай тасшы жасаған тас. Меңдібай араб графикасында былай жазылған: «مەڭدیبای». Біз Меңдібай тасшыдан басқа тағы да 3 тас қашаушының аттарын анықтадық. Сөйтіп, барлығы 4 тас қашаушының аты белгілі болды. Олар:

1. Меңдібай тасшы, Кете руы Байқошқар тайпасы Қарадөң Айтқұл баласы Сарықұлға баласы Өтікеннің тапсырысымен жасаған № 13 тас;
2. Нұрали тасшы, Ожырай руы Құршы тайпасы Бақыр баласы Тілеулі байға баласы Шөмен мырза жасатқан № 017 тас;
3. Тасшы Мәмбет Нияз Дайып баласы, Кете руы Әлмәмбет тайпасы Құттығай бөлімі Құдайшүкір аймағы Қазанбай Өзхан ұлына мырза Мұсағали жаздырған № 091 тас;
4. Қуаныш, тастың астында төңкеріліп, «Қуаныш» деп жазылып тұр. Бұл тас қашаушының аты болуы мүмкін. Табын руы Жылқышы тайпасы Сармантақ аймағы Едіге ұлы Избасарға ағасы Шағылбай қойдырған № 118 тас.

«Абат-Байтақ» қорымында жерленген тарихи тұлғаларды анықтау көбіне қол жетпес қиын іс болды. Әйтсе де тарихын тануға талаптанған талай адам құлпытастар құпиясын ашу үшін араб жазуын оқи алатын мамандарды іздестіріп, әркілы әрекеттер жасады. Тарихшы, археолог, Қобда өңірінің түлегі Н. Жетпісбай «К вопросу об идентификации погребенных в комплексе Абат-Байтақ» атты мақаласында 10 шақты адамның (Куттыбас Толепулы, Жаналы Игибайұлы, Тортай және Тотай Аралбайұлы,



Атенбек Маралұлы, Асау батыр баласы Уазир, Мұңайтпас би Бөтенбекұлы, Жантас Мұңайтпасұлы, Булды Жантас әйелі, Айтжан Бекіш қажы ұлы, Бермухаммед Қабылұлы) құлпытасын анықтап, эпитафия мәтіндеріндегі деректерді архив мәліметтерімен салыстырып зерттеу жасаған. Бұл тастарды алдыменен филол. ғыл. кандидаты Серікбай Қосан оқып аударып берген. Одан кейін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Арай Омарова оқыған деп ескерту жасайды автор (Жетписбай, 2016: 110).

Мұндағы Куттыбас деп оқыған адам атын біз «Көтебас» немесе «Күтпес» деп оқысақ болады. Себебі егер Құттыбас болса, ол арабтың «қаф» – «ق» әрпімен берілу керек еді. Ал ескерткіште «кәф» – «ك» арқылы берілген: «كوتباس». Сондықтан да мұны көзді жұмып қойып «Құттыбас» деп оқу еш мүмкін емес. Оның үстіне Н. Жетписбай архивтік құжаттарда бұны «Кутебас жынды» деп атайды деген деректер келтіреді: «В канцелярских документах Оренбургской Пограничной Комиссии тех лет его имя упоминается во многих официальных переписках. Хан Младшего жуза Шергазы обеспокоенный действиями восставших в своих письмах в Пограничную Комиссию неоднократно называет его «Кутебас жынды», т.е. буйный, строптивый» (Жетписбай, 2016: 110). Бұдан бөлек, құлпытаста бұның есімін «Кутебас келе» деп те атайды әрі ол 34 жасында опат, қайтыс болған деген дерек айтады. Біздің қарастыруымыз бойынша қорымда «Көтебас» деген атпен 2 тас кездеседі. Біреуі біздің номерлеуіміз бойынша № 116 тас және № 117 тастар. № 116 тастың алдыңғы бетінде мынадай жазу бар:

## № 116

طابن روی	.1
یلقچی صار	.2
مناطق	.3
بولمی کو	.4
تباس تو	.5
لب او علی	.6
وفات ۸۸	.7
یاشنده	.8
یازدردی بالاسی	.9
چاغلای	.10
۵۱۸۵۷	.11


## Аудармасы:

Табын руы Жылқышы Сармантақ бөлімі Көтебас Төлеп ұлы опат 88 жасында. Жаздырды баласы Шағалбай, 1857-де.

Байқағанымыздай, Көтебас Төлепұлы 34 жасында емес, ұзақ ғұмыр жасап, 1857 жылы 88 жасында өмірден өткен. Бұдан бөлек, келесі таста да Көтебас деген ат кездеседі. Мұны «Кутебас келе» деп қате оқыған. Анығында, бұл № 117 тас Көтебас келіні Ақжанның құлпытасы болатын.

## № 117

طابن	.1
روی یلقچی طایفه سی	.2
صار مناطق بولمی	.3
کوتباس کیلتی	.4
آقجان وفات ۴۰ ده	.5
قلدردی بالاسی امرالی	.6
۱۸۵۶ سنده	.7




### Аудармасы:

Табын руы Жылқышы тайпасы Сармантақ бөлімі Көтебас келіні Ақжан опат 40-та. Қылдырды баласы Әмірәлі, 1856 жылында.

Бұл тастардан байқағанымыздай, араб жазуындағы қазақ сөздерін оқуда өте ұқыптылық қажет. Сонымен қатар, Н. Жетпісбайдың мақаласында Жаналы Игібайұлының құлпытасы осы қорымда бар деп жазылған екен: «Одна из каменных стел принадлежала скорее всего также одному из известных батыров, близкому товарищу и однородцу Куттыбас батыра – Жаналы Игибайұлы» (Жетписбай, 2016: 110). Бұл Жаналы Игібайұлының тас екеніне автор да күмәнмен қарайды. Тастағы батырдың аты анық көрінбейді, бірақта әкесінің аты анық екенін айтып өткен екен. Расында да мұндағы адам аты анық емес. Әйтсе де, мұнда Жаналы емес Жапалы деп жазылып тұрған сияқты.

№ 114

يلقچى روى	.1
صارمان داق	.2
طائفه سى ايك	.3
باى بالاسى	.4
يپالى ۸۵ دە	.5
وفات ۱۸۶۶ سنه	.6



### Аудармасы:

Жылқышы Сармантақ тайпасы Игібай баласы Жапалы (Жабалы, Жаналы болуы мүмкін) 85-те опат 1866 жылы

Құлпытастағы жазуда арабша «нун» – «ن» емес «п» – «پ» әрпі қолданылған, сонда алғашқы буыны «йан» – «ين» емес «йап» – «يپ», яғни, «Йапалы» сөзінің алғашқы буыны берілген, қазіргі қазақшада «й» әрпі, «ж»-ға айналады да, Жапалы болады. Біздің тәжірибелерден байқағанымыз бойынша кейбір сәттерде тас қашаушылар араб жазуындағы ноқаттарды шатастырып алып жатады. Бұл таста да сондай жағдай кездесуі мүмкін деп ойлаймыз. Сондықтан да Жаналы деп жазудың орынан Жапалы жазылып кетуі әбден мүмкін. Бұл тасты сондай болжамдармен Жаналы Игібайұлына тиесілі тас деп қорытынды жасауға болады.

Тарихшы Н. Жетпісбайдың қорымдағы тарихи тұлғаларды анықтауға арналған мақаласының маңызы өте зор, мұндағы 10 шақты адамның құлпытасын қарастыра отырып, тарихымыздың белгісіз беттерін толтырып, құлпытастарды дереккөз ретінде қолдана отырып, тарих пен шежіреге жаңа есімдерді әкелуге қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Осы бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасын табуы қажет.

Бұдан бөлек, қорымдағы құлпытастарды оқыту, анықтау арқылы өзінің ата-бабасы туралы деректерді жинастырып, өлкетанушылық зерттеулер жасаған



еңбектер де баршылық. Ақтөбе облысының түлегі, тех. ғыл. кандидаты, көп жылдар агрокешендік ғылыми ұйымдардың басшылығында қызмет атқарған, «Абат-Байтақ» қорымында жерленген белгілі би Мұңайтпас Бөтенбекұлының тікелей ұрпағы Сағынғали Аманқұловтың «Табынцы: История рода и судьбы» (Аманқұлов, 2011), «Мой хадж и вести из глубин веков» (Аманқұлов, 2017) кітаптарында Мұңайтпас бидің әулетіне қатысты құлпытастардың құпиясын ашуға әрекет жасаған. Мұнда да көптеген қателіктерге бой алдырған. Әйтсе де, арғы ата-баба тарихын танып білуге талаптанған қадірлі қарияның бұл еңбегі әуесқойлық болса да «инемен құдық қазғандай» атқарылған ауқымды жұмыс, әр тастағы әрбір әріп аталарының атын анықтау үшін қажет екендігін терең сезінгені байқалып тұр. Шынымен де тастағы кейбір қате кеткен оқудың нәтижесінде кейбір адам аттары өзгеріске ұшыраған.

Мұңайтпас Бөтенбекұлы қажылыққа үш рет барған діні берік, тілі жетік, ділі биік, елдің тізгінін ұстаған би болған, үлкен бір әулеттің жалғастырушысы әрі адамдық пен ізгілік нәрін сепкен текті әулеттің көшбасшысы болған рубасы. Елдің ісіне араласқан халықтың қорғаны әрі қамқоры бола білген. Мұңайтпас бидің төрт әйелі болған. Үлкен бәйбішесі Нұрсұлудан 3 ұл, екінші әйелі Таңдайдан, лақабы Балық – 3 ұл, үшінші әйелі Құйғыннан – 1, төртінші әйелі Құндыздан 2 ұл, барлығы 8 ұлы болған. Әрбір ұлы ел ісіне араласқан ауқатты, дәулетті, діні берік тұлғалар болған екен. Мұның ішінде 2 ұлы Бекіш қажы мен Жантас қажы Мекке, Мәдинаға барған қажылар.

Осындай жақсылардың жалғасы болған Сағынғали қажы Аманқұлов өз кітабында «Абат-Байтақ» қорымында жерленген аталастарын іздестіріп, мұнан Мұңайтпас бидің әке-шешесі мен ұрпақтарын қосқанда ең жақын деген тікелей 25 адамның құлпытасын тауып, оларды салыстырып, өз болжамдарын жасайды. Мұнда көптеген тастардағы адам аттары мен жылдары қате оқылған.

С. Аманқұловтың кітабында Мұңайтпас бидің алған әйелдерінің аты мен жылында дәрекі қателіктер жіберілген. «Двухметровый восьмигранный величественный кулпытас-стела. Начиная с северо-западной стороны с продолжением на западной и юго-западной сторонах кулпытаса нанесена надпись, о том, что усопшая из рода Табын, тайфы – Жылкышы, отделения Кедейкул халал (законная жена) Мунайтпаса Тандайлык (несравненная) Би Балкия (может Биби Балкия?) опат (умерла) в возрасте 68 лет в 1867 году. Надпись на кулпытасе сделал Вайс. Слово «Вайс» по-видимому, окончания слово «Мунайтпас» (Аманқұлов, 2017: 36). Бұл жерде Мұңайтпастың әйелі «Таңдай, лақабы Балық» дегенді «Таңдайлық Би Балық» деп қате оқыған. Одан бөлек, тасты жаздырған «Вайс» деп мүлдем басқа болжам жасайды. Таста анық түрде «жаздырды байы» деп қашалған.

Мұңайтпас бидің бірінші әйелі Нұрсұлу бәйбішенің жасын да қате оқыған. «... Мунайтпас халалы (законная жена) Нурсулу байбише (первая жена) умерла ...» и текст заканчивается на юго-западной стороне надписью: «в возрасте 18 лет в 1863 году, написал сын Бекиш» (Аманқұлов, 2017: 35). Бұл таста анығы «Мұңайтпас халалы Нұрсұлу бәйбіше опат 71 жасында 1863 жылы, жаздырды ұлы Бекіш» деп жазылған. Араб цифрасындағы «١٨» деген санды ауыстырып оқыса «18» болады, бұл бірақта өрескел қате жіберген екен. Қорымда Мұңайтпас бидің төрт әйелінің де құлпытасы сақталған. Мұның ішінде Нұрсұлу бәйбіше, Құйғын бәйбіше, Таңдай лақабы Балық бәйбіше деп үшеуіне де «бәйбіше» атауы берілген. Әйелі Құндызды ғана бәйбіше деп атамаған. Бірақта өмірден өткен жылынан өмірден өткен жасын алып тастасақ, ол адамның өмірге келген жылы шығады. Сол ретпен қарағанда, Нұрсұлу бәйбіше 1792 жылы, Таңдай лақабы Балық бәйбіше 1799 жылы, әйелі Құндыз 1820 жылы, ал Құйғын бәйбіше ең кішісі 1825 жылы туған болып шығады. Әйелдерінің реті де жасына қарай осы ретпен шығуы мүмкін деп ойлаймыз. «Табын» шежіресінде Мұңайтпас би әйелдерінің реті Нұрсұлу, Таңдай лақабы Балық, Құйғын, содан соң



Құндыз болып берілген (Қалыш, Жетпісбай, 2016: 286). Табын руының бұл шежіресі біздің жұмысқа көп көмегін тигізді. Сол үшін авторларға зор алғыс білдіреміз!

Тамырлы тарихымыз бен әрбір әулеттің ата-бабасының шежіресін табуға себеп болатын теңдессіз дереккөз – арабжазулы құлпытастардың құпиясын ашу аса ауыр жұмыстардың бірі. Мұндағы бір ноқат пен бір әріп, бір санның қателігінен көптеген келіспеушіліктер туындайды. Сондықтан да құлпытастардың барлығы бүтіндей анық оқылды деп айта алмаймыз. Себебі, көп жылдар сайын далада тұрған тастар табиғат құбылыстарына ұшырап, тозып, кетіліп, мал-құстың бейберекет ластауы, сүйкенуі, қасынып, үйкеленуі сияқты әрекеттерден, адамдардың құрметсіз қарауы себептерінен қирап, бүлініп, бұзылғандықтан кейбір тұстарын оқу өте қиындықтар тудырды. Әйтсе де, құлпытастар құпиясын толыққанды ашуға тырыстық.

**Қорытынды.** «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерін зерттеу мақсатында 243 нысан қарастырылды. Соның ішінде 242 құлпытас, 2 кесене («Абат-Байтақ», «Қыз әулие»).

Қорымдағы әрбір құлпытастың төрт қырының да суреттері алынды. Алдымен алдыңғы беті, сосын оң жақ қыры, сол жақ қыры және артқы жағының фотолары түсіріліп тіркелді, одан соң араб жазулы мәтіні сыни мәтін ретінде араб графикасында терілді. Оның астында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармасы жасалды.

Ескертіп айтатын мәселе, арабжазулы мәтінді қазақ тіліне аударған кезде құлпытастағы сөйлем тәртібі бұзылмай, түпнұсқадағы тәртіп сақталды. Мәселен, «Табын руы, Жылқышы тайпасы Кедейғұл бөлімі Бекіш қажы ұлы Айтжан опат 38 жасында. Жаздырды әкесі Бекіш қажы 1893-інші жылда. Рухына фатиха. Әмин!» деген сөйлемді қазіргі қазақ тілінің сөйлем құрылысына ауыстырған жоқпыз. Мәселен, қазіргі қазақ тілінің сөз қолданысындағы «опат болды» деген тіркесті қолданбадық, құлпытастағы тәртіп бойынша «опат» деген сөзді қолданып, түпнұсқа тәртібін сақтадық.

Арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің мәтінінен бөлек, Адам аттарының көрсеткіштері, Ру, тайпа, аймақ, бөлім атауларының көрсеткіштері, марсийа, элегиялық өлеңдер көрсеткіштерін түзіп шықтық.

Қазақстанның батыс өңіріндегі «Абат-Байтақ» қорымындағы құлпытастардағы мәліметтер мен көркем ескерткіштер қазақ ғылымының сан саласы зерттеуге лайықты теңдессіз материал болып табылады. Еліміздің мәдениеттану, дін ілімі, тіл білімі, тарих, эпиграфика, семиотика, геральдика, архитектура, этнография, картография, ою-өрнек, ономастика, антропология, және т.б. көптеген ғылым салалары бойынша зерттеушілерін күтіп тұрған киелі орын. Біз арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің мәтінін аударып, мұндағы әрбір ру таңбаларын анықтап, діни, элегиялық мазмұндағы марсийалар мен ақыл-нақыл сөздерді айқындап, ғылыми айналымға жаңа материалдарды қостық. Бұл қазақ ғылымы мен Алтын Орда кезеңінен кейінгі қоғамның тарихы мен мәдениеті қосылған зор табыс деп білеміз. Қазақ топырағында сақталған қасиетті қорым-қоралар мен ежелгі ескерткіштер еліміздің тамырлы тарихының куәгері және танымал тұлғалардың есімі жазылған құнды құжаттар. Желдің өтінде, күннің астында күннен күнге тозып, өз зерттеушілерін күтіп тұрған құпиялы құлпытастардың сырын ағытып, түйінін шешіп, көпшілікке танытып, ғылыми айналымға енгізу – келешекте зерттелетін зерделі жұмыстар әлі де өз жалғасын табуы тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі

Аджигалиев, 1983 — *Аджигалиев С.* Абат-Байтақ – выдающийся комплекс памятников народного зодчества // Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1983. № 2. С. 56-63.

Ажигалиев, 1994 — *Ажигалиев С.И.* Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). Алматы: Ғылым, 1994. 260 с.



- Аманкулов, 2011 — *Аманкулов С.* Табынцы: История рода и судьбы. Алматы, 2011. 88 с.
- Аманкулов, 2017 — *Аманкулов С.* Мой хадж и вести из глубин веков - Алматы: 2017. 120 с.
- Әжіғали, Тұрғанбаева, 2004 — Әжіғали С.Е., Тұрғанбаева Л.Р. Абат-Байтақ – Қазақ даласының інжу-маржаны / Абат-Байтақ – жемчужина Казахской степи. На 3-х яз. Алматы: Taimas Print house, 2004. 32 с.
- Бекназаров, 2018 — *Бекназаров Р.А.* Памятники общего культурного наследия в российско-казахстанском приграничье: на примере исследования средневековых мавзолеев. «Евразийский перекресток». Сборник материалов научно-практических мероприятий. Выпуск восьмой. Оренбург: Издательско-полиграфический комплекс ОГУ, 2018. 244 с.
- Жетписбай, 2016 — *Жетписбай Н.Ы.* К вопросу об идентификации погребенных в комплексе Абат-Байтақ // *Edu-history.kz*, 2016. № 2(6). 112 с.
- Кастанье, 1910 — *Кастанье И.А.* Древности киргизской степи и Оренбургского края // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XXII. Оренбург: Типо-лит. Т-ва Каримова, Хусаинова и К-о, 1910. 332 с.
- Қалыш, Жетписбай, 2016 — *Қалыш А.Б., Жетписбай Н.Ы., Әнеш С.М.* Табын. Шежіре: 3 томдық; I том: Тартулы (Ағым), Тарақты (Торым): Ақдәулет, Амандәулет, Асандәулет. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 369 б.
- Маргулан, 1983 — *Маргулан А.Х.* О значении эпитафических памятников Казахстана // Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1983. № 2. С. 1-6.
- Масон, Пугаченкова, 1950 — *Масон М.Е., Пугаченкова Г.А.* Гумбез Манаса. Москва, 1950, 88 с.
- Мендикулов, 1950 — *Мендикулов М.* Некоторые данные об исторической архитектуре Казахстана, – Изв. АН КазССР, сер. архитект., 1950. Вып. 2. С. 9-11, 18; Его же. Памятники архитектуры Казахстана с коническими или пирамидальными куполами // В сб. «Архитектура республик Средней Азии». Москва, 1951. 234 с.
- Оренбургская, 1911 — *Оренбургская* ученой архивной комиссия. Вып. 26: Надгробные сооружения Киргизских степей / И. А. Кастанье. – 1911.
- Сейсем Ата, 2015 — *Сейсем Ата* қорымының араб жазуындағы эпитафикасы - Арабграфиялық эпитафика некрополя Сейсем Ата – Arabographic Inscriptions of the Sisem Ata Necropolis // Кіріспе, құрастыру, араб, парсы, түркі тілдерінен аударма, көрсеткіштер А.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова, Н.А. Құлбаев. Ғылыми консультант М.С. Нұрқабаев. Ағылшын тіліне аударма Нил Робинсондікі / Жауапты редакторы Б.М. Бабаджанов. Астана, 2015 – 160 б.
- Смагулов, 2006 — *Смагулов Е.А.* Мавзолей Абат-Байтақ: некоторые итоги археологического исследования // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. Серия общественных наук, 2006. № 1. С. 126-135.
- Топография, 1762 — *Топография* оренбургская, т.е.: обстоятельное описание Оренбургской губернии сочиненное коллежским советником Императорской Академии наук корреспондентом Петром Рычковым. Часть I. Спб., 1762. 515 с.

#### References

- Adzhigaliev, 1983 — Adzhigaliev S. Abat-Baytak – vydayushchiisya kompleks pamyatnikov narodnogo zodchestva [Abat-Baytak – an Outstanding Complex of Monuments of Folk Architecture] // *Izvestiia AN KazSSR. Seriiia filologicheskaiia*, 1983. No. 2. Pp. 56–63 (In Russ.).
- Amankulov, 2011 — Amankulov S. Tabyntsy: Istoriia roda i sudby [Tabyntsy: the History of the Family and Destiny]. Almaty, 2011. 88 p. (In Russ.).
- Amankulov, 2017 — Amankulov S. Moi khadzh i vesti iz glubin vekov [My Hajj and News from the Depths of Centuries]. Almaty, 2017. 120 p. (In Russ.).
- Azhigaliev, 1994 — Azhigaliev S. I. Genesis tradicionnoi pogrebalno-kultovoi arkhitektury Zapadnogo Kazakhstana (na osnove issledovaniya malykh form) [The Genesis of the Traditional Funeral and Cult Architecture of Western Kazakhstan (based on the study of small forms)]. Almaty: Gylym, 1994. 260 p. (In Russ.).
- Azhigali, Turganbaeva, 2004 — Azhigali S.E., Turganbaeva L.R. Abat-Baytaq – Qazaq dalasynyn inzhu-marzhany / Abat-Baytak – zhemchuzhina kazakhskoi stepi. Na 3-kh iaz. [Abat-Baytak is the Pearl of the Kazakh Steppe. In three languages]. Almaty: Taimas Print house, 2004. 32 p. (In Kaz., Russ, Eng.).
- Beknazarov, 2018 — Beknazarov R. A. Pamiatniki obshego kulturnogo naslediiia v rossiisko-kazakhstanskom prigraniche: na primere issledovaniia srednevekovykh mavzoleev. «Evraziiskii perekrestok». Sbornik materialov nauchno-prakticheskikh meropriiatii. Vypusk vosmoi [Monuments of Common Cultural Heritage in the Russian-Kazakh Border Area: an example of a study of medieval mausoleums. The Eurasian Crossroads. Collection of materials of scientific and practical events. Issue eight.]. Orenburg: Izdatelsko-poligraficheskii kompleks OGU, 2018. 383 p.: color illustrations. 244 p. (In Russ.).





Kastan'e, 1910 — Kastan'e I.A. Drevnosti kirgizskoi stepi i Orenburgskogo kraia // Trudy Orenburgskoi uchenoi arkhivnoi komissii. Vyp. XXII. [Antiquities of the Kyrgyz Steppe and Orenburg Region // Proceedings of the Orenburg Scientific Archival Commission. Issue XXII]. Orenburg: Tipo-lit. T-va Karimova, Khusainova i K-o, 1910. 332 p. (In Russ.).

Margulan, 1983 — Margulan A. Kh. O znachenii epigraficheskikh pamyatnikov Kazakhstana [On the Importance of Epigraphic Monuments of Kazakhstan] // Izvestiia AN KazSSR. Seriiia filologicheskaiia. 1983. No. 2. Pp. 1–6 (In Russ.).

Mason, Pugachenkova, 1950 — Mason M.E., Pugachenkova G.A. Gumbez Manasa [Gumbez Manas]. Moskva, 1950. 88 p. (In Russ.).

Mendikulov, 1950 — Mendikulov M. Nekotorye dannye ob istoricheskoi arkhitekture Kazakhstana [Some information about the historical architecture of Kazakhstan], – Izv. AN KazSSR. Seriiia arkhitektura, 1950. Vyp. 2, p. 9-11, 18 (In Russ.); Ego zhe. Pamyatniki arkhitektury Kazakhstana s konicheskimi ili piramidalnymi kupolami [Architectural monuments of Kazakhstan with Conical or Pyramidal Domes] // V sbornike «Arkhitektura respublik Srednei Azii». Moskva, 1951. 234 p. (In Russ.).

Orenburgskaia, 1911 — Orenburgskaia uchenaiia arkhivnaia komissiiia. Vyp. 26: Nadgrobnnye sooruzheniia Kirgizskikh stepei [Tombstones of the Kyrgyz steppes] / I. A. Kastane. – 1911 (In Russ.).

Qalysh, Zhetpisbay, 2016 — Qalysh A.B., Zhetpisbay N.Y., Anesh S.M. Tabyn. Shezhire: 3 tomdyq; I tom: Tartuly (Agym), Taraqty (Torym): Aqdaulet, Amандаulet, Asандаulet [Tabyn. Chronicle: 3 volumes; volume I: Tartuly (Agym), Taraqty (Torym): Aqdaulet, Amандаulet, Asандаulet]. Almaty: Kazakh university, 2016. 369 p. (In Kaz.).

Seisem Ata, 2015 — Seisem Ata qorymynyng arab zhazyndaghy epigrafikasy [Epigraphy of the Seisem Ata burial ground in Arabic script] / Kirispe, qurastyru, arab, parsy, turki tilderinen audarma, korsetkishter A.Q. Muminov, A.Sh. Nurmanova, N.A. Qulbaev. Academic cons. M.S. Nurqabaev, Eng. Ed. N. Robinson. Astana, 2015. 160 p. (In Kaz., Eng. Russ.).

Smagulov, 2006 — Smagulov E.A. Mavzolei Abat-Baytak: nekotorye itogi arheologicheskogo issledovaniya [The Mausoleum of Abat-Baytaq: Some Results of Archaeological Research] // Izvestiya Nacional'noi Akademii nauk Respubliki Kazahstan. Seriya obshchestvennyh nauk. 2006. No. 1. Pp. 126-135 (In Russ.).

Topografiya, 1762 — Topografiya orenburgskaya, t.e.: obstoyatel'noe opisanie Orenburgskoi gubernii sochinennoe kollezhskim sovetnikom Imperatorskoi Akademii nauk korrespondentom Petrom Rychkovym. [Orenburg topography, that is: a detailed description of the Orenburg province composed by the collegiate adviser of the Imperial Academy of Sciences, correspondent Peter Rychkov]. Part I. SPb, 1762. 515 p. (In Russ.).

Zhetpisbay, 2016 — Zhetpisbay N.Y. K voprosu ob identifikatsii pogrebennykh v komplekse Abat-Baytak [On the Issue of Identification of Those Buried in the Abat-Baytaq complex] // Edu-history.kz, 2016. No. 2(6). Pp. 109-112 (In Russ.).



АРХЕОЛОГИЯ / ЭТНОГРАФИЯ / ЭПИГРАФИКА

Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 2, pp. 529-545, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.81.33  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_2\\_529-545](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_529-545)

THE OIKONYMIC SYSTEM OF AKMOLA REGION: FORMATION AND CURRENT STATE

*Bekzatkyzy Irina*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Margulan Institute of Archaeology  
(44, Dostyk Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Master of Natural Sciences, Researcher  
<https://orcid.org/0000-0001-9293-6479>. E-mail: [irinabekzatqyzy@gmail.com](mailto:irinabekzatqyzy@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024  
© Bekzatkyzy I., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article is devoted to the history of naming and renaming of settlements in the Akmola region. The article presents new research results on the onomastic space of the Akmola region. Statistical data on the number of oikonyms of the region are also provided, the current state is analyzed. *Goals and objectives.* The purpose of the study is to study national toponymy from the perspective of restoring the original names of settlements, with the identification of the causes of their transformation. *Materials and methods.* The information provided is based on archival materials. The author makes extensive use of cartographic materials as the main source of information. Old topographic maps were also processed and mapped using geoinformation systems technology. *Results.* Special attention is paid to the processes of formation of names of foreign origin in the region, which led to the presence of an array of Russian-language names in active circulation in the territory, and the oblivion of the Kazakh-language toponymy layer in the Akmola region. The author examines the historical and political aspects of the transformation of the toponymy of the territory, the names of settlements that arose as a result of the resettlement policy in the pre-revolutionary and Soviet periods, as well as the restoration of distorted geographical names. *Conclusion.* The author concludes that a large number of Slavic toponyms in the region were associated with the policy of the Russian Empire, as well as with the resettlement of the Soviet period during the development of virgin and fallow lands.

**Keywords:** Northern Kazakhstan, Akmola region, geographical names, historical toponyms, oikonym, history, cultural heritage

**Acknowledgements:** The article was prepared within the framework of program-targeted financing of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Northern Kazakhstan in the context of cultural and historical processes: from the Stone Age to ethnographic modernity» (No. BR 18574223).

**For citation:** Bekzatkyzy I. The oikonymic system of Akmola region: formation and current state // Otan tarikhy. 2024. Vol. 27.No. 2. Pp. 529-545. (In Russ.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_529-545



## АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ОЙКОНИМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Ирина Бекзатқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты  
(44-үй, Достық даңғ., 050010, Алматы қ., Қазақстан Республикасы)  
Жаратылыстану ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0000-0001-9293-6479>. E-mail: [irinabekzatqyzy@gmail.com](mailto:irinabekzatqyzy@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024  
© Бекзатқызы И., 2024

**Андатпа.** *Kipicne.* Мақала Ақмола облысы елді мекендерінің атаулары мен атауларды қайта атау тарихына арналған. Мақалада Ақмола облысының ономастикалық кеңістігі бойынша жаңа зерттеу нәтижелері ұсынылған. Сонымен қатар облыс ойконимдерінің саны бойынша статистикалық деректер келтірілген, қазіргі жай-күйі талданған. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – ұлттық топонимияны елді мекендердің байырғы атауларын олардың өзгеру себептерін анықтай отырып, қалпына келтіру тұрғысынан зерттеу. *Материалдар мен әдістер.* Ұсынылған мәліметтер архив материалдарына негізделген. Негізгі ақпарат көзі ретінде автор картографиялық материалдарды кеңінен қолданады. Сондай-ақ ГАЖ-технологиясын қолдану арқылы ескі топографиялық карталар өңделіп, картаға түсірілген. *Нәтижелер.* Аумақта орыс тілді атаулардың көп болуына және қазақ тілді топонимика қабатының ұмытылуына алып келген облыстағы өзге тілдегі атаулардың пайда болу үдерістеріне ерекше назар аударылады. Автор аумақ топонимиясының өзгеріске ұшырауының тарихи-саяси аспектілерін, революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі қоныс аудару саясатының нәтижесінде пайда болған елді мекендердің атауларын, сондай-ақ бұрмаланған географиялық атауларды қалпына келтіру мәселелерін қарастырады. *Қорытынды.* Автор аймақта славян топонимдерінің көптеп кездесуі Ресей империясының саясатымен, сондай-ақ кеңес үкіметі кезіндегі тың және тыңайған жерлерді игеру тұсындағы қоныс аудару үдерісімен байланысты болды деген тұжырымға келеді.

**Түйін сөздер:** Солтүстік Қазақстан, Ақмола облысы, географиялық атаулар, тарихи топонимдер, ойконим, тарих, мәдени мұра

**Алғыс:** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Мәдени-тарихи үрдістер контекстіндегі Солтүстік Қазақстан: тас дәуірінен қазіргі этнографиялық кезеңге дейін» (№ BR 18574223) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында дайындалды.

**Дәйексөз үшін:** Бекзатқызы И. Ақмола облысының ойконимикалық жүйесі: қалыптасуы және қазіргі жағдайы // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 529-545 бб. (Орысш.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_529-545

## ОЙКОНИМИЧЕСКАЯ СИСТЕМА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ФОРМИРОВАНИЕ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ

Ирина Бекзатқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт археологии им. А.Х. Маргулана  
(д. 44, просп. Достық 050010 Алматы, Республика Казахстан).  
Магистр естественных наук, научный сотрудник  
<https://orcid.org/0000-0001-9293-6479>. E-mail: [irinabekzatqyzy@gmail.com](mailto:irinabekzatqyzy@gmail.com)



© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Бекзаткызы И., 2024

**Аннотация.** *Введение.* Исследование посвящено истории наименований и переименований населенных пунктов Акмолинской области. В данной работе представлены новые результаты исследований по ономастическому пространству Акмолинской области. Также приведены статистические данные о численности ойконимов области, проанализировано современное состояние. *Цель и задачи.* Целью исследования является изучение национальной топонимии с позиции восстановления исконных названий населённых пунктов, с выявлением причин их трансформации. *Материалы и методы.* Представленные сведения основаны на архивных материалах ИАОО и ЦГА РК. В качестве основного источника информации автор широко использует картографические материалы. Также были обработаны и картографированы топографические карты XIX века хранящиеся в историческом архиве Омской области с применением технологии геоинформационных систем. *Результаты.* Особое внимание уделяется процессам образования инородных по происхождению названий в области, которые привели к наличию массива славянских названий, находящихся в активном обороте на территории, и забвению пласта казахоязычной топонимики в Акмолинской области. Автор рассматривает историко-политические аспекты трансформации топонимии территории, названия населенных пунктов, возникших в результате переселенческой политики в дореволюционный и советский периоды. *Заключение.* В результате анализа источников, было выявлено, что большое количество славянских топонимов на территории региона были связаны с политикой Российской империи, а также с переселениями в советский период при освоении целинных и залежных земель.

**Ключевые слова:** Северный Казахстан, Акмолинская область, географические названия, исторические топонимы, ойконим, история, культурное наследие

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК «Северный Казахстан в контексте культурно-исторических процессов: от эпохи камня до этнографической современности» (№ BR 18574223).

**Для цитирования:** Бекзаткызы И. Ойконимическая система Акмолинской области: формирование и современное состояние // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 529-545.

(На Русс.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_2\_529-545

**Введение.** В настоящее время не вызывает сомнения необходимость изучения топонимов северных областей и их систематизация. В этом плане интересный материал для исследования представляет ойконимия, т. е. названия населенных пунктов. Актуальным вопросом сегодняшнего дня является проведение ономастических исследований с целью упорядочения наименований административно-территориальных единиц и возрождения национальной топонимики как важного свидетельства истории и духовной культуры народа.

Актуальность научного исследования по изучению географических названий обусловлена значением стратегии переименований в реализации языковой политики, в том числе развития государственного языка. Данное исследование направлено на изучение ойконимов (от греч. oikos – «дом, жилище») Акмолинской области, с позиций восстановления исконных названий населённых пунктов. В процессе развития человеческого общества, в основном, под влиянием внешних факторов, топонимическая система Акмолинской области, так же, как и другие регионы Казахстана, подверглась трансформации. Карта Акмолинской области была подвергнута значительным искажениям. Многие топонимы, имеющие исторические корни, были потеряны безвозвратно, что принесло урон национальной топонимии в целом. Если эти топонимы не восстановить и не принять срочные меры по их сбору и



установлению названий, то они со временем могут исчезнуть. Поэтому очень важным является сохранение топонимов для будущих поколений, а потерянным топонимам – восстановить первоначальную форму.

Со времени обретения суверенитета Казахстан ведет независимую топонимическую политику. Переименование географических названий, с целью возвращения исторических имен, сопряжены с определенными трудностями политического, психологического и экономического характера. В настоящее время осуществляется огромная работа по восстановлению исконно исторических названий административно-территориальных единиц, городов, сел и других географических объектов, отражающих природу, историю, культуру страны. Это процесс восстановления исторической справедливости.

**Материалы и методы.** Методологическая основа исследования базируется на принципах историзма, источниковедческого анализа и объективного подхода к изучаемым процессам. Принцип историзма, основанный на анализе широкого круга архивных источников, позволяет раскрыть сущность исследуемых явлений, дает возможность каждое явление изучить в развитии. Для воссоздания полной достоверности изучаемых событий использовался источниковедческий метод. Вместе с тем в исследовании были использованы статистический и картографический методы. Для достоверности анализа и сделанных выводов в работе были привлечены географические, исторические, лингвистические и этнографические данные исследуемого региона.

В качестве источниковой базы выступили исторические документы, выявленные в Центральном государственном архиве Республики Казахстан (далее – ЦГА РК) и картографические материалы исторического архива Омской области (далее – ИАОО). Использование архивных документов делает анализ более достоверным, придает ему подлинную научность. При изучении топонимов, привлечение того топонимического материала, который содержится в исторических документах и картах, представляется важным звеном в реконструкции целостной топонимической картины.

**Обсуждение.** Одной из неотъемлемых особенностей ойконимии является происхождение ойконимов (Bradley, 1910:28). Научная этимология или истинное происхождение ойконима могут быть установлены лишь при наличии подлинных документальных записей, позволяющих проследить путь развития названия поселения (Stokes, 1949:7). С процессом развития общества меняется язык народа и, следовательно, топоним может изменить свою форму (Аюбов, 2014: 166). Moldovanu отмечает, что замена старых ойконимов другими названиями, которые не учитывают мотивационную связь между языковым знаком и его референтом (обозначенным населенным пунктом), показывает, что современная официальная топонимия в значительной степени является «явно искусственным созданием» (Moldovanu, Dragos, 1991). Как замечает, Nicolae Felecan среди других недостатков можно упомянуть исчезновение многих названий, напоминающих об исторических событиях или традиционных занятиях. Естественно, это также свидетельствует об устранении из истории материальных следов, касающихся развития того или иного народа и трудностей, с которыми он сталкивался на протяжении веков (Felecan, 2019: 162).

Акмолинский край привлекал к себе внимание исследователей с давних времен. Первые данные о регионе были опубликованы в трудах русских географов и путешественников. Интерес к малоизвестному краю проявляли также писатели, этнографы, языковеды, ботаники, зоологи, археологи и историки. Они описывали природу, памятники древней материальной культуры, обычай местного населения.



Среди них особо выделялся В.Н. Татищев. Он собрал богатые сведения по истории, географии, этнографии, археологии и языковедению Сибири. Кроме того, ученый в своей работе использовал местные предания и личный опрос жителей. Незаконченная его книга «Общее географическое описание Сибири» является ценным источником в изучении региона. Первая часть книги, состоящая из двух частей, посвящена общей характеристике Сибири, вторая – описанию районов Сибири. Также он много внимания уделял раскрытию различных терминов. Глава данной книги «О имени Сибири» посвящена происхождению названия «Сибирь».

Данный научный труд Татищева, несмотря на свою незавершенность, стал первой попыткой географического сочинения, которое содержало обобщающие сведения о природе, экономике и культуре Сибири. Эта книга представляет для нас большой интерес, поскольку значительное место в ней отводится Казахстану. В.Н. Татищев дал первые систематизированные сведения не только о Казахстане вообще, но и о рассматриваемой нами области в частности (ГАГА, Ф. 362. О. 1. Д. 24. Л. 38- 42).

Одним из исследователей Акмолинского края был П.И. Рычков. В книге «Топография Оренбургской губернии», изданной в 1762 году, он описал реку Ишим, Ерейментауские и Кокчетавские горы и городище Ботагай (Рычков, 1762: 169-170, 185).

В 1771 году отряд капитана Дьякова совершил путешествие по левому берегу Ишима. Нужно отметить, что до 1804 года в печати редко появлялись материалы о Северном и Центральном Казахстане. Обычно собранные экспедициями сведения хранились в архивах или канцеляриях генерал-губернаторов. Только с 1804 года, когда географ А.М. Щекатов стал издавать в Москве «Географический словарь Российского государства», был опубликован целый ряд статей и очерков, в которых систематизировались данные о крепостях, укрепленных линиях, природе, географических и геологических особенностях приишимских степей. На берегах Ишима, Нуры, Сарысу, Кургальджина и других рек и озёр находилось много памятников древности – погребений, городищ, оросительных систем. Здесь таились огромные природные богатства, был своеобразный животный и растительный мир. Кроме того, эти районы имели военно-стратегическое и торгово-хозяйственное значение. Поэтому экспедиции, изучая край, описывая его, изыскивали также места для строительства укреплений и населенных пунктов (ГАГА, Ф. 362. О. 1. Д. 20, Л. 152).

В 1815-1816 годах путешественник В. Шангин обследовал места, где сейчас находятся Кокшетау, Атбасар и г. Астана. В «Сибирском вестнике» за 1818 год им сделано описание развалин неизвестного города, находящихся на правом берегу Нуры в 55 километрах от Кургальджина, двух укреплений около горы Ерейментау, разрушенной башни в верховьях Нуры близ древнего медного рудника, а так же остатков каменных зданий на реке Джаксы кон (Сибирский вестник, 1818: 89-90).

Изучение территории современной Акмолинской области особенно активизировалось после основания крепостей Акмолы, Кокчетава, пикетов и почтовых станций. Теперь путешественники могли без особого риска для жизни совершать длительные поездки. В результате было сделано не только сравнительно подробное описание края, но и занесены на карту отдельные его районы.

Летом 1830 года находясь в Акмолинской степи зауряд-хорунжий Шахматов и топограф Казлов, состоявшие при отряде подполковника Шубина, производили глазомерную съемку, описывали реки, озера, почвы, климат, растительный и животный мир, а также обычаи и нравы кочевых аулов. Вторично Шахматов, уже будучи сотником, выступил 29 мая 1831 года из Акмолинского укрепления с отрядом русских казаков и в течение лета нанес на топографическую карту местность между Нурой и Ишимом, описал озеро Кургальджин, зарисовал развалины города Ботагай. В 1836 году



ботаник Л. Мейер довел до истоков Ишима, собрав разнообразные ценные материалы (ГАГА, Ф. 362. О. 1. Д. 22. Л. 41).

К наиболее фундаментальным исследованиям необходимо отнести труд историка А. Левшина «Описание Киргиз-Казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей», изданный в 1832 году в Санкт-Петербурге. Работая в ведомосте Российского министерства иностранных дел, Левшин постоянно сталкивался с документами, характеризующими историко-географическое состояние Казахстана, много ездил и наблюдал. Накопленные сведения он систематизировал в упомянутом труде. Не обошел он молчанием и город Ботагай. «На левой стороне Нуры – писал Левшин, впадающей в озеро Кургалджин в 27 верстах от ея устья, был некогда город по имени Тотагай или Ботагай, коего многие остатки до ныне существуют» (Левшин, 1996: 107).

Многие топонимы Акмолинской области отражены в трудах краеведа И.Я.Словцова. И Я. Словцов в своей работе «Путевые заметки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году», описывает географические объекты в регионе и отмечает их на карте. Данные заметки краеведа были составлены во время экскурсии в 1878 году в северной части казахской степи между левым берегом Иртыша и правым берегом Ишима и на пространстве между Омском и Петропавловском (Словцов, 1878).

